



«МӘДЕНИ МҰРА»  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ  
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ  
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ  
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Астана

2008

«МӘДЕНИ МҰРА»  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН  
ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ  
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ

---

Құл-Мұхаммед М., *төраға*  
Досжан А., *төрағаның орынбасары*  
Асқаров Ә., *жауапты хатшы*

**Қоғамдық кеңестің мүшелері:**

Абдрахманов С.  
Аяған Б.  
Әбусейітова М.  
Әйтімова Б.  
Әлімбаев Н.  
Әуезов М.  
Базылхан Н.  
Байпақов К.  
Биекенов К.  
Бурханов К.  
Ертісбаев Е.  
Кенжеғозин М.  
Қасқабасов С.  
Нысанбаев Ә.  
Өмірбеков Б.  
Салғара Қ.  
Сариева Р.  
Сейдімбек А.  
Сұлтанов Қ.  
Таймағамбетов Ж.  
Тұяқбаева Б.  
Хұсайынов К.

# БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

*Көне эпос*

52 ТОМ



ББК 82.3 (5 Қаз)

Б 12

**«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының  
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С. (*төраға*), Қорабай С. (*төрағаның орынбасары*),  
Жұмасейітова Г. (*жауапты хатшы*), Өзібаева Б.,  
Күзембаева С., Қирабаев С., Мамыраев Б., Қосан С.

**Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
Ғылыми кеңесі ұсынған**

**Томның редакция алқасы:**

Өзібаева Б., Қосан С. (*жауапты редактор*), Қасқабасов С., Қорабай С.,  
Ақан А. (*жауапты шығарушы*)

**Томның ғылыми түсініктемелерін жазып, баспаға дайындағандар:**  
ф.ғ.д. Өзібаева Б., Ақан А.

**Б 12** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. — Астана: «Фолиант», 2008.  
Т. 52: Көне эпос. — 352 бет.

ISBN 9965-35-614-9

«Бабалар сөзі» сериясының 52-томына «Хикаят рисала Мұңлық,  
Зарлық», «Қисса Құламерген», «Қисса Дотан Құбақанбайұғлы»,  
«Құбығұл» секілді қазақтың көне эпостық жырлары енді.

Б 4702250205  
00(05)—08

ББК 82.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-35-614-9 (т. 52)

ISBN 9965-619-60-3

© Әдебиет және өнер институты, 2008

© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2008

## ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы аясында «Бабалар сөзі» — жүз томдық басылымын дайындап, жариялау жұмысын жалғастыруда.

Аталған басылымның басты мақсаты — халықтың рухани мұрасын сол күйінде өзіне қайтару, яғни қолда бар фольклорлық материалдарды түгел жарыққа шығару.

«Бабалар сөзі» сериясы — ғылыми басылым. Оның негізгі принципі — шығарманың табылған нұсқаларын жүйелеп, өзара салыстыра зерттеп, фольклорлық шығарманың сюжеті мен жанрлық белгілері туралы толық көрініс беретін мәтінді оқырманға ұсыну. Қажетті жағдайда фольклорлық жәдігердің бірнеше варианттары жарияланады.

Серияның оқырманға ұсынылып отырған кезекті елу екінші томы архаикалық қаһармандық жырларға арналады. Атап айтқанда томға мына жырлар енгізілді: «Хикаят рисала Мұңлық, Зарлық», «Қисса Құламерген», «Қисса Дотан Құбақанбайұғлы», «Құбығұл».

Бұлардың алғашқы үшеуі Қазан төңкерісіне дейін баспа бетін көрген, мысалы, «Хикаят рисала Мұңлық, Зарлық» дастаны Қазан төңкерісіне дейін алғаш 1896 жылы араб әрпінде жарияланып, 1917 жылға дейін он рет кітап болып басылған.

«Қисса Дотан Құбақанбайұғлы» жыры да 1903 жылдан 1917 жылға дейін бірнеше рет баспа бетін көрген. Екі туындыны ел арасынан жазып алып, жариялаған Жүсіпбек Шайхысламұлы.

«Қисса Құламерген» жыры 1909 және 1912 жылдары араб әрпінде басылып шыққан. Жариялаған — Әбдірахман Бектасов.

Ал «Құбығұл» дастаны белгілі ақын әрі жыршы Нұрпейіс Байғаниннің айтуынан 1941 жылы хатқа түсірілген.

Томды дайындау барысында Қазан төңкерісіне дейін кітап болып шыққан мәтіндерді дұрыс тану үшін мұқият талдаулар мен сараптау жұмыстары жүргізілді.

Кітапты құрастырушылар ғылыми басылымның басты шарттарын басшылыққа ала отырып, шығармалардың түпнұсқа мәтіндерін сақтау мәселесін бірінші орынға қойды. Мәселен, дастанда кездесетін һәр (әр), ерді (еді), һеш (еш), бірлән, илән, (бенен, мен), әйла, емді (енді), көрдікем, бұ-дүр, болұр, ерішті (ерді) т.б. осы тектес ескі түркі сөз қолданыстары, түпнұсқа бойынша берілді. Ал Қазан қаласындағы көне татар баспаханаларының техникалық кемшіліктері мен сауатсыздық салдарынан кеткен кейбір қателер мағынасына сай түзетілді.

Сонымен қатар шығармаларда көшіруші, жинаушы, жариялаушылардың тарапынан кеткен кейбір қателер мағынасына сай түзетілді; сондай-ақ кейбір шумақтарда жекелеген сөздер мен жалғаулықтардың түсіп қалу фактілері кездеседі. Мұндай жағдайда қажетті сөздер тік жақшаға алынып берілді: [деп], [деді] т.б.

Томның соңына берілген қосымшаларда фольклорлық туындылардың ғылыми түсініктемеері және әртүрлі нұсқалары жөнінде мәлімет ұсынылды. Сондай-ақ мұнда сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, дастанның жинаушылары мен жырлаушылары туралы деректер, орыс, ағылшын тіліндегі түйіндері жазылып, пайдаланылған әдебиеттердің тізімі енгізілді.



МƏТИНДЕР







## حكاية رسالة موكلية زارليق

### Хикаят рисала Мұңлық, Зарлық

- Әуел сөзді бастайын,  
Ісімді Құдай оңласа.  
Шешеннен сөз табылар,  
Жай бұлтындай торласа.  
Қисық ағаш түзелер,  
Тезге басып морласа.  
Ақыретте сауап жоқ,  
Айтатұғын жауап жоқ,  
Жетім-жесір, ғаріпті
- 10 Кемсініп, оны қорласа.  
Мұнан жаман сол болұр,  
Уағдалы сөзде тұрмаса.  
Ақсұңқар келіп шырмалар,  
Саятшы алдын торласа.  
Ақбөкен келіп жығылар,  
Алдын қазып орласа.  
Бенденің бақыты ашылмас,  
Маңлайы қалың сорласа.  
Жүсіпбек қожа сөйлейді,
- 20 Жамағаттар қолдаса.

Менің айтқан сөзіме  
Құлақ салсаң, жарандар,  
Зарлықты енді бастайын.  
Ада болмас бұ сөзім,  
Ұзайтпай енді тастайын.  
Әйтеуір ажал келеді,  
Тағдыр жетсе, бір күні.  
Тірілігімде қақсайын,

- Өлең қып ем өзгені,  
30 Мұны жырлап жазайын.  
Құлағың салып тыңлағыл,  
Дін мұсылман ағайын.
- Бұрынғы өткен заманда,  
Дін мұсылман аманда,  
Он сан Ноғай елінде,  
Шаншар хан атты ханы бар,  
Ғадалатты хан екен,  
Қайыры тиген жиһанға.  
Бір перзентке зар болып,  
40 Алпыс қатын алыпты,  
Кетем бе деп арманда.  
Алпыс қатын алса да,  
Бір перзент болмай бөрінен,  
Қайғылы болды Шаншар хан.

- Сырын айтпай адамға,  
Жасы алпысқа келгенде,  
«Орнымды кім басады,  
Ажал келіп өлгенде».  
Мұны ойлап Шаншар хан,  
50 Көңілін қайғы басады.  
Таяқ алып қолына,  
Тау-тастан жаяу асады.  
Әулиені қыдырып,  
Қаңғырып кетті жапанға,  
Тәрік қылып дүниені,  
Шыбын жанды қинады.  
Бір перзенттің дертінен  
Көзінің жасын тыймады.  
Бір жерлерге келгенде,  
60 Шаршап барып жығылды.  
«Өлем ғой» деп бұ жерде  
Ғаріп жаннан түңілді.

Талып жатып Шаншар хан  
Қайғырып қатты жылады.

Жылап жатқан жерінде  
Тілегін Құдай береді,  
Ақ сақалды кісі боп  
Хазірет Қызыр келеді:

- Үйіңе, патша, бар, — дейді,  
70 Таңлап жүріп еліңнен  
Бір сұлу қыз ал, — дейді,  
Сол қатынды алған соң,  
Бір ұл, бір қыз табады.

- Мұны естіп қуанып,  
Жарыла жаздап жүрегі,  
Үйіне қарап жөнөді.  
Алпыс күн жүрген жолына  
Он бес күнде келеді.  
Алпыс қатын баршасы,  
80 Жоқ болған соң патшасы,  
Шулап жылап жатқанын  
Шаншар хан келіп көреді.  
Қатындарын жұбатып,  
Бірнеше күн тұрады.

- Уәзірін атқа мінгізіп,  
«Бір сұлу қыз әкел» деп,  
Тығыз бұйрық қылады.  
Барын атты уәзірі  
Бір сұлу қызды ап келіп,  
90 Хан қойнына салады.  
«Бір ұл, бір қыз табар» деп,  
Он жылға шейін қарады.  
Он жыл тамам өткенше,  
Қатыннан бала тумады.  
Жетпіске өзі келген соң,  
«Өтем бе, — деп, — тұяқсыз»  
Патшаның көңілі жаман боп,  
Жүрегі қатты солады.

Әлқисса, патша Барын деген уәзірін шақырып алып: — Жұртты жи, — дейді. Бүйтіп қапа болып тұрғанымыз жарамас. Және бір қыз алайын. «Патшаның тойы бар» деп, жұртты жиып, жар салыңыз: «Бір ұл, бір қыз табатын қыз бар ма?» деп. «Бар» деп біреу қызына кепіл болса, сол қыздың өз бойындай алтын берсек те алалық, — деп айтты. Анда Барын жұртты жиып, өзі мұнараға шығып, жұртқа жар салып айтқаны:

- Ал менім атым Барын-ды,  
100 Мен айтамын зарымды.  
Бір перзенттің дертінен  
Беттен төктім арымды,  
Кетірді Алла сәнімді.  
Темірден дейді кәтепті  
Жалладтың екі қанатын.  
Салар дейді санатын,  
Он сан Ноғай ішінде  
Бір сәуегей бар ма екен  
Сұраусыз пейіш баратын,  
110 Бір ұл, бір қыз табад деп,  
Қыз міндетін алатын,  
Қызына кепіл болатын?!  
Қатар-қатар нар ма екен,  
Һәркім мендей зар ма екен?!  
Ат сыналмас шабылмай,  
Мейір, опа табылмай,  
Он сан Ноғай ішінде  
Бір сәуегей бар ма екен?!  
  
Он сан Ноғай сандалды,  
120 Бір ұл, бір қыз табад деп,  
Қызына кепіл бола алмай.  
Бектер мінер қызылды,  
Жал-құйрығы ұзынды,  
Барын айтқан сөзіне  
Таппай жауап сүзілді.  
Қыз міндетін ала алмай,  
Қызына кепіл бола алмай,  
Он сан Ноғай бұзылды.

Әлқисса, уәзірдің бұ сөзін есітіп, жұрт ойладылар: «Бұ Шаншар хан қалай айтады, ғайыпты кім болжайды?» деп, тарап кетті. Сол уақытында жасы алпысқа келген Жәудір деген шал бар еді. Қатыны өліп, қамыстан күрке қылып, теңіздің жағасында балық аулап жан сақтап, ауқат қылып жүрер ерді. Ошал Жәудір ойлайды: «Мен қызыма барып сұрайын, қызым бала табамын дер ме екен, таппаймын дер ме екен. Табамын десе, ханның алтынын алайын» деп, үйіне келеді. Келсе, қызы жалғыз отыр екен. Қызына айтуға бата алмай, ауырған кісі болып басын шырмауықпен байлап жатып сандырақтаған болғаны:

- Ей, ботам, менің айғаным,  
 130 Айғаным ойлап қойғаным.  
 Әлі есімнен кетпейді  
 Шаншар ханның тойынан  
 Өлгенше менім тойғаным.  
 Жұрт сұлтаны Шаншар хан  
 Жұрттың бәрін жинады,  
 Жиып алып сыйлады.  
 Сыйлағаны құрысын,  
 Қасымдағы жалғызды  
 Берерге көзім қимады.
- 140 Кедей болдым жасымнан,  
 Кедейлік шіркін кетпеді  
 Жасымнан-ақ басымнан.  
 Баспақ толған мың тіллә,  
 Тілләсі құрсын, қайтейін,  
 Жалғызды көзім қимады  
 Берерге ұстап қасымнан.
- 150 Кедей болдым һәр кезде,  
 Кедейлік дәурен сүргізді.  
 Жар басына қондырып,  
 Жарты лашық тіккізіп,  
 Алпыс жасқа келгенде,  
 Қатынымды өлтіріп,  
 Қазан ұрған гүлдей ғып,  
 Бір тамырдан солдырды.

Ханы құрсын, қайтейін,  
Қайтіп көзім қияды  
Қасымдағы жалғызды.

Әлқисса, анда қыз атасының бұ сөзін естіп ойлады: «Мені хан айттырмақ болған екен, бұ атам маған естіргені екен, не де болса бұ өкемнің айтқанын қылайын» деп, далаға шығып тұрып қыздың атасына берген жауабы бұ-дүр:

— Айналайын, жан ата,  
Ботаңның айтқан сөзіне  
160 Құлағыңды сал, ата!  
Ертерек ханға бар, ата,  
Малыңды санап ал, ата,  
Маған кепіл бол, ата.

Қайғырма, атам, беп-бекер,  
Ажал келсе, өлерміз,  
Қара жердің астында  
Құрт-құмырсқа жеп кетер.

Қолғап кидім жең үшін,  
Мен туғанмын сен үшін.  
170 Жараса басым, сата бер,  
Қайғырма, өке, мен үшін.  
Алпыс қатын үстіне  
Мені сатып барасың,  
Ойбай, Тәңірі, қайтейін,  
Тең құрбымнан кем үшін.

Әлқисса, шал ыңқылдағанын қойып, орнынан тұрып, қызына айтқаны:

— Айналайын, ботам-ай,  
Қай сөзіңе нанайын,  
От болып лаулап жанайын.  
Қарағым, сенің малыңа  
180 Қай түлік малды алайын?  
Көлден-көлді қыдырып,

Бұтымды бұта сыдырып,  
 Ақсұңқарды қолға алып,  
 Аққуға салсам теңізде.  
 Қаршығама ілдірсем  
 Дуадақ құстай семізді.  
 Бұ теңіздің бойында,  
 Екі аяқ тары саларға,  
 Қырмандап тары аларға,  
 190 Алайын ба мал үшін  
 Қоңыр шолақ өгізді?  
 Баланың тауы қайтар-ды,  
 Қайдан білдің, жан балам,  
 Осы сөзді айтарды?

Жаяулықтан жоғалдым,  
 Алайын ба мал үшін  
 Торы шолақ байталды.  
 Құдай берсе бақ дәулет,  
 Жамаулы шекпен кимен-ді,  
 200 Артайын ауған жүгімді —  
 Халық ішінде қалқиып,  
 Шайламды артып жүруге,  
 Алайын ба мал үшін  
 Сары қоспақ інгенді?

Өлқисса, қызы Қаншайым айтты: — Ей, өке, мал алып не қыласың, бағып берер балаң жоқ, байлап қояр панаң жоқ, не болса да тіллә алып жамбасыңның астынан жеп жата бер, — дейді. Анда шал: — Қанша тіллә алайын, — деді. Қаншайым айтты: — Мына қалтаны толтырып алсаң, менің қалыңмалым бітер, — деді. Шал қараса, үш тіллә зорға сыйғандай. Шал ойлады: «Қызымды Құдай ұрған екен, тиетұғын байына бұрған екен, мұны қалай қыламын» деп, үш күн тоқтады. Ақыры бармақ болды. «Не қылайын бұ қызды, аз да болса қанағат қылайын» деп қалтаны қолына алып дарбазаға жетіп келсе, Барын уәзір отыр екен. Шал айтты: — Ей, Барын, менім бір қызым бар, бір ұл, бір қыз табады, соған кепіл боламын, — дейді. Анда Барын шалды қолынан жетеледі. Шал айтты: — Өзің барғыл, мына қалтаны ханға бергіл, осыны толтырып тіллә

берсе болады, — дейді. Анда Барын уәзірдің патшаға келіп айтқаны:

- Ассалаумағалейкүм,  
Алдияр тақсыр ханымыз,  
Бір перзенттің дертінен  
Беттен кетті әріміз,  
Кетті жұртқа сәніміз.
- 210 Айналайын, тақсыр-ау,  
Бұ сөзге құлақ салыңыз.  
Келіп тұрған арызға  
Мынау ғаріп шалыңыз,  
Шал үйінде бар екен  
Сізге лайық жарыңыз.  
Қаракет жиған малыңыз,  
Шал қолында қалта бар,  
Қалтаны қолға алыңыз.  
Сіз де ынсап қылыңыз,
- 220 Үш тілләлік қалта екен,  
Алты тіллә салыңыз,  
Алдына келген бұ шалдың  
Қызын тегін алыңыз.  
Қалтаны ханға тастады,  
Хан қолына ұстады.
- Сонда патша сөйлейді:  
— Есік алды ебейін,  
Күйген үрер көмейін.  
Алдымдағы, Барын-ау,
- 230 Шалдың қарны тоқ па екен,  
Үйінде малы көп пе екен?!  
Он сан Ноғай ішінде  
Ақша салып алғандай  
Екі ен дорба жоқ па екен?

Бұл сөзді айтып падиша,  
Қалтаның аузын ашады,  
Бес тіллә алып салады,  
Қарасын көрмей барады.



- Отыз тіллә салады,  
 240 .....\*
- Енді барып падиша  
 Қазына аузын ашады.  
 Жеті там еді ақшасы,  
 Қалтаны ашып жігіттер  
 Күректөп тіллә салады,  
 Сонда да қалта толмады.  
 Толар заман болмады,  
 Жеті там толған ақшаны  
 Екі елі дорба жалмады.
- 250 Дорба әкелген Жәудір шал  
 «Уағда бар» деп бастады,  
 Толтыра алмай қалтаны  
 Шаншар қатты сасады.  
 Бектер мінер қызылды,  
 Жал-құйрығы ұзынды.  
 Толтыра алмай қалтаны,  
 Патшаның белі үзілді.  
 Үзілмей енді неғылсын,  
 Жеті там толған ақшасы
- 260 Бәрі де кетіп сүзілді.  
 Ақсұңқар құс қанатын  
 Ұшарында қомдайды  
 Шынымен Құдай оңлайды.  
 Жеті там толған ақшасы  
 Бір қалтаға толмайды.  
 Он сан жатқан Ноғайға  
 Үй басына он сомнан  
 Үш қайтара салады,  
 Салық қылып алады.
- 270 Алып келіп қалтаға  
 Қайта-қайта салады.  
 [Сонда да қалта толмайды,]  
 Толар заман болмайды.

---

\* Түшнүсқада бір жол түсіп қалған.

- Анда тұрып Шаншар хан  
 Жұртына хүкім шашады.  
 Хүкіміне шыдамай,  
 Қаладан ноғай қашады.  
 Сонда тұрып Шаншар хан:  
 — Төбел тазға — төрт теңге,  
 280 Айна тазға — алты теңге,  
 Қырма тазға — қырық теңге,  
 Ойма тазға — он теңге.  
 Сал к..інді керсенге,  
 Сыйса да бер бес теңге,  
 Сыймаса да бер бес теңге.  
 Семіз бенен таздарға  
 Салық салып алады.  
 Алып келіп қалтаға  
 Қайта-қайта салады.  
 290 Сонда да қалта толмайды,  
 Толар заман болмайды.  
 Он сан жатқан Ноғайды  
 Жалғыз-ақ қалта жалмайды.

Өлқисса, анда патша айтады: — Бұ не деген қалта, мұның толатұғын лажы бар ма екен? — деп жұртқа жар салды. Һешкім мәнiсiн бiлмедi. Сол уақытта үш жүз елу жасқа келген, ыстық iшкен, сұйық тышқан, қабағы тырысқан, көрiнгенмен ұрысқан, тiзесiне шекпенi жетпеген, басынан жаманшылық кетпеген, кенеп дамбалы к..iне қатқан, өзiн туғаннан Құдай атқан, бiр жақсылық көрмеген, тiлеуiн Құдай бермеген бiр Мыстан деген кемпiр айтты: — Патша менiң хақымды берсе, мен қалтаны толтырып беремiн, — дептi. Патша хақысын бередi. Кемпiр келiп жерден бiр қысым топырақ алып қалтаға салып едi, анда қалта тасып төгiлiп, көшеге сыймай кеттi. Патша қазынасын қайта толтырып алып, қалғанын ғарiп-қасiрге бердi. Шал қалтадағы ақшаны жетi атан түйеге артып алып кетiп, Қаншайымды патшаға бердi. Күндерден күн, жылдардан жыл өтiп, бiр күнi Қаншайым жүктi болып, туар халатқа келдi. Патша Барын уәзiрдi шақырып алып айтты: — Мен ғұмырымда Һеш перзенттiң даусын үйiмнен есiткенiм жоқ едi. Бала туғанда жүрегiм жарылып кетедi ғой деп қорқамын, —

деді. Барын айтты: — Шөгiрлiнiң тауына барып, қырық жiгiтпенен аң аулап жаталық. Бала туғанда бiреу сүйiншi деп келедi, сонда ат қойып барсақ жүрегiңнiң, қуанышы басылып қалады, — дейдi. Патша Барынның бұ сөзiн мақұл көрiп қырық жiгiтпенен тауда аң аулап жата бердi.

Ендiгi сөздi алпыс қатыннан естiңiз. Қатындар жиылып кеңес қылып, мыстанды шақырып алып айтты: — Ей, ене, патша бiздерге жолаушыға ұқсап алпыс күнде бiр түнеп жүрушi едi. Ендi мына қатын бала тапқан соң бiздер қатындықтан қаламыз ғой. Бұған ақыл тауып баласын жоғалтыңыз, — деп, алпыс табақ тiллә бердi. Анда кемпiр мақұл көрiп, «бұның лажын табам» дейдi.

Бiр күнi қатын толғатқанда кемпiр келiп бетiне бiр дем салып қойып едi, Қаншайым талып жығылып қалды. Анда кемпiр иттiң екi күшiгiн алып келiп, Қаншайымның iшiн тартты. Бiр ұл, бiр қыз туды. Ұлдың алтын айдары болды, қыздың күмiс айдары болып туды. Кемпiр екi күшiктi [Қаншайымның] етегiнiң астына салып, баласын қатындарға алып келдi. Қатындар айтты: — Ене, не қылсаң [да], өзiң қыл, — дедi.

Анда кемпiр екi баланы екi қолтығына қысып алып бiр дария бар едi Қазар деген, ошал дарияға алып келiп тастамақ болып тұрып, балаларды көзi қимай, тастамайын десе, тiлләнi қимай кемпiр баланы ұстап тұрып бiр сөз дедi:

— Есiк алды гүлхана,  
Саған болдым мен ана.  
Екi асыл сұлтаным,  
Қаныңды жүктеп барамын  
Алпыс табақ тiллә үшiн  
Бұ бес күндiк дүниеде.  
300 Тастайын десем бұ суға,  
Сендердi көзiм қимайды,  
Тастамайын десем де,  
Бойыма тiллә сыймайды.  
Тастамайын десем де,  
Алпыс «анаң» болмайды.  
Барғын, балам, Аллаға,  
Разы болғын қазаға.

Тіпті көзім қимайды,  
Қызығып кеттім, ботам-ай,  
310 Алпыс табақ тілләға.

Алтын сақа алшысы,  
Сақаның болмас қалшысы.  
Есен болсаң, ботам-ай,  
Екеуің де боларсың  
Ел-жұртыңның басшысы.

Патша ұлы болсаң да,  
Екеуің де баласың,  
Бас білмеген танасың.  
Мың жасаған Ұлықпан,  
320 Ол не көрді дүниеден,  
Таба алмаған дүниеде  
О да өлімнің шарасын.

Тірі жүрсең, шырағым,  
Һәр пәлеге қаласың.  
Жыл-жыл сайын жыл бігер,  
Күнә артып аласың.  
Бұ күнде өлсең, шырағым,  
Дәл бейішке барасың.

Күн біткеннен түн бітті,  
330 Қүдіреті күшті Құдайым,  
Жас көдекке тіл бітті.  
Тіл бітіп бала сөйледі:  
— Мыстан кемпір анамыз,  
Біздер сіздің балаңыз.  
Тастамай суға алыңыз,  
Өзіміз адам болған соң,  
Өлгенше сізді бағамыз.  
Ажалың жетіп сен өлсең,  
Басыңа шырақ жағамыз.  
340 Болжалды мезгіл болғанда  
Ажал жетсе өлеміз.  
Құртуға бізді жіберген,

Ойбай, Тәңірі, қайтеміз,  
 Күндестігі құрысын,  
 Тумай жатып не қылдық  
 Алпыс өгей анамыз?!  
 Тастай бергін, қайтейік,  
 Уай, дүние-ай, [амал не],  
 Бір Құдай болсын панамыз.

- 350 Мыстан кемпір тұрады,  
 Әңгіме-дүкен құрады.  
 «Сөйлемегін, көдек» деп,  
 Шапалақтап ұрады.  
 Ұрғанына шыдамай  
 Шырқырап бала жылады.  
 Ұрған таяқ тиеді,  
 Балаға жаман өтті енді,  
 Мыстанның қолы қатты енді.  
 Жылаған даусын есітіп
- 360 Біреу келіп қалар деп,  
 Қол-аяғын берік ұстап,  
 Баланы суға атты енді.

- Ғайып ерен қырық шілтен  
 Түсірмей судан алады.  
 Шөгірлінің тауына,  
 Адам бармас жеріне  
 Шілтендер алып барады.  
 Тастан кеулеп үй қылып,  
 Пана қылып береді.
- 370 Екеуіне бір киік  
 Ана қылып береді.  
 Ол киікке баланы  
 Бала қылып береді.  
 Құдіреті күшті Құдайым,  
 Таудан алма жегізіп,  
 Киікті ана дегізіп,  
 Киік жүрді үш мезгіл  
 Баласындай емізіп.

Әлқисса, мыстан кемпір алпыс қатын билән Қаншайымның үстіне келеді. Келіп көрсе, өкпесі зорға соғады. Астында екі күшігі жатыр. Кемпір бетіне бір дем салып қойып еді, Қаншайым басын көтеріп алады. Қатындар «ит баласын тапты», деп, бетіне түкіріп, кете береді.

Далаға шығып кеңес қылды «ханға қайтіп естіртеміз» деп. Өзге ел: — Патшаға біздер айтуға жүзіміз шыдамайды, ұялмайтуғын мыстан кемпір барсын, — дейді. Мыстан «құп» деп, патшаға қарап жүріп кете береді. Ол уақытта патшаның екі көзі ел жақта болып, қашан сүйінші сұрамаққа кісі келеді деп төбеге шығып тұрғанда, келе жатқан кемпірді көріп қырық жігітке келіп айтқаны:

- Шаһар жақтан бір адам  
 380 Елбең-елбең етеді,  
 Бізге қашан жетеді.  
 Ат қоялық, қырық жігіт,  
 Ат қойсақ неміз кетеді?!  
 Атқа салдым терлікті,  
 Дұшпанға қылдым ерлікті,  
 Ат қоялық, қырық жігіт,  
 Көңілім жаман зерікті!
- Қырық жігіт сонда ат қойды,  
 Ат басына лап қойды,  
 390 Шөгірлі таудың беті еді,  
 Бір сағат болмай қырық жігіт  
 Мыстанға келіп жетеді.  
 Ат шабар жермен дүрілдеп,  
 Киген тоны кәудіреп  
 Жетіп келді мыстанға,  
 Қырық жігітнің көзі жәудіреп.
- Тілеуің құрғыр қу мыстан  
 Көзінің жасын бұлайды.  
 Бір түп біткен шеңгелді  
 400 Құшақтап тұрып жылайды.  
 — Атыңның басын тарт, балам,  
 Не деп отыр қарт мамаң.

Қарт мамаңның сөзіне  
 Құлағың сал, өрт балам,  
 Ғайып болсын сырласың.  
 Кепіл болып қыз берген  
 Жалғаншы екен Жәудір шал,  
 Бұ дүниеде оңбасын,  
 Оңбасын демей, не дейін,  
 410 Ит баласын тапты ғой  
 Қаншайымдай жолдасың.

Шал емес, сұңқар қияқсыз,  
 Ит баласын тапты ғой  
 Қаншайымдай ұятсыз.  
 Шыныңменен сен сорлы  
 Еш нәрсе көрмей дүниеден  
 Өткенің бе тұяқсыз.  
 Естірткелі келіп тұр  
 Анаң сорлы сияқсыз.

Өлқисса, бұлай деп мұттөйім жалмауыз кемпір жылап тұрған соң, хан атынан түсіп, жер бауырлап жата кетті. Бір заманда басын көтеріп алып, жігіттерге айтты: — Сіздерге айтар сөзім жоқ, елге қарар жүзім жоқ, мен осы жерде жатайын. Сіздер Қаншайымды дарға асып, өлтіріңіздер, — деді. Анда Барын қырық жігітке бара жатып айтқаны:

420 — Жаңбыр жауар әуеден,  
 Қара бұлт торласа.  
 Бәлекет елде көбейер,  
 Жігітті жігіт қорласа.  
 Дұшман қорлап не қылсын,  
 Өруақ басқа ұрмаса.  
 Алпысы тумай жүргенде  
 Нағып еді Шаншар хан.  
 Болмай жүрген әзелден,  
 Баласы құрсын, қайтейін.  
 430 Мұндай істі білмей ме,  
 Есі жоқ кісі болмаса.  
 Жақсының ісі бітеді,

Жаманның есі кетеді.  
 Тілімді алсаң, қырық жігіт,  
 Өлтірмесек не етеді?!  
 Өлтіргенмен патшаның  
 Қайсы кегі бітеді?!  
 Есіл ғана шыбын жан  
 Бейкүнә өліп кетеді.

- 440 Осылайша сөйлейді,  
 Барын уәзір толғайды,  
 Қырық жігітке жалынып,  
 Қаншайымды қорғайды.  
 Бұйрықпен келген қырық жігіт  
 Бұ айтқан сөзіне болмайды.

Әлқисса, Барын уәзір қырық жігітке айтты «мен үйден алып шығайын» деп, үйге кіріп Қаншайымға айтқаны:

- Болат қақпа, тас кілт,  
 Сізді сұрап патшадан,  
 Қаншайым, қылдық біз үміт.  
 Сұрасақ та бермеді,  
 450 Далаға шыққын, Қаншайым,  
 Сізге келді қырық жігіт.  
 Жүк көтерген қара нар,  
 Мүсәпір қылса пендені,  
 Аллаға нешік шара бар.  
 Далаға шыққын, Қаншайым,  
 Мінәсіп болды сіздерге,  
 Құрулы тұрған тіллә дар.

- Мына сөзді естіп,  
 Қаншайым қаны қашады,  
 460 Аяғын төлтек басады,  
 Қатты жаман сасады.  
 Сасқанының белгісі —  
 Жүгіріп есік ашады.  
 Бай малындай ылғанып,  
 Өңкей жібек шұлғанып,



Далаға шықты Қаншайым  
Жас күшікті қолға алып.  
Қаншайым енді жылайды,  
Көзінің жасын бұлайды,  
470 «Не пиғылымнан таптым?» деп  
Жад қылып Жаппар Құдайды.

Сонда Барын сөйлейді:  
— Бү дүниеде жар едің,  
Ай мен күнше пар едің,  
Өз қатарың ішінде  
Артықша туған жан едің.  
Сенен перзент болғанда,  
Патшаның орнын басар деп  
Үміттеніп жүр едім.  
480 Аманда бол, Қаншайым,  
Бү дүниеден жөнөдің.

Шапса, балта өтпейді  
Шөгірлі тау тасына.  
Ақ ісін қара қылыпты,  
Қаншайымның басына.  
Бұйрықпен келген қырық жігіт  
Жетіп келді қасына.  
Етегін белге түрініп,  
Қылышын қыннан суырып,  
490 Жетіп келді қырық жігіт  
Қаншайымға жүгіріп.  
Тыңламады айқайын,  
Байқамады ойбайын.  
Дарға қарай айдайды,  
Екі қолын байлайды.

«Аққа зауал жоқ-ты» деп,  
Тіллә дарны Қаншайым  
Жылап жүріп айналды:  
— Балалы арқар маңырайды,  
500 Баласыз арқар тыңлайды,  
Мен бір жүзіқара болдым, — деп,

- Мүсәпір болып Қаншайым  
 Дар түбінде зарлайды.  
 Дүние үшін күймедім,  
 Басымда дәулет барында  
 Жамандықты сүймедім.  
 Таудан аққан бұлақтай  
 Шырағыма имедім.  
 Мыстан кемпір, қайтейін,  
 510 Кесір болдың келдің де,  
 Мен қозымды сүймедім.  
 Бақта гүлді термедім,  
 Дүниені қолмен сермедім,  
 Опасы жоқ сұм жалған,  
 Өтеріңді білмедім.  
 Алдыма алып қозымды  
 Өз қолымнан бермедім.  
 Дүниенің білдім жалғанын,  
 Көтердім Алла салғанын.  
 520 Тістеулі кетті бармағым,  
 Мыстан кемпір, қайтейін,  
 Кесір болдың келдің де,  
 Мен қозымды көре алмай,  
 Бес күн дәурен сүре алмай,  
 Ішімде кетті арманым.

Өлқисса, анда Барын уәзір айтты: — Ай, ақымақтар, көрмейсіңдер ме, баламды мыстан кемпір ұрлап алды деп тұр ғой. Жүріңдер, мыстанға баралық, — деп, қырық жігіт бәрі кемпірге келіп айтқаны:

- Мыстан кемпір анамыз,  
 Біз де сіздің балаңыз,  
 Қабыл болды деп едік  
 Сіз бен біздің тобамыз.  
 530 Әуелі Құдай қаласа,  
 Шаншар ханның дәулеті  
 Алтын оқа боп еді,  
 Сіз бенен біздің жағамыз.  
 Тілеуің құрғыр, қу мыстан,

- Үш жүз жасқа барыпсың,  
 Дүниенің түбін шалыпсың,  
 Алпыс қатын ішінде  
 Мәслихат қылып алыпсың.  
 Күнәһар болсам да айтайын,  
 540 Қалтаңдамай қатып қал,  
 Қалтаңменен жатып қал.  
 Қаншайымдай сұлудың  
 Баласын ұрлап алыпсың,  
 Қалтаңа ұрлап салыпсың.  
 Болып па ең қатын ішінде,  
 Сен «баламды алды» деп,  
 Зар жылайды Қаншайым,  
 Тіллә дарның астында.  
 Қашан өліп кеткенше,  
 550 Ауыздасып сөйлесіп,  
 Өзің де тұрғын қасында.

Өлқисса, мыстан кемпір бұл сөзге ашуланып, ыштанын шешіп алып, аузын ашып, к..ін аңқайтып жігіттерге қосылып берді. Ол жалмауыз кемпірдің аузына да екі кісі, к..іне де екі кісі ат-тонымен сиюшы еді. Қырық жігіт қырық жаққа қашты. Сонда бір жігітті ұстамақ болған соң, [ол жігіт] атынан түсіп қолын қусырып, тұра қалып айтты: — Ей, анамыз, ондай істі қылмайсыз, ол бәтшағар бәрін жалған айтады, — дейді.

Анда кемпір: — Мен де патшаның тілеуін тілеп жүрсем, сендер мынаны айтасыңдар. Мен неге ханға қастық қылайын, — дейді. Бұл сөзбенен қырық жігіт Қаншайымды дарға тартты. Ғайып ерен қырық шілтен келіп, дардың арқанын үш мәртебе үзді. Қаншайым өлмеді.

Анда қырық жігіт бұл қасиетін көріп, патшаға барып айтты. Анда патша айтты: — Бөлен жерде жеті қабат арал бар. Соның ішінде жолбарыс, бөрі, қабылан көп. Соған [апарып] тастаңдар, — дейді. Анда жігіттер Қаншайымды екі күшігімен апарып қайығымен өткізіп тастады. Жігіттер қайтып келіп, патшаны шаһарға алып келіп, көңілін аулап тағына мінгізділер.

Анда Қызыр, Илияс, Ғайып ерен қырық шілтен бірлән ұғланның атын Зарлық қойды, қыздың атын Мұңлық қойды.

Ата-ананың жүзін көрмеді деп, Зарлыққа жүз ердің күшін пайда қылады, һәм садақ тартпақты үйретті. Мұңлыққа ана жүзін көрмеді деп, жеті ықлымның өрнегін үйретті.

Енді күндерде бір күн Шаншар хан жігіттері бірлән Шөгірлінің тауына аң аулап шықты. Тау басында жалтырап жатқан нәрсе көрінді. Оны хан көріп, жігіттеріне:

— Біреуің барып біліңіз, не нәрсе екен, — дейді. Ғешқайсысы бармайды. Анда Барынға: — Сен бар, — деді. Уәзір айтты:

— Әй, тақсыр, жолдасың Қаншайымды бір жалмауыз кемпірдің тіліменен өлімге жібердің. Емді біздерден тағы құтылғың келді ме, ол таудағы айдаһар, барсаң өзің бар, біздер қорқамыз, өлтірсеңіз де бармаймыз, — дейді.

Патша бұл сөзге ашуланып, өзі шауып кетті. Келсе алтын айдары бар бір бала ұйықтап жатыр екен. Патша баланы көріп атынан қарғып түсіп, баланы құшақтап алды. Бала ояна келіп қараса, біреу басып жатқанын көріп, шошып, атасын лақтырып жіберді. Патша түрегеліп және ұмтылып еді, бала садағын кезеп тұра қалады. Патша одан қорқып, үйіне келіп, қайғыланып жатып, тағына мінбей, жылап жатты. Патшаның айтқаны:

— Құдіреті күшті Құдай-а,  
Тауға бердің баланы.  
Таудан бала көргізіп,  
Көңіліме салдың жараны.  
Дүниеден өтсем осылай,  
Қалады орным қараңғы.  
Қайда барып төгермін  
Ішімдегі сәнаны.

560 Менің балам болар ма  
Мекен қылған даланы?  
Рахматы мол Иләһым  
Бүйтіп зарлап жүргенде,  
Тау-тас құрлы көрмедің  
Мендей ғаріп пендеңді.

Әлқисса, алпыс қатын бұ сөзді естіп, кемпірге келіп айтты:

— Ей, ана! Патшаға бір қайғы түсті. Даладан бір бала көріпті, һешкімге сырын айтпайды, сіз патшаға барып, көңілінің қам-құсасын кетіріп, бір ақыл айтыңыз, — дейді.

Сол уақытта мыстан кемпір келіп патшаға айтқаны:

- Айналайын падиша,  
 Мыстан анаң келіп тұр,  
 Отырып-дүр қасыңда.  
 Сенің үшін төгермін
- 570 Қан аралас жасымды.  
 Не қылады, келгенде,  
 Бір көтерсең басыңды.  
 Тауға да сен барасың,  
 Перінің көрдің баласын.  
 Көргенің сенің, падиша,  
 Перілердің баласы.  
 Жалаңаш-жалпы жүреді,  
 Қасына барсаң баланың,  
 Садақпенен тартады,
- 580 Оны неге білмейсің.  
 Жұртың арыз қылса да,  
 Орныңнан неге тұрмайсың?!  
 Пәре болып өлейін,  
 Төкаппарлық қылдың ба,  
 Жетпіске келген жасыңда  
 Мойныңды маған бұрмайсың.

Әлқисса, патша орнынан тұрып, анам кереметпен білді деп, баяғы қалпында болып жүріп кетті.

Кемпір қатындарға келіп айтты:— Әй, қатындар, ол патшаның көргені Қаншайымның тапқан баласы, — дейді.

Анда қатындар және кемпірге жалынды:— Сол баланы өлтіріп келіңіз, — деп. Өлтірсеңіз бізден және тіллә алыңыз, — дейді.

Бұ сөзбенен кемпір баланы іздеп, Шөгірлінің тауына қарап бара жатып айтқаны:

- Талап әйлап шықтым жолдың шетіне,  
 Қадам бастым Шөгірлінің бетіне.  
 Құлақ салар адам бар ма, жарандар,  
 590 Айтқан менің бұл сықылды гәбіме.

Тұзын татып, өз ханыма  
Дұшпандықты ойладым,  
Күйе сүртер адам бар ма, жарандар,  
Менің [бұл] екі бетіме.  
Қайда барып оңармын,  
Қаһарлансам, екі кісі  
Ат-тонымен сияды  
Мен сияқты антұрғанның к..іне.

600 Қу кемпір соны айтып тауды кезді,  
Айтқызған Құдай оған осы сөзді.  
Күнге қарап отырған шашын тарап,  
Көреді бір жартаста Мұңлық қызды.

Сол күнде алты жасқа жеткен екен,  
Аң аулап Зарлық бала кеткен екен.  
Кемпірді көргеннен соң Мұңлық пақыр,  
Қашып кіріп үңгірге жатқан екен.

610 Таспен аузын бекіткен үңгір тасты,  
Залым кемпір басында қылған қасты.  
Үңгіріне кіре алмай залым кемпір,  
Тыста тұрып Мұңлықпен жауаптасты.

Кемпір айтты: — Бұл үйде кім бар? — деді,  
Мұңлық айтты: — Сен кімсің, мен бар, — деді.  
Кемпір айтты: — Піріңмін Ғайып ерен,  
Алғалы келіп тұрмын хабар, — деді.

Мұңлық айтты: — Сен рас пірім болсаң,  
Хабарға қолдағалы келіп тұрсаң.  
Киімім жоқ, киім бер, жалаңашпын,  
Жүре бергін егер де адам болсаң.

620 Кемпір айтты: — Түздегі мен бір Ғайып,  
Жалаңаш деп сені мен қылман айып.  
Жаманшылық басыңа келер болса,  
Қорғап-қоршап жүрермін қанат жайып.

Сендерді көп адамнан қылдым зерек,  
Өгар киім сіздерге болса керек.  
Мен сізге баян қылған сөздерімді  
Ағаң аңнан келген соң айт тезірек.

630 Сәлем де, ағаң тілімді алсын деймін,  
Еліне Күлмес ханның барсын деймін.  
Тоқсан күндік жолы бар арасының,  
Алты айда ат-тон алып келсін деймін.

Сонда барса ап келер ат пенен тон,  
Тіл алмаса, келмеймін мен мұнан соң.  
Бұнда медет қыламын тілімді алса,  
Менің бұ жауабымның бәрі де оң.

Бұ сөзді қызға кемпір айтып салды,  
Сиқырмен дұға оқып ғайып болды.  
Пірім екен десін деп ол жалмауыз,  
Көзіне көрінбестей хайла қылды.

640 Қыз қараса, жалмауыз көрінбейді,  
Қыз байғұс анық пірім екен дейді.  
Ағасы аңнан келген соң кешке таман,  
Көрген ісін бір-бірлеп баян қылды.

Ағасы айтты: — Ол біздің дұшпанымыз,  
Бізді суға тастаған ол жалмауыз.  
Осы залым кемпірдің қастығымен  
Жапанда қаңғып өстік ата-анасыз.

650 Ол мені жолға айдаған «барса-келмес»  
Ойлаған мені мұнда теңдік бермес.  
Сені мұнда әуара қылайын деп,  
Мені алысқа жұмсаған адам көрмес.

Бұ сөзге жылай берді Мұңлық ғаріп,  
«Сол жолға, мен десеңіз, келгін барып».  
Қарындасы алдында жылаған соң,  
Келмек болды Зарлықжан соған барып.

Зарлық қарындасының көңілін қимай, бармақ болып тауға шығып, алпыс құлан атып келеді. Зарлық бала қырық құланды қарындасына беріп: «Мен келгенше ауқат қылып тұр» деп, өзі жиырмасын тұздап, кептіріп һәммасының терісін тіліп, арқан қылып азығын арқасына тырмаштап алып, «барса-келместің» жолына бармақ болып, қарындасын Ғайып ерендерге тапсырып, амандасып айтқаны:

— Ей, Жаратқан, Қадір Зұлжалал,  
 Қыз Мұңлықты есіңе ал,  
 Қалмасыншы иесіз мал.  
 Және айналып келгенше,  
 Ақ жүзіңді көргенше  
 660 Қарағым, Мұңлық, аман бол!

Мұнда қалды бір көзім,  
 Сарғаяр болды ақ жүзім,  
 Мұңлықты сізге тапсырдым,  
 Хазіреті үш ағзам.  
 Және айналып келгенше,  
 Ақ жүзіңді көргенше  
 Аман бол, Мұңлық, жалғызым!

Ердің жолын ашайық,  
 Жамандық жолдан қашайық.  
 670 Мұңлығым қалды, Құдай-ау,  
 Шөгірлі тауда шошайып.  
 Мұңлықты сізге тапсырдым,  
 Бұрынғы өткен машайық  
 Жүректе көп-ті шерлерім,  
 Іздедім қалмақ елдерін.  
 Көрер болдым жол шегіп,  
 Араның сусыз шөлдерін.

Мұңлықты сізге тапсырдым,  
 Аты көміл пірлерім!  
 680 Хабардар болғын, Ерендер  
 Шілтендер, болғын медеткер!  
 Кедейліктің зарпынан



Қалмаққа болдық талапкер.  
Мұңлықты сізге тапсырдым,  
Бұрынғы өткен шаһариар!

Көермін жолдың қорлығын,  
Аллаға көп-ті құлдығым.  
Және айналып келгенше,  
Ақ жүзінді көргенше  
690 Аман болғын, Мұңлығым.  
Жолдың тарттым жырағын,  
Шілтендер мінер пырағын.  
Және айналып келгенше,  
Ақ жүзінді көргенше  
Аман бол, Мұңлық шырағым!

Бұл сөзді айтып Зарлықжан  
Жолға түсіп жөнеді.  
Майдан-майдан, жол майдан,  
Майдалай басып келеді,  
700 Алтыншы таудан әрі асып,  
Жетінші тауға жанасып,  
Қарсақ жортпас қалыңнан  
Қарғып өтіп барады.  
Түлкі жортпас түлейден  
Түнде кетіп барады.  
Жапалақ ұшпас жапаннан  
Жалғыз кетіп барады.  
Ит татпаған ащы көл,  
Онан да татып барады.  
710 Жері сортаң, оты ащы  
Ащы көл мен тұщы көл,  
Онан да татып барады.

Мойыл-мойыл, мойыл-ды,  
Көдеге қозы тойылды.  
Құдайға Зарлық бел байлап,  
Жаяулыққа мойынды.  
Отыз күн ұдай жол жүріп,  
Жаяулықтан шойылды.

- Жылай-жылай Зарлықтың  
720 Екі көзі ойылды  
Дәл отыз күн болғанда  
Бейшара болған Зарлықжан  
Табаны тасқа ойылды.  
Бір жатпады шешініп,  
Екі аяғын кесіліп,  
Ас ішпеді есіліп.  
Дәл отыз күн болғанда,  
Жүруге аяқ жарамай,  
Табаны қалды тесіліп.
- 730 Жылай берді Зарлықжан,  
Күре тамыры кесіліп.  
Тау басында қарағай,  
Зарлықжан зарлап барады-ай.  
Ақсаңдай басып барады  
Алды-артына қарамай.  
Табанын тасқа жарады  
Болжалды жерге баралмай.
- Дәл отыз күн болғанда  
Жылай берді Зарлықхан  
740 Жүруге аяқ жарамай,  
Мінген аты құлады,  
Қайысқан болат сынады.  
Үстінен тері кепкен соң,  
Жүгірген жүйрік тынады.  
Жүруге аяқ жарамай,  
Бір жерге келіп Зарлықхан,  
Етпетінен құлады.
- Келіп еді елпеңдеп,  
Жүріп еді тепеңдеп,  
750 Жүруге аяқ жарамай  
Бейшара болған Зарлықжан  
Жылай берді еңкілдеп.  
Әуелі Құдай бір қылды,  
Өзінің халқы, елінен

Бейнет көрді отыз күн  
Құс ұшпастың шөлінен.  
Мұндай болды Зарлықхан  
Кемпірдің айтқан тілімен.

— Ісімді бар көп күнаһы,  
760 Күнде шектім аһ-уаһы.  
Дем бермесең өлермін,  
Жаратқан жалғыз Бар Құда,  
Жер жүзінің сұлтаны.

Дәуіт ұлы Сүлеймен,  
Сізден медет тілеймін.  
Жүз жиырма төрт мың әнбия,  
Баршаңыздан тілеймін.

Күйгенімнен мен емді  
Сөзді сөзге ораймын,  
770 Пенде қылып жаратыпсың, Құдай-а,  
Тәкие қылып бір өзіңе жылаймын.

Сізге болдық біз үмбет,  
Өміріңіз — бізге сүннет,  
Ара шөлде өлер болдым,  
Құданың досты Мұхаммед.

Жылаймын емді зар-зар,  
Ара шөлде өлер болдым бейқарар.  
Медет әйла, иә, досты Халиме,  
Пенделерге қамқор болған шаһариар.

780 Жетім болдым әуел күнде,  
Ғаріп болып келдім мұнда.  
Өлер болдым Ара шөлде.  
Шөл егесі, иә, Қызыр,  
Еш қуат зәрре жоқ менде.

Зар жылаймын енді мен,  
Дәрменім кетті халімден.

Ара шөлде өлер болдым,  
Медет бергіл, иә, Қырық шілтен.

Алдымда жатыр құла түз,  
790 Телміріп қалды екі көз.  
Мен өлсем, енді не болар  
Шөгірлі тауда Мұңлық қыз.

Жетімдік болды күндерім,  
Жұруге халім келмеді,  
Медет бергіл, пірлерім.  
Бар Құдай, медет бермесең,  
Кетті енді дәрменім.

Бейнет көрдім алуан-алуан,  
Ара шөлде тойдым жаннан.  
800 Бір Алла, медет бермесең,  
Арманда өлер Зарлық хан.

Зарлап бұл сөзді айтып жатып еді, өзінің медеткері һәм ту-мастан бұрын атасына аян берген хазірет Қызыр пайғамбар «тұр, балам, жатпа» деп, өте берді. Көзін ашып қараса, түсі екен. Түрегелсе, қуаты жерінен шықпай тұрғандағыдай болған екен. Қуанып жүре берді.

Пірлер медет берген соң,  
Бала судай тасады,  
Қайтадан қайрат шашады.  
Пышақтай болған тастарды  
Көмірдей басып шаншады.

Бірнеше күн жол жүрді,  
Бірнеше күн бел жүрді.  
Мұнан кейін Зарлықжан  
810 Тағы отыз күн жол жүрді.  
Көресіне көз болды,  
Сөйлеріне сөз болды.  
Отыз күн ұдай жол жүріп,

Зарлық батыр тағы да  
Бір биік тауға кез болды.

Тауға қарап өрлейді,  
Асуын таппай терлейді.  
Асу шатқал бермеді,  
Дүниені қолмен сермеді.  
820 Ол таудан асу таба алмай,  
Зар қылып Зарлық еңірейді.  
«Бұзамын деп шығып ем  
Күлмес ханның ордасын.  
Мінемін деп шығып ем  
Гүлсары ат деген жорғасын.  
Осы таудан аса алмай,  
Күлмес ханға жете алмай,  
Қалғаным ба сор басым».

Жылап бала торықты,  
830 Әбден шаршап зорықты.  
Жылап тұрған кезінде,  
Шырқ айланып аспаннан  
Ғайып шілтен келіп жолықты.  
«Жүргін бері, балам» деп,  
Бала барып ұстады  
«Қолдай көргін, бабам» деп.

Пірлері тапқан амалға,  
Қалың шатқал қамалға.  
Алып шықты пірлері  
840 Тау басында самалға.

Құлан, киік аң екен,  
Бөрі, қабылан жау екен,  
Шығарлығы он бес күн,  
Түсерлігі он бес күн,  
Отыз күндік жолы бар,  
Өзі биік тау екен.  
Таудан арман қараса,  
Бөрі қалмақ жері екен.

850 Сол таудың түсер саласы,  
Күлмес хандай патшаның  
Аңын аулап жүретін  
Қысырау деген көлі екен.

Таудан түсті ылдилап,  
Ойға түсті құлдилап,  
Зарлық батыр сол таудан  
Ойнап кетіп барады.  
Екі көзі баланың  
Жайнап кетіп барады.  
860 Қайың менен тұтқасын  
Жұлып алып Зарлықхан  
Шайнап кетіп барады.  
Қия тастың басынан  
Ырғып кетіп барады.  
«Бейнетіме пәлі» деп,  
«Әлгі көрген өйләтім  
Қайда менім әлі» деп  
Ойлап кетіп барады.

Желмаядай желеді,  
Талай азап көреді.  
870 Түн төбеден өткенде,  
Күн бесінге жеткенде,  
Қысыраудың көліне  
Зарлықхан жетіп келеді.

Құланнан атты қодықты,  
Көлден тартты борықты.  
Арада неше қоныпты,  
Жетемін деп зорықты.  
Қырық жігіті қасында,  
Гүлсары аты астында,  
880 Ит жүгіртіп, құс алған  
Күлмес ханға жолықты.

Әлқисса, Күлмес ханның қырық жігіті жалаңаш баланы әдепсіз деп, өлтірмек болды, найзаларын сала берді. Бала айтты:

— Тақсыр, айтатын арызым бар, бұларға тоқта деңіз, — деп, сәлем берді. Патша жігіттеріне «тоқта» деді. Жігіттер тоқтады. Анда баланың Күлмес ханға айтқаны:

— Ассалаумағалейкүм,  
Алдияр тақсыр ханымыз!  
Кедейліктің зарынан,  
Беттен кетті әріміз.  
Жалаңаш-жаяу жүрген соң  
Кетті ғой біздің сәніміз,  
Жаяу екен деменіз,  
Мен баланы таныңыз.

890 Ауға шыққан, Күлмес хан,  
Құлан деп атсаң қодықпын,  
Көлден тартсаң борықпын.  
Ақылы қысқа, тақсыр-ай,  
Ел-жұртынан айрылған  
Біздей ғаріп жетімнің  
Жолы болмасқа немене,  
Іздеп шыққан жерімнен  
Сұлтаныма жолықтым.  
Келе жатқан бала едім,

900 Бір халатта бар едім,  
Ғеш нәрсе жоқ ойымда,  
Төрт періште ат шапқан  
Қырық шілтеннің тойында,  
Іздеп шыққан елімнен  
Сұлтаныма жолықтым.

Қысыраудың бойында,  
Ақсақ қоян сықылды,  
Сіздей ғаділ патшаға  
Біздей жетім ынтықты.

910 Қайырлы хан дегенге,  
Сұрап келіп тұрмын мен  
Жез айыл берен мылтықты.  
Шаруа тігер шайланы,  
Пақырлар қылар пайданы.

- Қайырлы хан дегенге  
Сұрап келіп тұрмын мен  
Алтынды шашақ найзаны,  
Құдай кімді қалапты,  
Қалаған киер манатты.
- 920 Қайырлы хан дегенге,  
Сұрап келіп тұрмын мен  
Алтын айдар садақты,  
Құдай қылса бір істі,  
Көтерер пенде һәр істі.  
Қайырлы хан дегенге,  
Сұрап келіп тұрмын мен  
Асфаһанлы қылышты.  
Сүйедім пірге арқамды,  
Жүрген жерім дархан-ды.
- 930 Қайырлы хан дегенге,  
Сұрап келіп тұрмын мен  
Шарайна белдік, қалқанды,  
Шөл баласы шөлдеді,  
Атымды менің Ғайып ерен  
«Зарлықхан» деп қойыпты.  
Қайырлы хан дегенге,  
Сұрап келіп тұрмын мен  
Астыңда тұлпар атыңды.

Әлқисса, анда Зарлықтың бұ сөзіне хан күлді де, жүре берді. Ханның күліп басқа сөз айтпағанына Зарлық қапа болды.

Анда қырық жігіт патшаға айтты:

— Әй, тақсыр, сіз ғұмырыңызда һеш күлген емес едіңіз, сол себептен Күлмес хан деп атанған едіңіз. Емді ол жалаңаш бала аузына келгенін айтып сандырақтап, еді күлгеніңіз себебі не? — деді. Патша «күлгенім жоқ» деп айтпады. Қырық жігіт өтініп көп сұрады. Анда патша айтты:

— Ол Пәруәрдиғар Құданың құдіретіне тамаша қылып күлемін. Неге десеңіз, ол баланың әкесі бізден он есе артық хан еді, баласын жаяу қайыр сұратып қойғанына күлемін, — деді. Жігіттер бұ сөзге нанбады. Анда хан айтты:

— Әй, жігіттер, ертең түсте жоғары елімнің һәммасын қуып айдап, ордаға әкелгенде нанарсыңдар, — деп жүре берді.



Анда Зарлық бала жоғарғы шаһарға барды. Келсе, аспаздар тағам пісіріп жатыр екен. Келіп: — Бұл не? — деді.

— Тағам! — деді.

[Зарлық] туғалы кісі қолынан жемеген тағамдарды жеді. Екі қазанның асын бітірді. Аспаздар иесі пұлын есеп қылып отыр екен, [Зарлық] жүріп бара жатқанда:

— Пұлын бер, — деді. [Зарлық] тыңламады. Жүгіріп [барып] ұстадылар, ұрысып, жанжал қылып Зарлық құтылып кетті.

Бір дүкенге келіп, жаюлы тұрған шапандарды көріп, бірін алып, бірін киді. Ақыры аралап бір жақсы шапанды киіп жүре берді.

Дүкен егесі:

— Ей, пұлын бергіл, — деді. Тыңламады. Анда тамам қалмақ жабылып, жыртып алып қалды. Зарлық біреуінің қолындағы балтасын тартып алып кетті. Қалмақтар дүкенге қашып барды.

Ол күні Зарлық бала далаға түнеп жатып ойлайды: «Енді не де болса кешегі өзім көрген дүкенге барайын, өзіме лайық бір шапанды киейін, Мұңлыққа лайық бір шапанды алайын» деп, орнынан тұрып таң атысыменен жүгіріп келе жатты.

Келе жатыр Зарлықжан  
 940 Ертеңменен ертеңдеп,  
 Жолға түсіп емпеңдеп.  
 Жаман тоны баланың  
 К..іне жетпей келтеңдеп.  
 Келте тоны үстінде,  
 Шөметейі селтеңдеп.  
 Анда-санда көрініп  
 Басы шығып шолтаңдап.  
 Мүсәпір келсе алыстан,  
 Хал-ауқатын сұрамас.

950 Шаһарға кірді аралап,  
 Тар көшені паналап.  
 Қалмақ деген занталақ  
 Екі беті қанталап,  
 Зарлықханды көрген соң,  
 Жиылды бөрі анталап.  
 Анда Зарлық келеді,

Ақбөкендей желеді,  
Өзі батыр ер еді,  
Қалмақпенен ісі жоқ,  
960 Кешегі көрген дүкеннің  
Құлпысын бұзды балталап.

Анда қалмақ келеді,  
Ұрыс қыла береді.  
Тұр дүкенді паналап,  
Қолындағы арқанмен,  
Қуалап ұрды сабалап,  
О да атадан туады,  
Бұ да атадан туады.  
Он бестейін жиып ап  
970 Арқанға тартып буады.  
Бөрі тиген қойдай қып  
Тұс-тұсына қуады.

Садағы жеткен жер болса,  
Тартып кетіп барады,  
Мылтық жеткен жер болса,  
Атып кетіп барады.  
Талай қалмақ қырылып,  
Жылап кетіп барады.  
Шаһардағы қалмақтар  
980 Қашып кетіп барады.  
Қылышы жеткен жер болса,  
Қырып кетіп барады.  
Өз білгенін Зарлықхан  
Қылып кетіп барады.  
Көп қалмақты қырмаққа,  
Бір шерменде қылмаққа  
Зарлықханның обары  
Қырып кетіп барады.  
Бір майданнан көп қалмақ  
990 Мойып кетіп барады  
Ата-ана баласын  
Қойып кетіп барады.  
Қойға кірген қасқырдай

- Сойып кетіп барады.  
 Қалмақтардың төбесін  
 Ойып кетіп барады.  
 Қанын ұрттап Зарлықхан  
 Тойып кетіп барады.  
 1000 Алпыс атты бір жерге,  
 Жетпіс атты бір жерге  
 Түйіп кетіп барады.  
 Мола қылып өлгенін  
 Үйіп кетіп барады.  
 Зарлық батыр қалмақты  
 Жойып кетіп барады.
- Қалмақ қашты жаналап,  
 Тар көшені паналап  
 Ұғыл атасын «дадалап»,  
 Дадасы шулап «бабалап».  
 1010 Қалмаққа кірді Зарлықхан  
 Аш арыстандай аралап.  
 Батыр туған Зарлықхан  
 Қалмақты қырды саралап.
- Он сегіз мың бар-ды ғалам,  
 Молдаларда дәуіт, қалам,  
 Қырып-жойып көп қалмақты,  
 Ер Зарлықхан қылды тамам.
- 1020 Һәр кітапта Пайғамбар аты  
 ... ...\* сөйір біліп,  
 Қажылар кітап оқыр-ды  
 Көзінің жасы тізіліп.  
 Жайдың оғы түскендей  
 Шаһардағы көп қалмақ  
 Бәрі қашты бұзылып.
- Қалмақ қашып кеткен соң,  
 Батыр туған Зарлықхан

---

\* Түшнұсқада бір-екі сөз танылмады.

Толғана мойнын бұрады.  
 Өзі көрген дүкенге  
 Қайта жетіп барады.  
 1030 Бекітулі дүкеннің  
 Балталап құлпын бұзады.  
 Киді киім қабаттап,  
 Шүкір қып Хаққа тұрады.  
 Шарайна алып қолына,  
 Суретіне қарады.

Сонда тұрып сөйледі:  
 — Пұл жібердім қалаға,  
 Бұзау, баспақ, танаға.  
 Қанша киім кисем де,  
 1040 Жараспайды екен-ау  
 Мендей бір күйген қараға.  
 Сонау көлге барайын,  
 Әбден аппақ болғанша  
 Жеті күн жатып жуайын.  
 Қымқаптарын сүйретіп  
 Суға қарай жөнелді,  
 Иесіз тастап қалмақтың  
 Қазына, дүкен сарайын.

Батыр туған Зарлықтың  
 1050 Жүрегі оттай қаулады.  
 Ағартам деп денесін  
 Балшыққа, суға аунады.  
 Жая жесе, жалдай боп,  
 Шекер жесе, балдай боп,  
 Көл шетіне толықсып,  
 Жата берді Зарлықхан  
 Толқын соққан салдай боп.

Әлқисса, жоғарғы шаһардың күллі адамдары қашып барып, ханның ордасына тығылды. Анда хан қырық жігітке бұйырды: — Барыңыздар, сол күнгі баланы тауып алып келіңіз, жалғыз қызым Құралайды беремін, сүйтіп көңілін ауламасам, елімді ойран қылар, — дейді.

Анда қырық жігіт һәр жерлерден қарап жүріп, көлдің шетінде суға шомылып отырғанын көріп, Зарлық екенін біліп, қасына жақын барсақ, ұстап алар деп, алыста тұрды. Өгар ол жерден ұмтылса, ордаға [қашып] барамыз деп, Зарлыққа айтқаны:

— Біз тұрмыз сізге жете алмай,  
Сізден жауап алмастан,  
1060 Ханға қайтып кете алмай.  
Бізді патша жіберді,  
Сізге келдік патшаның  
Бұйрығынан өте алмай.

Сізді патша шақырды  
Ақ жүзінді көргелі.  
Анда жүріп көрген соң,  
Онан соң қайтып көрмеді.  
Сізге патша жіберді  
Құралай қызын бергелі.

1070 Көріңіз ханның бақтысын,  
Жұртының жиды жақсысын.  
Күлмес хан сізді шақырды  
Бергелі тіллә, тақтысын.  
Келмесін, тақсыр, қаһарың,  
Ашылған гүлдей баһарың.  
Патша сізді шақырды  
Бергелі Мұзылұс шаһарын.  
Екі саулық, бір қозы  
Баһар айда қырқарым,  
1080 Шыққын бері, сұңқарым,  
Күлмес хан сізге жіберді  
Бергелі Гүлсары тұлпарын.

Әлқисса, анда Зарлық «Менің қарындасым айтқан пірлер екен, менің анау күнгі сұрағанымның бәрін берейін деген екен» деп ойлап, уақыты хош болды. Жігіттерге: — Келіңдер, менің екі қолымды байлап, жаяу айдап апарыңдар, — дейді. Жігіттер қасына келіп аттарынан түсіп жақындап еді, Зарлық атын тартып алып, өздерін жаяу айдап ордаға келді.

Хан: — Менің қазынамда қанша көп суреттерім бар еді, соны көрсетіңдер, — дейді.

Ол суретті көрсетті, [Зарлық] қарамады.

Анда Зарлықтың алдына дастарқан жайып, жігіттер қызмет қылды. Зарлықтың тағам билән ісі жоқ. Жігіттермен ойнасам деп, көтеріліп қойса, жігіттер алды-алдына қашты. Анда Зарлық тұрып жігіттерге ұмтылды.

Зарлық бала ойнайды,  
Арыстандай құтырып,  
Ителгідей жұтылып,  
Қуды жігітті ұмтылып.  
Қамданып тұрған қырық жігіт,  
Он бесі кетті құтылып.  
Жиырма бесі баланың  
1090 Қолында қалды тұтылып.  
Құтылып кеткен он бесі  
Хан алдына бара алмай,  
Тауға қашты сытылып.

Баланың өзі нашар-ды,  
Бала қулық ашады.  
«Мінездері қалайша,  
Ойнайын десем қашады,  
Бұ да қашып кетер» деп,  
Ол жиырма бес жігітті  
1100 Астына алып басады.  
Балаларша үстінде  
Секіріп жүріп ойнаса,  
Кесектеп қанды құсады.  
Қай-қайдағы зардабы  
Бұдан таза шықсын деп,  
Құсқан сайын қысады.

Патша келіп қараса,  
Оқ жыландай ысқырып,  
Ор текедей пысқырып,  
1110 Жігіттерді бұтына  
Қысып-қысып тыштырып  
[Жатқанын оның көреді].

Әлқисса, анда патша мұны көріп, балаға жетіп келіп қол қусырып арыз айтқаны:

— Екі саулық, бір қозы  
Баһар айда қырқарым.  
Арызды тыңда, сұлтаным,  
Саған тарту, шырағым,  
Гүлсары ат деген тұлпарым.  
Сөйлеуге халім келмейді,  
Құрыды жаман дiмқарым.  
1120 Ақ түйғын құс сен болдың,  
Қоңыр ала қаз мен болдым,  
Ұстап алған жемiңдi  
Бермейiсiң, сұңқарым.

Келе жатқан шағыңда  
Көріп едім өзіңді.  
Ат үстінен абайлап  
Байқап едім сөзіңді.  
Дұшпандардың ішінде  
Төмен қылма жүзімді.  
1130 Тарту қылып мен тұрмын  
Құралай атты қызымды.

Қырық жігітімді өлтіріп  
Сыңдырма менің белімді.  
Бұтаққа қонған бұлбұлдай  
Сайратпағын тілімді.  
Елімді тарту мен қылдым,  
Қай жерден таптың мінімді.  
Менің айтқан бұ сөзім  
Жалған емес, шыным-ды.  
1140 Бүйте берсең, жан балам,  
Кетіресің сынымды.  
Жалынса, жақсы кешіретер,  
Жаман қылма күнімді,  
Шағи қылып шамалап,  
Сынадың менің өлімді.  
Тарту қылып жалынып,

- Алдыңа салдым барымды.  
 Бұған көңілің толмаса,  
 Алдыңа салып берейін
- 1150 Тоғайда жатқан малымды.  
 Бұқара болып ел-жұртым  
 Саған қарап бағынды.  
 Дұшпандардың ішінде  
 Сындырма, балам, сағымды.  
 Бір сапар, балам, сыйлағын  
 Менің айтқан арызымды,  
 Төкпе беттен арымды,  
 Патшазада шырағым,  
 Қашырма беттен қанымды.
- 1160 Күнәм болса, кеше гөр,  
 Хан атаң келіп жалынды.

- Асыл туған шырағым,  
 Көргеннен сені сыйладым.  
 Сыйлағаным емес пе,  
 Ел-жұртымды жинадым.  
 Дастарқан салған жігітті  
 Мұнша неге қинадың?  
 Асыл туған шырағым,  
 Асыл, күміс, гауһар тас,
- 1170 Һәр нәрсе болса жиғаным,  
 Мен де өзіңдей хан едім,  
 Бір сапар, балам, сыйлағын.

Әлқисса, бұған жауап бермесем әдепсіз болармын деп,  
 Зарлықтың ханға айтқаны:

- Есітіп сенің атыңды,  
 Шығып едім елімнен.  
 Жаяулықтан жүре алмай  
 Асу-асқар беліңнен,  
 Туралап кешіп өте алмай  
 Шалқыған шалқар көліңнен.  
 Көңілімде бұ іс жоқ еді,  
 Хан ата, болды пиғылыңнан.
- 1180



- Келе жатқан шағымда,  
Өзіңді ауда көргенім.  
Осы шығар ханым деп,  
Иіліп сәлем бергенім.  
Жол болсын, балам, дегенде,  
Жөнімді айтып бергенім.  
Біліп тұрып жөнімді  
Жақсы жауап бермедің,  
Мені өзіңдей көрмедің.
- 1190 Назар салып адам деп,  
Баланы көзге ілмедің.  
Әлі есімнен кетпейді,  
Сақалыңды сыпырып,  
Масқара қылып күлгенің.  
Бір жетім келсе, күлесің,  
Осы ма, патша, білгенің.

- Келіп тұрған, Күлмес хан,  
Ғеш нәрсені білмес хан.  
Жалынсаң да, бұл Зарлық
- 1200 Тілегіңді бермес, хан!  
Неге келдің қыдырып,  
Қайғырып келген баланы  
Кісі орнына көрмес, хан.  
Мені бүйтіп сынама,  
Өзіңді бүйтіп бұлама.  
Тағдыр жетпей Алладан,  
Ажалсыз адам өлмес, хан.  
Жетім қылды Құдайым,  
Айырып ата-анадан,
- 1210 Қызыр, Илияс жар болып,  
Медет таптым даладан.  
Түз ғайыбы Ерендер  
Атымды қойған Зарлықхан.  
Алдыма келдің, мен кештім,  
Түз бұйырып келген соң,  
Һәр нәрсе болса, Күлмес хан!

Әлқисса, бұ сөзді айтып жігіттерін босатып жіберді. Анда патша ордасына келіп жігіттерге айтты: — Барыңдар, қызымды алып келіп, қосыңдар, көңілі алданып еліме тыныштық берер ме екен, — дейді.

Анда жігіттер [Құралай сұлуға] он бес қатынды бұйырды.

Құралайға жұмсады  
Он бес бірдей қатынды.  
Ордаға құрды шатырды,  
1220 Тоқтатқалы айламен  
Зарлықхандай батырды.  
Қырық жігіт пен Күлмес хан  
Бір жерге қойды ақылды.  
Сарайда жатқан хан қызын,  
Ордада ханы отырып  
Он бес қатын шақырды.

Шақырғалы барады,  
Құралай жатқан сарайға  
Қатындар назар салады.  
1230 Барса, үйі бұзылған,  
Қатындар аң-таң қалады,  
Аң-таң қалып қатындар  
Төңірекке қарады.

Бәрі де қатын паңдары,  
Бұзылып жатыр тамдары.  
Байқаса, жаңа бұзылған,  
Басылмай жатыр шаңдары.  
Терезенің алдында  
Бір тамған екен қандары.  
1240 Тамған қанды көрген соң,  
Жиылып барған қатынның  
Шошып кетті жандары.  
Әйнектен шығар алдына  
Құралайдың бұтынан  
Сыпырылып қапты дамбалы.  
Дамбалы қапты, өзі жоқ,  
Не дерін білмей қатындар

- Іздейтұғын ізі жоқ,  
Туралап айтар сөзі жоқ,  
1250 Қайтып келді қатындар,  
Елге қарар жүзі жоқ.
- Ордада отыр Зарлықхан  
Аш арыстандай ыңыранып,  
Әбжыландай толғанып,  
Алысам деп біреумен  
Қозғала түсіп ырғалып.  
Ойласады қырық жігіт:  
«Қасына мұның бармалық,  
Қапа қылар біздерді,  
1260 Қасында мұның тұрмалық».  
Он бес қатын келеді,  
Құралайдан құр қалып.  
Құралайдың өзі жоқ,  
Белгілі кеткен ізі жоқ,  
Жалғыз дамбал қалыпты,  
Қатындар келді қолға алып.
- Құлақ салғыл, жарандар,  
Есіктің алды тал еді,  
Талды кессе, сал еді.  
1270 Құралайға бір ғашық  
Қарадәу деген бар еді,  
Құралайға ынтық боп,  
Қосылмаққа зар еді.
- Сөз сөйлейін басынан,  
Ғашық еді Қарадәу  
Құралайға жасынан.  
Құралай десе, Қарадәу  
Айрылар еді ғашық боп  
Аузында тұрған асынан.  
1280 Бір өзезіл бар еді,  
Жай қылған еді ол шайтан  
Қарадәудің қасынан.  
Қарадәуге жолдас боп,

- Бір өзөзіл жүріпті,  
Һәр нәрсені көріпті.  
Құралай жатқан сарайға  
Тап сол күні келіпті.  
Зарлыққа қызды бермекті  
Ол күні шайтан біліпті,  
1290 Хабарсыз жатқан ол дөуге  
Хабарды шайтан беріпті.  
Құралай жатқан ордаға  
Ашуланған бойымен  
Қарадәу жетіп келіпті.  
Шыдай алмай Қарадәу  
Әйнектен қолды салыпты.  
Бейхабар жатқан сұлуды  
Әйнектен тартып алыпты.  
Сұлуда мықын жоқ екен  
1300 Сол себепті дамбалы  
Тесікте сыпырылып қалыпты.

- Мұны біліп Зарлық хан,  
Кіреді енді күшіне.  
Жауатын бұлттай түнеріп,  
Сөйлемеді кісіге.  
Адам қарап болмайды  
Зарлықтың сонда түсіне.  
Құралайдай сұлуды  
Дәу алып кетті деген соң,  
1310 Толды қайғы ішіне.

- Ал Зарлық хан сөйлейді:  
— Менің өзім баламын,  
Бала да болсам данамын.  
Жетім болып өссем де,  
Ішім бір толған сөнамын.  
Ғайып ерен жар болса,  
Қарадәудің қолынан  
Құралай қызды аламын.  
Жабдықта мені, Күлмес хан,  
1320 Құралайды іздеп барамын.

Тәуекел деп көз жұмып,  
Ісімді Хаққа саламын.  
Құдай, өзің пана бол,  
Дәрғаһыңа бас ұрдым,  
Оңғарғын осы талабым.

Сиынған пірім — ерен-ді,  
Ойлаған ойым терең-ді.  
Һәр нәрсе десем, Күлмес хан,  
Маған тауып бер енді.  
1330 Өзімді жолға саламын,  
Талабымды көр енді.  
Маған бергін қырқарға  
Сегіз қырлы беренді.

Зарлық хан Хаққа жалбарды,  
Аманат тәнде жан бар-ды.  
Тәңірі берсе, алармын  
Қарадәудей заңғарды.  
Маған бергін қырқарға  
Заһарға салып суғарған  
1340 Тас кескен асыл қанжарды.

Бүйткен күнім құрысын,  
Болмайды енді тұрысым.  
Мақұл болсын Аллаға  
Менің бұ қылған жұмысым.  
Кәміл пірім жар болса,  
Оңғарғын, Алла, бұл ісім.  
Құралайды дәуден алмасам,  
Зарлық хан атым құрысын.  
Маған бергін, Күлмес хан,  
1350 Заһарға салып суғарған  
Асфаһанлы қылышың.

Құдай кімді қалапты,  
Қалаған киер манатты.  
Құралайдың жолына  
Енді қылдым талапты.

- Ғайып ерен жар болса,  
 Саламын жұртқа санатты.  
 Атаңа лағынет Қарадәу  
 Жолына бізді қаратты.  
 1360 Бұ талаптан қайтпаспын,  
 Мені де Құдай жаратты.  
 Іс қылайын ерлердей,  
 Тауып бер маған бір атты.  
 Атың болсын жолдасым,  
 Ұшар құстай қанатты.
- Сиынған пірім — Дәуіт-ті,  
 Кидің жинап мауытты.  
 Құралайдың жолына  
 Көңілім менің ауыпты.  
 1370 Тауып бер маған жарақты,  
 Қылмаймын жаудан қауіпті.  
 Бектер ішер шарапты,  
 Дәрғаһында Құдайым  
 Һәр түрлі жанды жаратты.  
 Маған бергін қырқарға  
 Алтын айдар садақты.

Өлқисса, анда Күлмес хан айтты: — Балам, барма, биһұда өліп кетерсің, — деді.

Анда қырық жігіт айтты: — Әй, тақсыр, осыменен көбеймей-ақ қояйық, қоя беріңіз, жанымыз шықты ғой, — дейді.

Анда хан барша айтқан қару-жарақтарын даяр қылды, астына Гүлсары атын мінгізіп шығарып салды. Зарлық батыр жолға түсіп, бір ғазал оқыды.

- Батыр туған Зарлық хан  
 Дәуді іздеп жөнеді.  
 Жалғыз өзі Зарлықтың  
 1380 Жолға түсіп келеді.  
 «Шу, жануар, Гүлсары ат,  
 Көкірегінде жазған хат.  
 Кекіліңнен, жануар,  
 Жол танабын жуық тарт.

- Дәудің жатыр қолында  
 Құралай атты шаһизат.  
 Құйрығың сұлу, жануар,  
 Көтеріп шапсаң байрақтай.  
 Мойның сұлу таяқтай,  
 1390 Белің сұлу, Гүлсары ат,  
 Төрт қырлаған қайрақтай.  
 Кербез басқын аяғың  
 Қыз жинаған бойдақтай.  
 Баса көргін ойнақтай,  
 Жалың сұлу, Гүлсары ат,  
 Күлтеленген жібектей.  
 Сипатыңа болайын,  
 Мал түспеген түбектей.  
 Танауыңа болайын,  
 1400 Түбі түскен шелектей».
- «Шу, жануар, шу» деді,  
 Ескен желдей гуледі.  
 Қарсақ жортпас қалыңнан  
 Қарғып өтіп барады.  
 Түлкі жортпас түлейден  
 Төтелеп өтіп барады.  
 Құлақтың [түбі] терледі,  
 Терлеген сайын өрледі.  
 Көлденең жатқан аңғарды  
 1410 Жер ошақ құрлы көрмеді.  
 Қамшы басты санына,  
 Жәбір қылды жанына.  
 Ілеспеді ұшқан құс  
 Гүлсары аттың шаңына.  
 «Гүлсары атым, тұлпарым,  
 Қос қанатты сұңқарым.  
 Жол танабын жуық тарт,  
 Жау шабуға іңкәрім» .  
 Зарлық хан атқа қатылды,  
 1420 Сауырысына қамшы батылды,  
 Төрт тұяқтан шыққан от  
 Нысана атым жерге шашылды.

- Неше-дүр күн бел жүрді,  
Неше-дүр күн жол жүрді,  
Арада сусыз шөл жүрді.  
Сөйлеріне сөз болды,  
Жүргені жапан түз болды.  
Зарлық батыр сол уақта  
Көлденеңі қырық құлаш  
1430 Бір дарияға кез болды.  
Тарылды Зарлық хайласы,  
Ақылдың жетті пайдасы.  
Қарсы алдынан кез болды  
Өлінебұлдың дариясы.  
Бұл дарияны көрген соң  
Аға берді көз жасы  
Болды сарсаң бір басы.  
Аһ дегенде Зарлық хан  
Жад етіпті пірлерін,  
1440 Тарқатып көңіл кірлерін.
- Жүрген жолы қазылды,  
«Шу» дегенде Гүлсары ат  
Қырық құлаш барып жазылды.  
Жад қылды Зарлық Құдіретті,  
Атқа қылды рахматты.  
Көтерілді Гүлсары ат,  
Қарғығанда жануар  
Қырық арқан бойы ол кетті.  
Көкке қарап ғырылдап,  
1450 Ұшқан құстай пырылдап,  
Бұлтқа жақын ол жетті.  
Ар жағына дарияның  
Мысықтай болып топ етті.  
Түскен жері тұлпардың  
Ойыла жаздап солқ етті.  
Гүлсары ат мінді қайратқа,  
Зарлық хан кірді ол шатқа,  
Дария жұмыс болмайды  
Астында тұлпар сары атқа.



- 1460 Гүлсары атты ырғытты,  
 Атқан оқтай сырғытты,  
 Көзіне ілмей дарияны,  
 Тәуекел деп қарғытты.  
 Жүрек болмас жаманда,  
 Гүлсары аттай келбетті  
 Жылқы болмас жаһанда.  
 Жығылмастан дарияға,  
 Алып ұшты жапанға.  
 Өткізді аман дариядан
- 1470 Зарлық хандай беренді.  
 Зарлық ханның, жақсылар,  
 Ал, қайратын көр енді.  
 Келе жатса Зарлық хан,  
 Ойнақтап тұрған алдында  
 Бір биік тауды көреді.

Әлқисса, Зарлық ойлады: «Бү жақтың тауы көшіп жүреді екен, бір таудың астында қалып өлемін бе», деп қараса, бұл тау Қарадәудің үйінің түңлігі екен, дәу демін алса, шошаңдап тұрған. Зарлық жетіп келеді, сол кезде үйден Құралай сұлу шығып:

— Ей, бейшара! Бү жерге неге келдің, өлесің ғой, — дейді.

Анда Зарлық батыр атын қызға ұстата салып, өзі үйге кіріп келеді. Қарадәу ұйықтап жатыр екен. Жүгіріп үстіне шықты, оянбады. О жақ, бұ жағына қарады. Көрдікем дәудің шоқпары босағада тұр екен. Оны алып дәуді басқа ұрды. Анда дәу көзін ашып қарады.

— Ей, бала! Мені неге ұрасың, сенің ұрғаның шыбынның шаққаны құрлы болмады ғой, — дейді. Анда Зарлық айтты:

— Мен сені өлтірем, — дейді. Дәу айтты:

— Мені өлтірер болсаң, әуелі менің бір аяғымменен күрес. Аяғымды көтеріп тұрайын. Аяғымды жерге басып тигізсең, сенімен күресейін. Аяғымды жыға алмасаң, ұйқымды бұзбай, жөнел! — дейді.

Анда Зарлық батыр қолындағы арқанын тұзақ қылып, [дәудің] аяғының басына іліп алып тысқа шығып атына мініп, тақымына салып үйден сүйретіп ала жөнеледі.

- Зарлық батыр ал, сонда  
Қарадәуді сүйретті.  
Сүйреткі қылып үйретті,  
Шеттегі шеңгел, тікенге  
1480 Өкпе, бауырын түйретті,  
Тау мен тасқа соқтырып,  
Қабырғасын күйретті.
- Қарадәуді сүйретіп,  
Дүрілдетіп келеді.  
Блдидан төмен құлатып,  
Зырылдатып келеді.  
Бөдөнін тасқа қақтырып,  
Пырылдатып келеді.  
1490 Жүрегін тасқа қақтырып,  
Пырылдатып келеді.  
Төбет иттей ыржитып,  
Ырылдатып келеді.  
Соғып тасқа денесін,  
Дырылдатып келеді.  
Қарадәудің торғайын  
Шырылдатып келеді.
- Сүйретті дәуді далаға,  
Тас тығылды шараға.  
Жалынды сонда Қарадәу  
1500 Зарлық хандай балаға:  
— Бір іс қылдың, жас бала,  
Бұрынғы өткен мәрттейін,  
Қаптаған қара өрттейін.  
Бір көтертші басымды,  
Айналайын, жан бала,  
Арманда өліп кетпейін.
- Айналайын, жан бала,  
Қалмады менде ақыл-ай,  
Құрыды халім, тақсыр-ай,  
1510 Бір мүштымдай баланың  
Күшті еді қандай тақымы-ай.

Арманда өліп барамын,  
Дүниеден кеттім ақыры-ай.  
Көтере алмай басымды,  
Кеттім бе енді қапыл-ай!  
Жұдырықтай баланы  
Тоқтата алмай барамын,  
Не болды маған, япыр-ай!

- 1520 Дүниенің білдім жалғанын,  
Көтердім Алла салғанын,  
Тістеулі кетті бармағым.  
Көтере алмай басымды,  
Ішімде кетті арманым.  
Бір мұштымдай баланы  
Тоқтата алмай барамын,  
Қай жаққа кетті салмағым.  
Айналайын, қарағым,  
Жаныма қатты батқан соң,  
Көзімнен ақты бұлағым.
- 1530 Тақымға салып сүйретіп,  
Болдым ба көкпар лағың.  
Мен де өзіңдей ер едім,  
Ерге серік шер едім.  
Жетті хәлім өлімге,  
Бір көтерші басымды.  
Не тілесең берейін,  
Айналайын, шырағым.

Әлқисса, анда Қарадәудің етінен еш нәрсе қалмай пара-пара болған соң, «емді өлмегенде не жаны қалды» деп босатты. Қорқырап біраз жатып, есін жиып алып, басын көтеріп, баланы көріп түрегеліп алыса берді.

- 1540 Тұра келіп қағысты,  
Жағаласып алысты.  
Қарсы шеңгел салысты,  
Атаңа лағынет Қарадәу  
Енді ойлады намысты.  
Бір уақыттар болғанда

- Зарлық хандай баланың  
 Бақайшағы майысты,  
 Қабырғасы қайысты.  
 Айдаһардай ысқырып,  
 Балықтайын бұлқысты.  
 Жас баланың басына  
 1550 Қиын-қыстау іс түсті.  
 Жығыларға ептеліп,  
 Аяқтары сандалып,  
 Зарлықхан батыр сол шақта  
 Қарадәуден бек састы.

Өлқисса, Зарлық бала дәудің қолында қысылды. Өлі кел-  
 мейтұғын болған соң әуелі Алла Тағалаға жалбарып, екінші  
 жамиғи пайғамбарлардан шапиғ келтіріп, жүмлө әулиелерден  
 медет истиғанат тілеп, енді өлгенім бе деп айтқаны:

- Мендей ғаріп құлыңның,  
 Ал, ұсындық, қолын ал.  
 Сүйегім менің болды сал,  
 Қуат кетіп тәнімнен,  
 Қалмады менде зәрре хал!  
 1560 Бір медет берер күнің-ді,  
 Жаратқан Қадір Зұлжалал.

Тілімде көп-дүр қатамыз,  
 Дін үшін жанды сатамыз.  
 Мен перзентің қысылды,  
 Хазірет Адам атамыз.

- Мұнда көрдім машақат,  
 Машақат көрдім мен бейхад.  
 Бұ сондай сасқан уақтымда,  
 Иә, Расул, қыл шапағат.  
 1570 Жетім болдым әуел бастан,  
 Талай бейнет көрдім жастан.  
 Мүсәпір қылып Құдайым,  
 Қорлық көрдім талай істен.

Бір медет берер күнің-ді,  
Әбубәкір, Омар, Оспан.

Мен бейшара болдым кедей,  
Ел-жұртымнан болдым жұда.  
Әулиелер жолына  
Әйладым жаным пида.  
1580 Бір медет берер күнің-ді,  
Иә, хазірет Шері Құда.

Көзімнен ақты қанды жас,  
Ғаріп болды ғазиз бас.  
Болды маған енді жат  
Ағайын, туған, қарындас.  
Бір медет берер күнің-ді,  
Ғауыс, Қияс, Қызыр, Ілияс.

Арманда кеттім енді мен,  
Дәрменім кетті халімнен.  
1590 Бір медет берер күнің-ді,  
Жасымнан баққан қырық шілтен.  
Құлақтарым болды керең,  
Бұ бәдбақыт көпір  
Қылмайды ерен.  
Бір медет берер күнің-ді,  
Кәміл пірім Ғайып ерен.

Әлқисса, бала бұлайша деп мінәжат қылып жылаған соң хазірет Қызыр пайғамбар балаға медет қылып, жүз ердің күшін пайда қылады:

Пірлері медет берген соң,  
Бала судай тасады.  
Қайтадан қайрат шашады,  
1600 Қарадәуді Зарлықтың  
Аруағы үстін басады.  
Һәрне болса Зарлық хан  
Пешенеден көреді,  
Пірі медет береді.

- Ғайып ерен қырық шілтен  
 Зарлықтың көміл пірі еді.  
 Пірлері медет берген соң,  
 Енді бала асады,  
 Көтеріп алып Зарлық хан  
 1610 Дәуді астына басады.  
 Басып жатып Зарлық хан  
 Дәудің басын кеседі.  
 Судай шашып қандарын,  
 Ағашқа басын асады.

Әлқисса, Зарлық батыр дәудің басын кесіп, ернін тесіп ағашқа басын асып, Гүлсары атқа мініп қайтадан салып жетіп Құралайға келеді. Анда Зарлықтан қыз сауға сұрады.

«Құп, дәуді өлтірдім» деп, Құралайды мінгестіріп алып жөнеле береді.

- Бәрекедді, жігіттер,  
 Зарлық хан қылған санатқа,  
 Мұндай қылған қайратқа.  
 Құралай мен Зарлық хан  
 Мінгесті бұлар бір атқа.  
 1620 Басын жолға салады,  
 Тұлпардан туған Гүлсары ат  
 Сүмбідей болып жарады,  
 Мінгесіп алып кетеді,  
 Неше белден өтеді.  
 Баяғы көрген дарияға  
 Мінгесіп келіп жетеді.
- Бұл дарияға жолғасты,  
 Тұлпарға қамшы бір басты.  
 Артына әйел мінгесті,  
 1630 Киіктей сұлу Гүлсары ат  
 Бір аяғы жер басты,  
 Бір аяғы су басты,  
 Кете жаздап дарияға,  
 Зарлық батыр бір састы.  
 Ол дариядан өтеді,

Өтіп алып кетеді.  
 Күлмес ханның үйіне  
 Құралай, Зарлық жетеді.

1640 Кедейлер тігер кепесін,  
 Ақсақал жейді шекесін.  
 Ұзын сөзді қысқартып,  
 Енді айталық төтесін.  
 Отыз күн ұдай ойын қып,  
 Қырық күн ұдай тойын қып,  
 Құралайды Зарлыққа  
 Молдалар қиды некесін.

Әлқисса, Зарлық хан ойын-күлкіменен жата берді.

Күндерде бір күн Мұңлық Зарлықтың түсіне кіріп: «Ей, аға, мені ұмыттың ба?» дейді. Анда Зарлық «аһ» тартып, оянып айтты: — Ей, Құралай, мен қайтамын. Менің қарындасым иесіз тауда жүр еді, — дейді. Құралай қыз атасына хабар береді:

— Зарлық қайтам дейді, мені қалдырмасын, — дейді.

Анда атасы Күлмес хан іші алтын, сырты күміс алты қанат ақ орда береді. Екі мың қой, бір мың жылқы, он күң, он құл, он отаумен көшіріп жөнелтеді, Зарлыққа Гүлсары атын берді. «Қош» деп риза қылып, жарым жолға шығарып салды.

Бұлар неше медет жол жүріп, Шөгірлінің тауына келеді.

Анда Зарлық жақсы таза киімдер алып, ілгері қарындасына ұзап кетті. Баяғы орнына келсе, Мұңлық жоқ екен. Қайда екенін біле алмай Зарлықтың жоқтап жылағаны:

— Ай, көзден аққан қанды жас,  
 Сарсаң болды ғазиз бас,  
 Басқа бейнет түскенде,  
 1650 Ақылдасым, сырласым,  
 Бірге өскен мұңдасым,  
 Көкең келді сағынып,  
 Қайдасың, Мұңлық, жолдасым?!  
 Шаруа тігер шайласын,  
 Пақырлар қылар пайдасын.  
 Ізінді жерден таба алмай,  
 Құртты көкең айласын.

- Көкең келді сағынып,  
 Қарағым, Мұңлық, қайдасың?!  
 1660 Аллаға көп-дүр қылығым,  
 Қылмадым түзу құлдығын.  
 Көкең келді сағынып,  
 Жүрегі оттай қабынып.  
 Қайдасың, қалқам, Мұңлығым?!

Әлқисса, анда Мұңлық мыстан кемпірден қорқып, басқа бір берік жерден мекен қылған еді. Ағасының дауысын естіп, айқай салып келіп, қушақтай алып көрісіп тұрып айтқаны:

- Келдің бе, көке, жаңадан,  
 Өткенсін терең сулардан.  
 Көкежан, өзің кеткелі  
 Кетпеді аузым төубадан,  
 Кетпеді қолым жағадан.  
 1670 Білмедің, көке, қызықпен,  
 Бір жыл өтті арадан.  
 Келдің бе, аға — қорғаным,  
 Асыл туған, сұңқарым.  
 Жұрт егесі, сұлтаным,  
 Жаяулықпен кетіп ең,  
 Құтты болсын, жан көке,  
 Астыңа мінген тұлпарың.  
 Болды ма қабыл сұрағым,  
 Жолдың көрдің жырағын.  
 1680 Құтты болсын, жан көке,  
 Астыңа мінген пырағың.  
 Болды қабыл сұрағым,  
 Бұл барғаннан, барғаның,  
 Күлмес хан елін алғаның.  
 Елін қырып, жан көке,  
 [Басына] қайғы салғаның.  
 Бейшара болған Мұңлықты  
 Сонда есіңе алмадың.  
 Қайрылып, көке, келмедің,  
 1690 Мұңлығым қалды демедің.



Дұшпаннан қорқып күтініп,  
Өсте уайым жемедің,  
Құралайды ап кеткен  
Қарадәуді іздедің.  
Жолға түсіп есілдің,  
Қайратқа сеніп есірдің.  
Қарадәудің қолында  
Біраз ғана қысылдың.  
Бейшара болған Мұңлықты  
1700 Сонда да есіңе алмадың.

Жиһаннан асты өрнегің,  
Талай бейнет көргенің,  
Қарадәуді өлтіріп,  
Қазасын оның бергенің.  
Құралаймен мінгесіп,  
Дарияға жетіп келгенің.  
Бейшара болған Мұңлықты  
Сонда да есіңе алмадың.

Уайым қылып азбадың,  
1710 Ерліктен, сірә, жазбадың.  
Сағынғаннан сарғайып,  
Үш мезгіл сені іздедім.  
Ол дарияның жүзінде  
Суға кете жаздадың.  
Бейшара болған Мұңлықты  
Сонда да есіңе алмадың.

Дұшпан қылды қорлықты,  
Аллаға қылдым құлдықты.  
Білмейді деп пе ең, жан көке,  
1720 Таудағы ғаріп Мұңлықты.  
Тәңірім беріп жүректі,  
Өзіңе берді ерлікті,  
Дұшпаннан қорқып Мұңлығың,  
Тау мен тасқа бекінді.  
Күлмес ханның тартуын,  
Айналайын, жан көкем,

Құралайды алған секілді.  
Білмейді деп пе ең, көкежан,  
Таудағы Мұңлық жетімді.

Әлқисса, Мұңлық бұл сөзді айтып, құшағын жазып отырды. Ағасы алып келген асыл киімдерін киіп, Гүлсары атқа мініп, Құралайдың алдынан шығып, көштерін бастап алып келіп Шөгірлінің бір жақсы жеріне қондырып, малдарын бағып, ойын-тамаша билән жата берді.

Ендігі сөзді жеті қабат аралдағы шешесі Қаншайымнан естіңіз.

Қаншайымның қасындағы екі күшігі ер жетіп, тоғайдан аңның тірісін Қаншайымға әкеліп, арам өлгенін өздері жеп жүреді.

Бір күні екі күшігінің бірін қабылан талап, жаман жаралап кетті. [Күшікке] дәрі жағып отырып, Қаншайымның көңіліне қиял түсіп қапа болып, әуелі Алла Тағалаға, екінші Пайғамбарға мінәжат қылып жалбарып айтқаны:

1730 — Ей, жаратқан Қадір Бір уа Бар,  
Бәрне қылсаң еркің бар.  
Мен бейшара кембағал,  
Дәрғаһыңа қылдым зар.  
Құдай-а, рақым қылмасаң,  
Кең дүние маған болды тар.

Өмірім өтті алаң боп,  
Уақытым өтті, қайтейін,  
Ит күшігі балам боп.  
Сөйлеуге де тілі жоқ,  
1740 Бұларменен бірге өскен,  
Мен бейшара қайран боп.  
Жаратқан Қадір Құдайым,  
Ит пен құстың ішінде  
Өте ме күнім қараң боп.  
Дерексіз қалдым аралда,  
Адам көрмес сүйегім,  
Өзімнен туған балам жоқ.  
Тәңірі салды бұл күнге,  
Қылатын хайла, шарам жоқ.

- 1750 Артымнан жоқтап келерге,  
Туысқан, туған ағам жоқ.  
Зар болып өттім дүниеден,  
Бір теңгелік бағам жоқ.  
Дерексіз қалдым аралда  
Аһ, дариға, не әйлайын.  
Опасыз өткен дүние боқ.  
Өттің дүние баянсыз,  
Аллаға ісім аянсыз.  
Не пиғылымнан, Құдай-а,
- 1760 Жолықтым мұндай дәулетке,  
Жан едім жұртқа зиянсыз.  
Қалдым жалғыз тоғайда,  
Көз жасым қабыл болмаса,  
Бибі Батима, Қадиша,  
Жақсылық назар салмаса.  
Назар салып пірлерім,  
Күлшәтімді алмаса.  
Қор болдым елсіз аралда,  
Бибі Сара піріміз,
- 1770 Мен бейшара шорысын  
Қолынан сүйреп алмаса.  
Пірлерім, алғын қолымнан,  
Адасып жүрген жолымнан.  
Туысқан, туған менде жоқ  
Іздеп келер соңымнан.  
Бү дәулетке кез болдым,  
Дұшпандық көріп залымнан.  
Медет қылғын, пірлерім,  
Мүсәпір, ғаріп шорыңмын,
- 1780 Қорлықпен өтті өмірім.  
Босады болат темірім,  
Қараңғылық боп өтті  
Раушан болған күндерім.  
Үстіме түскен ауыр жүк,  
Бар ма екен, сірә, кемірің.  
Өліп кетсем бұ жерде,  
Бойымда да жоқ екен  
Оранып жатар кебінім.

- 1790 Ұл қылдым екі күшікті,  
Жан тәтті екен, шошықты.  
Ел-жұртымнан айырып,  
Салдың-ау, Төңірі, түйшікті.  
Мен ғаріпке, Құдай-а,  
Ашар күнің болар ма  
Рахматыңнан есікті?!  
Жапанды жалғыз жай қылып,  
Бұйырған көрдім несіпті.  
Алла, рақым қылмасаң,  
Қорлықпен күнім кешіпті.
- 1800 Ит-құс болып жолдасым,  
Тағдырға шара нешік-ті.  
Көмусіз қалдым аралда,  
Бір апта кисем, тастаушы ем  
Алтынды жаға ішікті.

- Қаншайым қылды наланы,  
Дұшпандар қылды жаланы.  
Мекен қылып жатырмын,  
Ит пен құсқа жолдас боп  
Адам жүрмес даланы.
- 1810 Қасымда жолдас күшігім  
Қабыланнан болды жаралы.  
Болды ма менің ақ ордам,  
Жаратқан Жаппар Құдай-а,  
Құс ұшпастың аралы.  
Сақтасаңшы, Құдай-а,  
Екі жиһан патшасы,  
Ит те болса жолдасым,  
Алдымда екі баланы.

- 1820 Ашылған бауда гүл едім,  
Сайраған қызыл тіл едім,  
Құдай-а, рақым қылмасаң,  
Мен мүсәпір жүдедім.  
Бақ-дәулет тұрған шағында  
Жақсы адамның бірі едім,  
Ақыры қалып аралда,

Иттің өмірін тіледім.  
Ит тілеуін мен тілеп,  
Жағадан кетпей білегім.  
Құс ұшпас деген дарияда  
1830 Білінбей кетті-ау дерегім.  
Опасыз өткен дүние-ай,  
Қабыл болмай көз жасым,  
Ашылар ма екен раушан боп  
Қайғылы көңіл жүрегім.

Қорлықпен өттім жалғанда,  
Үеш адамзат көрмедім  
Он бес жыл жалғыз қалғанда.  
Пірлерім, медет қылсаңшы  
Осындай болып қалғанда.  
1840 Рахман Алла, рақым қып,  
Пірлер медет қылмаса,  
Қаншайым кетті арманда!

Әлқисса, Қаншайым бұ сөздерді айтып, зар жылап, түн ортасы болғанда, көзі ұйқыға барды. Ошал сағат хазірет Қызыр пайғамбар түсінде Ғайып ерен қырық шілтен бірлән келіп Қаншайымға айтты: «Ей, бейшара, көп нала болма, сенен бір ұл, бір қыз туған еді, ұлыңның аты Зарлық, қызыңның аты Мұңлық. Асықпасаң, балаларыңа аман-есен қосыларсың» деп, түсінде ғайып болды. Мыстан кемпірдің ұрлап алғанын һәм [баян] қылып кетті.

Анда Қаншайым ұйқысынан оянып, қуанып жылап айтқаны:

— Ей, құдіреті күшті, Құдайым,  
Қуаныш кірді ішіме.  
Үәрне қылсаң, Бір уа Бар,  
Көндім тағдыр ісіне.  
Бейнетім кетер, түс көрдім  
Дүйсенбінің кешінде.  
Рас келсе бұл түсім,  
1850 Көрдім деп бейнет не дейін,  
Шүкір қылмай Құдайға,  
Өкінемін несіне.

Өтіп едім қорлықпен,  
Кәміл пірім жар болып,  
Бүгін кірді түсіме.

Өзім кетіп бір басқа,  
Перзентім кетіп бір басқа,  
Мүсәпір болып мен ғаріп,  
Көзім толды көл жасқа.  
1860 Перзентін көрсе Қаншайым,  
Жанын құрбан қылмас па.  
Перзентке өлсе құрбан боп,  
Қаншайымның тәубесі  
Сірә да қабыл болмас па.  
Айналайын, Құдайым,  
Дәрғаһыңа жылайын,  
Бү секілді жақсылық  
Көрсеткенің рас па?!

Ұшып кеткен дәулет құс  
1870 Басыма қайтып қонар ма?!  
Перзентім көріп тіріде  
Ғаріп көңілім толар ма?!  
Азар болса кеп кетер  
Түлкі қуып сонарға.  
Тіршілікте, Құдай-а,  
Мұңлық пенен Зарлыққа  
Қосылар күнім болар ма?!

Дүниенің тарттым бейнетін,  
Түзелер ме екен келбетім,  
1880 Қолдай көргін, иә, Расул,  
Мен күнөһар үмметің.  
Ықыласыммен қылармын  
Бұйырған өмір сүннетін.  
Қосылар күнім болар ма,  
Мұңлық, Зарлық перзентім.  
Дұшпанның көрдім тарлығын,  
Алланың білдім жарлығын,

Көрерге сені зар болдым,  
 Қайдасың, қалқам, Зарлығым?!  
 1890 Дұшпанның көрдім қорлығын,  
 Жеті қабат аралда  
 Аллаға қылдым құлдығым.  
 Анаң сенің зар болды,  
 Қайдасың, қалқам, Мұңлығым?!

Сүйедім пірге арқамды,  
 Жүрген жерім дархан-ды,  
 Шаншар хан дарға бұйырған  
 Мойныма салып арқанды.  
 Қай уақытта көремін  
 1900 Зарлық, Мұңлық қалқамды?!  
 Кімге опа қыласың,  
 Дүние шіркін жалғаны-ай,  
 Басыма бейнет салғаны-ай.  
 Қу кемпірдің тілімен  
 Қосағым Шаншар падиша  
 Қысымға мені алғаны-ай.  
 Жеті қабат аралда  
 Қаншайымның қалғаны-ай.  
 Зарлық, Мұңлық перзентін  
 1910 Көрсенді Қаншайым,  
 Өлсе де жоқ қой арманы-ай.

Естідім, қалқам, атыңды,  
 Зарлық, Мұңлық затыңды.  
 Сіздерге Тәңірім жеткізгей  
 Менің қылған зарымды.  
 Дұшпандар жүр ғой қамалап,  
 Мен жүрмін ағаш паналап.  
 Мұңлық, Зарлық перзентім,  
 Мен ғаріпті, Құдай-а,  
 1920 Жоқтар ма екен аналап?!

Өлқисса, Қаншайым бұл сөзді айтып жылап жатты. Ендігі сөзді Шаншар хан патшадан естіңіз.

Шаншар хан бір күн тұрып қылды бейіл,  
Дұшпанға ерегескен өзі зейіл.  
Ау құрып қырық жігітті қасына алып,  
Келіпті Шөгірліге құрып сейіл.

Падиша қырық жігітпен кетті жүріп,  
Бір жерде тоқтамайды сабыр қылып.  
Ойын-күлкі тамаша салтанатпен  
Келіпті Шөгірліге сейіл құрып.

1930 Мерген еді Шаншар хан патша өзі,  
Жолда боп киік үшін екі көзі.  
Шөгірлінің тауына келген халде  
Патшаның бір киікке келді кезі.

Бұл киіктің басы алтын, к..і күміс,  
Падиша ойға алады үлкен жұмыс.  
Киікті тірі ұстап аламын деп,  
Падиша сол киікке қылды жүріс.

1940 Падиша ол киікке жетіп келді,  
Қаһарын падишаның киік көрді.  
Патшаның қаһарынан қашып барып,  
Бір жартасқа ол киік барып кірді.

Бір жартасқа қамады ол киікті,  
Падиша ұстаймын деп көңіл мықты.  
Басыңнан қарғығаның өлесің деп,  
Шаншар хан қырық жігітке бұйрық қыпты.

Киікті ұстаймын деп қамалады,  
Сонда киік өз күшін шамалады.  
Шаншар ханның басынан қарғып кетіп,  
Киік кетті бет алып бір даланы.

1950 Сол киік бастан қарғып қашып кетті,  
Тасқынын падишаның басып кетті.  
Тау басында жүр еді Зарлық бала,  
Ол киік Зарлық ханға жетіп кепті.



Зарлық хан бұ киікті көзі көрді,  
Тауда жүрген балаға кезі келді.  
Атының басын бұрып Зарлық бала,  
Киікті ұстамаққа қуа берді.

Зар ұрып қамшы басты Гүлсары атқа,  
Тауды өрлеп киік қашты қалың шатқа.  
Гүлсары ат бет алған соң құтқара ма,  
1960 Зарлық хан жетіп келді бір сағатта.

Киікке жетіп келді Зарлық бала,  
Қасында екі жігіт келді жана.  
Сол киік бір жартасқа қарғып шықты,  
Жамиғат, құлақ салып тыңдап қара.

Ол киік адам болды ақсақалды,  
Көрді де Зарлық бала аң-таң қалды.  
«Жан балам, не себептен қуасың!» деп,  
Ол адам Зарлық ханға жауап қылды.

Ол киік Зарлық ханның пірлері екен,  
1970 Ғайып ерен қырық шілтеннің біреуі екен.  
Зарлық пен Шаншар ханды қоспақ үшін  
Күә боп арасында жүрген екен.

Әлқисса, анда Зарлыққа Ғайып ерен, Қызыр пайғамбардың  
Шаншар ханды баян қылғаны:

— Шаншар хан әділ патша ұлық болған,  
Көп патшадан мүләйім сынық болған.  
Қырық жігіті қасында тамаша әйлап,  
Тауына Шәгірлінің келіп қонған.

Шаншар хан әділ патша сенің атаң,  
Дұшпанға саясатты, өзі мехкам.  
Ізімменен келеді мені қуып,  
1980 Ей, бала, дұғағөйің сенің өкең.

Ей, балам, келе жатыр дұғагөйің.  
 Мәдина, Мекке бірлән құбыла күнің.  
 Атаңыз келе жатыр қырық жігітпен,  
 Алдынан шық атаңның, тұрма кейін.

Мұны айтып ғайып болды Зарлық пірі,  
 Атасын, арман бар ма, көрсе тірі.  
 Атасын естіген соң тағат қылмай,  
 Зарлық хан кейін қарай жүреді енді.

1990 Қарап тұрса, әкесі келе жатыр,  
 Қасында жолдас болған өңшең батыр.  
 Атасын көргеннен соң құрмет қылып,  
 Тұрады аттан түсіп Зарлық батыр.

Шаншар хан жетіп келді қастарына,  
 Оранған алтын төжін бастарына.  
 Атасын көргеннен соң Зарлық бала,  
 Көзінің шетін жуды жастарына.

2000 Патшаның қолын алды елден бұрын,  
 Білмей тұр бұл Зарлықтың ішкі сырын.  
 Көл болды көздің жасы етегіне,  
 Көрісті қырық жігітпен бірін-бірін.

Патша айтты: — Ей, балам, кімсің? — деді,  
 Бұл тауға қайдан келіп жүрсің? — деді.  
 Қай жерлік, қай патшаның баласысың,  
 Сырыңды айт, осы халық білсін, — деді.

Падиша сөз сұрайды ортаға алып,  
 Балаға түзде жүрген қайран қалып.  
 Жауабын атасының естіген соң,  
 Жылайды өксіп-өксіп қайғыланып.

2010 Бала айтты: — Мен сөйлейін, ей, падишам,  
 Жетімдікпен Зар болдым ата-анам.  
 Сізге баян қылайын мен сырымды,  
 Құлақ сап, ей, падиша, сөзге қараң.

Патшасы патшалардың — патша Құдай,  
Жыладым дәрғаһына сиынып уай.  
Бар еді әділ патша Шаншар атты,  
Қараған хүкіміне он сан Ноғай.

Білсеңіз, сол патшаның баласымын,  
Көзінің ағы менен қарасымын.  
Алланың тағдыр — ісі мұндай болып,  
2020 Туған соң ата-анадан адасыпшын.

Анамыздың аты екен Қаншайым,  
Жетім қылып өсірді бар Құдайым.  
Бастан-аяқ айтайын уақиғамды,  
Тыңлағын бәрін-бәрін, падишайым.

Анадан туып едік бір ұл, бір қыз,  
Мүсәпірлік көп көрдім кеші-күндіз.  
Алпыс өгей анамыз дұшпандықпен  
Бізге жәбір қылыпты, тыңдаңыз сіз.

Атамыз киік аулап кеткен екен,  
2030 Анамыздың мезгілі жеткен екен.  
Алпыс қатын тілімен ұрлап алып,  
Мыстан кемпір дұшпандық еткен екен.

Жолаушы алыс жолда аты арық-ты,  
Көтерген шілтен пірім мен ғаріпті.  
Жаратқаннан қорықпаған мыстан залым  
Біздерді суға тастап жіберіпті.

Судан бізді көтерген пірім Ғайып,  
Ит мыстан ата-анамды қылған майып.  
Шөгірліде күнелттік бір ұл, бір қыз,  
2040 Пірлер бата берген соң қолын жайып.

Шөгірліде күнелттік біз жалаңаш,  
Бізде жоқ ата-ана һәм қарындас.  
Бастан кешкен айтайын уақиғамды,  
Ей, тақсыр, дәулетіңе алдияр бас.

Атамыз Шаншар патша мерген екен,  
 Аң аулап бір күн тауға келген екен.  
 Жалаңаш ұйықтап жатсам қара таста,  
 Үстіме ғаріп атам келген екен.

2050 Оянсам, жатыр екен мені басып,  
 Оянған соң мен қалдым жаман сасып.  
 Садағымды қолыма ап, оғын кезеп,  
 Құтылдым өз әкемнен өзім қашып.

Шаншар хан осы сөзді тыңдап тұрды,  
 Айтқан сайын еңіреп жылап тұрды.  
 «Аһ, дариға, Құдай» деп Шаншар патша,  
 Басынан алтын төжін лақтырды.

2060 Құдайдан жүруші еді бала сұрап,  
 Патша сөзді есітіп тұрды жылап.  
 Жақсылар, перзент ісі қиын екен,  
 Қалыпты Шаншар патша аттан құлап.

Баланы қырық жігіт тұр ортаға алып,  
 Кезек-кезек көрісті бәрі барып.  
 Он сан Ноғай билеген Шаншар патша,  
 Ұлын көріп есінен қалды танып.

Әлқисса, Шаншар ханның бір заманнан соң һұшына келіп  
 айтқаны:

2070 — Айналайын, қарағым,  
 Көзімнен ақты бұлағым.  
 Қарағым, сенің жолыңа  
 Мен құрбандық лағың.  
 Енді өлсем де арман жоқ,  
 Қабыл болды сұрағым.

Тірі жан көреді екен бірін-бірі,  
 Ауыздан айтса кетер көңіл кірі.  
 Туысымен айрылған балаларын  
 Осы екен Құдайымның көрсеткені.

Аманбысың, шырағым,  
Қайтадан жасты жасайын,  
Шырағымның қуанышына  
Қазынамды шашайын.  
2080 Кіргін, қалқам, қойныма,  
Құшағымды ашайын.  
Көргенім сені рас па,  
Бауырыңа бауырым қосайын.  
Тамағыңнан иіскеп,  
Аймалап мауқым басайын.

Қарағым, ұлым, қандаймын,  
Сағынғаннан зарлаймын.  
Қарағым, сені көрген соң,  
Боталаған нардаймын.  
2090 Түсім бе деп қорқамын,  
Рас па, ұлым, нанбаймын.

Дертіңнен сенің өлгенім,  
Аманат жанды бергенім.  
Енді өлсем де арман жоқ,  
Кемелге осы келгенім.  
Түсім бе деп қорқамын,  
2100 Рас па, қалқам, көргенім?!  
Басыма келді дәулетім,  
Падишалық сәулетім.  
Арманым жоқ Құдайға,  
Жетсе бүгін нәубетім.

Шашайын қазына, малымды,  
Ішіме салдың жалынды.  
Қарағым, сені көрген соң,  
Көңілден кірім арылды.  
Қарағымды құшақтап,  
Сом жүрегім жарылды.  
Қаласа Төңірім, құртармын  
Дұшпандық қылған залымды.  
2110 Дарға тартып баршасын,  
Алайын сүйтіп кегімді.

Тәңірім қабыл қылышты  
 Бүгін менің зарымды.  
 Ризамын Құдайға,  
 Құшақтасып тұрғанда,  
 Алса менің жанымды.

Іші жанып күйеді,  
 Төсіне төсі тиеді,  
 Алпыс екі тамыры  
 Падишаның иеді.  
 2120 Тамағынан иіскеп,  
 Зарлықты патша сүйеді.

Патша қойнын ашады,  
 Көзінің жасын шашады.  
 Патша жанын пида қып,  
 Аймалап мауқын басады.

Босанбады Зарлық хан  
 Көпектей болат асыл-ай,  
 Патшаның гауһар тасындай.  
 Құшағын патша жазбады,  
 2130 Құмары қанып ұлына,  
 Өксігін жатыр баса алмай.

Әлқисса, анда Барын уәзір бұларды ажыратып, жылағанын тоқтатып, аттарына мінгізіп, жетелеп Зарлықтың ордасыға алады. Біреуі «атаң келді» деп Мұңлықтан барып сүйінші сұрайды. Мұңлық нар басы қылып оған тоғыз тарту сүйінші береді. Бірақ атасына көріспейді.

— Менің анамды көрсетсең көрісемін, болмаса көріспеймін, өлсе сүйегін, тірік болса өзін көрсет, көрмейінше мен сізді ата демеймін, — дейді.

Анда патша бұ сөзді естіп, бұл жерде тұрып болмас екен деп қырық жігітті, Зарлық пен Мұңлықты ертіп алып жеті қабат аралға барып, әр жерін қарап Қаншайымды табалмай жүреді.

Қаншайымның екі иті бұлардың іздеп жүргенін сезіп, Қаншайымның жаулығын тістеп алып қашады. Қаншайымның ойынға қапа болып, жылап айтқаны:

— Қой, құтырып өлгір, құтырма,  
Ойының келіп отыр ма?!  
Ойнарға аң таба алмай,  
Енді ауызды салдың ба  
Мен сияқты пақырға.

2140 Сен де болдың сор маңлай,  
Мен де болдым сор маңлай,  
Жеті қабат аралда  
Жатушы едің көңлің жай.  
Көңілің сенің толғандай,  
Мұнша неге құтырдың,  
Мұратың хасыл болғандай.  
Неге бүйтіп есірдің,  
Мұңлық пенен Зарлығым  
Екеуі келіп тұрғандай.

2150 Көңілім болды көп қапа,  
Тарттырды, Құдай, көп жапа.  
Қарап тұрсам, жұлмалап,  
Болғаның ба бейопа!  
Бейопа бүйтіп болғаның,  
Кемелге жетіп толғаның,  
Тумасаң да екеуің  
Туғандай болып қорғадың.

2160 Тілекті Тәңірі берді ме,  
Көзімнің жасын көрді ме,  
Бүйтпеуші едің, күшігім,  
Бір жақсылық келді ме?!  
Қуандың мұнша, жарқыным,  
Мұңлық, Зарлық перзентім  
Екеуі менің келді ме?

Сонда күшік тасады,  
Еркелеп аузын ашады.  
Анасының жаулығын  
Тістеп алып қашады.  
Қуалап күшікті ұрмаққа,

- Қаншайым қадам басады,  
Күшікті тұра қуады,  
Белді бекем буады.
- 2170 Қорлаған Тәңір шағында,  
Бұ да қорлап кетті деп,  
Жаспен бетін жуады.  
Сонда күшік қорқады,  
Алдына түсіп жортады.
- Кім көнбейді тарлыққа,  
Жеткізгей Алла барлыққа.  
Қашып барып екі ит  
Қаншайымды апарды  
Мұңлық пен Зарлыққа.
- 2180 Қашып күшік тығылды,  
Аяғына жығылды.  
Шаншар ханның қасында,  
Қаншайым мұны көреді,  
Кеп тұрған бір ұл, бір қызы.
- Қаншайым Хаққа жалынды,  
Жүрегі оттай қабынды.  
Мұңлық пенен Зарлықты  
Көрмесе де таныды.
- Жетіп келді Қаншайым,  
2190 Таныды Шаншар патшасын.  
Қамқор анам келді деп,  
Балалар салды айқайын.  
Алды анасын ортаға,  
Қаншайым күйіп барады.  
Бұларды көріп Қаншайым  
Есінен әбден танады.  
Танғанының белгісі —  
Ақылы кетіп қалады.  
Тағы өзіне келеді,
- 2200 Шаншар ханды көреді,  
Қанатын жая береді.  
Құшағын жайып Қаншайым



Құшақтаса береді.  
Құшақтап тұрып патшаны  
Ботадай боздап еңіреді.  
— Дұшпандардың тілімен,  
Шерменде болдым мен, — дейді.  
Арманым жоқ өлсем де,  
Көрсеттің есен сен, — дейді.

2210 Сонда патша сөйлейді:  
— Аманбысың, Қаншайым!  
Басыңа гауһар шашайын,  
Бұл іске енді сабыр ғып,  
Қазына аузын ашайын.  
Дұшпандық қылған залымның  
Қанын судай шашайын,  
Алпыс қатын, мыстанды  
Өлтіріп мауқым басайын.

2220 Қаншайымдай сұлуың  
Ұлы мен қызын құшақтап,  
Бетіне аузы жабысты,  
Қабырғасы майысты.  
Құдіреті кең Бір уа Бар,  
Анасымен балалар  
Қозыдай маңырап табысты.  
Қайғылары кетісті,  
Мұратына жетісті.  
Амандасып көрісіп,  
Бір-бірін түгел көрісті,  
2230 Көңілдері бітісті.

Ата-ана баласын,  
Бірін-бірі көреді.  
Шаншар хандай патшаның  
Тілегін Құдай береді.  
Аттарына мінісіп  
Елдеріне жүреді.  
Қырық жігіті құрметтеп,  
Арттарынан ереді.

- 2240 Атасын бастап Зарлық хан  
 Шөгiрлiнiң тауына,  
 Үйiне алып келедi.  
 Ғайш-ғишрат қылысып,  
 Бiр күн қонып ол жерде,  
 Шаһарға көшiп жөнедi.
- Аман көрдi Шаншар хан  
 Қатыны мен баласын.  
 Қайран қылды Шаншар хан  
 Ұлы мен қызын әкелiп  
 Күллi шаһар қаласын.  
 2250 Қуанышына падиша  
 Қырық күн ұдай той қылып,  
 Алпыс күн ұдай шаң қылып,  
 Ат шаптырып ойынмен  
 Шөгiрлiнiң даласын.
- Алпыс күн тамам өткен соң,  
 Ойыны жұрттың бiткен соң,  
 Тақытына патша тұрады.  
 Дарға асып баршасын,  
 Қатындарын қырады.  
 2260 Мыстан қашып кетiптi,  
 Барын үзiр қуады.  
 Бiр жерлерге келгенде,  
 Ұстап алды кемпiрдi,  
 Сұхбатына келтiрдi:  
 Құлағын кестi құнтитып,  
 Мұрнын кестi шұнтитып,  
 Екi көзiн ағызып,  
 Қу басын қойды сымпитып.  
 Күйе жағып бетiне,  
 2270 Ағаш тығып к..iне,  
 Тiрсегiнен тiледi.  
 Бөйтеректiң басына  
 Салбыратып iледi.  
 Бар киiмiн шешiп ап,  
 К..iн қойды тыртитып,

Көрген халық күледі.  
Мұның мыстан екенін  
Тамам жұрттар біледі.

2280 Тақытын беріп Зарлыққа,  
Орнына патша қылады.  
Көрілігінде Шаншар хан  
Ұлына елін сұратты.  
«Патшалыққа қалай» деп,  
Жұртқа ақылын сынатты.  
Әділдігін Зарлықтың  
Көрген халық ұнатты.

2290 Атасынан Зарлықтың  
Жүз есе болды қайраты.  
Әділеті тағы артық,  
Асып кетті айбаты.  
Мақсұтқа жетті сондай боп,  
Ақыр өтті дүниеден,  
Қанша патша болса да,  
Жеткен соң ажал нәубеті.  
Өзімен кетті ілесіп  
Падишалық сәулеті.  
Сөзі қалды біздерге,  
Хикаят болып баяғы.  
2300 Уа Аллаһу ағлам, биссауаб,  
Сөзімнің болған аяғы.

## قیصہ قولامیرکان

# Қисса Құламерген

Жазайын мен назымдап сөздің басын,  
Тыңлаңыз, үлкен-кіші, құрбыласым.  
Жарандар, құлақ салып тыңласаңыз,  
Жазамын бұрынғының мәселесін.

Қолға алдым назым үшін дәуіт, қалам,  
Жаныма жәрдем берсін Хақ Тағалам.  
Кеңесін «Құламерген» өлең қылдым,  
Тыңлаңыз, өңкей абзал шаһизадам.

Жазғушы Әбдірахман менім атым,  
10 Һәр жерге мағлұм болсын жазған хатым.  
Қай жанның, білмесеңіз, баласы деп,  
Мағлұм аяғында арғы затым.

Тыңлаңыз, Құламерген бұрын өткен,  
Ақырда мұратына о да жеткен.  
Мұхиттың Ғазар деген аралында  
Өнерпаз мергендікпен кәсіп еткен.

Астында Құлагер ат мініп жүрер,  
Құс алып, қаршыға сап, дәурен сүрер.  
Қызықтың неше түрлі бәрі өзінде,  
20 Бүркіт пен күндіз-түні ит жүгіртер.

Кұнайым сұлу деген қатыны бар,  
Шәрипа жеті жаста бір қызы бар.  
Кұнайым талай жаннан көркем екен,  
Қараса көркемдігі күнді тұтар.

Үш жаста Жоямерген ұғылы бар,  
Ақырда бұлардың да қызығы бар.  
Кұнайым ақ ордадан бір күн шығып,  
Дариядан жез құманмен су алдылар.

30 Құманға суды келіп құйып алды,  
Алтын шаш жуайын деп суға салды.  
Ғажайып шашын жуып отырғанда  
Дарияға шашы жидіп кетіп қалды.

Алтын шаш дарияға ағып кетті,  
Кұнайым қайғыланып зар еңірепті.  
Кұнайым ақ ордаға қайтып келіп,  
Мергенге оқиғасын баян етті.

Сөз сөйлер Кұнайымға Мерген тұрып,  
Айтады шаштың жөнін баян қылып.  
Ай батыр қатынына сөз сөйлейді:  
40 — Тыңлашы, әй, Кұнайым, мойның бұрып.

Япырым-ай, мынау шашың болды жаман,  
Мұндайға кез келтірді Хақ Тағалам.  
Ғеш пенде алтын шашың көрген емес,  
Бұл шашты ғашық болар көрген адам.

Тыңлашы, сөз сөйлейін саған, — деді,  
Ұстауға келмеді ме шамаң, — деді.  
Шашыңды бұл дүниеде көрген пенде  
Ғашық боп, өш болады маған, — деді.

Тамамдап Мерген сөзін айтып бітті,  
50 Дарияға шашы жидіп ағып кетті.  
Мұхиттың жағасында Бұлғар шаһар,  
Шашы ағып сол шаһарға келіп жетті.

Дарияда балық аулар бір шал бар-ды,  
Ауына дариядағы көзін салды.  
Алтын шаш ауына кеп оралыпты,  
Ауынан әлгі шашты жазып алды.

- Шал көріп әлгі шашты жазып алды,  
Алдына падишаның алып барды.  
«Ауыма ілініпті бұл алтын» деп,  
60 Тарту ғып падишаға бере салды.
- Өрілген алтын шашты патша көрді,  
Не нәрсе екеніні неш білмеді.  
Ап келген әлгі алтынды ғаріп шалға  
Мың тіллә қазынадан алып берді.
- Падиша сонда халқын жиып алды,  
Алдына халайықтың шашты салды.  
«Не нәрсе екеніні тауып берсе,  
Жетер, — деп, — арманына» сөз сөйледі.
- Жиып ап тамам халқын ақылдасты,  
70 Ұйғарып һәр нәрсеге жақындасты.  
Дүниенің жамандықпен түбін тескен  
Бір кемпір сонда отырып тақылдапты.
- Әй, патша, мен сөйлейін саған, — дейді,  
Не нәрсе екеніні табам, — дейді.  
Тілегім дүниедегі менің осы —  
Некахлап ұғылың қоссаң маған, — дейді.
- Бү сөзін ол Құртқаның патша көрді,  
Кемпірдің хайласына көз жіберді.  
Қайта алмай айтқан сөзден енді патша,  
80 Кемпірдің ол тілегін бермек болды.
- Ал, сонда Құртқа шешең сөз сөйлеген:  
— Бар, — деді, — бұл мұхитта Құламерген,  
Құнайым шашы алтын қатыны бар,  
Білмесең, сол сұлудың шашы деген.
- Патшаға ол алтынды айтқан тауып,  
Падиша кетті сонда көңілі ауып.  
Падиша сонда отырып арыз қылды,  
Қайтадан тағы жұртын жиып алып.

- 90 Падиша алтын шашқа болды ғашық,  
Есінен айтқаннан соң кетті адасып.  
Құртқаға сонда тұрып сөз сөйлейді:  
— Азғырып, соны маған қылшы нәсіп.

Шешеңіз мұны естіп оңдайланды,  
Бір қайық шеберлерге ыңғайлады.  
«Патшаны арманына жеткізем» деп,  
Ол Құртқа қайығына мініп алды.

- 100 Дарияға қайық мініп кетті серпіп,  
Үш күнде келді залым ағылдырып.  
Дариядан бір күн шығып талып жатты,  
Аралға Ғазар деген келіп тұрып.

Кұнайым бір күн суға келіп қапты,  
Кемпірді талып жатқан тауып апты.  
Мергенім көрсе мұны өлтірер деп,  
Өкеліп абдыраға мықтап сапты.

Бір күні Мерген аңға кетіп қалды,  
Ал Құртқа азғыруға ой ойлады.  
«Кұнайым, бұ сөзіме құлақ сал» деп,  
Отырып кемпір залым сөз сөйледі.

- 110 — Тыңлашы, әй, Кұнайым, менің сөзім,  
Айтқалы бір кеңесті келді кезім.  
Көрген жан бір қарайтын, тыңласаңыз,  
Жасымда көркем едім менің өзім.

Көрген жан маған ғашық болушы еді,  
Сарғайып зағыпырандай солушы еді.  
Қарамас осы кезде жалғыз адам,  
Қайтейін, сол заманым өтті, — деді.

- 120 Кұнайым сонда отырып сөйлер сөзін,  
Шашы ұзын ұрғашының азғырлығын.  
— Мен дағы қартаям ба сіздей болып,  
Қаңғырып бір аралда өтті күнім.

Қатынды азғырылған кемпір білді,  
 Жылмындап әлгі залым қатты күлді.  
 — Ғайш-ғишрат жас күнінде қыла алмасаң,  
 Дәуренің мендей болып өтер, — деді.

*Әлқисса, Құртқаның Құнайымға айтқан сөзі*

Кемпір сонда сөйледі,  
 Сөйлегенде бүй деді:  
 — Әй, Құнайым, құлақ сал,  
 Айтқан сөзді ұғып ал.  
 Бұлғар деген шаһарда  
 130 Асым атты патша бар.  
 Салтанаты артық-дүр,  
 Жете алмас оған мың мен сан,  
 Қырық уәзірі қаста бар,  
 Алтын айдар баста бар,  
 Келтіре алман ауызбен,  
 Күндіз-түні аулар аң.

Сол патшамен қосылып,  
 Ғайш-ғишрат дәурен сал.  
 Екі жасты қосқанға  
 140 Бұ дүниеде сауап бар.  
 Қосылуға сен соған  
 Жаһатланып ойыңа ал.  
 Шамама келсе, иншалла,  
 Асым деген патшаны  
 Шаһарға барып азғырам.  
 Мергендігі болмаса,  
 Байыңда қанша өнер бар.  
 Тең емес саған күйеуің,  
 Соның үшін айтам зар.

*Әлқисса, Құнайымның берген жауабы*

150 Құнайым сонда отырып сөз сөйлейді:  
 — Сөйледің жаның ашып маған, — дейді,  
 Мергенге Асым патша әлі келмес,  
 Келсе де қырар қанша адам, — дейді.



Құртқаның сонда жауап айтқан сөзі,  
Бек ғаяр амалшы еді оның өзі.  
— Мергенің ондай күшті батыр болса,  
Ұйықтайтын бар ма, — дейді, — оның кезі?

Кұнайым сонда тұрып жауап айтар:  
— Шешеке, осы жерге қылдың сапар,  
160 Ішінде һәр жұманың дүйсенбі күн  
Мергенім үш күн, үш түн ұйықтап жатар.

Әскерің дүйсенбі күн келсін, — дейді,  
Қай жерде Құлагер ат көрсін, — дейді.  
Төбеде қылыш жатса, аты сыртта,  
Сол кезде келген әскер енсін, — дейді.

Құлагер ояу болса, босағада  
Сүйеулі тұрар бірге қылышы да.  
Сол кезде келген әскер көзге түссе,  
Жаныңнан, жиылған жан, үміт қылма!

170 Соны естіп қайығына кемпір мінді,  
Өзінің шаһарына қайта жүрді.  
Осылай оқиғасын бәрін теріп  
Патшаға Құртқа шешең айтып берді.

Падиша естіген соң оңдайланды,  
Шеберді шаһарында жиып алды.  
Бір караб шеберлерге жасаттырып,  
Жиғызып үш жүз палуан даярланды.

Кемеге жүрмек болып мініп алды,  
Ақылшы қырық уәзірін бірге салды.  
180 Кемеді үш күн, үш түн бұлар жүріп,  
Мергеннің аралына жақындады.

Аралға кеме кіріп жақын келді,  
Байлаулы сыртта тұрған атын көрді.  
Жануар жауды біліп, Құлагер ат  
Пысқырып иесіне хабар берді.

Ал сонда Мерген шошып оянады,  
Қойнына көзінің жасы боялады.  
«Атыңды босағаға байлайын» деп,  
Ойына қатын сұмдық сонда алады.

- 190 «Байла» деп Мерген айтып салды дейді,  
Далаға қатын шығып барды дейді.  
Кер атты бір аулаққа байлап қойды,  
Қауіпсіз Мерген ұйықтап қалды дейді.

Сол кезде үш жүз палуан кіріп келді,  
Мергенді ұйықтап жатқан көзі көрді.  
Оянды ұйқысынан сонда батыр,  
Жабылып үш жүз палуан байлайды енді.

- Жабылды үш жүз палуан келіп қалып,  
Мойнына темір шынжыр арқан салып.  
Байлады үш жүз палуан көптігімен,  
200 Байлауда тұрды Мерген ол шіреніп.

Бұлқынып шыдай алмай Мерген тұрды,  
Өзінің байланғанын көзі көрді.  
Ақырып, қаһарланып ұмтылғанда,  
Байлаған арқандарын дал-дұл қылды.

Арқанның үзілгенін бұлар көрді,  
Ұстауға хайла қылды һәрбір түрлі.  
Ғеш нәрсе мұнан басқа бекітпес деп,  
Күнайым бір арқанды әкеп берді.

- 210 Падиша байлатады жолдасына,  
Батырды байлап сонда қоймасын ба.  
Байласып әлгі арқанмен қойған шақта,  
Қар терісі сыпырылды қол басына.

Байланып тұрды сонда көзі жайнап,  
Падиша көп батырды алған сайлап.  
Алдында есігінің бір бәйтерек  
Апарып сол ағашқа қойды байлап.

- Апарып бөйтерекке байлап кетті,  
Падиша палуандарын сайлап кепті.  
220 Байлаған биік таудай бөйтерегін,  
Жұлып ап орныменен жөнеліпті.

Кұнайым сонда отырып сөз сөйледі:  
— Тыңлаңыз құлақ салып сіздер, — деді,  
Ақ орда алты қанат босағасы  
Бекітер, білмесеңіз мұны, — деді.

Қор болмас жамағаттар, тілімді алса,  
Жабылды Мергеніңе палуан барша.  
Ешнәрсе бекітпейді мұнан басқа,  
Босаға оң жағына байламаса.

- 230 Мергенді босағаға салды байлап,  
Жатады босағада көзі жайнап.  
Өзгесін келген әскер қайтарады,  
Қырық уәзір, падиша мен жатыр ойнап.

Кұдайым кез келтірді мұндай істі,  
Кеш болып, патша ол күн һәм қоныпты.  
Ұйқыда патша, ханым жатқан шақта  
Мергеннің қызы жылап ояныпты.

*Әлқисса, Құламергеннің қызын жылап шақырғаны*

- Құламерген ал сонда  
Қызын жылап шақырды,  
240 Қайғыменен аһ ұрды:  
— Қарағым, қалқам, қандаймын,  
Зар болып, саған зарлаймын.  
Сендерді, қалқам, көргенде,  
Боталаған нардаймын.  
Маңдайыңнан иіскетші,  
Бұл опасыз дүниеде  
Арманда болып қалмайын.  
Айналайын, Шәрипа,  
Қасыма менің келсеңші,

250 Маңдайыңнан сүйгізіп  
Тілегімді берсеңші.  
Жеткізер Жаппар Құдайым,  
Тіл тигізбей жылайын.  
Қасыма келші, қарағым,  
Мен армансыз болайын.

Осылай сөйлеп зарлады,  
Тап-тақаты қалмады.  
Шәрипа қызы дұшпан боп,  
Әкесінің бұ сөзін  
260 Құлағына алмады.

*Әлқисса, Шәрипа қыздың берген жауабы*

Шәрипа сонда тұрып сөз сөйлеген:  
— Сен емес менің атам, Құламерген!  
Сөзіңнің бұ сөйлеген керегі жоқ,  
Төсекте атам жатыр шешемменен.

Шәрипа бұ сөзді айтып жүріп кетті,  
Қарамай атасына тұрып кетті.  
Көрген соң Құламерген мұндай істі,  
«Құдай-а, не жаздым» деп зар еңірепті.

Жөнелді қарамастан әлгі қызы,  
270 Алланың бұ да болса бір жазуы.  
Төсекте «менің жатыр патша атам» [деп],  
Жөнелді, осылайша айтқан сөзі.  
Зарлады Құламерген бір Аллаға,  
Құданың Құдіретіне бар ма шара?!  
Зар жылап Құламерген жатқан шақта,  
Оянды Жоямерген ұғылы жана.

*Әлқисса, Құламергеннің ұлын шақырғаны*

Құламерген ал сонда  
Ұлына қарап жылады,  
Көзінің жасын бұлады.

280 «Айналайын, жан ұлым,  
Маңдайыңнан иіскет» деп,  
Қатты зарлық қылады.

Жоямерген ұғылы  
Сонда зарлап барады.  
Атасының алдына  
Зарлап жүгіріп келеді,  
Келіп сөйлей береді:

— Айналайын, жан ата,  
Тым болмаса он жасқа  
290 Балиғ болып келмедім.  
Байланған сенің кезінде  
Соғысып бірге жүрмедім. —

Осылай зарлап сөйлейді:  
— Босатар едім мен сізді,  
Шешуге халім келмейді.

Сабыр қып Жоямерген тұрады енді,  
Бір кеңес Құламерген құрады енді:  
— Атамның алтын сапты қынын бер, — деп,  
Шешеннен соны сұрап, жыла, — деді.

300 Зар жылап Жоямерген жүріп кетті,  
Алдына шешесінің барып жетті.  
«Ат қылып сапы қынын ойнаймын» деп,  
Барды да шешесіне талап етті.

Падиша төсегінде сөз сөйледі:  
— Не нәрсе сұрағаны мұның? — деді,  
Бері қарай жарым түннен мазамды алды,  
Жылатпай сұрағанын бергіл, — деді.

Балаға сапыны алып, қынын берді,  
Ол бала ат қып ойнап біраз жүрді.  
310 Әрі-бері ойнап жүріп әлгі қынды  
Алдына Құламерген әкеп берді.

Мергенің сапы қынын алды қолға,  
Көріңіз не қылғанын оның әуелінде,  
«Қатынға қойнындағы сенбе» деген,  
Бір қару пышағы бар бір жерінде.

Қатынға қойнындағы сенбейді екен,  
Ол пышақты Кұнайым көрмейді екен.  
Жасырған қында пышақ барын білсе,  
Кұнайым Мерген қынын бермейді екен.

- 320 Баласы қынды әкеп ашып берді,  
Тығулы ол пышағын көзі көрді.  
Баласы ол пышақты алды дағы,  
Арқанның бір жерін кеп кескіледі.

Жад қылып Мерген тұрды бір Алланы,  
Бір жері арқанының кесіледі.  
«Құдай-а, бергеніңе мың шүкір» деп,  
Арқаннан халас болып босанады.

- 330 Босанып бір Аллаға шүкір қылды,  
Жағалай қырық уәзірдің бәрін қырды.  
Бәрін де уәзірлердің тамам қырып,  
Орнына байланғандай қайта тұрды.

Хайламен босағада қайыра отыр,  
Падиша Кұнайымға сөйлейді сыр.  
Сөйлесіп патша, қатын жатқан шақта,  
Батырдың мынау айтқан жауабын көр:

— Әй, патша, білгенімді қылыпшын, — дер,  
Орнымнан мен түсімде тұрыппын, — дер.  
Босанып арқанымнан мен түсімде  
Жағалай қырық уәзірді қырыппын, — дер.

- 340 Падиша тұра келіп қаһарланды,  
Қылышын ашуланып қолына алды.  
«Жайыңа к..ің қысып жатпайсың» деп,  
Қасына өлтірем деп жетіп барды.

Сол кезде батыр тұрып ашуланды,  
Маңдайға жұмырықпен қойып қалды.  
Бір ұрған жұдырығын көтере алмай  
Падиша жатқан жерде дүние салды.

350 Патшаны өліп қалған қатын көрді,  
Бір Аллаға жалынып жылайды енді.  
«Иә, Алла, бергеніңе шүкірлік» деп,  
Қауіпсіз Мерген ұйықтап жата берді.

Біліңіз не де болса жалғыз Хақтан,  
Қауіпсіз Мерген үш күн ұйықтап жатқан.  
Оянды ұйқысынан Мерген сонда  
Ағарып күншығыстан таң кеп атқан.

Қызарып таң атқан соң, күн де шыққан,  
Кұнайым ұялғаннан қайғы жұтқан.  
Шәрипа, Кұнайыммен қосақтап ап,  
Жөнелді өткізіп ап арал жақтан.

360 Мінгесті Жоямерген ат беліне,  
Қатынды енді айдады төркініне.  
Үш айдай қосақтаулы қатын-қызын,  
Өзінің айдап барды төркініне.

Үйіне атасының Мерген келді,  
Баласын, жиенімен көзі көрді.  
«Не жаза қылды саған, шырағым» деп,  
Мергеннен атасы да сұрай берді.

370 Ал батыр баяндады сонда тұрып,  
Атасы мәні-жайын алды біліп.  
Не түрлі бейнеттерін бастан-аяқ  
Сөйледі атасына баян қылып.

Кұнайым, Шәрипа мен асты дарға,  
Жеділер миын шашып құзғын, қарға.  
«Жоқ деген аққа зауал», өй, жарандар,  
Жақсылық сөйтіп берсін һәрбір жанға.

Мұратқа сабырлықпен жетті дейді,  
Жамандық өздеріне кепті дейді.  
Тағы да Баллу Маржан балдызы бар,  
Мергенге соны неках етті дейді.

- 380 Мергенге кіші қызын неках қылды,  
Өткізді қайынында дәл төрт жылды.  
Аннан соң бес жыл тұрып және тағы  
Тоғыз жыл үшбу жерді мекен қылды.

Бір күні атасына Мерген келді,  
Алдына атасының сәлем берді.  
— Өркімнің үйренген жер «Мысыр шаһар»,  
Өзімнің аралыма барам деді.

- 390 Осылай атасына сөйлер кеңес,  
Тұрғаным осы жерде бір жөн емес.  
Атасы күйеуіне рұқсат берді,  
Өзінің аралына барам дегеш.

Қайтам деп Жоямерген отырады,  
Жиенін сонда атасы шақырады.  
Тоғыз мың жылқысы бар атасының,  
Ішіне көп жылқының апарады.

Жиенін жылқыға ертіп келді дейді,  
Бір шұбар Ділдәш деген берді дейді.  
Шұбардың жайын айтып нағашысы  
Балаға Жоямерген сөз сөйлейді.

*Әлқисса, нағашысының айтқан сөзі:*

- 400 — Ділдәш атым бергенім —  
Жаратып атты көр дедім,  
Сұрап келді көп батыр,  
Бәріне соның бермедім.  
Алла жазды Ділдәшті,  
Жиенім, саған бергенім.  
Жануардың жүрісін



Бір мініп өзім көрмедім.  
Алты басар айлықты,  
Тыңла, балам Мергенім!

- 410 Сол жерде Жоямерген оңдайланды,  
Қасына Ділдәш аттың жетіп барды.  
Иесі келгеннен соң Ділдәш аты  
Иіскеп ол баланы тұра қалды.

Жүгендеп Ділдәш атқа алды мініп,  
Қайырадан әкесіне келді жүріп.  
Енші алып атасынан Құламерген,  
Жөнелді аралына сапар қылып.

- Жөнелді амандасып Баллу Маржан,  
Көш жүріп орта жолға келіп қалған.  
420 Алдында Құламерген келе жатып,  
Жас бала жылап жатқан тауып алған.

— Баланы, — Баллу Маржан, — алма, — деді,  
Бөлеге бала алам деп қалма, — деді.  
Дүниеде дұшпаның көп батыр едің,  
Өзіңе өзің қайғы салма, — деді.

Сол жерде Құламерген сөз сөйлейді,  
«Алмаспын қатын тілін» деп, сөйлейді.  
«Алам деп апаң тілін қапа болғам»,  
Мергенің бұ сөзді айтып жүре берді.

- 430 Көтеріп ол баланы жерден алды,  
Алды да қанжығаға байлап салды.  
Пысқырды Құлагер ат бір кездерде,  
Сол жерде Құламерген қайран қалды.

Артына сасқанынан тұрды қарап,  
Көңілі қорыққанынан һәрбір тарап.  
Садағы, найза, мылтық, бәрі де жоқ,  
Жас бала түсіріпті ол сиқырлап.

*Әлқисса, жолдағы баланың не нәрсе екендігі жайлы*

- Сөйлейін енді, жарандар,  
Сөзім тыңлап қараңдар.  
440 Күнайымды азғырған  
Бұлғар деген шаһарда  
Құртқа деген кемпір бар.  
Сол кемпірдің шешесі —  
Жеті басты жалмауыз  
Жер астында тұрғандар.  
Сол кемпірдің баласы  
Орақ деген ұлы бар.  
Қанын іздеп патшаның  
Орақ батыр келгенлер.  
450 Келе жатқан Орағың  
Мергенді тани қалыпты,  
Жас бала болып сиқырмен  
Жолда жата қалыпты.  
Мерген тауып алыпты,  
Сауыт, сайман, қылыш, оқ  
Сиқырменен Орағың  
Бәрін түсіріп қалыпты.
- Жоямерген ал сонда:  
— Атеке, жақын кел, — дейді.  
460 Бір тау келед қимылдап,  
Осы тауға барайын,  
Рұқсат маған бер, — дейді.
- Жоямерген сол кезде  
Жан-жағына қарады.  
Бір тау келед қимылдап,  
Тамаша-қайран қалады.  
Рұқсат алып Мергеннен  
Тауға кетіп барады.  
Жүріп келед үлкен тау,  
470 Тау дегені — бір батыр,  
Келіп көзін салады.  
Аспанменен күрескен,

Бұлтпенен тірескен,  
Сақтай көр деп, бір Алла,  
Құдіретке қылды наланы.

- Жоямерген ал сонда:  
— Алыспақ саған керек пе,  
Я болмаса атыспақ, —  
Бұлай сөйлей салады.
- 480 Орақ батыр менсінбей,  
Қыртыстап көзін қарады.  
Ашуланып ал бала  
Піл үстінде Орақтың  
Белбеуінен алады.  
Жоямерген қаһармен  
Қатты тартып қалғанда  
Пілден түсіп қалады.  
Аттан түсіп екеуі,  
Енді күрес салады.
- 490 Екеуі бір-біріне жетіп келген,  
Батырға таудай талап Құдай берген.  
Орақпен үш күн, үш түн сонда алысып,  
Қайратын бірі-бірінің көзі көрген.
- Екеуі үш күн ұдай алысыпты,  
Көшіріп жер-дүниені салысыпты.  
Жас бала күші толған мезгілі емес,  
Қалжырап тал шыбықтай майысыпты.
- Сол кезде Құламерген жетіп келген,  
Шаршаған жас баласын көзі көрген.
- 500 «Табайын мұның жайын, жан шырағым,  
Орақты енді маған берші» деген.
- Сол жерде Жоямерген қаһарланды,  
Қызарып екі көзі оттай жанды.  
Тіресіп жүрген батыр өзі дендеп  
Орақты жерден тартып жұлып алды.

Көтеріп оны жерден жұлып алды,  
 Батырды айландырып жерге салды.  
 Семсермен басын кесіп домалатып,  
 Өзінің әскеріне жібереді.

- 510 Лақтырды басын кесіп әскеріне,  
 Қараңыз өнер қылған қаһарына.  
 Әскерден бас тиіп бес кісі өлді,  
 Қараңыз кез келуін ажалына.

*Әлқисса, Жоямергеннің жауға кіргені*

- Жоямерген ал сонда  
 Жауға таман жүреді,  
 Сайманын алып Орақтың  
 Желігіп жауға тиеді.  
 Көп қойға келді бір қасқыр,  
 Бір шетінен кіреді.
- 520 Мылтық жеткен жер болса,  
 Атып кетіп барады,  
 Садақ жеткен жер болса,  
 Тартып кетіп барады.  
 Ділдәш аты жануар  
 Кезі келген жауларды  
 Тарпып кетіп барады.  
 Үш мыңдайын әскерді  
 Қырып кетіп барады.  
 Өз білгенін Мергенің
- 530 Қылып кетіп барады.  
 Үш күн, үш түн қырады,  
 Төртінші күн болғанда  
 Үш мыңдайын әскерді  
 Таммат тамам қылады.

Сол уақытта қараса,  
 Болған екен тамаша,  
 Үш мың әскер таусылып,  
 Өзі қапты оңаша.  
 Бір үш адам қалыпты,

- 540 Оны да ұстап алыпты.  
Құлағын кесті құнтитып,  
Мұрнын кесті тымпитып,  
Сақал, мұртын күзеп ап,  
Қойды үшеуін шұнтитып.  
«Еліңе барсаң сәлем айт»,  
Қоя берді сымпитып.

*Әлқисса, Мергеннің аралына көшіп барғаны*

- Бұл жерден жауын қырып көшіп кетті,  
Өзінің аралына барып жетті.  
Қызықпен неше түрлі аңын аулап,  
550 Өзінің аралында мекен етті.
- Мергеннің аралында жүрген кезі,  
Қызықпен аңын аулап жүрген кезі.  
Аң аулап Құламерген жүре тұрсын,  
Келеді үш кісінің біраз сөзі.
- Үшеуі құнтиысып жетті еліне,  
Өзінің Бұлғар деген елдеріне.  
Қырғанын осылай деп бастан-аяқ  
Сөз сөйлеп баян қылды жерлеріне.
- Патшасы бұл қырғынды есітті анық,  
560 Қалайша қырған дейді қайран қалып.  
«Мергеннен не қылсаң да өшіңді ал» деп  
Жіберді жалмауызға хабар салып.
- Жалмауыз бұ хабарды есітіпті,  
Орақты естіген соң есі кетті.  
«Қаныңды Құламерген ішермін» деп,  
Мініп ап желмаямен жөнеліпті.
- Баласын есіткен соң кетті жүріп,  
Тұрмайды орта жолда һеш кідіріп.  
Қарайды Құламерген сонда үйін,  
570 Аралға Ғазар деген келіп тұрып.

Һәр жерден Мерген үйін қарап жүрер,  
Ол залым жамандықтың бәрін білер.  
Жалғызы Орақ батыр өлгеннен соң,  
Бұған да кемпір қайтіп сабыр қылар.

Аралап Ғазар арал келді дейді,  
Келген соң ақ орданы көрді дейді.  
Алдына ақ орданың жақын келіп,  
«Қайда, — деп, — Құламерген?» сұрды дейді.

580 Далаға Баллу Маржан сонда шықты,  
Көрген соң жалмауыздан бек қорықты.  
Бар екен бір денеде жеті басы,  
Үйінен қорыққаннан шыға алмапты.

Шыға алмай Баллу Маржан үйде тұрды,  
Сөз сөйлеп мыстан кемпір сонда ақырды.  
— Күйеуің Құламерген қайда кетті,  
Айтпасаң, жұтамын, — деп жауап сұрды.

Бейшара қорыққанынан жауап берді:  
— Мергенім баласымен аңда, — деді.  
— Соғысам бесінші күн Қаратауда,  
590 Жалмауыз бұ сөзді айтып жүре берді.

Аң аулап Құламерген келді мұнда,  
Айтады кемпір сөзін Маржан сонда.  
Көтеріп оң қолымен көзін сүртіп,  
Жылайды кемпір жайын айтып онда.  
Сонда Мерген сөйледі,  
Сөйлегенде бүй деді:  
— Баллу Маржан, құлақ сал,  
Айтатұғын сөзім бар,  
Бір денеде малғұнның  
600 Жеті басын көрдіңдер,  
Һәр басында кемпірдің  
Жүз кісінің күші бар.  
Өліп қалған Орағың  
Сол кемпірдің баласы,

- Құртқа деген бұл кемпір  
Үш жүз жасқа барғаны.  
Кұнайымды азғырып  
Әуелде қорлық салғаны,  
О да соның бөлесі,  
610 Сөзімнің жоқ-ты жалғаны.  
Тобылғы менен мейіз сап,  
Бір тоқымды сырығыл,  
Осылайша амал қып  
Бұл кемпірден қашамын.  
Өзіме азық — мейізің,  
Кер атқа азық — тобылғың.  
Тоқымын айтқан бітірді,  
Кер атқа мініп ол тұрды.  
Кер атқа мініп тұрады,  
620 Көзінің жасын бұлады.  
«Кемпір келсе артымнан  
Жолыма салып жібер» деп,  
«Тәуекел» деп шығады.
- Тұрады Құламерген атын мініп,  
Жылады баласына зарлық қылып:  
— Әгарда кемпір келсе, ізіме сал,  
Пәлеге қала көрме қарсы тұрып.
- Зарланып Құламерген көп жылады,  
Қайғысын қатын-бала жеп жылады.  
630 «Аман бол, Жоямерген жалғызым» деп,  
Бет қойып жапан түзге жөнеледі.
- Жөнелді Құламерген мауқын басып,  
Қалыпты қатын-бала зар жыласып.  
Тағы да үш күн, үш түн өткеннен соң,  
Бір күні кемпір келді асып-сасып.
- Жалмауыз жетіп келіп ақырады,  
«Қайда, — деп, — Құламерген» шақырады.  
Кемпірді қаһарланған көргеннен соң  
Бейшара Баллу Маржан қалтырады.

640 «Айт, — деді, — қайда кетті Құламерген,  
Ішкелі оның қанын мұнда келгем.  
Айтпасаң, балаңменен жұтамын» деп,  
Ақырып айбаттанып жақын келген.

Шыдамай айбатына жаман састы,  
«Қашты, — деп, — Мерген батыр» айтып сапты.  
Көрсетті Құламерген келіп ізін,  
Қазылған жүрген жері жер ошақ-ты.

Ол кемпір желмаямен кетті қуып,  
Артынан жете алмады бір ай жүріп.  
650 Және де екі ай қуып желмаямен,  
Төрт айда жете алмады жақын-жуық.

Бес айдай сонда малғұн қуалады,  
Артынан сонша қуып жете алмады.  
Тұрғанда алтыншы айдың жүзін көріп,  
Қарасы Құламерген бұлдырады.

Жалмауыз біраздан соң жетті жуық,  
Ол залым жақындады алты ай қуып.  
Сол кезде биік тауға жеткен жақын  
Айнала Орал тауды қашты жүріп.

660 Айнала Орал тауды қашты бұғып,  
Артынан жақындады кемпір қуып.  
Мейізді тоқымдағы өзі нәр қып,  
Жүреді тобылғысын атқа беріп.

Мергенің Орал тауда қашып жүрді,  
Қысылып жалмауыздан сасып жүрді.  
Батырың Орал тауда жүре тұрсын,  
Естіңіз қатынынан біраз сөзді.

Бір күні Маржан сұлу ұйықтап жатқан,  
Біраз түс ұйықтап көрді Мерген жақтан.  
670 Шақырып Жоямерген қасына алып,  
Мәнісін көрген түстің оған айтқан.



*Әлқисса, шешесінің көрген түсін баян қылғаны*

— Жоямерген, құлақ сал,  
Сөзімді айтқан ұғып ал,  
Әкең сорлы кеткелі  
Ұйқы көрмей жүрдім мен.

Бүгін түнде ұйықтап ем,  
Әкең маған сөйлеген:  
«Жоямерген жалғызым,  
Бұл жалғанда арманда  
680 Мені мұндай қылғыздың.  
Алты ай болды көрмедім,  
Жүзіңді көрмей еңіредім.  
Бір көрсем, қалқа, жүзіңді  
Армансыз болам мен, — дейді,  
Тілегім берсін бар Құдай,  
Құла да атым арыды-ай.  
Мойным болған ырғайдай,  
Бітім болған торғайдай.  
Кемпір жетті жақындап,  
690 Көрем бе, — деп жылайды, —  
Жоямерген жалғызды-ай».

— Сөзіме менің құлақ салғыл, балам,  
Әкеңе осы кезде барғыл, балам.  
Берейін жөнін айтып, Жоямерген,  
Әкеңнің сен жүзігін алғыл, балам.

Барасың жүзік алып Орал тауға,  
Көрінер әкең қашқан қарсы алдыңда.  
Жүзікті қарсы алдына тастай берсең,  
Әкең де қайраттанар біліп сонда.  
700 Әкеңіз жерден сонда жүзікті алар,  
Сол кезде барғаныңды біліп қалар.  
Кер аты астындағы о да біліп,  
Жануар құстай ұшып қаһарланар.

Кетеді әкең асып сонда қырдан,  
 Артында жақын келер кемпір қуған.  
 Алтын оқ мен беремін садағымен,  
 Кемпірді атып қалғыл дәл маңдайдан.

710 Жығылып кемпір сонда қайғы ойлайды,  
 Малғұн сонда жатып сөз сөйлейді.  
 «Ер болсаң Жоямерген екі атқыл» деп,  
 Жалмауыз сонда жатып айқайлайды.

Бір атқан жалғыз оғың жетер, — дейді,  
 Жаны орын жаһаннамға кетер, — дейді.  
 Екі атпа, сөзімді ұқсаң, Жоямерген,  
 Өлтіріп екеуіңді кетер, — дейді.

Шырағым, мен сөйледім, тілімді алсаң,  
 Әкеңе сәлем айтқыл бізден, барсаң.  
 Бар енді, жолың болсын, жан шырағым,  
 Әкеңді өлтіреді, көп кешіксең.

720 Ділдәшқа мініп алды Жоямерген,  
 Қоштасып шешесімен жүре берген.  
 Жүрісі жануардың сондай қатты,  
 Оралға он күн жүріп жетіп келген.

Оралға он күн жүріп жетіп келді,  
 Әкесін қашып жүрген көзі көрді.  
 Жүзігін қалтасынан алды дағы,  
 Алдына атасының тастай берді.

730 Жүзікті көріп Мерген жерден алды,  
 Жануар Құлагер ат қаһарланды.  
 Жүзікті Құламерген алған шақта,  
 Ғайып боп көз ұшында кетіп қалды.

Ақырып кемпір сонда келе жатты,  
 Артынан арқан бойы жақындапты.  
 Айқайлап Жоямерген ақырғанда,  
 Балаға сонда кемпір жалт қарапты.

Маңдайда жалғыз көзден қалды басып,  
Жығылды сонда кемпір омақасып.  
«Ер болсаң, Жоямерген, екі атқыл» деп,  
Жатады сонда малғұн қарсыласып.

- 740 Жатады сонда кемпір ыза болып,  
Қасына Жоямерген тұрды келіп.  
Қараса, жаһаннамға кетті жаны,  
Қуанды Жоямерген мұны көріп.

Әкесі Құламерген о да келді,  
Баласын келіп тұрған көзі көрді.  
Келген соң Құламерген аттан түсіп  
Бү келген баласымен көріседі.

- Құламерген жылайды,  
Көзінің жасын бұлайды.  
750 Жоямерген келген соң,  
Жыламай қалай шыдайды:

— Жоямерген жалғызым,  
Алты ай сені көрмедім,  
Жүзіңді көрмей еңіредім.  
Кемпір қуып жеткенде,  
Маған да, қалқам, келгенің.  
Құдіреттен осылай  
Жазуы бар Алланың.

- Жоямерген қарағым,  
760 Үш ажалдан құтқардың,  
Әуелгі ажал, қарағым,  
Босағада байландым.  
Екінші ажал, қарағым,  
Жас баланы алғанда,  
Айрылып сайман қалғанда,  
Қырып жауды сен салдың.  
Үшінші ажал — мынасы,  
Құлагер ат арыған,  
Алты ай жүріп сорлы атаң

- 770 Қарадай бүйтіп қажыған.  
Кер ат пенен атаңыз  
Осы кезде алжыған.  
Әкеңнен тұр сын кетіп,  
Кер аттан тұр әл кетіп,  
Алаңдап тұрған кезімде  
Келдің, қалқам, сен жетіп.  
Кемпірді келіп өлтірдің,  
Малғұнды қоймай дәндетіп.
- 780 Мергенің бір күн, бір түн көп жылады,  
Қайғысын бір басының жеп жылады.  
«Жалғызым, тірі көрдім бұ жалғанда  
Өлсем де арманым жоқ» деп, жылады.
- Екеуі атқа мінді онан кейін,  
Өлеңмен қайтқандарын мен сөйлейін.  
Үш айда аралына келді жүріп,  
Тыңласаң, мен сөйлейін келгендерін.
- Аралға Құламерген қайтам деді,  
Баласы сонда тұрып айтады енді.  
— Аң аулап, ай, жан ата, түзде жүріп,  
790 Артыңнан кешке жақын барсам, — деді.
- Аралға Құламерген жүріп кетті,  
Секірітіп дариядан келді де өтті.  
Аң аулап Жоямерген түзде жүрді,  
Азырақ қайтқанынан есті кепті.
- Дарияға қайтайын деп жетіп келді,  
Дариядан таңғажайып бір іс көрді.  
Бір қуық су бетінде қалқып жүрген,  
Келді де тамаша қып қарап тұрды.
- 800 Қарады тамаша қып көзін салып,  
Білмеді немене деп аң-таң қалып.  
Жақындап тамаша ғып тұрған шақта,  
Жөнелді өлгі қуық тартып алып.

Мергенді әлгі қуық тартып алды,  
Тоңқайып ат-матымен барып қалды.  
Ішіне күлдір-салдыр кетті түсіп,  
Жас бала не екенін біле алмады.

Атымен жұтып кетті биттей қуық,  
Барады үш күн, үш түн қуық жүріп.  
Ең түбі дарияның — бір сахара,  
810 Сахараға қоя берді оны апарып.

Сахара бір далаға қалды келіп,  
Жүре алмас һешбір жаққа жөнін біліп.  
Бетімен сахарادا жүре берді,  
«Құдай-а, көрсеткенің немене» деп.

Зар жылап жүре берді Жоямерген,  
Бетімен жөнін білмей жүре берген.  
Бетімен айдалада келе жатса,  
Ақ орда, алты қанат үйді көрген.

Сол үйге қадам басты бала пақыр,  
820 Алланың не жазғанын көреді ақыр.  
Алыстан үйді көріп тұрғанында  
Бір адам ақ шалмалы келе жатыр.

Бір адам ақ сақалды жақын келді,  
Басында ақ шалмасы, бала көрді.  
«Япырым-ай, жолды айтатын бабам ба» деп,  
Қасына жақын келіп сәлем берді.

— Уағәлейкум ассалам, балам, — деді,  
Бір Алла медет берсін саған, — деді.  
Жыланбек жер астының падишасы  
830 Есіткен батырлығың тамам, — деді.

Жыланбек қайратыңа ғашық болған,  
Сынайды әлі сені әрбір жолдан.  
Қайратын өзім көрем батыр болса,  
Берем деп Күнсұлуды уағда қылған.

Күнсұлу Жыланбектің жалғыз қызы,  
Көрсеңіз, хор қызындай нұрлы жүзі.  
Көп адам жұмысына жарамаған,  
Өлтірді әр батырды оның өзі.

840 Ақ орда патша үйі анау тұрған,  
Ғайын деген сиқырға сені алдырған.  
Қуық боп Ғайын һәрбір сиқырменен,  
Ішіне салып сені алып келген.

Бұлай деп жөнін айтты Қызыр бабаң,  
Күтіңіз не болса да бір Алладан.  
Жеті қат, бұ келгенің, жердің асты,  
Мұны айтып ғайып болды әлгі адам.

850 Көрінген ақ ордаға жүре берді,  
Ол үйге барайын деп жақын келді.  
Астында Ділдөш аты тұра қалып  
Тіл бітіп ол балаға сөз сөйледі.

*Әлқисса, Ділдәшқа тіл бітіп сөйлеген сөзі*

860 Тіл бітіп Ділдөш сөйледі,  
Сөйлегенде бүй деді:  
— Жоямерген, құлақ сал,  
Сөзімді айтқан ұғып ал.  
Ақ орданың ішінде  
Бір үй толған жылан бар.  
Үйіне кіріп барғанда,  
Сол жыландар ысқырар,  
Қайраттанып сол кезде  
Күшіңді бойға жиып ал.  
Босағада ақ жылан  
Оң балақтан кеп кірер,  
Өне бойды аралап  
Қатты ысқырып ол жүрер,  
Жалап бәрін өн бойдың,  
Жағаңнан барып ол шығар.  
Қимылдама, Мергенім,

Қимылдасаң — өлгенің,  
Көре алмай сізді, мен дағы,  
870 Қайғыменен өлгенім.

Сұр жылан тағы келеді,  
Оны көзің көреді,  
Өне бойды тағы да  
Әуелгідей аралап,  
Жағадан шығып ақырда,  
Өз бетімен жүреді.  
Онан соң тағы сары жылан,  
О да ысқырып келеді.  
Балағыңнан енеді,  
880 Өне бойды аралап,  
Бұрынғыдай жүреді.  
Қимылдама, жан достым,  
Қимылдасаң — өлгенің,  
Көп мехнат көргенің.  
Онан соң тағы көресің  
Қызыл жылан келгенін.

Аузыңнан келіп кіреді,  
Ішіңді түгел аралап  
Ішек-қарныңда жүреді.  
890 Ұзыннан біткен омыртқаң,  
Қарсы біткен қабырғаң,  
Түгендеп бәрін көреді.  
Ең соңында, жан достым,  
Мұрныңа келіп тұрады.  
Өн бойыңды түгендеп,  
Осылайша қылады.  
Қимылдама, Мергенім,  
Қимылдасаң, шағады.

Зар-зар жылап Ділдөш ат,  
900 Осы жерде қалады.  
Жоямерген батырың  
Ақ ордаға барады.

Еніпті ақ ордаға сәлем беріп,  
Қорықты жыландарды көзі көріп.  
Шуласып көп жыландар тұс-тұс жақтан  
Көрген соң түрегелді бәрі де өріп.

Ақ жылан босағадан түрегелді,  
Әуелі оң балақтан кіре берді,  
Бісқырып өне бойды бәрін жалап,  
910 Бойында сұп-суық боп жүре берді.

Бісқырып бір сұр жылан тағы келді.  
Қаһарын ол жыланның қатты көрді.  
Қаһармен айбаттанып әлгі жылан  
Әуелі оң балақтан келді де енді.

Аралап әуелгідей тағы жүрді,  
Қозғалмай Жоямерген сабыр қылды.  
Жағалап жағасынан барып шығып,  
Бір патша алтын таққа барып мінді.

Тұрыпты Жоямерген сабыр қылып,  
920 Жыланның адам болған бәрін көріп.  
Сиынып бір Аллаға тұрған шақта,  
Сары жылан келе жатыр тағы ысқырып.

Қорқады сол жыланнан көп сандалып,  
Тұрады сонда дағы қайраттанып.  
Кіріп ап оң балақтан ең әуелі,  
Жүреді бұрынғыдай шыр айналып.

Жүреді өне бойды қылып сайран,  
Ақырда шықты келіп жағасынан.  
Отырды бәйбіше боп жүзі айдай,  
930 Бұл іске Жоямерген қалды қайран.

Көрініп қызыл жылан қатты ысқырды,  
Зәресі кетіп Мерген әзер тұрды.  
«Құдай-ау, бұ жыланнан сақтай көр» деп,  
Айбатын бәрінен де артық көрді.



Көрініп қызыл жылан айбаттанды,  
Мергенің қатты қорқып есі танды.  
Қайырадан есін жиып тұрған шақта,  
Аузынан жылан келіп кіріп алды.

940 Бсқырып айбаттанды жылан кіріп,  
Өн бойын аралады түгел жүріп.  
Түгендеп ішек-қарны мен жұлын-жота,  
Мұрнына ысқырады келіп тұрып.

Мұрнына келіп тұрып қатты ысқырды,  
Сол кезде Жоямерген бір түшкірді.  
Қимылдап оң аяғы түшкіргенде,  
Шаққалы оңдайланып жылан тұрды.

Шаққалы аузын ашып оңдайланды,  
Заһарын тіліне әкеп жиып алды.  
Әкесі ол жыланға сонда тұрып,  
950 «Шақпа, — деп, — әй, Күнсұлу» айғай салды.

Жыланбек бұ сөзді айтып, айғай салды,  
Бір қыз боп мұрнынынан түсе қалды.  
Сипаты хор қызындай әлгі қыздың,  
Порымын қыздың көріп бек шаттанды.

Әуелде қорқытыпты бәрі осылай,  
Болар ма жігіт жақсы өнер қылмай.  
«Қызыл тіл — өнер алды» деген қазақ,  
Жазайын тебірендіріп қаламымды-ай.

960 Қор болып бар өнерім, текке жатпа,  
Жазайын, шамам келсе, мұны хатқа.  
Адам боп күллі жылан біткеннен соң,  
Шақырды бұ баланы сонда патша.

— Қасыма сөйлеші емді бермен келіп,  
Тұрады бұ баланы Жылан көріп.  
Қанеки, енді балам, сөйле, — дейді,  
Орнынан түсіп оған тақтың беріп.

Отырды Жоямерген таққа мініп,  
Отырды оқиғасын баян қылып.  
— Кем қылман енді сені өз баламнан,  
970 Сөз тыңла, әй, шырағым, маған сеніп.

Алдырдым Ғайын деген сиқыршыға,  
Сен келдің бұйрығыммен менің мұнда.  
Батырсың, бөрекелді, ерлігің мол,  
Жұмсаған енді барғыл жұмысыма.

Сөз тыңла, құлақ салып, балам, маған,  
Астында дарияның алтын қазан.  
Әкелсең сол қазанды ерлік қылып,  
Беремін Күнсұлуды қосып саған.

Патшаға Жоямерген жауап берді:  
980 — Қазанды әкелем, — деп сөз сөйледі.  
Дариясын сол қазанның маған көрсет,  
Барамын сол қазанға, — деп сөйледі.

— Арада үш күн, үш түн жол жүреді,  
Дария оңтүстікте көрінеді.  
Батырлар талап қылған барамын деп,  
Бір жылда сол қазанды әкеледі.

Жөнелді Жоямерген үйден шығып,  
Жүреді оң тарапқа атын мініп.  
Бір үлкен ұлық дария көрінеді,  
990 Дарияның жағасына келді жүріп.

Айналып дарияны жүреді енді,  
Қараса алтын қазан көрінбеді.  
Сандалып ақыл таппай тұрған шақта,  
Тіл бітіп Ділдәш аты сөз сөйледі.

*Әлқисса, Ділдәштің сөйлеген сөзі:*

— Мергенім, маған құлақ сал,  
Айтқан сөзді ұғып ал,

Бұ дарияның астында  
Алтын қазан рас бар.  
Ала алмайсың қазанды,  
1000 Бұл сөзімді естіп қал.  
Медет берсе Құдайым,  
Қазанға өзім барайын.  
Сенің үшін, жан достым,  
Қорлыққа басым салайын.

Суға қазір енемін,  
Сапар тартып қазанға  
Дария түсіп көремін.  
Үш күн тамам өткенде  
Қазанға жетіп көремін.  
1010 Су тізеңе келеді,  
Қимылдама, Мергенім,  
Қимылдасаң, өлгенім!  
Төрт күн сонда өтеді,  
Бес күнге таман жетеді,  
Кіндіктен асып су сонда,  
Кеудеңе тамам жетеді,  
Қимылдама, Мергенім,  
Қимылдасаң су жұтып,  
Қаза жетіп өлгенім.

1020 Алтыншы күн көресің  
Иекке судың келгенін.  
Су иектен өтеді,  
Мұрныңа келіп жетеді,  
Су көзіңнен өткенде,  
Төбеңе келіп жеткенде  
Қазанды алып келем деп,  
Бәрін де кеңес етеді.  
Ділдәш аты мергенге  
Бәрін кеңес қылады.  
1030 Оңайлықпен ол қазан  
Біздің қолға түспейді.  
Көз жетпейтін бұ дария  
Сол қазанның ішінде

Құйылып су боп тұрады,  
Сөзін тамам қылады,  
Сертіңе жет деп, жан достым,  
Дарияға тамам жүреді.

Дарияның ортасына түсіп кетті,  
Ділдештің түскен жері шымыр етті.  
1040 Зар жылап бала тұрды бір Аллаға,  
Аннан соң үш күн тамам тағы да өтті.

Тұрады бір Аллаға зарлық етіп,  
Барады сол уақытта үш күн өтіп.  
Болғанда төртінші күн, Құдауанда,  
Су жылжып тізесіне келді жетіп.

Тұрады сабыр қылып, бес күн болды,  
Су жылжып кеудесіне жақын толды.  
Алты күн, бес күн өтіп болған шақта,  
Аузына су келгенін тағы көрді.

1050 Көзіне су жақындап келді сонда,  
Көзінен тағы барды қабағына.  
Көрем деп Ділдеш атын көтерілді,  
Қимылдап сонда кетті табаны да.

Су кетіп қайта орнына тартылыпты,  
Көре алмай Ділдеш атын зар қылыпты.  
Таң қалып Жоямерген қарап тұрса,  
Жарқ етіп дариядан қазан шықты.

Қасына ол қазанның жақын барды,  
Дариядан атын іздеп таба алмады.  
1060 Жағалап дарияны жүргенінде  
Атының құр құлағы көрінеді.

Дариядан Ділдеш атты алды тартып,  
Немене, өліп қапты, көп сөз айтып.  
Зарлады Жоямерген бір Аллаға,  
«Дүниеде тірі жүрем енді қайтіп?!».

*Әлқисса, Жоямерген атына зарлағаны*

- Жоямерген зарлады,  
Тақат-сабыры қалмады.  
«Тірілмесең, Ділдәшім,  
1070 Ғұмырымды басыңда  
Өткізем» деп зарлады.
- Аты үшін зар жылап,  
Сабыр-қарар қылмады.  
Үш күн, үш түн зарланып  
Халі бітіп тұрады,  
Сол жылаумен зарланып  
Төрт күн тамам қылады.  
Бесінші күні тағы да  
Онан жаман жылады,  
1080 Алтыншы күн болғанда  
«Бисмилла» деп орнынан  
Ділдәш ат та тұрады.
- Құшақтап атын бала қылды зары,  
Ділдәш ат бірге зарлап ол жылады.  
Зар жылап бала пақыр тұрған шақта,  
Балаға аты тұрып сөз сөйледі.
- Әуелі мен қасыңнан кеттім, — деді,  
Қазанға дәл үш күнде жеттім, — деді,  
Төрт күнде мен білемін, иншалла,  
Су жылжып тізеңізге жетті, — деді.
- 1090 Қазанды тарттым сонда мен теңізден,  
Су келді сонда жылжып кеудеңізден.  
Бес күнде кеудеңізден және де өтіп,  
Және асты алты күнде көзіңізден.
- Су барып қабағыңа сонда жетті,  
Қабақтан біраз асып тағы да өтті.  
Қаһармен алтын қазан лақтырғанда  
Қимылдап оң аяғың біраз кетті.

Қимылдап оң аяғың кетті сонда,  
Су жұттым құдіретімен Құдауанда.  
1100 Өзірейіл жанымды кеп алған шақта,  
Ұжмақта хор қыздары ұстап алды.

Шақырған дауысыңды естіп едім,  
Әурелеп хор қыздары жібермеді,  
Болғанда жетінші күн қашайын деп  
Ділдәшің қалайдағы қалды ойға.

Алдыңа бүгін келдім қашып шығып,  
Мергенім, бұл сөзімді алғыл ұғып.  
Жолыққан Қызыр бабаң мені айырды,  
«Мергенің тосып тұр» деп, зарлық қылып.

1110 Сол жерде Ділдәш атқа алды мініп,  
Қазанды ап бұл арадан кетті жүріп.  
Батырлық өнерімен Жоямерген  
Қазанды патшасына берді әкеліп.

Падиша ол қазанды алып көрді,  
«Батырым, бәрекелді, алып келді!».  
Күнсұлу жалғыз қызын енді патша  
Той қылып қырық күнде қосып берді.

Қаншама көп мал тойға сояды екен,  
Қазанды қайнаттырып қояды екен.  
1120 Болса да қанша әскер тойға келген,  
Бәрі де сол қазаннан тояды екен.

Қазанның қасиетін білген екен,  
Жыланбек көп батырды жиған екен.  
Көп батыр жұмысына жарай алмай,  
Жыланбек қайғыланып жүрген екен.

Мұратын жалғыз Алла хасыл қылды,  
Күшті көп батырлығын анық білді.  
Жайланып Жоямерген қайынында  
Патшаның қызын алып үш ай тұрды.

- 1130 Бір күні падишаға Мерген барды,  
«Үйіме қайтамын» деп айтып салды.  
Жыланбек үшбу сөзді есіткен соң,  
Сиқыршы ол Ғайын ерді тағы да алды.

Сиқыршы, шақырған соң, қуық келді,  
Баяғы алып келген көзі көрді.  
— Қаншама мал беремін жасауменен,  
Еліне сен жеткізіп апар, — деді.

- Сиқыршы «болады» деп қабыл алды,  
Падиша жөнелткелі ыңғайланды.  
1140 Күнсұлу еліменен амандасты,  
Түскелі дариясына алып барды.

Қызына ата-анасы амандасты,  
Күнсұлу қайғыланып зар жылапты.  
«Бетіңнен жарылқасын бір Алла» деп,  
Беріпті ата-анасы рұқсатты.

Он құл мен Күнсұлуға он күң берді,  
Ішіне Ғайын қуық салды енді.  
Ғәммасын Ғайын қуық салып алып,  
Баланы аралына алып келді.

- 1150 Өзінің аралына әкеп салды,  
Қоштасып Ғайын қуық кетіп қалды.  
Қуанып Жоямерген сол кезінде  
Өзінің ордасына кіріп барды.

Атасы көргеннен соң кеп көрісті,  
Қайғысын баласының жеп көрісті.  
— Дүниеден қазір өлсем, арманым жоқ,  
Қарағым, көрдім сені, — деп көрісті.

*Әлқисса, Құламергеннің баласына жылағаны*

Құламерген жылайды,  
Көзінің жасын бұлайды,

1160 Жалғызы аман келген соң,  
Жыламай қайтіп шыдайды?!

— Бүгін өлсем, арман жоқ,  
Менде арман қалған жоқ,  
Жоямерген, жалғызым.  
Осылай зарлап тұрады,  
Талып кетіп сол кезде,  
Жанын пида қылады.

— Ғайып болып, жалғызым,  
Бір күнде кетіп қалғаның,  
1170 Сені іздеп, қарағым,  
Күнайымды азғырған,  
Бұлғар деген шаһарда  
Жалмауызға барғаным.  
Патшасы мен кемпірді,  
Шаһарын қырып алғаным.  
Сені іздеп, қарағым,  
Бұ жалғаннан көрмедім,  
Күдер үзіп таба алмай,  
Мұнда қайтып келгенім.

1180 Зар жылап үйде тұрғанда  
Өзің жетіп келгенің!

Атасы зар-зар жылап қылар фаған,  
Шешесі о да келіп зар жылаған.  
«Қарағым, айым, күнім, шырағым» деп,  
Шешесі о да келіп, талып қалған.

Жылады шешесі де талып түсіп,  
Аяғын баласының алды құшып.  
Жырларын шешесінің жаза алмадым,  
Күн-түні отырған соң ішім пысып.

Бес сөтке тебіреңттім жазып қалам,  
Һәр құлға медет берсін Хақ Тағалам.  
Сөзімде қате болса айып етпе,  
1193 Аяғы осылайша болсын тамам.



## قىصە دوتان قوباقانبايوغلى

### Қисса Дотан Құбақанбайұғлы

Жарандар, сал құлағың тыңлап бізге,  
Сөйлейін бір қиссаны енді сізге.  
Кешегі Ормамбет хан заманында  
Өтіпті Құбақанбай жапан түзде.

Дүниеде ойлап тұрсам әуре-сарсаң,  
Жігіттер, тәубе қылғыл қайда барсаң.  
Сөйлейін бір қиссаны Құбақаннан,  
Жарандар, біразырақ құлақ салсаң.

Шығардым көңілімнен һәр түрлі жол,  
10 Бітірген соның бәрін он саусақ қол.  
Өтіпті Құбақанбай жапан түзде,  
Өзінің Құдай берген дәулеті мол.

Өзінің Құдай берген дәулеті көп,  
Қырық ұлы, қырық қызы бар, көңілі тоқ.  
Алыпты жалғыз өзі тоғыз қатын,  
Елсізде жатады екен уайым жоқ.

Жапанда өскен екен ел көрмей-ақ,  
Елсізде жалғыз ауыл жатты саяқ.  
Есебі жоқ өзінің көп-ті малы,  
20 Құдайым ұл, қыз берген аямай-ақ.

Бір өзі ұлға да бай, малға да бай,  
Өзінің дәулеті мол, көңілі жай.  
Құдайым һәрне берсе, бірдей берген,  
Іздеген төрт түліктің бәрі де сай.

Әзелде артық қылған Хақ Тағала,  
Мекені елсіз-күнсіз жапан дала.  
Құдайым мол дәулетті берсе дағы,  
Түспепті есігіне келін-бала.

30 Сөйлейін бек мазмұндап енді мұны,  
Белгісіз адамзаттың өткен күні.  
Қырық ұл, қырық қыз бір күн ақылдасқан,  
Қиссаның тыңлайтұғын келді жері.

Сексені ақылдасты болып қапа:  
«Жарамас жүргеніміз, үлкен аға,  
Жақында ел бар болса, баралық» деп,  
Салады тұлпарларға алтын таға.

40 Сексені ақылдасып атқа мінді,  
Іші пысып кеңесіп жиылды енді.  
«Жақын жерде барар ел бар ма екен» деп,  
Малын баққан бір шалдан сұрайды енді.

Балалар һәрбір ойды ойлайды енді,  
Еркіне шал байғұсты қоймайды енді.  
— Жақын жерде ел болса, біз баралық,  
Әй, ата, білгеніңді сөйле, — деді.

Дүние екі айланбас бір келеді,  
Балалар байғұс шалды көп тергеді.  
Балалар көп жалынып сұраса да,  
Шешіліп байғұс шалың үндемеді.

50 Балалар қоймайды енді сөйлемеске:  
— Жауап бер, — дейді, — баба-ай, бұ кеңеске.  
Білген ісің бар болса, айтқыл бізге,  
Білгеніңді айтқаның еп емес пе.

Сонда шалың сөйлейді байпаң қағып,  
Балаларға барады сөзі жағып.  
— Оңтүстікте бар еді бір бөйтерек,  
Онан жақын нәрсе жоқ жүрмін бағып.

Ҡешқайда онан ары барғаным жоқ,  
Аралап жердің жүзін алғаным жоқ.  
Білгенімді айтайын, шырақтарым,  
60 Жақында ел дегенді көргенім жоқ.

Оңтүстікте бір тоғай бар, — деп айтты,  
Миуалы қалың тоғай тал, — деп айтты.  
Тілімді алсаң менің, шырақтарым,  
Бөрің де қару-жарақ ал, — деп айтты.

Һәр жолға өзі бастар Алла Тағалам,  
Сіздердің мен сөзіңе қайран қалам.  
Елсіз, иесіз тоғайда жау бар шығар,  
Жүргейсіз тұлпар мініп бөрің, балам.

Адамның сөз білмейді бір қарасы,  
70 Қандырмас құлағыңды сөз жаласы.  
Құбақанның қырық ұлының арасында  
Бар еді тоқалының бір баласы.

Құдайым бақ бергей де бендесіне,  
Ғаріпті патша Құдай жөндесін де.  
Кенжесі Ер Дотанға сөз айтады,  
Айтпайды жөнді жауап өңгесіне.

Сөз айтты Ер Дотанға байғұс шалың:  
— Сырымды сенен аяр бар ма халім?!  
Құлықтан Қаракөк тай туған еді,  
80 Соны ұстап жылқыдағы мінгін, жаным.

Қолыңа мылтық алғын соны мініп,  
Жетерсің айшылыққа күн-түн жүріп.  
Тілеулес мен мүсәпір ғарібің, — деп,  
Жөнелтті Ер Дотанға бата беріп.

Һәр алуан сөз айтады жас балаға,  
Ақылды, мұсылманға бас балаға.  
Каракөк тайды мініп, қару алып,  
Ер Дотан жүрмек болды құр далаға.

Қасына ағаларын ертіп алды,  
90 Тұлпар-тай мініп алды майда жалды.  
Атасынан рұқсат бата алып,  
Саулатып ол балалар жолға салды.

Не қылса Қадір Ием, өзі білүр,  
Балалар неше күндер жүріп келүр.  
Он күн жүріп, он бір күн болған шақта  
Қалың тоғай, бір өзен су көрінүр.

Ол тоғайды көрді де, келді жетіп,  
Аттарын қамшы басып екпіндетіп.  
Сексені шабуылдап жетіп келді,  
100 Не бар, не жоқ көргенше есі кетіп.

Жағалай келіп түсті ол ағашқа,  
Жұпар жағып аңқытып қара шашқа.  
Миуа жеп, баршасы жатып қалды,  
Аттарын байлап-байлап қойды басқа.

Бәрі бірдей паңдықпен ұйықтап жатыр,  
Тіккені бастарына алтын шатыр.  
Иісін адамзаттың алғаннан соң,  
Бұларға бір жалмауыз келе жатыр.

Білмейді ұйықтап жатып жалмауызды,  
110 Жұтқалы балаларға салды ауызды.  
Жалғыз жатқан қалыпты Дотан аман,  
Өзгесін, бәрін жұтты ұғыл, қызды.

Жалмауыз балаларға келіп қалды,  
Бір сұмдық балаларға болып қалды.  
Бір ұртына өзгесін тығып тұрып,  
Қасына Дотан бала жетіп барды.

Баланы ұйықтап жатқан көрді сонда,  
Қайран боп нұсқасына тұрды сонда.  
Жұтайын деп баланы келгенінде,  
120 Тай теуіп жалмауызды қалды сонда.

Ол тайдың кемпір көрді қасиетін,  
Шалдың Дотан ұғыпты өсиетін.  
Тай тепкен соң жалмауыз кейін тұрды,  
Көрсетті ол кемпірге көп қайратын.

Баланы тайы теуіп оятады,  
Оңтайлап өзін-өзі жаратады.  
Дотан бала оянып көзін ашып,  
«Кімсің?» деп қу кемпірге сөз қатады.

130 Түріне жалмауыздың қарай қалды,  
Мылтықты атайын деп қолына алды.  
Қараса, қасындағы жолдасы жоқ,  
Мылтықпен атайын деп оңтайланды.

Мылтықты ұмтылады қолына ала,  
Қорықпастан он бір жасар ғаріп бала.  
«Ұлсызға ұл, қызсызға қызбын» дейді,  
Қу жалмауыз мылтықты көре сала.

140 Кемпір сонда «атпа» деп жалынады,  
— Сабыр қып [жөн] сұрасаң нағылады?  
Шырағым, мені атпай сөз сұрасаң,  
Жоғыңның бәрі менен табылады.

Бала сонда кемпірдің сөзін тосты,  
Бар Құдай есіркесін көңілі босты.  
Баланы тайыменен асап қойып,  
Жұтпастан ауызынан қайта құсты.

*Сонда кемпірдің балаға айтқаны:*

— Шырағым, сөз айтайын саған, — дейді,  
Қызмет қып бересіз маған, — дейді.  
Жолдасыңның бәрін де мен тастайын,  
Қызмет қылсаң, болайын анаң, — дейді.

150 Сөйлейін бір хикаят саған, — дейді,  
Жолдасың бәрі де тұр тамам, — дейді.

Жұмсайын сізді, балам, бір жұмысқа,  
Жеті жылда жетерсің оған, — дейді.

Сөйлейді сонда бала он бір жасар,  
Құдайым сүйген құлын қылмас нашар.  
— Қылайын қызметіңді, ана, сіздің,  
Бар Құдай қандай жерден нәсіп шашар.

Қылайын қызметіңді, білсем бәрін,  
Көңілім осы күнде болды жарым.  
Шамам келсе, атқарам қызметіңді,  
160 Әуелі тастасаңшы бауырларым.

Сөзіме менің, кемпір, құлағың сал,  
Жаратқан бәрімізді Пәруардигар.  
Не де болса қылайын қызметіңді,  
Өзінде жолдас болар бір ағам бар.

Әй, кемпір, мұндай сөзді айтасың-ай,  
Көңілің аударылған жай тасындай.  
Келейін үлкенірек атқа мініп,  
Атым нашар астымда, қайтесің-ай.

— Шырағым, ағаларың мен берейін,  
170 Басыңды патшаларға теңгерейін.  
Үйіңде саған жарар атың жоқ қой,  
Тәуекел деп тайыңмен жіберейін.

Ағаларын қояды бәрін құсып,  
Қуанысты баршасы түгел түсіп.  
Бір-бірін аман-есен көргеннен соң,  
Отырысты баршасы қуанысып.

Кемпір сонда сөйлейді Дотан ерге,  
— Жұр, — дейді, — жеті жылдық алыс жерге.  
Менен сен енді, сірә, құтылмайсың,  
180 Қанеки, ағаларың жүрсін бірге.

Жеті жылда жетерсің тынбай жүрсең,  
Құданың құдіреті-дүр нені көрсең.  
Шынтемір деген жан бар күнбатыста,  
Һешкімнен кем болмайсың тірі жүрсең.

Қызы бар Шынтемірдің Күнікей деген,  
Сол қызға балам ғашық боп жүдеген.  
Қараңғы үйде тұрса жарық қылар,  
Ол қызға һеш адамзат теңелмеген.

190 Менен сен, соны әпкелсең, құтыласың,  
Болмаса тағы қайта жұтыласың.  
Күнікейдің сұлулығы артық дейді,  
Соны әкелсең, батамды сен аласың.

Жас бала қу кемпірдің тілін алды,  
Құдайым көңіліне ақыл салды.  
«Кемпірдің жұмысына барамын» деп,  
Барды да ағаларға хабар салды.

— Барамын жау кемпірдің жұмысына,  
Бар Құдай, жәрдем бергіл тынысыма.  
200 Ағалар, жолдас болғын енді маған,  
Сіздерні берді Құдай ырысыма.

Балаға ағалары сөз айтады,  
Тоқтатып кешіктірмей тез айтады.  
— Біздерден һеш қайыр жоқ, бара алмаймыз,  
Барсаң өзің жүре бер, — деп айтады.

Бар Құдай, өз пенденді өзің оңла,  
Мұхаммед шапағатшы Расул Алла.  
Ағалардан һеш қайыр болмаған соң,  
Бір өзі тәуекел деп түсті жолға.

*Әлқисса, қасына ағалары ермеген соң жылағаны*

210 Сонда бала жылайды,  
Көзінің жасын бұлайды.

«Рақым қыл, — деп, — мен құлға»,  
Алладан медет сұрайды.  
— Ермедіңдер, ағалар,  
Не іс қылсам ұнайды.  
Жеті жылдық жол екен,  
Жалмауызға кез болдым,  
Ғаріптік деген сол екен.  
Аман сақта, Құдай-а,  
Арасы сусыз шөл екен.

- 220 Он бірге келген жасым бар,  
Әуреді сарсаң басым бар,  
Құданың жазған тағдыры,  
Бармасқа ылаж болмады.  
Сақтағаны мол екен,  
Жолдасым жоқ қасымда,  
Қабырғалы ат емес,  
Мінгенім тай астымда.  
Аман болғыл, ағалар,  
Салды Алла бір істі
- 230 Он бірге келген жасымда.  
Ата-анама сәлем де,  
Ағаларым, аман бол,  
Қай таудың қалам тасында.

Өзелде жазған жазуға  
Бәнденің болмас шарасы.  
Қырық ұл едік, ағалар,  
Құбақанның баласы,  
Аман болғыл, ағалар,  
Жүрегімнің парасы.

- 240 Хақысын кешсін ата-анам,  
Тілінде болып сәнасы.  
Ғаріптік, мехнат көргенде  
Ерлернің болсын һәрқашан  
Жаратқан Тәңірім панасы.

Көп сәлем де атама,  
Батасын маған берсін-ай.



Мұратына жеткер деп,  
Дұғада болып тұрсын-ай.  
Бес уақыт намазда  
250 Көңілін маған бұрсын-ай.  
Ғаріп ата-анама  
Үш қайтара сәлем де,  
Тілегім тілеп жүрсін-ай.  
Жалмауыз кемпір қорқытып,  
Алысқа мені айдады,  
Тілегі мұның құрсын-ай.

Айналайын, ағалар,  
Аман-есен болыңдар,  
Үйге қайтып барыңдар,  
260 Қартайған мұңлық атама  
Жақсы қызмет қылыңдар.  
Құбақанның ұл-қызы,  
Сексен едік атадан.  
Мендей мүсәпір ініңді  
Аман қайтып келгенше,  
Тастамаңдар батадан.  
Жолымды Алла оңғарып,  
Құтқарсын өзі қападан.  
Қызыр, Илияс жар болып,  
270 Сақтасын Тәңірім жападан.

Жау кемпірдің жұмысы,  
Маған болды асқар бел.  
Көз жасым толды қойныма,  
Ағып барып болды сел.  
Түстеніп, қонып баратын,  
Арада жоқ һешбір ел.  
Жүгірген аң, ұшқан құс,  
Жолдасым болды соққан жел.  
Аман болғыл, ағалар,  
280 Қош, риза бол, апалар,  
Бізден бұрын неше хан,  
Неше сұлтан баласы,  
Қыз іздеп жүріп далада

- Тартқан екен жапалар,  
Аналарға сәлем де,  
Жете алмадым он беске,  
Ағалар, қалып барасыз,  
Бірің ермей жолдасқа.  
Маған ылаж болмады
- 290 Бұған да, сірә, бармасқа.
- Дотан бала бұны айтып жолға түсті,  
Не болса Тәңірі қылар һәрбір істі.  
Көк тайға екі қоржын алтын артып,  
Алла деп ағаларға қош айтысты.
- Еліне ағалары кетті қайтып,  
Жіберді Дотан бала сәлем айтып.  
Жалғыз өзі елсізге шыққаннан соң,  
Жылайды ғаріп бала қайғы тартып.
- 300 Көк таймен Дотан бала жолға салды,  
Жер жөнін сұм кемпірден сұрап алды.  
Жүріп бара жатқанда кемпір келіп,  
Баланың оң бетінен сүйіп алды.
- Ал жөнөді бала, жөнөді,  
Алланың салған ісіне  
Һәрне болса көнеді,  
Жалтаңменен жалтаңдап,  
Тайға мініп қалтаңдап,  
Жолға түсіп келеді.  
Майдан-майдан, майдан жол,
- 310 Майдалай басып келеді.
- Алтыншы таудан ары асып,  
Жетінші тауға жанасып,  
Қарсақ жортпас қалыңнан  
Қарғып кетіп барады,  
Түлкі жортпас түлейден  
Түнде кетіп барады.  
Бұлың-бұлың жерлерден

- Бұлдырап кетіп барады.  
Асқар-асқар таулардан  
320 Асып кетіп барады.  
Баланың көңілі дариядай  
Тасып кетіп барады.  
Ауыздығын көк тайы  
Басып кетіп барады.  
Аузынан көбік бұрқырап,  
Шашып кетіп барады.  
Жас баланы Құдайым  
Айдап кетіп барады.  
Екі көзі баланың  
330 Жайнап кетіп барады,  
Мінәжат қылып Құдайға  
Жағы тынбай бұлбұлдай  
Сайрап кетіп барады.

- Бір заманда қыс болды,  
Қары жауып, мұз қатып.  
Бір заманда жаз болды,  
Ұйықтаған жоқ бір жатып.  
Ат үстінен ұйықтап,  
Қалғып кетіп барады.  
340 Бір заманда жаз болып,  
Көк шығады жайқалып.  
Астындағы көк тайы  
Құнан шығып жүн тастап,  
Жорға болды тайпалып.  
Иіп алды бөксесін,  
Екі бұты талтайып,  
Құрықтай мойны ұзарып,  
Түзеп алды мүшесін,  
Сауыры шықты томпайып.
- 350 Жаз ортасы болғанда  
Қаракөк құнан түрленді  
Ортекедей құнтиып.  
Анық тұлпар осы екен,  
Жал-құйрығы сымпиып.

Шу десе тұлпар ағады,  
Ауыздықпен алысып,  
Шалқая тартып шіреніп,  
Ұшқан құспен жарысып.  
360 Маядай мойнын созады,  
Тарта-тарта баланың  
Алақаны тозады.  
Еті қызып желіксе,  
Бой бермейді қарысып.

Ермегі жоқ ерікті,  
Күндіз-түні жүрумен  
Жалғыз бала зерікті.  
Арада неше қоныпты,  
Талма түстің шағында,  
370 Мидай жапан далада,  
Құланның ішкен қағында,  
Сұлап жатқан бір жерде  
Бір адамға жолықты.  
Сұлап жатқан адамды  
Анадайдан көреді,  
Іркілместен жас бала  
Қасына жетіп келеді.  
Сипатына қараса,  
Жасы үлкен кісі екен,  
Иіліп сәлем береді.  
380 Сәлемін алып ол адам,  
Мұсылманша сөйлесіп,  
Жөнін сұрай береді.

Сонда бала сөйлейді:  
— Он екіде жасым бар,  
Әуре болған басым бар,  
Басындағы уақиғын  
Айтып сөйлеп қылды зар.  
Жалмауыз кемпір бұйырып,  
Қылды маған қатты кәр.  
390 Күнбатыста бір шаһар,  
Шынтемір деген ханы бар,

Күнікей сұлу дейтұғын  
Ханның жалғыз қызы бар.  
Сұлулығын сұрасаң,  
Күндей болған жүзі бар,  
Соны алмаққа барамын,  
Аллаға қылып тәуекел.  
Жеті жылдық жолы ба,  
Алла, өзің оңда деп,  
400 Мен мүсәпір талапкер.

Әлқисса, анда ол адам айтты:

— Менің затым — мұсылман, атым Тыңлаушы деген едім.  
Елімізні жау шауып, мен елсізде жүргелі жеті жыл болды, ем-  
ді ермексіз болған соң, жер астында бір хан қыз ұзатып, той  
қылып жатыр еді, соны тыңлап жатырмын, — дейді. Енді мен де  
сізніменен бірге ел табайын, — деп бірге жаяу болып жүрділер.

Екеуі жолдас болып бірге жүрді,  
Арада неше күндер ойнап-күлді.  
Екеуі тағы бір жыл бірге жүріп,  
Бір үлкен өзен-суға кез болды енді.

Жағалап ол өзенді келе жатыр,  
Серік боп бір-біріне екі батыр.  
Бірі атты, бірі жаяу келе жатса,  
Бір адам мылтық ұстап қарап отыр.

Қасына іркілместен жетіп келді,  
410 «Бұл кім, — деп, — мекен қылған жалғыз көлді.  
Әуелі кім екенін білелік», — деп,  
Қасына жақын келіп сәлем берді.

Ол дағы сәлем алды түрегеліп,  
Тұрады не сұраса жауап беріп.  
Мұсылманша тіл біліп сөйлескен соң,  
Барады екеуінің көңілі еріп.

— Ай, ата, жапан түзде нағып жүрсің,  
Қай жұрттан, қай рудан, нәсілің кімсің?

Қолыңда мылтығың бар, жолдасың жоқ,  
420 Жәһніңді айт, балаларың естіп білсін.

— Айтайын мен жайымды, балам, — дейді,  
Көңілім қуанып тұр саған, — дейді.  
Далада аңда жүріп білмей қалдым,  
Ел үркіп, кетіп қапты тамам, — дейді.

Кеткенін елдің қайда біле алмадым,  
Қаңғырып һешбір жаққа жүре алмадым.  
Бұрынғы менің елім мекені осы,  
Кетуге мұны тастап қия алмадым.

Еліміз мұнан үркіп, кеткен жосып,  
430 Сіздерге кез боп тұрмын Құдай қосып.  
Кеше түсте атып ем бір аққуды,  
Отырмын осы жерде соны тосып.

Һәрқашан құс ауаға ұшушы еді,  
Қайратым сонда менің қысушы еді.  
Ауада ұшқан құсты бүгін атсам,  
Уақытында қайта айналып түсуші еді.

Сөйледім мен жайымды сіздерге енді,  
Сіздер де маған енді айт жәһніңді.  
Бұлар да бастан-аяқ айтты сырын,  
440 Сол уақтыда аспаннан аққу келді.

Аққуды алып, бұлармен жүрді бірге,  
Бар Құдай жолдас қылды Дотан ерге.  
Екі жаяу, бір атты жолдас болып,  
Келеді неше күндік алыс жерге.

Үшеуі жолдас болып, бірге жүрді,  
Сапарда бірнеше күн ойнап-күлді.  
Үшеуі жолдас болып келе жатса,  
Аң қуған бір жаяуды көзі көрді.

Өзінің тоты құстай басы бар-ды,  
450 Мөлшері жиырмада жасы бар-ды.  
Ол жаяудың қасына жақын келсе,  
Екі аяқта қазандай тасы бар-ды.

Үшеуі аяңдасып жетіп келді,  
Сөйлескелі көңілі кетіп келді.  
«Тас байлап, зыр жүгірген неткен жан» деп,  
Күлісіп көп тамаша етіп келді.

Киікті жаяу қуып ұстап алды,  
Бұлар жақын келген соң тұра қалды.  
Екі аяқта қазандай екі тасқа,  
460 Киік ұстап алғанға қайран қалды.

Киікті ұстап, бұларға қарап тұрды,  
Көрді де үшеуіне сәлем берді.  
Сәлем алып үшеуі жауап қылды:  
— Дүниеде көрмедік, — деп, — сіздей ерді.

— Сұрасаң, менің атым Желаяқпын,  
Адамзаттан бір шыққан қу аяқпын.  
Екі аяққа екі тас байламасам,  
Тоқтамай ғайып болып кетер-ақпын.

Қызырдың маған тиген дұғасы бар,  
470 Құданың өзі берген қуаты бар.  
[Жапан] түзде жүрген мен тірі ғайып,  
Айтайын мен жайымды, сұрасандар.

Мен өзім тірі ғайып түзде жүрген,  
Һәркімге жолдастыққа іздеп жүрген.  
Тышқан, құстан басқаны жібермеймін,  
Бар Құдай осылайша қуат берген.

Ағалар, мен жайымды айттым саған,  
Сіздер де айт жайыңды енді маған.  
Бү жермен һеш адамзат жүрмеуші еді,  
480 Айдаған не себептен Алла Тағалаң?

Бұлар да Желаяққа сырын айтты,  
 Қалдырмай бастан-аяқ бәрін айтты.  
 — Күнікей Шынтемір хан қызы, — дейді,  
 Сол үшін барамыз, — деп зарын айтты.

Бұларның айтқан сөзін біледі енді,  
 Алладан ізгі пәрмен тіледі енді.  
 — Сіздермен мен де бірге барамын, — деп,  
 Желаяқ та ілесіп жүреді енді.

490 Қосылып бұл төртеуі жол жүреді,  
 Күн-түні есебі жоқ мол жүреді.  
 Бір жыл жол жүрген соң тағы бұлар  
 Бір үлкен асқар тауға кез келеді.

Аралап таудың ішін келе жатыр,  
 Жолдас боп бір-біріне өңшең батыр.  
 Қарғаның құйрықтарын жұлып алып,  
 Қайтадан қыстырады басқа-басқа.

Әлқисса, бұлар келіп, ол адамға сәлемдесіп жөн сұрадылар.  
 Ол адам айтты:

— Мен Көзбайлаушы едім, ермек қылып һәр нәрсеменен ойнап жүремін. Өздеріңізге жол болсын, — дейді. Анда бұлар һәм жайын айтты, аннан кейін Көзбайлаушы һәм бірге жүрді.

500 Басында жалғыз еді, бесеу болды,  
 Оңдағай патша Құдай енді жолды.  
 Аз да болса, жолдасы бәрі мықты,  
 Бөгейтін һәрқайсысы мың-мың қолды.

Ат болды алты жасар Қаракөк тай,  
 Жолдан жолдас қосылып көңілі жай.  
 Хазіреті Қызырның жәрдемімен  
 Бұларны берген екен патша Құдай.

Жүргелі бұлар тағы бір жыл болды,  
 Көреді тірі пенде һәрбір жолды.



Қаракөк тұлпарының жүрісіне  
Дотанның жылдан-жылға көңілі толды.

Келеді неше қабат таудан асып,  
510 Бар Құдай жапан түзден нәсіп шашып.  
Келе жатса, үш биік, сүмбіл шырпы  
Алдында төбенің тұр қатарласып.

Ол тауға жетелік деп аяндайды,  
Жүруден, аслан, жанын аянбайды.  
Шетіндегі екі тау қимылдап тұр,  
Қорыққаннан қасына таянбайды.  
Дотанның жібереді жалғыз өзін,  
Айтқан соң, қайырмады жолдас сөзін.

Қол бұлғап, жолдастарын шақырады,  
520 Үш тауға өзі барып жақындады.  
Ол тауларға Ер Дотан сәлем берді,  
Алдына жетіп барып жөн сұрады.

Сәлемін жақсы құптап алады енді,  
Жолдастары қасына барады енді.  
— Қалай, — деп, — қоқаң-қоқаң еткендерің?  
Таулардан мәні-жайын сұрады енді.

Әлқисса, бұлар диюлар екен. Ортасындағы үлкені жауап беріп айтты:

— Мына екеуі менің екі балам еді, екеуі еншіге таласты, сонан соң мен екеуін таластырмай, күшін салмақтап, күші артығына енші көп берейін деп тұр едім, — дейді. Емді кіші ұлымның күші артық екен, соған артық берейін, — деп, еншілерін берді. Емді бұлардың жөнін сұрады. Бұлар жөнін айтқан соң, сіздерменен Шынтемірханға мен де барып, қызық көріп келейін деп, тау салмақтаған дию бірге жүрді.

Басында біреу еді — алтау болды,  
Қайғыменен күні өтіп жалқау болды.  
Шынтемірханға көктемде жетеміз деп,  
530 Алтауы ақылдасып келеді енді.

Мұнымен әңгімеміз тұра тұрсын,  
Алтауы аяңдасып жүре тұрсын.  
Хан жағынан сөйлейік біраз енді,  
Жамағат, қандырайын құлақ құрышын.

Әуелі бисмилла-дүр сөзнің басы,  
Шынтемірхан бірталай елдің басы.  
Мекені Мұхит теңіз жағасы екен,  
Бар екен жалғыз қызы, бес баласы.

540 Өзінің Құдай берген дәулеті асқан,  
Нелер қиын патшамен жағаласқан.  
Қара қылды қақ жарған әділ екен,  
Уақытында һеш патша жоқ мұнан асқан.

Уақытында патша болған салтанатты,  
Халқына жағымды екен ғадалатты.  
Алтындап неше қабат сарай салып,  
Құдайым берген екен артық бақты.

550 Күнбатыс уәлаятқа патша болған,  
Қазынасы тоқсан екі сарай толған.  
Зүбәржат, лағыл, гауһар тас орнатып,  
Қызына алтындатып сарай салған.

Оңаша жатады екен Күнікей қыз,  
Қасында нөкері бар жиырма қыз.  
Алтын сүйек, ақ тамақ Күнікейден,  
Жарандар, аз әңгіме айталық біз.

Сарайы Күнікейдің зүбәржат тас,  
Істер бар тамашалы адам нанбас.  
Бақ-шарбағы сом лағыл [алтын] қақпа,  
Баршасын тамам қылып айтып болмас.

560 Күнікей бір күн жатып түс көріпті,  
Түсінде көп тамаша іс көріпті.  
Шаһарына алты адам келген екен,  
Тамам жұрт алтауынан күш көріпті.

Түсінде алты адам көреді енді,  
 Күнікей қыз да болса зерек еді.  
 Түсіндегі көргенін айтайын деп,  
 Ең үлкен ағасына келеді енді.

Күнікей ағасына жетіп келді,  
 Қорқып өңі-түсі кетіп келді.  
 Жүзіне қарай салып Күнікейдің,  
 570 — Не жұмысқа келдің? — деп сұрайды енді.

— Шырағым, неге келдің, Күнікейжан,  
 Көңілің қапа тартқан түсің жаман.  
 Шырағым, жүзің солғын болды неден,  
 Жаман сөз естідің бе бір адамнан?

*Әлқисса, сонда Күнікейнің ағасына берген жауабы:*

— Жан ағаке-ау, құлақ сал,  
 Көргенімді айтайын,  
 Ішіме сыймай барады,  
 Сізге айтпай қайтейін,  
 Құлақ салып тыңлағыл,  
 580 Түнде көрген түсім бар.  
 Айтқалы келдім, ағаке-ау,  
 Көңілімде қайғы ісім бар.  
 Қатты қорқып бір түстен,  
 Зағышырандай сарғайған,  
 Реңім солған түсім бар.

Сарайда жаттым жасымнан,  
 Арыстан туған ағалар,  
 Құс ұшырмадың басымнан.  
 Қайғы түсті көңіліме,  
 590 Бір түс көріп тосыннан.  
 Келе жатыр алты адам  
 Ақбөкендей жосыған.

Түсі суық алты адам  
 Күншығыстан келіпті,

Орғыта басып желіпті.  
Сол сияқты адамды  
Осы келген Күнікей  
Қарындасың көріпті.

- 600 Ішінде бар бір бала,  
Мінген аты сұр жайдақ,  
Тайраңдай басқан қу жайдақ,  
Жеті жыл болды шыққалы,  
Дамыл таппай келеді  
Атқан оқтай бұлдырап.  
Төрт тұяқтың сарыны  
Зәремді алып барады,  
Түскен мұздай сылдырлап.  
Мойыны құлаш Қаракөк,  
Кісінеген дауысы  
610 Төбемді жарды шыңғырлап.

- Асқар таудың қиясын  
Тегіс жердей басады.  
Аруағы баланың  
Күннен-күнге асады.  
Талма түс мезгіл болғанда  
Ойынды еті бұлтылдап,  
Бота тірсек, бос мойын,  
Аузынан көбік шашады.  
Алтауының бетінен  
620 Дәу, перілер қашады.  
Ішіндегі қу бала  
Дариядай көңілі тасады.  
Астындағы Қаракөк  
Арандай аузын ашады.  
Мен білсем, аға, алтауы  
Ерегіскен дұшпанның  
Қанын судай шашады.

- Келе жатыр бір бала,  
Қасқыр бетті сұр бала,  
630 Арыстандай жүректі,

Жолбарыстай білекті  
Он сегіз жасар қу бала.  
Жауырыны қақпақтай,  
Қайғыменен аһ ұрып,  
Көзінің жасы көл бала.  
Көргенімді айтайын,  
Тыңлағыл мені, жан аға!

Шаһарыңа келеді,  
Қанша дұшпан болса да,  
640 Бәрін жеңіп алады.  
Қарсыласқан дұшпандар  
Қор болып бөрі өледі.  
Ертең түсте келеді,  
Өзіңе сәлем береді.

Ағасы сонда сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
— Мен бір жауап айтайын,  
Тыңлап мұны тұр, — дейді,  
Көңіліңді бұзбай, шырағым,  
650 Үйіңе қайтып бар, — дейді.  
Келе қалса, шырағым,  
Қайратын оның көрерміз,  
Сөйлесіп жауап берерміз.  
Саған, қарғам, келсе ол,  
Һәр іске оны салармыз.  
Жарар болса әгарда,  
Тұрпатын сынап қарармыз,  
Денің сүйсе баланы,  
Өзіңе жауап қылармыз.

660 Һеш бөндеге шығарма  
Ішіңдегі сырыңды,  
Күлкі болып жүрмелік,  
Көрмей көңіл сенер ме?!  
Мынау жақта бар еді  
Қалмақ деген бір дұшпан,  
Шамасы оған келер ме?!  
Көп жылама зарланып,

Көрген түске қорланып,  
Мұны қалмақ естісе,  
670 Кәріп қылар біздерні,  
Бірақ күнде қамданып.

Үйіне қайтып келеді,  
Ғаріптерні жияды,  
Ер басына бір алтын  
Құдайы қылып береді.  
Мың пақырны жиып ап,  
Садақа нәзір қылады.  
Патша қызы Күнікей  
Бір баланың тілеуін  
680 Ғашықтықпен тіледі.

Алтауы тынбай жүріп келе жатыр,  
Бес жаяу, біреуі атты, өңкей батыр.  
Арада жеті жылдай сапар жүріп,  
Еліне Шынтемірхан келді ақыр.

Құдайым бұлай айдап нәсіп етті,  
Қорқытып қу жалмауыз тентіретті.  
Арада талай бейнет көрген байғұс  
Бұралып Шынтемірге жаңа жетті.

Көреді ел қарасын енді бұлар,  
690 Арада талай бейнет көрді бұлар.  
Ел қарасын көргенге шүкір қылып,  
Бір жерде тамақтанып дем алдылар.

Сол жерде тамақтанып дем алысты,  
Енді елге баралық деп жолға түсті.  
Бір өзенді жағалап келе жатып,  
Бір жалғыз қараша үйге кез келісті.

Бір ұрғашы, бір еркек ол үйдегі,  
Үстінде лыпасы бар, жоқ көйлегі.  
Аш-жалаңаш отырған ол мүсәпір,  
700 Бұларға «кімсіздер?» деп сөз сөйледі.

— Сөйлейді сөйле десең қызыл тілім,  
Мехнат бәрі қиын көрген күнім.  
Жеті жылдай сапарда жүріп келдік,  
Қызына ғашық болып ханыңыздың.

Айталық жайымызды енді саған,  
Көңліміз жеті жылда-ай жаңа тынған.  
Алыстан даңқыменен іздеп келдік,  
Ауылы қайсы ханыңның, айтшы маған.

710 Бұл елдің жақсы адамы кім болады,  
Жігітке сапар деген сын болады.  
Сұраймыз, әй, мүсәпір, тағы сізден,  
Тағы да епті адамы кім болады?

Ол адам сөз сөйлейді бұларға енді:  
— Көңілің мен сөйлесем тынар, — дейді.  
Айтайын білгенімді енді сізге,  
Ханымның бес баласы болар, — дейді.

720 Көңілің артық туған бала екенсің,  
Сен өзің һәрбір іске дана екенсің.  
Күнікейні мал беріп алайын деп,  
Шырағым, талап қылып жүр екенсің.

Сөйлейін енді, балам, саған жауап,  
Меккені күші жеткен қылар тәуап.  
Күнікейдің дидарына ғашық болып,  
Он мың қалмақ шаһарны алған қамап.

Өзіңнің артық екен салтанатың,  
Жақсы адам шығармайды жаман атын.  
Он мың қалмақ шаһарға келіп кетті,  
Жазира деп қойыпты оның атын.

730 Жазира артық патша қуаты көп,  
Өзінің ләшкері мол, көңілі тоқ.  
Күнікейді аламын деп хукім қылған,  
Еш қайрат қыла алмады жиылған көп.

Қорықты жұрттың бәрі көргеннен соң,  
Ақырып аюдай боп [төнгеннен] соң  
Алдынан қыз Күнікей қарсы шықты,  
Қорыққаннан ел-жұрты иілгеннен соң.

Көрген соң Күнікейні болған ғашық,  
Көңілі қуанғаннан кетті тасып.  
Күнікейні бермекке уәде қылды,  
740 Қорыққан соң ел-жұртымыз қара басып.

Ханымыз бес ұлымен қойдай ықты,  
Ол қалмақ Жазира атты, өзі мықты.  
Күнікейні береміз дегеннен соң,  
Уәде қылып шаһарына қайтып кетті.

Жолы бар ол қалмақның тоғыз күндік,  
Бермесек Күнікейні, ақыр өлдік.  
Ханымызның бір баласы — ақын Шорман,  
Беліне буынғаны алтын белдік.

Өзелде ақылы артық баласының,  
750 Саны артық, өзі патша, қаласының.  
Ала алмайсың Күнікейні, қайтқын, балам,  
Тілімді менің айтқан аламысың.

Өзің жалғыз баласың, жолдасың аз,  
Шырағым, жаным ашып қыламын наз.  
Өлтірер бәрімізні, қалмақ білсе,  
Несіне, ай, шырағым, боласыз мәз.

Ол бала сөз айтады онан кейін:  
— Сөзіне бұл адамның мен не дейін?!  
Көрерміз қалмақ жаудың мәні-жайын,  
760 Ханыңмен сөйлеселік оған дейін.

Жеті жыл Сарығудан шыққаным,  
Жеті жастан үлгі сөз ұққаным.  
Күнікейні еліме алып кетпей,  
Көрмей-ақ қу қалмақтан қорыққаным ба?!



Мүсәпір, сенің өзің сөз білмейсің,  
Жазира бір ақырса, үндемейсің.  
Қаңғырған өңшең жаяу не қылар деп,  
Бойыңа біз пақырды теңгермейсің.

770 Сөзіңді сенің айтқан аңғарайын,  
Қалмақ жау күшті болса, таң қылайын.  
Ауылын ханыңыздың маған көрсет,  
Аулына ханыңыздың мен барайын.

Жас бала осылайша жауап етті,  
Қалмақтан көрдің бе деп хүкіметті.  
Шаһарын патшасының көрсеткен соң,  
Алтауы жолға түсіп жүріп кетті.

780 Атты-жаяу жолменен келе жатыр,  
Не көрмес тірілікте бөнде пақыр.  
Баяғы қыздың түсі рас болып,  
Бұларды ақын Шорман көреді ақыр.

Алыстан бұлар келді сапар жүріп,  
Қайғысы басылды енді көңілі тынып.  
Сымбатын қыздың айтқан таныған соң,  
Алдына қызмет қылды зыр жүгіріп.

Баланың түсі кірді баяғыдай,  
Ер жігіт айтқан сөзден таяды ма-ай.  
Жеті жыл сапар жүріп ара жолда,  
Ел көрді тірілікпен аяғында-ай.

790 Данышпан ақын Шорман ақылы артық,  
Бақыты заманында тұрды шалқып.  
Бұларды мейман кылып күте берді,  
Ғешбірі сөйлемейді жауап қатып.

*Сонда Шорманның бұлардан жауап сұрағаны*

— Жол болсын, сөйлей отыр, меймандарым,  
Көңіліңе немене еді алғандарың?

Қай жақтан келесіздер, айт жөніңді,  
Бір тұқымдас елмісіз осы бәрің?

800 Һәрқайсың мың кісідей бар ғой күшің,  
Біледі айтпасаң да менім ішім.  
Қайғылы қапалықпен жүр екенсіз,  
Қарасам, һәр алуан һәрбірісің.

Жас бала, артық екен сәулетіңіз,  
Сөз айтар бар ма бізге нәубетіңіз.  
Жасың бар он жетіге жаңа келген,  
Қарасам, жаннан артық сипатыңыз.

Сұрасаң, ақын Шорман — менің атым,  
Бәріңнің жұрттан бөлек салтанатың.  
Жол болсын деп сұраймын, меймандарым,  
Боласыз қай рудан, азаматым?

810 Сөйлейді сонда жауап Дотан бала,  
Нәсілін артық қылған Хақ Тағала.  
— Көңілімде һәр алуан жұмысым бар,  
Айтайын, сіз сұрасаң, жаным аға.

Жерім атын сұрасаң Сарығу-ды,  
Қайғымен көзім жасы бетім жуды.  
Басымызға іс түсіп сапар жүрдік,  
Шыққалы елімізден жеті жыл-ды.

820 Әкем атын сұрасаң Құбақанбай,  
Тілегін артық берген Жаппар Құдай.  
Қырық қатын әкеміз алған екен,  
Жиһанда төрт түліктің бәрі де сай.

Әкеміз бай болыпты жасынан-ақ,  
Құдайым дәулет берген басынан-ақ.  
Әкеміз сегіз сарай үй салдырып,  
Астына мінген [екен] алтыннан тақ.

Бір күні тақта жатып түс көріпті,  
Түсінде сұлу көркем қыз көріпті.  
Сипаты жаннан артық бір қыз көріп,  
Мұны қайдан табам деп күш көріпті.

830 Қырмызы қызыл жібек айтса жүзін,  
Құлақпен есіткендей айтқан сөзін.  
Шынтемір хан кенжесі жалғыз қызы,  
Күнікей деп айтады оның өзін.

Әкеміз көрген түсін бізге айтты,  
Сөзін бізге айтқан соң қайта жатты.  
Соны іздеп табыңдар деді бізге,  
Әкеме қайғы дерті жаман батты.

840 Сонан соң талап қылдық ізденуге,  
Аралап жер шаршысын кезденуге.  
Ағалардан нешбіреу ермеген соң,  
Мыналар жолдас болды сонда бізге.

Жеті жыл мен шыққалы болған екен,  
Көңіліме қапа-қайғы толған екен.  
Даңқыңды сыртыңыздан естіп алып,  
Үйіңе меймандарың келген екен.

Жасым бар он жетіге жаңа келген.  
Тар жолда Ғайып пірім медет берген.  
Тай еді мінгенімде Қаракөгім  
Ішінен он мың жылқы таңлап мінген.

850 Келеміз сонан бері арып-ашып,  
Айдады бері қарай тағам нәсіп.  
Шаһарыңа есен-аман келгеннен соң,  
Отырмын алғандай боп көңілім тасып.

Нелер қиын таулардан асып келдім,  
Адам баспас жерлерні басып келдім.  
Он жасымнан көргенім — жол бейнеті,  
Азып-тозып қуатым қашып келдім.

Бүгін мен келіп түстім өзіңізге,  
Хабар айт патша менен биіңізге.  
Ертең тұрып, бүрсікүн жауабың бер,  
860 Тынығып біз келгенше күйімізге.

Айдаған бізді бұлай Құдай ісі,  
Арада тынбай жүрдік жазы-қысы.  
Жеті жылдық жолыңды іздегенім,  
Әкемнің қайғы болды іші-тысы.

Осы еді жұмысымыз, Шорман аға,  
Тайынан Қаракөкке салдым таға.  
Жеті жыл азып-тозып жүргеннен соң,  
Қалмады ініңізде титтей баға.  
Патшаңыз ардақтаған Күнікейін,  
870 Қолынан разы боп берсін бізге.

Сөз айтар ақын Шорман оған қарай:  
— Бұл жерге айдап келді Жаппар Құдай.  
Көңіліме қатты тиді айтқан сөзің,  
Шырағым, Күнікей деген сөзің қалай?

Сөзіңнің артық көрдім затын, сірә,  
Қолыңда бар ма жазған хатың, сірә.  
Ұшып келген Сарығудан тоты құстай,  
Бар ма еді Күнікейде ақың, сірә.

Арада жеті жылдай жол жүріпсің,  
880 Тоқтамай күні-түні мол жүріпсің.  
Не де болса, Күнікеймен өзің сөйлес,  
Сөйлесіп армансыз боп көңілің тынсын.

Ой ойлар неше түрлі ақын Шорман,  
Болмайды бәрі тегіс көңілге алған.  
Тез келіп меймандарға көрінсін деп,  
Ағасы Күнікейге кісі салған.

Күнікей шақырған соң келе жатыр,  
Күйме мініп, қолға алып алтын шатыр.

Күнікей жарқ-жұрқ [етіп] кіріп келсе,  
890 Қайран боп қарап тұрды өңшең батыр.

Сәулетпен келе жатыр нөкерімен,  
Дүниенің өкінерсің бекерінен.  
Қырық қыздың ішінде Күнікейің  
Жалтырап маңлайынан күн көрінген.

Күнікей жүдеп жүрген ала жаздай,  
Сол елде жалғыз басты көптен аздай.  
Күймеден түсті дағы үйге кірді,  
Қойқандап көлге қонған қоңыр қаздай.

*Әлқисса, Күнікейдің алдынан Шорман ағасы келді, сонда  
Күнікейдің ағасына айтқаны:*

Жан аға, амансыз ба, данышпаным,  
900 Һәрқашан дұшпан келсе алысқаным.  
Топқа һеш мені, сірә, шақырмаушы ең  
Састың ба бір нәрседен, арыстаным?!

Қырғи құс торғай ілер көкте жүріп,  
Жақсы адам іс бітірер ептеп жүріп.  
Жақсы мейман келгендей қуаныпсыз,  
Алдымнан шыға келдің зыр жүгіріп.

Басқамен менің, сірә, ісім бар ма,  
Қараңғы үйді жарық қылар түсім бар ма?!  
Дауысы бір түйғынның шаңқылдайды,  
910 Жан аға, бұл үйіңде кісің бар ма?

Жағалай өзен-суға бітер құрақ,  
Кімдікі мынау тұрған қару-жарақ?  
Бұрын өзім көрмеген істер көріп,  
Жан аға, соның үшін тұрмын сұрап.

Қыз едім, еркек емес менім өзім,  
Сарғайған сәнаменен қызыл жүзім.  
Осынша топ ішіне шақырыпсыз,  
Бар еді маған айтар қандай сөзің?

Сөйлейді сонда ағасы жауап беріп:  
920 — Шырағым, шақырған соң тұрсыз келіп,  
Не қыларын мұнан былай Алла білер,  
Міне тұр, тілеуіңді Құдай беріп.

Бір түсті маған келіп айтып едің,  
Асығып айта салып қайтып едің.  
Шырағым көрген түсі келер ме деп,  
Ескеріп сонан бері байқап едім.

Жалтырап сауытымен келген екен,  
Бір саған іңкәр болып жүрген екен.  
Өзі қалмақ, кешегі Жазира итті  
930 Бұлар да сырттан сұрап білген екен.

Қарағым Күнікейжан, ақылың артық,  
Жүруші ем қу қалмақтан ішім қорқып.  
Ер Дотан өзің айтқан іздеп келді,  
Біле бер ендігісін ақыл тоқып.

Келтірді сау-саламат жалғыз Алла,  
Жүрген соң медет беріп шыбын жанға.  
Шырағым, көргеннен соң үйіңе қайт,  
Жүрмелік күлкі болып көп дұшпанға.

Дұшпаным осы күнде толып жатыр,  
940 Келіпті сізді іздеп бір өңшең батыр.  
Данышпан ақылы артық адам екен,  
Ұнатсаң, мен беруге қылдым ақыл.

Күнікей мына сөзге қуанады,  
Ағасы айтқан сөзін құп алады.  
Баланы көргеннен соң тамаша қып,  
Тез қайтып өз үйіне жөнеледі.

Үйіне келіп кірді Күнікей қыз,  
«Жазира, енді менен үмітіңді үз».  
Бір арғымақ құдайы қып бауыздады,  
950 «Құдай-а, қоса көр, — деп, — балаға тез».

Құдайға бір арғымақ шалып сойды,  
Баланың дидарына көңілі тойды.  
Алтын сарай қазына, ішіктерін,  
Бәрін де қуанғаннан ашып қойды.

Көрінді тіпті жақсы қызға бұл іс,  
Күнікей енді алмады бір дем-тыныс.  
«Құдай-а, бұл балаға қоса көр» деп,  
Ғаріптерге үлестірді алтын-күміс.

960 Құдай-ау, бөгеу берме қызыл тілге,  
Кез келді алты кісі рулы елге.  
Қызды көріп, бұлар да қуанады,  
«Бір Құдай, медет бер, — деп, — біздей ерге».

Қызды көріп жөнелді ханға бөрі,  
Дотанның табылған соң теңі-жары.  
Хан үйіне «сөйлес» деп жетіп барды,  
Көңілінде Күнікей боп ынтызары.

970 Сөйлес қылып қақпада тұра қалды,  
Көрген адам бұларға қайран қалды.  
— Алыс жолдан біз келген меймандармыз,  
Қонамыз, — деп патшаға хабар салды.

«Қонсын» деп мейман үйге кіргізеді,  
Алдына қызметкерлер жүргізеді.  
Астына кілем жайып, көрпе төсеп,  
Неше түрлі тағамдар бергізеді.

Жатады мейман болып ол үйіне,  
Бұлар да түсіп жүрген зар күйіне.  
«Меймандар қайсы жұрттың адамы екен,  
Біліп кел» деп бұйырды бір биіне.

980 Ол биі жетіп келіп сөз сұрайды,  
Мейман жайын білуге тез сұрайды.  
«Қай жерлік, қайсы жұрттың адамысыз,  
Баян қыл мәні-жайың?!», — деп сұрайды.

Әлқисса, сол халде Шынтемірханның Бақтияр деген ақыны бар екен, сол домбырасын қолға алып, «оларның жайын мен білемін» деп сөйлегені бұ тұрұр:

— Ей, ханым, мен сөйлейін, тыңласаңыз,  
Тыңлаңыз, алыс жерді болжасаңыз.  
Бар екен Құбақанбай күншығыста,  
Айтайын бізге ашу қылмасаңыз.

Жолы бар жеті жылдық жері шалғай,  
Атасы қызы-ұлының Құбақанбай.  
Тоғыз қатын бір өзі алған екен,  
990 Беріпті және қырық қыз Жаппар Құдай.

Өзінің Құдай берген дәулеті мол,  
Жан-жағы елсіз болар жеті айлық жол.  
Ғәммасын, мәні-жайын білгеннен соң,  
Баян қып алдыңызға айтқаным сол.

Ұйықтапты бір күн өзі тақта жатып,  
Құдайым түс көрсеткен таңырқатып.  
Түсінде бір сарайға кіріп барып,  
Аралап көп қызыққа қалған батып.

Түсінде ол сарайға кірген екен,  
1000 Сарайда Күнікейні көрген екен.  
Түсінде қызыңызға ғашық болып,  
Құдайым қатты қайғы берген екен.

Құбақан сол түсінен оянады,  
Бұ түсім қалай түс деп ойға алады.  
Түсінде Күнікейге ғашық болып,  
Ішіне жаман қатты қайғы алады.

Түсінде қызың жөнін айтып берген,  
Түсінде бөрің мұның қайтіп көрген?!  
Жас бала атасы үшін келген іздеп,  
1010 Қасында бес кісі бар жолдасқа ерген.



Арада жеті жылдай жүрген екен,  
Атасы хатқа жазып берген екен.  
Тақсыр-ау, кесіп алсаң, міне басым,  
Алмаққа қызыңызны келген екен.

Мұны есітіп хан орнынан түрегелді,  
Меймандарын көрмекке жүреді енді.  
Қандай жандар екенін білейін деп,  
Үстіне меймандардың кіріп келді.

1020 Келді де Шынтемірхан сөз сөйлейді,  
Отырып тізе бүкпей тез сөйлейді.  
— Жұмысың қиын көңіліңе алған, жарқын балам,  
Келмейді қолымыздан, — деп сөйлейді.

Айтайын, келмейтұғын жайын, — дейді,  
Қылғалы келіп пе едің қайын, — дейді.  
Жазира атты қалмақның ханы шығып,  
Жау болды бізге осы дәйін, — дейді.

1030 Аттанып мың сан қолмен келді бізге,  
Жарқыным, құлағың сал мына сөзге.  
Күнікейді бермесең, шабам деді,  
Сөзім жоқ айтатын мұнан өзге.

Оған бізнің халіміз келмес болды,  
Қанша айтсақ өзге іске көнбес болды.  
Күнікейді бермесең, шабамын деп,  
Айнала қамап алды оң мен солды.

Қорыққан соң Күнікейді бермек болдық,  
Жұрт үшін бір баланы құрбан қылдық.  
Берелік Күнікейді, қайтыңыз деп,  
Қайтып келіп алғыл деп сөзді түйдік.

1040 Жазира сонан кейін қайтып кетті,  
Уағада келемін деп айтып кетті.  
Жазираны өлтірсең, қызды аласың,  
Мінеки, тыңласаңыз бізнің кепті.

Әліміз біздің, сірә, келмейді оған,  
 Жау қалмақ [алмай қоймас], өзі жаман.  
 Жазираны өлтіріп ала алмасаң,  
 Айтатұғын сөзім жоқ енді саған.

Бұл сөзді мақұл көрді сонда бала,  
 Көңілін һеш нәрсеге қылмайды ала.  
 Жазираны өлтіріп берейін деп,  
 1050 Сауытын киіп алды тұра сала.

*Дотанның ханға айтқан жауабы:*

— Тақсыр хан, уағадаңнан жаңылмағыл,  
 Жазира алады деп қам қылмағыл.  
 Жазира өлгеннен соң қызың бермей,  
 Қалаңды бекер-босқа шаң қылмағыл.

Калмаққа жүрмек болды төуекел деп,  
 Оңласа Жаппар Алла, алайын деп.  
 Патшаның Телқоңырын жетекке алды,  
 Алдыңа басын ап кеп салайын деп.

Алмады жалғыз жолдас осы бала,  
 1060 Оңласын ердің жолын Хақ Тағала.  
 Ер Дотан «иә, Алла» деп түсті жолға,  
 Айдады Жаппар Алла, бар ма шара.

Сауыт киіп, садағын қолына алды,  
 Алланы мінәжат қып көңіліне алды.  
 Жалғыз барып қалмақпен соғыспаққа  
 Бастарын қос тұлпардың жолға салды.

Жалғыз кетті жас бала,  
 Бір Құдайға жалбарып  
 Қылады күнде көп нала,  
 1070 — Бағымды, Құдай, ашқыл, — деп,  
 Дұшпанның көңілін басқыл, — деп,  
 Айтады күнде мың сана.  
 Талап қылдым қалмаққа,

Шаһарын бұзып алмаққа,  
Жаратқан Тәңірім, бол пана.

- Жөнөді бала, жөнөді,  
Шәкпір ұрып келеді,  
Құдайға бөнде болғансын,  
Не салса да көнеді.
- 1080 Тоғыз күн ұдай жол жүріп,  
Аз ғана емес, мол жүріп,  
Қалмақтың шаһарын көреді.  
Құбыладан соққан борандай  
Қос тұлпардың тозаңын  
Бұрқыратып келеді.  
Шаһардың күндік жерінде  
Тоғыз кісі аң аулап,  
Қарауылда жүреді.  
Келе жатқан жас бала
- 1090 Бұларға жетіп келеді,  
Бірін-бірі көреді,  
Жолын сұрай береді.

- Сонда бала сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
— Менің өзім баламын,  
Оттай қаулап жанамын,  
Жасымнан қайғы көргенім,  
Ішім толған сәнамын.
- 1100 Ханыңа барып сәлем айт,  
Алла маған жар болса,  
Басын кесіп аламын,  
Жұртыңа бүлік саламын.  
Іздегенім шәджағат,  
Мұсылманға панамын.

Сонда бұлар сөйлейді:  
— Тұра түр енді сіз, — дейді,  
Баралық елге біз, — дейді.  
Жапа-жалғыз жас бала,  
Майданды неге іздейді?!

- 1110 Бала тұра қалады.  
Олар шауып желбіреп  
Ханына жетіп барады.
- Кіріп барып ханына  
Енді сөйлей береді,  
Тоғызының ішінен  
Біреуі жауап береді:  
— Келді жалғыз бір бала,  
Он сегізде жасы бар.  
Мен байқасам, баланың
- 1120 Мың кісілік басы бар.  
Қол астындағы еліңнен  
Бір кісі шықпас оған пар.  
Қаңтарда жауған бұлттай  
Заһарлы суық түсі бар.  
Іздеп келді өзіңді,  
Соғысатұғын ісі бар.  
Бұл жұрттан бөлек тұрпаты,  
Сан кісілік күші бар.
- Мұны есітіп Жазира,  
1130 Жұртына хүкім қылады,  
Батырларын жиып ап,  
Қайраттарын сынады.  
— Алдынан жылдам бар, — дейді,  
Үлкен майдан сал, — дейді.  
Жалғыз жүрген жан болса,  
Басын кесіп ал, — дейді.  
Бес жүз кісі аттанды,  
Хан Жазира шаттанды,  
«Алып кел, — деп, — дұшпанды»,
- 1140 Үйде отырып мақтанды,  
«Ажал айдап бұл жүрген  
Не қылған жалғыз адам» деп,  
Жазира қалмақ саптанды.
- Бес жүз кісі барады,  
Барып қалмақ көреді,

- Жалғыз тұрған баланың  
Жан-жағын қоршап алады.  
Қамаған жауды көрген соң,  
Аллаға қылып мінәжат,
- 1150 Тұлпарға қамшы салады.  
Ақырды күндей күркіреп,  
Қабағынан қар жауып,  
Кірпігіне мұз тоңып,  
Жауған күндей сіркіреп,  
Алла деп енді ат қойды.  
Ол шетінен кіреді,  
Бұл шетінен шығады.  
Қойға кірді бір бөрі,  
Бөріктіріп ақырды,
- 1160 Бір баланың көрінен  
Шыдай алмай көп қалмақ  
Үріккен қойдай қашады.  
Тұлпарға қамшы басады,  
Қайраты судай тасады.  
Кез келгенін қырады,  
Қылышпенен ұрады,  
Қалмақтар жаман сасады.  
Жас баланың аруағы  
Қалмақтың үстін басады.
- 1170 Толып жатқан қалмақтың  
Қанын судай шашады.  
Аттанып келген қалмақтың  
Қырғыннан аман қалғаны  
Қалаға қарай қашады.  
Қашып барды ханына,  
Жәбір тиіп жанына,  
Ханына арыз қыла алмай,  
Тақат қылып тұра алмай,  
Қашып кірді тамына.
- 1180 Мұны көріп қалмақтар  
Ханына жетіп барады,  
— Бір пәле келді, тақсыр, — деп,  
Алдына басын салады, —

- Ойран қылып барады, —  
 Дейді, — шаһар-қаланы.  
 Мұны есітіп Жазира  
 Қорқады жаман сандалып.  
 Хабар салып шаһарына,  
 Мінді атына қамданып.
- 1190 Қалмақтар жаман қорқады  
 Ол балаға таңланып.  
 Атына мініп Жазира,  
 Балаға жетіп келеді,  
 Іркілмей саспай паңланып.

*Сонда қалмақтың балаға айтқаны:*

- Ай, балам, ажал айдап келді сені,  
 Хан Жазира деп айтұр, білсең мені.  
 Ажалыңа асық боп жүр екенсің,  
 Көрерсің көп теперіш тұрсаң әлі.
- 1200 Ай, балам, кім болады атың сенің,  
 Қайсы жұрттан болады затың сенің?  
 Ажал айдап келтірген сорлы балам,  
 Қолыңда бар ма белгі хатың сенің?
- Жазира мына сөзге ашуланды,  
 Шыдамай ашуынан оттай жанды.  
 «Ай, бала, кезек беріп мықты бол» деп,  
 Садағын атайын деп қолына алды.
- Садағын тартып қалды, кезеп тұрып,  
 Ер Дотан қарап тұрды кезек беріп.  
 Тасқа тиген оқтай боп тайып шықты,  
 1210 Тақсыр Қызыр тоқтатты қалқан болып.
- Оқ түсті тақсыр Қызыр қалқан болып,  
 Оқ өтпей қалмақ тұрды көңілі солып.  
 Ер Дотан қол қояды садағына,  
 Қалмаққа сөз сөйлейді сонда тұрып:

— Ай, қалмақ, ажалыңыз енді келді,  
Аузыңа қаратыпсың тамам елді.  
Мұны айтып садағымен тартып қалды,  
Кірістен өтіп алып оқ жөнелді.

1220 Қалмаққа қақ жүректен тиді барып,  
Оқ кетті қалқан, сауыт қабат жарып.  
Жиылған көп қалмақтар батпай қалды,  
Тіке қайта жөнелді басты алып.

Қайтадан Дотан жөнелді,  
Басты байлап жанына,  
Бұрқыратып келеді.  
Бір жерлерге келгенде  
Телқоңырға мінеді.  
Шынтемірден шыққанға  
Сонда он күн боп еді.

1230 Кезек-кезек мінеді  
Екі тұлпар атына,  
Намаз оқып, дем алды  
Бір таудың келіп шатына.  
Онан тағы жөнелді,  
Қарамады артына,  
Дәл он бес күн болғанда  
Жетіп келді Ер Дотан  
Мұнара қорған сатыға.

1240 Сол жерлерге келгенде  
Ел қарасын көреді,  
Мұнара қорған дейтұғын  
Қарауыл пана жер еді,  
Күнікей сұлу сол халде  
Сарайдың шығып үстіне,  
Жолына қарап жүр еді.  
Әне-міне дегенше,  
Ашып көзді жұмғанша,  
Ұйытқып саулап келеді.

- Жазира көпір қалмақтың  
1250 Басын әкеп салады.  
Жасауылдар, билері  
Жазираның басыны  
Ханға алып барады.  
Шынтемірхан ал сонда  
Басны алып көреді,  
Басны көріп таниды,  
Дотанға жетіп келеді,  
Келіп сөйлей береді:  
— Қуанып кеттім, шырағым,  
1260 Өзіңді аман көрген соң.  
Дұшпаным жау қалмақтың  
Басын әкеп берген соң.  
Басын танып білген соң,  
Ай, қарағым, Дотанжан,  
Елі-жұртым жияйын,  
Тамаша тойлар қылайын,  
Анық батыр екенсіз,  
Тағы да бір сынайын.  
Тауып келсең сонымны,  
1270 Қызымны саған берейін.

- Сонда Дотан сөйлейді:  
— Шынтемірхан сіз болсаң,  
Құлақ салғыл сөзіме,  
Дұшпаныңа жіберіп,  
Уәде қылдың өзіме.  
Сіздей әділ жандарның  
Уәдесі жалған болғаны  
Дұрыс па екен өзіңе?!  
Құлақ салғым келеді  
1280 Уағданың түзік тезіне.

Сонда ханың сөйлейді:  
— Уағдамды бұзбаймын,  
Бір уағда қылғансын,  
Ғеш нәрсеге қызбаймын.  
Жүз байтал маған тауып бер,



Қалың малы сол болсын,  
Онан ары созбаймын.

- Бұ сөзні естіп Ер Дотан  
Жолдастарға келеді.
- 1290 Шынтемірханның жауабын  
Айтып сөйлеп береді.  
Жүз байтал сатып апкел деп,  
Бір қоржын басы алтынды  
Қолдарына береді.  
Жолдастары жүгіріп  
Базарға жетіп барады,  
Жүз байталды бір жерден  
Сауда қылып алады.
- 1300 Ханына айдап барады,  
Жүз байталды апарып,  
Хан алдына салады.  
Жылқыны көріп Шынтемір  
Елі-жұртын жияды,  
Екеуін де бітірді,  
Екі қайта сынады.  
Һәр түліктен мал сойып,  
Енді тойын қылады.  
Қызын неках қылмаққа  
Дотан сынды батырға
- 1310 Ақылына сияды.
- Жаратқан барша жанды Құдайым-ды,  
Жамандар көп ойлайды уайымды.  
Той қылып Шынтемір хан гулеп жатыр,  
Болады бір бұзықтан сөз дайын-ды.
- Той қылып Шынтемір хан гулеп жатыр,  
Жиылды тамашаға өңшең батыр.  
Бар екен ханның биі Орман деген,  
Тойына шақырған соң келе жатыр.
- Отырды хан қасында дардай болып,  
1320 Шөктірген жота жерге нардай болып.

Аздырмаққа ол ханды ой қылады,  
Сөз аңдыған ұрғашы қарыдай боп.

Оңашаға ол ханды шақырады,  
Есітуге бидің сөзін хан тұрады.  
«Жалғыз жүрген жолаушыға қыз берме» деп,  
Патшаны шайтан болып азғырады.

— Ай, тақсыр, ой ойламай неге састың,  
Малыңды неге сойып бекер шаштың?  
Алдалық амалменен ол баланы,  
1330 Ұят-ты қыз алғаны жалғыз бастың.

Жалғыз басқа қыз берме, тақсыр ханым,  
Қызың берсең, бұл жұртқа кетер сәнің.  
Жүз байталға қызыңны неге саттың?  
Атасы хан болмаған, білсең, оның.

Патшаңыз мына сөзге тоқталады,  
Бұзуға уағдасын оқталады.

— Кім аты озса, қызны алады деп,  
Балаға Шынтемірхан сөз салады.

— Той болған соң ат шаппай жараспайды,  
1340 Жақсыға жаман кісі жанаспайды.  
Аты қалса, қызымнан құр қалғаны, —  
Деп Шынтемір тағы да сөз бастайды.

— Бұл сөзің, — Дотан бала, — жарар, — дейді,  
Не айтсаң да бәрі аузыңа қарар, — дейді.  
Бәрекелді, ат шаппақ жақсы кеп деп,  
Ер Дотан мақұл көріп, барам, — дейді.

Патшамыз уағдасынан неге тайған?!  
Қорқытып Жазира хан жүрек шайған.  
Уағдасынан патшаның тайғаны сол,  
1350 Аты озған алсын деп жауап айған.

Дотан бала патшаға кісі салды,  
Қаракөкті егерлеп мініп алды.  
— Аты озған жан қызыңны алмақ болса,  
Шығар, — деп, — бөйгі атыңды, — айғай салды.

Бұл сөзді хан есітті хабар барып,  
Ат жиды хан еліне қаһар салып.  
«Екі қонып, үшінші күн қайтыңыз» деп,  
Айдады үш жүз тұлпар жиып алып.

1360 Тартады үшінші күн аттың басын,  
Сөзіме тыңлаған жан таңырқасын.  
Ер Дотан Қаракөкке өзі мінді,  
Көрінді үш жүз аттан күші басым.

Ат қайтты Сарыжазықтан шұбатылып,  
Жалғызға қылсын Алла жәрдемшілік.  
Сан қолдан жеке-дара озып кетті,  
Дотанның Қаракөгі жалғыз шығып.

1370 Аруағы Ер Дотанның асады енді,  
Қамшыны Қаракөкке басады енді.  
Сан қолдан жалғыз келген көк тұлпарды  
Көргенсін Шынтемір хан сасады енді.

Көк тұлпар үш жүз аттан жеке келді,  
Бар Құдай бейшараға медет қылды.  
Құдайға шүкір қылды Дотан бала,  
Қорқытты ханы түгіл, бүкіл елді.

Қаракөк үш жүз аттан жеке келіп,  
Отырды жолаушылар көңілі тынып.  
Аты озып Ер Дотанның алды бөйгі,  
Аты қалып хан отыр сағы сынып.

1380 Тағы да ханға Дотан кісі салды,  
Жіберді тау көтерген батыр шалды.  
— Уағдасымен тез енді қызын берсін,  
Бермейтін Күнікейні несі қалды?!

Уағдасын хан енді  
Қайта-қайта бұзбасын.  
Азғырылып һәркімге,  
Жел сөздерге қызбасын.  
Берсін қызын тез енді,  
Уағда қылған сөзімен  
Бекер қаңғып қозбасын.

- 1390 Хан айтты: — Бір бөйгі бар, бөйгі күрес,  
Орынсыз, бекер сіздер қылма егес.  
Бөйгі тігіп бір палуан тұрғызалық,  
Ерлерге асығыстық мақұл емес.

Саған бермей қызымды не қыламын,  
Қыз бермекке ел жиып той қыламын.  
Хан тойы деп айтады мұның өзін,  
Қылалық көп тамаша енді, жаным.

- 1400 Көрерсіз көп тамаша, һәр ойындар,  
Тамашаға келіп тұр көп адамдар.  
Палуан күрес қылалық бөйгі тігіп,  
Жарыссын онан кейін жаяу жандар.

Күрессін екі жақтан палуандар,  
Көрсетсін һәрбір өнер алуандар.  
Көрелік палуандарның тамашасын,  
Қарасын тамашаға тірі жандар.

Ер Дотан мақұл дейді хан сөзіне,  
— Не десең де көнемін, хан, өзіңе.  
Уағдаңны қайта-қайта бұза беріп,  
Күйе жағып жүрмесін, хан, жүзіңе.

- 1410 Хан шығарды палуанын батыр Барақ,  
Жиылған күллі шаһар тұрды қарап.  
Шығыпты Таусалмақтағыш енді бұған,  
Келеді күреспекке қылып талап.

Күресті екі күндей екі палуан,  
Көрсетті түрлі өнер алуан-алуан.  
Тілеуі Ер Дотанның дұрыс болып,  
Барақты көтеріп ап жыға салған.

1420 Балуаны Шынтемірхан жығылады,  
Балшыққа басы барып тығылады.  
Жаяу бөйгі қылғаннан оза алмасақ,  
Тамам жұрт бір-біріне соғылады.

Қылады жаяу жарыс мұнан кейін,  
Жеңілсек не болар деп үшке дейін.  
Бір кемпірді шығарды Шынтемірхан,  
Азырақ жаяулардан сөз сөйлейін.

Шығарды Желаяқты батыр Дотан,  
Медет тілеп тұрады бір Құдадан.  
Екі етекті беліне түріп алып,  
Екеуі үш күншілік жерге барған.

1430 Екеуі үш күншілік жерге барды,  
Отырып бір арада демін алды.  
— Ай, шешеке, мен қатты шөлдедім деп,  
Желаяқ қу кемпірге айтып салды.

— Шөлдесең, міне, сусын, ай, қарағым,  
Даярлап қолына алды ақ арағын.  
Жаяуға жеңіл болар бұл, ай, шырағым,  
Жан қалтамда бар еді ақ шалабым.

1440 Құлығы қу кемпірдің асады енді,  
Арақ ішіп Желаяқ сасады енді.  
Желаяқ мас болып бір қалған жерде  
Қу кемпір елге қарап қашады енді.

Бір күн, бір түн жөнелді кемпір қашып,  
Желаяқты қалыпты қара басып.  
Желаяқ бір күннен соң есін жиып,  
Қарады төңірекке көзін ашып.

Қараса, қу кемпір жоқ, кетіп қалған,  
Күн көтеріліп сәскеге жетіп қалған.  
Екі етегін беліне түріп алып,  
Артынан «иә, Алла» деп бұ да салған.

1450 Екі етегін түріп ап жүріп кетті,  
Жүрген ізін кемпірдің көріп кетті.  
Бір күн, бір түн алдынан бұрын кеткен  
Кемпірді дәл бесінде қуып жетті.

Бір уыс топырақты қолына алды,  
Қасына қу кемпірнің жақын барды.  
«Жеттің бе, шырағым» деп жалт қараса,  
Көзіне топырақты құя салды.

Кемпір қалды көзіне топырақ кіріп,  
Желаяқ кетіп қалды зыр жүгіріп.  
1460 Желаяқ тап сол күні күн батпастан  
Отырды демін алып елге келіп.

Сонда хан мұны көріп қайғыланды,  
Үшке шейін қалған соң назаланды.  
Таң атып ертең сәске болғанында  
Тырбаңдап сорлы кемпір зорға келді.

Хан тағы жарлық қылды жұртын жиып,  
Екі жұрт бір қыз үшін жанын қиып.  
Жамбы аттырам деп сонда бөйгі қылып,  
Бір қарағай орнатты тіптен биік.

1470 Ол жерге тағы келді ел жиылып,  
Құдаға бір қыз үшін көп сиынып.  
Қалтаға ат басындай алтын салып,  
Қарағайның басына қойды іліп.

Алтынды қарағайға асады енді,  
Мергендер мылтықтарын басады енді.  
Оқ тиіп біреуміз өлерміз деп,  
Қорқақтар быт-шыт болып қашады енді.

- Атады талай мерген мылтық алып,  
Барады талайының көңілі қалып.  
1480 Үш жүз мерген жиыпты Шынтемірхан,  
Тамам жұрт қарап тұрды көзін салып.

Барады Аққуатқан оған таман,  
— Мергендер, келмеді ме бұған шамаң?  
Бәрің де түсіре алмай шаршадыңдар,  
Азырақ сабыр қылып, берші маған.

Атып болсаң, бәрің де былай тұрғыл,  
Сіздер менің өнерімді сынай тұрғыл.  
Жамбыны бір атқаннан мен түсірсем,  
Ыза болып бәрің де жылай тұрғыл.

- 1490 Сұрмерген келе жатыр мылтық алып,  
Кезек берді баршасы қарай қалып.  
Көздеп тұрып мылтықты басып еді,  
Оғы кетті жамбыны жұлып алып.

Жаратқан барша жанды Жаппар Алла,  
Һәрқашан жалғыздарға болғай пана.  
Жамбыны бүгін түсте атып еді,  
Түседі қайта айланып сол уағында.

- Кешегі атқан жамбысы бүгін келді,  
Барша жұрт мұны көріп қайран болды.  
1500 Бәйгіні төртке дейін алғаннан соң,  
Сандалып Шынтемірхан қайғыланды.

Сонда елін Шынтемірхан жиып алды,  
Ұлық-кішік бәріне ақыл салды.  
Басындағы азғырып ақыл айтқан  
Қасына Орман дейтін биін алды.

— Би едің, өзің қазы, ақылың дана,  
Қорқытты ғой мені енді осы бала.  
Отыз күндей тоқтаттым амалменен,  
Бір ақылды тапсаңшы тағы жаңа.

1510 Орман би сөз сөйледі сабыр қылып,  
Сасқанын Шынтемірнің анық біліп:  
— Баста күдер үзгізбей, бермеймін деп,  
Несіне енді маған тұрсыз келіп?!

Падиша айрылыпсыз дана сөзден,  
Осынша сасып тұрмақ өзіңізден.  
Беремін деп қызыңны уағда қылмай,  
Неге ақыл сұрамадың бұрын бізден?

Айтайын бір ақылды енді сізге,  
Бұл бала бөле болды осы кезде.  
1520 Күнікейді бір жаққа қашыралық,  
Таппаған боп қаралық өзіміз де.

Қырық жігіт алып кетсін түнде барып,  
Сандықпенен арбаға салып алып.  
Қайда кетіп қалғанын қайдан білсін,  
Таппаған боп қаралық ертіп алып.

Хан сонда мына сөзді мақұл көрді,  
Жиылып сарайдағы қызға келді.  
Ұйықтап жатқан жерінде оятпастан,  
Күнікейді сандыққа салады енді.

1530 Сандықның тас бекітіп аузын жапты,  
Сандықты әкеп арбаға таңып апты.  
Қашқалы жатқанында Жертыңлаушы  
Бәрін де осыларның естіп қапты.

Тың тыңлаушы саққұлақ бәрін білді,  
Білгенсін жай отырып өзі күлді.  
Бұларның істеп жатқан әрекетін  
Қасында жолдастарға баян қылды.

— Мынау ел бір өңгіме ойлап жатыр,  
Арба жегіп аттарын сайлап жатыр.  
1540 Күнікейді сандыққа салып алып,  
Ол сандықны арбаға байлап жатыр.



Осы күні жүріп кетті маған нансаң,  
Біздернің есіткенімізні қайдан білсін.  
Білгенімді мен сізге баян қылдым,  
Ер Дотан айналайын, көңлің тынсын.

Ер Дотан құлақ салды тыңлап тұрып,  
Хан бұзды уәдесін Құдай ұрып.  
— Соғыс қылып шаһарды қиратам, — деп,  
Дотан тұра жөнелді атқа ұмтылып.

- 1550 Ер Дотан қаһарланып ақырады,  
Қасына жолдастарын шақырады.  
Көзбайлаушы алдына жетіп келіп,  
Неге қапа болдың деп сөз сұрады.

Ер Дотан сөйлемеді ашу қысып,  
Жолдастың бөрі келді жүгірісіп.  
— Көзін байлап тал түсте ап келем, — деп,  
Жолдастарға айтады басын қосып.

- Барайын дұға оқып қашқандарға,  
Өз-өзінен жалбырап сасқандарға.  
1560 Алтауымыз алты мыңдық адамдармыз,  
Құтылмас ұшып кетпей аспандарға.

Қашқандарға [жетейін] түнде барып,  
Келейін сандығымен ұрлап алып.  
Өздері онан ары кете берсін,  
Аттарына арбасын байлап алып.

Мұны айтып Көзбайлаушы жолға түсті,  
Не қылмас құдіретті Құдай күшті.  
Күнікейді түнде барып тауып алды,  
Ғеш адам біле алмады мынау істі.

- 1570 Көздерін қашқандарның байлай салды,  
Сандықпен Күнікейді ұрлап алды.  
Күнікейді Көзбайлаушы алып қайтты,  
Ол жерде һешбір адам білмей қалды.

Көздерін дұғаменен байлап кетті,  
Аттарын арба салған айдап кетті.  
Күнікейден айырылып қара басып,  
Сорлары байғұстарның қайнап кетті.

1580 Пәлені қашқандарға салып келді,  
Бір түнде талай жерді шауып келді.  
Түнде кетіп, тал түсте Көзбайлаушы  
Өңгеріп Күнікейді алып келді.

Амалы Көзбайлаушы асады енді,  
Келген соң тез аттанып қашады енді.  
Үш күн, үш түн жүрген соң бір жерге кеп,  
Сандықның аузын бұрап ашады енді.

1590 Сандықтан қыз Күнікей түрегелді,  
Батырды Дотан сынды көзі көрді.  
Күнікей түрегеліп тағзым қылды,  
Құдай тілек бергенін енді білді.  
Күнікей Телқоңырға мініп алып,  
Батырлар елге қарай желдей желді.

Жетеуі, «иә, Алла» деп аяңдады,  
Жүруден күндіз-түні аянбады.  
Алты жыл дамыл алмай жүріп келді,  
Бір жерде үш ай жатып аялдады.

Алтауы сол арада ақылдасты,  
Айтқанын бір-бірінің мақұлдасты.  
«Кемпірге қандай хайла қыламыз?» деп,  
Кемпірден енді бұлар жаман састы.

1600 Енді тағы ол жерден бір жыл жүрді,  
Құдай оңлап еліне жақын келді.  
«Жалмауызға бір хайла қылыңыз» деп,  
Ер Дотан жолдастарын жібермеді.

Күнікей білмейді екен кемпір барын,  
Әбден ұғып біледі соның бәрін.

— Құдай қосқан қосағым, батыр Дотан,  
Болды ма енді менің айрыларым?!

Күнікей мұны айтып қылады зар,  
Деуші едім Құдай қосып жолықтым пар.  
1610 Жалмауызға қылатын хайла жоқ па,  
Бәрқайсың мың кісілік өнерің бар.

Ер Дотан қайраттанды мына сөзге,  
— Бізні де батыр дейді көрер көзге.  
Сізді беріп кемпірге қалғанымша,  
Өлелік ажал жетіп екеуміз де.

Аққуатқан айтады Дотан ерге:  
— Сіз дағы, Күнікейжан, жылай берме!  
Жалмауызның амалын мен табайын,  
Жаталық үш күншілік жырақ жерде.

1620 Желаяқ сұлу екен жаннан асқан,  
Баршасы Желаяққа ақылдасқан.  
Желаяқты Күнікей деп алып барғыл,  
Бұ жерде жарамайды бекер сасқан.

Сіздерменен баралық екеу бірге,  
Қос-қолаңды қоялық осы жерге.  
Палуанменен екеуміз бірге барып,  
Қалалық екеуіміз екі жерде.

Баршасы осы сөзді мақұл көрді,  
Мергеннің бұ айтқанын ақыл көрді.  
1630 Қылдан өріп, шаш қылып Желаяққа,  
Үстіне қыз киімін киіндірді.

Желаяқты Телқоңырға міндіреді,  
Ерлернің бұ ақылын кім біледі?  
Мерген менен палуанды жолға қойып,  
Кемпірге Дотан өзі тік жүреді.

Кемпірге бұл екеуі келеді енді,  
 Жалмауыз бұл екеуін көреді енді.  
 Желаяқты Күнікей деп алып келіп,  
 Қолына жалмауызның береді енді.

- 1640 Сөз сұрар сонда кемпір Дотан ерден,  
 Кемпір тұра жүгірді келген жерден.  
 — Шырағым, аман-есен келдің бе? — деп,  
 Дотанға жақсы қызмет қыла берген.

Дотанның атын байлап түсіреді,  
 Неше түрлі тағамдар пісіреді.  
 Атын байлап кіргізіп үңгіріне,  
 Қыз болып қу Желаяқ күрсінеді.

- Отыр деп төрге кемпір киіз салды,  
 Қызым деп Желаяқты қасына алды.  
 1650 — Шырағым, Күнікейжан, келдің бе? — деп,  
 Бетінен Желаяқның сүйіп алды.

Қап-қара боп қалыпты сүйген жері,  
 Күнікей, — дейді, — қалқам, отыр бері.  
 Екі ат басы Дотанға алтын берді,  
 Жөнелді отыр десе ары-бері.

- Ер Дотан кідірместен жүріп кетті,  
 Жолдағы екеуіне барып жетті.  
 Жетті-ау деген уақытта Желаяқ сұм  
 Кемпірге «сиемін» арыз етті.  
 1660 — Сие қойғыл, шырағым балам, — дейді,  
 Мен болдым енді сенің анаң, — дейді.

Мен де бірге сиейін, шырағым, — деп,  
 Екеуі түзге таман аяңдады.  
 Жау кемпір сар еткізіп жібергенде  
 Желаяқ тұра сала қашады енді.

Кемпір тұра қуады қашқаннан соң,  
 Дамбалын жия алмады сасқаннан соң.

Дамбалына оралып үш сүрінді  
Оралып аяғына басқаннан соң.

- 1670 Желаяқ келе жатыр құстай ұшып,  
Жығылды қу жалмауыз жерні құшып.  
Дамбалы талқан болып кеткен шақта,  
Қосылды жалмауыз да жолға түсіп.

Желаяқ құстай ұшып ағындады,  
Жүруі екеуінің сағымдады.  
Дамбалға оралмаса кәдік екен,  
Палуанға жеткенде жақындады.

- Аз жүгірсе, жалмауыз жетпек болды,  
Аузын ашып, жеткен соң, жұтпақ болды.  
1680 Теңкейте жеткенінде жалмауызды  
Палуан бір төбемен салып қалды.

Ол төбені көтере түрегелді,  
Тұра сала тоқтамай тағы желді.  
Бір төбені жұлып ап тағы да ұрды,  
Жығылмастан төбені ап жөнелді.

Төбені жығылмастан ап жөнелді,  
Онан өтіп мергенге қарсы келді.  
Маңлайында табақтай жалғыз көзді  
Сұр мерген көздеп тұрып басып салды.

- 1690 Оқ келіп жалғыз көзден тура тиді,  
Кемпірнің тыпырлатып жанын қиды.  
Тостағандай оғы бар мылтығының,  
Көзінің шарасына тура сыйды.

Жалмауыз шошқаға ұқсап шыңғырады,  
Желаяқ жолға түсіп дыңғырады.  
Хазірет Қызыр жар болған Ер Дотанға,  
Болмаса мұндай істі кім қылады?!

Ер Дотан екеуіне келді шауып,  
 Жалмауыз өліп қалды қаза тауып.  
 1700 Күнікей мен жолдастарын ертіп келіп,  
 Қазынасын жалмауызның алды тауып.

Жеті сарай толы екен алтын-күміс,  
 Он төрт жылдық бұл өзі болды жұмыс.  
 Кемпірнің қазынасыны тамаша қып,  
 Сол жерде үш күн жатып алды тыныс.

Үш күн жатып еліне жүрмек болды,  
 Аман болса, ел-жұртын көрмек болды.  
 Аллаға шүкір қылды бейшаралар,  
 Жалмауызды өлтіріп көңілі толды.

Әлқисса, Құбақанбай Дотанны сағынып, һәрқашан Алла Тағалаға мінәжат қылып айтқан ғазалы:

1710 Құдірет Алла Жаратқан,  
 Тілегімні берсеңші.  
 Дотанымды аман келтіріп,  
 Көзімнің жасын көрсеңші!

Беріп едің, Құдай-а,  
 Тілегімді жасымнан.  
 Дотаным менің келмеді,  
 Ұшатұғын бола ма  
 Дәулет құсым басымнан.  
 Кешіре көр, Құдай-а,  
 1720 Күнәм менің көп еді  
 Басымдағы шашымнан.  
 Перзент, дәулет мол бердің,  
 Өз құрбымнан асырып.  
 Ертелі-кеш жылаймын,  
 Әулиелер аруағы,  
 Қабіріңе бас ұрып.  
 Рахман атлық, иә, Алла,  
 Тілегімді беріп ең,

1730 Неліктен мені зар қылдың,  
Қолымнан құсым қашырып?!

Үйдегі отыз тоғызы  
Бір Дотандай болмайды,  
Толып жатқан көп жаман  
Қолынан түк келмейді.  
Бәріне басшы сол еді,  
Бір дұшпан келсе ауылға,  
Мұндағы отыз тоғыздың  
Біреуін көзге ілмейді.  
1740 Құбақанбай зарланып,  
Күндіз-түні жылауда,  
Аслан ойнап-күлмейді.

Берсеңші, Алла, тілегім,  
Дотанымды аман келтіріп.  
Құтылар ма екен, Құдай-а,  
Алдындағы дұшпаны  
Жалмауызды өлтіріп.

Жаратқан Патша Құдай-а,  
Көзімнің жасы көл болды,  
Жалмауыз деген бір дұшпан,  
1750 Алдында асқар бел болды.

Балаларым ер жетіп,  
Ел көрем бе деп едім.  
Ойлаған ойым баршасы  
Ағып кеткен сел болды.

Жаратқан Жаппар Құдай-а,  
Берсеңші Дотан баламды.  
Келер уақыты болды деп,  
Күндіз-түні зарланып,  
Көңілім менің алаң-ды.  
1760 Дотаным менің келмесе,  
Үйімді келіп көрмесе,

Тілегім Құдай бермесе,  
Көрген де күнім қараң-ды.

Құбақанбай осылай деп жүрді жылап,  
Құдайдан күні-түні медет сұрап.  
Шешесі Ер Дотанның о да бірге  
Көл қып жүр көзінің жасын күнде бұлап.

1770 Анасы Ер Дотанның көп еңірейді,  
Келе ме жалғыз ұлым, — деп еңірейді.  
Сегіз қатын ұл-қызы бәрі түгел,  
Мен қу бас болдым ба, — деп бек еңірейді.

Сол уақытта бұлар елге жақын келді,  
— Сүйіншіге біреуің барғыл, — дейді.  
Сағынып жүрген шығар ата-анам,  
Қуантып қалағаның алғыл, — дейді.

Мергенді сүйіншіге жібереді,  
Бір салып атты бұтқа жөнеледі.  
Сәлдесін Құбақанның жұлып алып,  
— Балаң келді, сүйінші бергіл, — деді.

1780 Мергенге үш тоғыз бен шапан жапты,  
Бәрі шулап алдынан қатар шапты.  
Дотанды көргеннен соң ата-анасы,  
Ағытқан қойдай болып жамырапты.

1790 Көрісті атасымен, анасымен,  
Асқар таудай басында панасымен.  
Шешелермен көрісіп кезек-кезек,  
Көрісті отыз тоғыз ағасымен.  
Амандасып, көрісіп елге келді,  
Көп сыйлап жолдастарын мейман қылды.  
Күнікейді ата-анасы құрмет етіп  
Алтынды ақ ордаға алып келді.

Құбақанбай бесеуіне бес қыз берді,  
Бала қылып алады өңкей ерді.



Жамағат, оқығаның айып етпе,  
Сөз қылдым Дотан сынды кемеңгерді.

Күнікей келін болды Құбақанға,  
Ағалары Күнікейге қалды таңға.  
«Қыз тауып ағаларыңды үйлендір» деп,  
Құбақан бір күн айтты Ер Дотанға.

- 1800 Сонда Дотан бұ сөзді мақұл көрді,  
Атасының айтқанын ақыл көрді.  
Қыздарға да күйеулер табамын деп,  
Отыз тоғыз ағасын ертіп жүрді.

Бесеуін аға қылып малға қойды,  
Қырық күндей қуанышқа қылды тойды.  
Ер басына бір қоржын алтын алып,  
Баршасы ел іздеуге қылды ойды.

- Баршасы қолына алды қару-жарақ,  
Жүреді Дотан ерді мыңға балап.  
1810 Айлық жерде, оңтүстікте ел бар дейді,  
Бармаққа соған қарай қылды талап.

Отыз тоғыз ағасы Дотанға ерді,  
Көрмекке ниет қылды шалғай жерді.  
— Бар Құдай бақтарыңды өзі ашсын, — деп,  
Құбақан балаларға бата берді.

Бөрінің де мінгені өңкей тұлпар,  
Келеді қыз алмаққа болып іңкәр.  
Бар Құдай Ер Дотанға медет берсін,  
Қасында жолдасының бәрі дімкәр.

- 1820 Құбақанбай жіберді қырық баласын,  
Балалар жақсы көрер өз анасын.  
Мінгені өңкей тұлпар тынбай жүріп,  
Көреді он бес күнде ел қарасын.

Ұқсайды жүрістері соққан желге,  
Дотанды бөрі балар асқар белге.  
Ханы жоқ қырық мың үйлік бөлек жатқан,  
Келеді бөлек жатқан аз ғана елге.

Бір байға мейман болып келіп қонды,  
Сұрайды «кімсіздер?» деп енді жөнді.  
1830 Мән-жайын бастан-аяқ батыр Дотан  
Сұраған ол адамға айтып болды.

Бұларға мейман қылып мал сояды,  
Алдына екеуара ас қояды.  
Құп сыйлап, жақсы қызмет көрсеткен соң,  
Қырық жігіт разы боп бек тояды.

Тамаққа тойғаннан соң жатып қалды,  
Шаршап келді, ұйқыға батып қалды.  
Таң сарғайған уақытында біреу келіп,  
«Тұр, атқа мініңдер» деп айғай салды.

1840 Сонда бұлар оянды көзін ашып,  
Қараса елі жатыр асып-сасып.  
Айқай салып шулаған елді көріп,  
Отырды қайран қалып таңырқасып.  
Таң асып суып тұрған өңкей тұлпар,  
Дүбірге шыдамайды жерді қазып.

Еркек қалмай тамам жұрт мінді атқа,  
Тауды өрлеп шауып кетті биік шатқа.  
«Иә, Алла» деп Ер Дотан түрегелді,  
Шулаған қайран болып жамағатқа.

1850 Ер Дотан «тұрғыл» деді ағаларға,  
— Біреуің мына елге бар хабарға.  
Ел-жұрты жаман қатты шуласып жүр,  
Неліктен душар болған жапаларға.

Ағасының біреуі барып келді,  
Барып елден хабарды алып келді.

Қыз аламын деп келген жазған байғұс,  
Қатты кейіп ол өзі налып келді.

Ағасынан Ер Дотан гәп сұрады,  
— Неге қатты кейідің? — деп сұрады.  
1860 — Әдейі іздеп келіп тапқан елді  
Жау шауып алады ғой, деп жылады.

Ағасы жылап келіп гәп айтады,  
Уайым өз басы үшін жеп айтады.  
— Жау шапса, мынау жатқан елді шабар,  
Бізнің немізді алады, — деп айтады.

Аттарын шалдырады отқа қойып,  
Тамақтанып алдылар әбден тойып.  
Түс қайтып, үлкен бесін болған шақта  
Жау жеңіпті бұл елді қырып-жойып.  
1870 Бесінде жеңілдік деп хабар келді,  
Елді үркітіп қашырмаққа хабар берді.  
Батыр Дотан мініп ап Қаракөкке,  
Иірді қашып келген тамам елді.

Батыр Дотан бұл елден сөз сұрады,  
Мәні-жайын білуге тез сұрады.  
— Қандай жұрт дұшпандарың, баян қылшы,  
Білейін мәні-жайын, — деп сұрады.

Дотанға сұраған соң айтады сөз:  
— Қырық мың үй, Қырықбоз деген ел едік біз,  
1880 Уәлихан дейтұғын датқамыз бар,  
Айталық, бастан-аяқ есітіңіз.

— Қалмақтан Қалдан деген хан шығыпты,  
Көп жанды қырып-жойып жерге тықты.  
Бү жердегі қазақтың бәрін жеңіп,  
Аттанып бөлек жатқан бізге кепті.

Аттанып жүз мың әскер бізге келген,  
 Қиратты біздің елді келген жерден.  
 Қалмақтың әскері көп, қаруы сай,  
 Һешкім қарсы шыға алмадық бізнің елден.

1890 Бір шетін еліміздің шауып жатыр,  
 Олжаны біздің елден тауып жатыр.  
 Он мың үйді сыпырып, малын алып,  
 Қолға түскен еркекті қырып жатыр.

Бізнің ел сол қалмақтан өлмек болды,  
 Қайтадан тағы олар келмек болды.  
 Жарақсыз бекер жатқан ел екен деп  
 Олжалап еріккенде алмақ болды.

Бұ сөзді тыңлап тұрды Дотан батыр,  
 — Қалмақтан жеңіліпсіз болып ғапыл,  
 1900 Қалмақ алып Һешқайда құтыла алмас,  
 Айтайын, мүсәпірлер, мен бір ақыл.

Қалмақтан қорқыпсыздар есің кетіп,  
 Бастарыңа тұр екен зауал жетіп.  
 Үш мың кісі тауып бер маған бүгін,  
 Қалмақ малды сіңірмес алып кетіп.

Үш мың ер маған тауып бергін, — дейді,  
 Қазір менің артымнан ергін, — дейді.  
 Аллаға тәуекел деп мен барайын,  
 Сіздер менің ерлігім көргін, — дейді.

1910 Мынау ел Дотан сөзін мақұл көрді,  
 Құдай айдап келіпті мұндай ерді.  
 Ел жиылып кеңесіп ары-бері,  
 Қолына үш мың кісі жиып берді.

Көрсетпек болды Дотан бір қайратты,  
 Қаракөк мініп алды тұлпар атты.  
 «Иә, Алла, Қызыр бабам, медет қыл» деп,  
 Ер Дотан көп қалмақты қуып кетті.

- Бас болып батыр Дотан өзі барды,  
Жолдас қып үш мың кісі қасына алды.  
1920 Жер қайысып бара жатқан көп қалмақпен  
Ер Дотан жалғыз өзі соғыс салды.

«Ия, Алла» деп Ер Дотан  
Қалмаққа жалғыз кіреді.  
Кірген жерден әскері  
Мал үстінен түреді.

- Батыр Дотан қалмаққа  
Қырғынды қатты салады.  
Айдаған малы қалмақтың  
Далада бекер қалады.  
1930 Артындағы үш мың ер  
Малды жиып алады.  
Бас-басымен қайғы қып,  
Батыр Дотан қалмақты  
Айдап кетіп барады.  
Қойға шапқан қасқырдай  
Кез келгенін қалмақтың  
Шайнап кетіп барады.

- Кейде садақ тартады,  
Кейде мылтық атады,  
1940 Кейде қылыш шабады,  
Қырылғаны қалмақның  
Қойдай жусап жатады.  
Қасындағы жолдастар  
Қызыққа әбден батады.

- Басында Құдай батырды  
Жау үшін арнап туғызған.  
Бір күн, бір түн соғысып  
Қалмақтың қолын қашырып,  
Қанмен бетін жуғызған.  
1950 «Қашқан жауға қатын ер»,  
Қалмақның сесі қайтқан соң

Қасындағы қазаққа  
 Найзалатып қуғызған.  
 Жолдастар қызық көрсін деп,  
 Айдап жүріп қалмақты  
 Шапқан шөптей қырғызған.

- Жар болып Алла Дотанға  
 Қалмақты жаман қырады.  
 Үш күн, үш түн қуалап,  
 1960 Атының басын бұрады.  
 Тірі қалған қалмақның  
 Үсті-басы жаралы,  
 Сағы жаман сынады.  
 Атының басын бұрған соң,  
 Айғай салып Ер Дотан  
 Өз әскерін жияды.  
 Қалмақты қырып қашырып,  
 Тірісін таудан асырып,  
 Өлігін атқа бастырып,  
 1970 Қалмақты жаман састырып,  
 Көңілдері тынады.

Қазақтар енді қайтып, жиды малды,  
 Дотанның ерлігіне кайран қалды.  
 Бір тауға қашып кіріп қалған екен,  
 Екі жүздей қалмақты ұстап алды.

Қалмақты үш күн, үш түн көп қиратты,  
 Сол күнде-ақ қырық мыңдайын қырып сапты.  
 Жаралысы, сауы бар төрт жүздейін  
 Тірі жүрген жерінен тауып апты.

- 1980 Ер Дотан елге қайтты малды айдап,  
 Дұшпаннан төрт жүз аса кісі байлап.  
 Қызыр шалған бір ернің арқасымен  
 Келеді елдеріне күліп-ойнап.

Кеткен малды түп-түгел айдап келді,  
 Қуантты жесір-жебір болған елді.

Һәрқайсысы өз малын танып алып,  
Қуанып елі-жұрты бек шат болды.

Уәлихан Ер Дотанға өзі келді,  
Алдына қызмет қылып аттай желді.  
1990 Өзінің барша жұртын жиып алып,  
Уәлихан еліменен кеңес қылды.

— Бұл жігіт Құдай айдап келген екен,  
Жылаған көзнің жасын көрген екен.  
Ұнатсаң, хан қылыңдар мұны, жұртым,  
Құдайым бір асылды берген екен.

Ал сонда қабыл көрді жұрттың бәрі,  
Айтқаны Уәлиханның болды дәрі.  
Қариялар билерімен бата қылып,  
Дотанды хан көтерді баршалары.

2000 Хан болып батыр Дотан төрге отырды,  
Ағалары қасында бірге отырды.  
Хан болған Ер Дотанның құрметіне  
Һәрқайсысына ап келіп бір қыз берді.

Хан болып батыр Дотан хукім қылды,  
Патша Құдай мұратқа жеткізді енді.  
Бөнде болған қалмақтан төрт жүз кісі  
Хан айдатып алдына алдырды енді.

— Төрт кісіні еліне қайтсын, — дейді,  
Қалданға бізден сәлем айтсын, — дейді.  
2010 Мекенім Сарығуда, атым Дотан,  
Сол жерден керек болсам тапсын, — дейді.

Хан болып сонда Дотан үш ай тұрды,  
Ағалары бірқатар қызық көрді.  
Һәммасына сол елден қыз ап беріп,  
Хан Дотан өз еліне кетпек болды.

Хан болып батыр Дотан үш ай жатты,  
Көрсетті халайыққа ғадалатты.  
Өз еліне қайтпаққа батыр Дотан  
Жұртын жиып, сұрады рұқсатты.

2020 Сонда жұрт жауап берді Дотан ерге,  
— Қайда кетсең ала кет, енді бірге.  
Һәр уақыт дұшпан келсе қор болғанша,  
Біз де өлейік, сіз барып өлген жерге.

— Олай десең, ал көшіп жүргіл, — дейді,  
Көшіп жүріп көп қызық көргіл, — дейді.  
Жүз мың үй сиятұғын қонысым бар,  
Артымнан іле жортып ергіл, — дейді.

Ел сонда көшті дейді мақұл көріп,  
Қырық мың үй бір Дотанның соңына еріп.  
2030 Өлеңтібел дейтұғын жерге қонды,  
Бір ай жарым арада көшіп келіп.

Сарығуның аяғы Өлеңтібел,  
Сол жерге келіп қонды ол көшкен ел.  
Маңайына дұшпан жау жолатпастан  
Дотан хан болып тұрды бірнеше жыл.

Патша Құдай Дотанға берген нәсіп,  
Ағалары сөйлейді желдей есіп.  
Һәрқайсысы бір-бір қызды таңлап алып,  
Атасына келеді елден көшіп.

2040 Хан Дотан той қылады үйге барып,  
Өзінің күллі жұртын [жиып] алып.  
Қырық мың үй, төрт жүз елу қалмақпенен  
Кетіпті қырғыз деген ел атанып.

Қырық күнде той тарқатты ат шаптырып,  
Тойына қырық мың үй ел шақырып.  
Алдына хан Дотанның ұлық-кішік,  
Һәммасы қызмет қылды тіке тұрып.



- Той қылып Құбақанбай пікір қылды,  
Төрт жүз елу қасына отау қонды.  
2050 Жалғыз үйі Құбақанның көп ел болып,  
Құдаға мың мәртебе шүкір қылды.
- Той тарқап, жұрттың бәрі қайтып кетті,  
Хан Дотан қылды жұртқа әділетті.  
Қара қылды қақ жарған әділ болып,  
Сөйтіп жүріп мұратқа бәрі жетті.
- Дотанның тірлігінде жау жоқ болды,  
Еріксе, олжа қылды оң мен солды.  
Жылдық жерде қазақ болса айдап келіп,  
Аузына қаратыпты талай елді.
- 2060 Хан Дотан талай жауға қырғын салды,  
Қалмақтан үш жылда бір алым алды.  
Өзінің бектерінің балалары  
Құбақанның қыздарын олар алды.
- Мұратқа ол адамдар сөйтіп жетті,  
Ақыры дүниеден олар да өтті.  
Басында ертегі еді қисса болып,  
Аяғы бұ сөзімнің енді бітті.
- Бұ сөзні осылайша қисса қылдым,  
Мұны да көптің бірі нұсқа қылдым.  
Нәсіп болып басылса, олжасы бар,  
Көп қызметні бұрын мен босқа қылдым.
- Басында ертегі еді мұның өзі,  
Осындай қып біреудің айтқан сөзі.  
Қисса қып шығаруға лайық көріп,  
2075 Жүсіпбектің бұ да бір салған ізі.

# قويغول

## Кұбығұл

Көк Еділдің бойында  
Уәли деген хан болған,  
Батыр болған, бай болған,  
Төрт түлігі сай болған.  
Ойлағаны намыс пен  
Қарал, жедел, ар болған.

10 Ықпалы жүрген күнінде  
Бақыты асып, өрлеген,  
Дұшпандасқан жауына  
Ешбір ерік бермеген.  
Тентек пенен телісін  
Жүргізбей қияс, жөндеген.  
Бақытты тұрмыс күнінде  
Маңына жан келмеген.  
Егер келсе дұшпан-шет,  
Ешбір ерік бермеген.

20 Ықпалы жүрген күнінде  
Малы менен бағы сай,  
Тәрбиесі тағы сай  
Патша еді халыққа,  
Төресі ғаділ, сөзі жай.

Малы менен бағы тең,  
Тәрбиесі тағы тең.  
Шеттен дұшпан көз салса,  
Әскер, құрал бәрі тең.  
Сөйтіп жүрген Уәли

Тап жетпіске жас жетті,  
Жастағы дәуір — бақ кетті.  
Баласы жоқ, құбас хан —  
30 Жайылып жұртқа ат кетті.  
Үлкендікке шаталды,  
Көрілікке маталды,  
«Қубас хан» халыққа аталды.

Бақыты кеткен күнінде,  
Қаргая келген шағында  
Халқы ханға келмеді,  
Алдияр айтып ханына  
Елі сәлем бермеді.  
Өңгіме айтса Уәли,  
40 Елі қабыл көрмеді.

Сол халықтың даулысы  
Хан екен деп Уәлидің  
Алдына ешкім барған жоқ.  
Уәлиді адам деп  
Ешкім есіне алған жоқ.  
Қайғымен көрді тарлықты,  
Енді күні зарлық-ты.  
Елемеді еш адам  
Мінген тақыт, хандықты.  
50 Құлдан көрді қорлықты,  
Өркімнен көрді зорлықты.  
Алдына ешкім келмейді,  
Хан деп сәлем бермейді.  
Осындай көрген қорлықты  
Патша өксіп, еңірейді.  
Енді ісі оңбады,  
Малында ерік болмады.  
Ықпалы қайтқан патшаны  
Қараша жұрты қорлады.  
60 Уәли бір ой ойлады,  
Ойламасқа болмады,  
Хан ойламай неғылсын,  
Қартайған күнде оңбады.

- Бүйтіп тірі жүргенше,  
Дүние жиып нетейін,  
Дүние, бақыт, малымның  
Баршасын талақ етейін.  
Бір баланың зары үшін  
Қаңғырумен өтейін.
- 70 Ел қорлығы өтті ғой,  
Құлдардың берген зәбірі  
Түп-түбіме жетті ғой.  
Бір баланың қайғысы  
Басымнан бақты төкті ғой.  
Дүниеден күдер үзейін,  
Кешікпейін, жүрейін,  
Пірлерден тілек тілейін,  
Темір аса қолға алып,  
Темір кебіс киейін.
- 80 Хандық ауды басымнан,  
Пақырлық, міскін жолымен  
Дүние кезіп көрейін.  
Мен патшамын демейін,  
Енді қалған өмірді  
Талайымнан көрейін.  
Жердің жүзін кезейін,  
Бақ пен малдан безейін,  
Хандық, байлық күнімді  
Қайыршыға теңейін.
- 90 Бүйтіп қорлық көргенше,  
Мен кетейін, кетейін.  
Қайыры жоқ қонысты  
Енді талақ етейін.  
Қайғыменен қамығып,  
Қаңғырумен өтейін.
- Ықпалым жүрген күнімде  
Қайырлы патша мен болдым,  
Бақ, дәулетке кен болдым.  
Әскерді оймен жүргізіп,
- 100 Қайыспас берен ер болдым.  
Бір баланың жоқтығы

Қартайған күнде кем болдым.  
Тапталған тақыр, мысалы,  
Бейне қара жер болдым.  
Осындай тарлық көрген соң,  
Халық қайғы берген соң,  
Бір қылықты бастады.  
Дүние, мал, шаһарды  
Талақ етіп тастады.

- 110 Үлкейе келген шағында  
Бір бала — ханның тілегі.  
Қайғы, құса үдеді,  
Дүниеден күдер үзеді.  
Темір аса қолға алып,  
Темірден кебіс киеді.  
Талақ етіп елінен,  
Қоныс еткен жерінен  
Енді Уәли жүреді.

- 120 Ел билеген патшаның  
Кеміген күні жүрегі  
Дүние жүзін кезіпті.  
Әулие қоймай қыдырып,  
Халқынан солай безіпті.  
Ел билеген ер еді,  
Ақырында падиша  
Осындай тарлық көріпті.

- 130 Әулие қоймай тарығып,  
Бір бала үшін зарығып,  
Жүдеді патша жабығып.  
Қаңғырып кезіп жүрсе де,  
Еш дегені болған жоқ.  
Талабы ханның оңған жоқ,  
Бармаған жері қалған жоқ.  
Қаңғырумен жүреді,  
Есі дұрыс Уәли,  
Тек ақылдан танған жоқ.  
Тоғыз айдай қыдырған,

- Әулиеге сиынған,  
Маңдайдан тері шұбырған,  
140 Патша еді саналы,  
Пірлерден себеп болмады,  
Еш ишарат қонбады.  
Іші оттай жанады,  
Қайғыға қайғы ұласып,  
Аяққа киген кебістің  
Теңгедейі қалады,  
Қолға алған асаның  
Тебендейі қалады.  
Бар киімі жыртылған,  
150 Патша қайтып барады.

- Еш ишарат көрген жоқ,  
Тілегін пірлер берген жоқ.  
Таңдайы қатып, арықтап,  
Тек жаны бар, өлген жоқ.  
Енді қайтты еліне,  
Көк Еділдің өріне,  
Туып-өскен жеріне.  
Тап он айдың жүзінде  
Қайта келді Уәли  
160 Ұлы өзен Жеміне.

Ұлы Жемді жағалап,  
Жердің жүзін аралап,  
Шетірлінің бойына  
Патша келді шамалап.  
Жүдеп келген Уәли  
Үш күн жатты паналап.

- Оңғара ма Құдай деп,  
Оң ойлаған талапты,  
Үш күн жатып қарапты.  
170 Үш күн жатып тынығып,  
Маңындағы халықтан  
Сұрап ішті тамақты.

- Шетірлі бойын жағалап,  
Тау мен тасты аралап,  
Шетірліде қара су  
Қасына келді шамалап.  
Көңілінде бір ой бар,  
Соны іздеп қарамақ.  
Шетірлінің бойында,  
180 Баба түкті әулие  
Жүреді көңіл, ойында.  
Қызыл жарды қарады,  
Қара судан су ішіп  
Шөлдегені қанады,  
Жан-жаққа көзін салады.  
Шырақ жанған зиратты  
Уәли патша табады.
- Уа, Баба түкті пір бабам!  
Басыңа келдім мен, — деді,  
190 Іздегенім сен, — деді,  
Халыққа патша мен, — едім,  
Бүгінде болдым кем деді.  
Ақсұңқар құс қыран ем,  
Қартая келген күнімде  
Қарғаға болдым жем, — деді.  
Құлдардан көріп қорлықты,  
Жалшыдан көріп зорлықты,  
Көкірек қайғы-шер, — деді.  
Жасым жеткен шағымда,  
200 Қараша көзін салмады,  
Менсінбеді ел, — деді,  
Елемеді ер, — деді,  
Ақырында халық қорлап,  
Ел тізгінін бермеді.  
Қиялы бүркіт қыран ем,  
Құзғын менен қарғаға  
Қартайып болдым жем, — деді.  
Ықпалым тұрған күнімде  
Ғаділ патша болғанмын,  
210 Халқыма қорғанмын.

Қатарымнан озғанмын,  
Қырымға қолым созғанмын.  
Бақытым тұрған шағында  
Талай жерге барғанмын,  
Талай жауды алғанмын,  
Дұшпанға бүлік салғанмын.  
Ғаділшілік хандықпен  
Халқымды баққан заңғармын.  
Сол күнімнен айрылып,  
220 Ақырында сандалдым.  
Жердің жүзін айналдым,  
Басыңа келіп зарландым.

Тап жетпіске жас жетті,  
Қартайғанда бақ кетті,  
Астыма мінген тақ кетті,  
Падишамын тарыққан,  
Қайғы шегіп зарыққан,  
Тарлық көріп халықтан  
Жердің жүзін айналып  
230 Келдім қаңғып алыстан.  
Халықтан көрген зорлықтан,  
Құлдар берген қорлықтан  
Мұңымды айтып зарығып,  
Басыңа келдім сондықтан.

Қартайған күнде шаталдым,  
Мұндай күнге маталдым,  
Орта ноғай еліме  
Қайыршы қубас атандым.  
Басыңа келіп жыладым,  
240 Пірден тілек сұрадым.  
Бір баланың қайғысы,  
Болмады халықта тұрағым.  
Бұрын патша болсам да,  
Бүгінде, міне, сияғым,  
Өле кетсем, артымда  
Қалмас болды тұяғым.



Сізден тілек сұрадым,  
Неғылсаң да өзің біл,  
Бір перзентті сұрадым.  
250 Орта ноғай елінде  
Мазасыз болды құлағым.  
Баба түкті пір едің,  
Басыңда тілек тіледім,  
Бір баланың жоқтығы,  
Суыды халықтан жүрегім.  
Батырлардың бабасы,  
Жығылғанды тұрғызып,  
Қисайғанды түзедің.

Соны айтты да Уәли  
260 Қатып келген қабағы,  
Шаршап келген бейшара  
Қалғып кетіп барады.  
Көзі ілініп ұйқыға,  
Көңілі кетіп барады.  
Мейірім болар бабадан  
Қасына келген пақырға,  
Жетпіске келген шағында  
Аса таяқ қолында,  
Ақ шалмасы басында,  
270 Ақ шалмалы қарт адам  
Осындай келіп қасында,  
Ишаратпенен сөйлеп тұр  
Жылап келген пақырға:

— Уәли патша сен едің,  
Баба түкті мен едім,  
Көзіңнің жасын көремін.  
Тарығып келген азамат,  
Тілегіңді беремін.  
Жылап келген пақырым,  
280 Сізге тисін себебім,  
Бақытты нақ күніңде  
Ел билеген ер едің,  
Айтулы ханның өзі едің.

- Ел намысын бермеген  
Білікті ханның өзі едің.  
Зарығып келген пақырым,  
Тілегіңді берейін,  
Көзіңнің жасын көрейін.  
Уәли, сені жебейін,  
290 Қолыңды жай, бата берейін,  
Бір перзент берейін.
- Шетірлінің бойында  
Басыма патша келер деп  
Бар едің, балам, ойымда.  
Арынды нәсіп тұйғынсың  
Ашылдық сенің жолыңда.
- Бақытты жастық күнінде  
Қорғаны едің халықтың,  
Шыңнан әскер жүргізіп,  
300 Талай жаумен алыстың.  
Дұшпандасқан жаулардың  
Талайын таптап, жаныштың.  
Ықпалың қайтқан уақытта  
Басыма келіп зарықтың.
- Қайғыңды, патша, жой, — деді,  
Қараңғыдан аршылсын  
Қамыққан қайғы, ой, — деді.  
Бір перзентті беремін,  
Дүние малың сой, — деді.  
310 Садақа етіп барған соң,  
Кешікпей қыл той, — деді.  
Тарығып көрген жалғыздың  
Құбығұл атын қой, — деді.
- Мерекеңе балаңа  
Ұлы жиын той болсын,  
[Бұл] тойыңа сойғаның  
Ту бие мен қой болсын,  
Ұзақ өмір, ұзақ күн

- Балаңның жасы мол болсын.  
320 Мейірімді ұл болсын,  
Ықылас батам шын болсын.  
Қайтпас жүрек, қайратты ер  
Бір Құдайға құл болсын.  
Алтыннан түбек ойылсын,  
Уәли, қайғың жойылсын.  
Алтыннан түбек ойылып,  
Күмістен шүмек қойылсын.  
Менің берген бұл батам  
Сізге қабыл болынсын.
- 330 Сөйдеп қолын жаяды,  
Бір батасын қағады.  
Ұйқысынан оянып,  
Төңірекке қарады.  
Тұра келсе, ешкім жоқ,  
Мұнысы қалай болды деп,  
Көңіліне алады,  
Жүгіріп кетіп барады.
- Сүйегі бекіп тыңайып,  
Тимеді жерге аяғы.  
340 Көңілінде құса, қасірет  
Кеткенге ұқсап баяғы.
- Шынықпай сүйек неғылсын,  
Шын ишарат көріпті,  
Көңілі өсіп желікті.  
Көңілі өспей не қылсын,  
Ақ шалмалы бір адам  
Ақ батасын беріпті.
- Бір батасын береді,  
Қуаныш еткен жер еді.  
350 Зарығып келген бұл қартқа  
Бабаның тиген себебі.  
Шыққан жері Жем еді,  
Көк Еділдің бойына

- Екі күнде келеді.  
Жәрдем беріп нашарға,  
Пірдің тиді себебі.  
Өзінің мекен жеріне,  
Орта ноғай еліне  
Екі күнде келеді.
- 360 Елі-жұртын жияды,  
Адамның басын құрады,  
Садақа түске қылады.  
Пақыр менен міскінге  
Садақасын береді,  
Қожа менен молда, ишан  
Олжалы болған жер еді.  
Келгендерден бата алып,  
Сол зарыққан Уәли  
Көңілі тынды деп еді.
- 370 Үлкейгенде осындай  
Уәли кемдік көріпті.  
Зарыққанда патшаға  
Бір себебін беріпті.  
Қаныш тоқал — жас қатын  
Он екі айда-ай жеріпті.
- Қызығына шыдамай,  
Қатты жүдеп, зарығып,  
Табылмай жерік тарығып,  
Зарығып ұзақ жүреді.
- 380 Қызығына шыдамай,  
Қыдырып жүрген шағында  
Көкше таудан алмас тас  
Бұл әйелге табылды.  
Назары ауып сол тасты  
Ауызға салып шайнайды,  
Тастан тісі таймайды.  
Қуаныш кіріп көңілі  
Ажарланып жайнайды.
- Ажары кіріп желікті,  
390 Күннен-күнге тыңайып,

Жүдеген әйел серікті.  
Жеті мүше бәрі де  
Жазылып, тәні еріпті.

Бес айдың жүзі болғанда  
Балаға іште жан бітіп,  
Білініп іші қалады.  
Тоғыз ай, он күн болғанда  
Ұл перзентті табады.

Дүниеге бала келген соң,  
400 Тілегін Құдай берген соң,  
Айғыр сойып ақыртты,  
Бура сойып бақыртты,  
Қол астын қоймай шақыртты.

Той ететін ой болды,  
Хан тойына сойғаны  
Ат, айғыр, түйе, қой болды.  
Хан тойына шақыртып,  
Дүйім халық ел келді,  
Бай менен бек тең келді.  
410 Тұлпар мініп ту алған  
Жау дегенде қуанған,  
Қайтпас берен ер келді.

Ел де келді ол тойға,  
Тұлпар мініп, ту алған  
Ер де келді ол тойға.  
Асыл киіп, қырынған,  
Тойға құмар бұрыннан,  
Жүйрік мініп ұрынған,  
Той дегенде қызынған  
420 Сері де келді ол тойға.  
Қызық тойға келмеген,  
Мереке, қызық көрмеген  
Кіл мүсәпір, пақырлар,  
Кем де келді ол тойға.  
Көптігін азға білдірген,

- Күш қылып елді бүлдірген,  
Зорлық қылған аздарға  
Көп те келді ол тойға.  
Үкімін жұртқа жүргізген,  
430 Ел бастаған би менен  
Бек те келді ол тойға.  
Қол астынан сыртқары  
Шет те келді ол тойға.  
Батыр менен жиынға  
Паң да келді ол тойға.  
Қарашысы қасында  
Хан да келді ол тойға.  
Дүние дәулет айдаған  
Бай да келді ол тойға.  
440 Самайынан бит аққан  
Тазда келді ол тойға.  
Буындары дірілдеп,  
Көзінің алды іріңдеп  
Шал да келді ол тойға.  
Ақ шалмасы басында,  
Шәкірттері қасында,  
Молда да келді ол тойға.  
Бағымдары соңында,  
Табиб кітап қолында,  
450 Қожа да келді ол тойға.  
Сәлделері қазандай,  
Мал табатын амалды-ай,  
Мал табуға талапты  
Аузын ашып арандай,  
Атын қойып мал табу,  
Оқысып тамам намазды-ай.  
Мүләйімсіп, мүлгісіп,  
Табатұғын мал үшін,  
Салып отыр азанды-ай.  
460 Киім киіп, қырынған,  
Мінген аты ұрынған,  
Тойға құмар бұрыннан  
Жас та келді ол тойға.

Кілең қайқы серілер,  
Мас та келді ол тойға.

- Кер маралдай керіліп,  
Басуына ерініп,  
Той дегенде серігіп,  
Сауырдан шашы төгіліп,  
470 Қос шашбауын тебініп,  
Хор қызындай көрініп,  
Құмырсқадай белі бар,  
Қас сүрмелі көзі бар,  
Сұлу, сымбат жүзі бар,  
Қылаң кердей қылаңдап,  
Ақ қайраңдай сылаңдап,  
Нәзік белі бұраңдап,  
Қиғаш қасы қиылып,  
Қыз да келді ол тойға.
- 480 Орай жібек салынған,  
Беті қызыл жалыннан,  
Ару жандар неғылған  
Өзілдесе құрбысы  
Көріскенше сағынған.  
Балдан тәтті сөзі бар,  
Қас сүрмелі көзі бар.  
Мысалы, самал секілді,  
Әдемі сөз лебі бар,  
Көрген асық болатын,  
490 Көрсө, көзі тоятын,  
Өзілдесіп сөйлесе,  
Арман кетіп көңілден,  
Қайғысын мүлде жоятын  
Келіншек те келді ол тойға.

Шекелері тоқпақтай,  
Жауырыны қақпақтай  
Ұл да келді ол тойға.  
Өзімдікі заман деп,  
Кім таласар маған деп,

500 Өзінен бөтен өзгені  
Бәрі менен жаман деп,  
Өзгеден артық көңілім,  
Жолдасым жақсы жаран деп,  
Бай мен ханның баласы  
Мырза да келді ол тойға.

Еркіменен жүрмеген,  
Кеңшілікті білмеген,  
Құл да келді ол тойға!  
Иықтан қабы түспеген,  
510 Қызыметін істеген,  
Дәмді тамақ ішпеген  
Күн де келді ол тойға.  
Біліктіден сөз алған,  
Ақыл сұрап жол алған  
Шешен де келді ол тойға,  
Ел бастаған білімді  
Көсем де келді ол тойға.  
Той көрмесе еріккен,  
Тойды көрсе желіккен  
520 Есер де келді ол тойға.

Сөзден шашу шашатын,  
Халықтың көңілін ашатын,  
Қалмай келді ақындар,  
Тентек пенен сақилар,  
Мүсәпір мен пақырлар,  
Ақсақ пенен соқырлар,  
Жиылып халық топырлар.  
Және қалмай келіпті  
Сары қарын қатындар.

530 Неше түрлі көп малды  
Хан тойына арнаған,  
Домбыра, қобыз шерітіп  
Бақсылар да қалмаған.  
Орта Ноғай елінен  
Жан қалмады бармаған.



- Сүрініп кетіп «көтек» деп,  
Бірін-бірі жетектеп,  
Бесікке салар кәдесін  
Әлдекім алып кетед деп,  
540 Күнкілдесіп өсектеп,  
Кемпір де келді ол тойға.  
Осындай қызық қылғызып,  
Халқын қоймай жиғызып,  
Ортадан балуан тұрғызып,  
Үйдің аузын ашады,  
Шелектеп алтын шашады,  
Халық олжаға батады.  
Тамам мерген жиылып  
Алтын қабақ атады.
- 550 Алтын қабақ аттырды,  
Ат бәйгесін шаптырды,  
Риза етіп халықты  
Қуандырып шат қылды.  
Сапырулы сары қымыз  
Келген жанды мас қылды.
- Молда, қожа көп еді,  
Ат қоятын жер еді,  
Ат қоюға таласып,  
Қожа менен молданың  
560 Төбелесер жері еді.  
Ат қоюға таласты,  
Шариғаттың жолынан  
Енді молда адасты.  
Бір-біріне жол бермей,  
Асаменен сабасты,  
Құндақтаған баланың  
Тұс-тұсынан қамасты,  
Төбелесті, салысты,  
Үй ішінде алысты,  
570 Асаменен ұрысып,  
Молдалар басын жарысты,  
Басының қаны ағысты.

Уәли сұлтан ханына  
Айттысуға барысты.

- Қожа, молдам сен едің,  
Қайырлы ханың мен едім.  
Дүние-малға таласып,  
Ақылыңнан адасып,  
Төбелескен нең еді?!  
580 Қуанышты күнімде  
Бәріңді бірдей көремін,  
Сан жетпейтін малымды  
Қолымнан санап бөлемін,  
Шашуы үшін баламның  
Дүние малды беремін,  
Жақсың менен жаманың —  
Бәріңді бірдей көремін.  
Ізетпенен келіңдер,  
Шашуымды беремін.  
590 Зарығып көрген бала үшін  
Дәулетімді жоямын,  
Тірі болса жалғызым,  
Дүние-малға тоямын,  
Шашуымды алыңдар,  
Өзім атын қоямын.

- Хан тілегі болған жер,  
Қызығы үшін баланың  
Дүние малды сойған жер,  
Пірі атап берген соң,  
600 Құбығұл атын қойған жер.  
Көп дәулетті бөліпті,  
Қожа менен молдаға  
Бірдей бөліп беріпті.  
Мүсәпір, пақыр, нашарлар,  
Жиып алып баршасын,  
Бірдей бөліп беріпті.  
Халықтан бата алады,  
Ел батасын қағады,

- Міскін, пақыр, нашарлар  
610 Байып кетіп барады.

Бесікке салар жер болды,  
Бұ да талас сөз болды.  
Әр атаның ұлынан  
Сансыз кемпір кез болды.  
Бесікке салар жолына  
Үлкен талас сөз болды,  
Бұ да шатақ жер болды.

- Кемпірлер сонда таласты,  
Дүние үшін таласып,  
620 Кемпірлер жолдан адасты.  
Бірқатары қолға алды  
Жерден көсеу ағашты,  
Көсеуменен сабасты.  
Бастарынан қан ақты,  
Төбелесті салысты,  
Бір-біріне жабысты.  
Кең сарайдың ішінде  
Сансыз кемпір алысты.

- Опыр-топыр жығылып,  
630 Талайлары талыпты.  
Амалы көп бір қатын,  
Өзі жесір тұл қатын,  
Амалы асқан сұм қатын,  
Айласы көп қу қатын,  
Төбелестің ішінде  
Сол балаға барыпты.  
Құндақтаған баланы  
Ештеп ұстап алыпты.

- Ұлықсат сұрап анадан,  
640 Баланы сұрап алыпты,  
Сол бесікке салыпты,  
Дым бітпеген қу қатын  
Шала байып қалыпты.  
Мереке, тойын өткізіп,

Көңілі патша тасқандай,  
Қуаныш өршіп аспандай,  
Шашуменен тарқасып,  
Олжаға халық мақтанды-ай.

650 Перзенті Құбығұл  
Қырқынан шығып күледі.  
Қуанышқа толады  
Ата-ананың жүрегі.  
Көңілінде арман жоқ,  
Әке менен шешесі  
Перзентін сүйеді.

660 Дөңгелек жүзді көрікті,  
Бірге жасы келіпті.  
Зарығып көрген Уәли  
Осындай қызық көріпті,  
Екі жаста жүріпті.  
Қадырлы ханның баласын  
Халқы қалап сүйіпті.  
Сияғына қарасаң,  
Құбығұл бала сүйікті.  
Үш пенен төртке келіпті,  
Ата менен анасы  
Ермек етіп желікті.  
Көңілінде қайғы жоқ,  
Қуаныш заман көріпті.

670 Бес пен алты жасында  
Бала ойлайды ақылды,  
Қанша ерке болса да,  
Төнтек емес мақұл-ды.  
Қызығымен баланың  
Ата менен анасы  
Мырзалығын асырды.

Кем-кетік келсе үйіне,  
Қайырым деп қолынан  
Күнде берер шашуды.

- 680 Қонақтан бойын тартпайды,  
Есігі күнде ашулы.

Жетіге келген шағында  
Ат жақсысын мінеді,  
Сәнді киім киеді,  
Хан мақсаты орынды,  
Қабыл болған тілегі.

- Ардақты ханның баласы  
Көркем сөзді, көрікті.  
Ұйықтап жатса түсінде
- 690 Бір сұлу қыз көріпті.  
Қасына ару келіпті,  
Келе сөйлей беріпті:  
— Хан баласы сен едің,  
Ханның қызы мен едім,  
Сен болдың менің керегім,  
Сен мұнда да, мен онда,  
Түсінде аян беремін.  
Ғашық болдым, Құбығұл,  
Дидарласып бас қосып,
- 700 Бір қосылсам деп едім.  
Мен сендікпін, ей, батыр!  
Уәдемді беремін.

- Хан баласы сен, — дейді,  
Ханның қызы мен, — дейді,  
Ғашық болдым, Құбығұл,  
Ер болсаң, іздеп кел, — дейді,  
Ғашық көңіл асығыс,  
Досым, іздеп кел, — дейді,  
Жеделсіз шіркін болмасаң,
- 710 Қолыңның ұшын бер, — дейді,  
Сен сұңқар да, мен аққу,  
Әуселемді көр, — дейді.

Түсінен шошып оянып,  
Өкесіне келіпті,

- Көрген түске сеніпті.  
Құбығұл бала желікті,  
Түсін айта беріпті:  
— Әке, түсті шын көрдім,  
Ай мен күннен нұр көрдім,  
720 Оң қолыма ұстаған  
Жасыл ала ту көрдім,  
Бүгін көрген түсімде  
Айдан да сұлу қыз көрдім,  
Ұялсам да, айтамын,  
Осы түсті шын көрдім.  
Көрген түсім жөн, — дейді,  
Түске сендім мен, — дейді.  
Түсіме кірген сұлудың  
Мәнісін айтып бер, — дейді.
- 730 — «Түс — түлкінің боғы» еді,  
Сені көрмей жүргенде  
Көкірек шерлі, қайғылы,  
Ішім жалын шоқ еді.  
Түсінде көрген сұлудан  
Еш хабарым жоқ еді.
- Түске нанба, шырағым,  
Сені көрмей қартайып,  
Болмады елде тұрағым,  
Орта ноғай елінен
- 740 Мазасыз болып құлағым,  
Бір баланың зарынан  
Өксіп талай жыладым.  
Әулие қоймай қыдырып,  
Темір кебіс аяқта,  
Қу таяқпен сыдырып,  
Пірлерге барып үңіліп,  
Бақ пен малдан түңіліп,  
Жалғызым, тілеп алғанмын.  
Сені көрмей тұрғанда
- 750 Еңіреп өксіп зарландым.  
Ақылдан ауып сандалдым,

Өлдім-өштім дегенде  
Пірлерден сұрап алғанмын.

Қорлық көріп халқымнан,  
Жылауменен шерлендім.  
Зарығып, шаршап, тарығып  
Қартайғанда көргенмін.  
Жеті жасар күнінде  
Түске азып, неге желдендің?  
760 Түске алданба, шырағым,  
Сені көрмей тұрғанда  
Мазасыз еді құлағым.  
Ғайып түске алданып,  
Менен бұйым сұрадың.

Қол астымды жияйын,  
Халқымнан сұрайын.  
Сен дүниеге келген соң,  
Ашылды жүз бен шырайым.  
Тарығып көрген жалғызым,  
770 Қатты айтсам, қайтар райың.  
Хабарын білсе сұлудың,  
Халқымнан оны сұрайын.  
Осы бүгін қайта тұр,  
Ертең баян қылайын.

Бала алданып барады,  
Әкесінің бұл сөзі  
Баласына жағады,  
Келер кешке болғанда  
Кеше көрген сұлу қыз  
780 Тынымын тағы алады:  
— Хан баласы сен, — дейді,  
Ханның қызы мен, — дейді,  
Жеделсіз жаман болдың ба,  
Желікпеген нең, — дейді.  
Жеделді туған ер болсаң,  
Алыстан іздеп кел, — дейді.

Ғашықтықтан сарғайдым,  
Қолыңнан ұшын бер, — дейді.

790 Толықсып тұрған жасымда,  
Қайғысы ғашық басымда,  
Ұйқыға көзім ілінсе,  
Тұрасың, досым, қасымда.  
Жеделді туған жан досым,  
Қайғыға мені батырма,  
Іздегені жолында  
Жедел еткен батырға.

800 Тағы ұйқыдан тұрады,  
Ғашықтан іші қызады,  
Елең-алаң уақытта  
Ордада жатқан қартының  
Қасына келіп тұрады.  
— Жалғыз балам сен едің,  
Қуанышты әкең мен едім,  
Мезгілсіз келген нең еді?  
Жұмысыңның айтып бер  
Кәрі әкеңе себебін.

— Қайғымды айтам мен, — деді,  
Сүйеніш бабам сен, — деді.  
Кеше көрген сұлу қыз  
810 Тағы тыным бермеді.  
Кешегі айтқан сөз, — деді,  
Ғашығымның хабарын  
Хан әке, айтып бер, — деді.

— Елге хабар салғанмын,  
Халқымды жиып алғанмын,  
Халқым хабар білмеді.  
Не екенін біле алмай  
Аң-таң болып қалғанмын.  
Қарғадай бала күніңде  
820 Неге мұнша зарландың?  
Қайғы салдың әкеңе,



Ой таба алмай сандалдым.  
Сағынып көрген шырағым,  
Әкеңе ақыл саларсың.  
Түске алданба, Құбығұл,  
Ержеткен күніңде  
Теңіңді іздеп табарсың.  
Астана ел халқыңнан  
Қалаған қызды аларсың.

- 830 — Қабартпа, ата, көңілді,  
Қалдырма ғашық зейінді,  
Түсте ғашық, айтып бер  
Сағынысқан теңімді.  
Жеделімнен танбайын,  
Өзге қызды алмаймын,  
Түсімде көрген ғашықты  
Іздемей, сірә, қалмаймын.
- Атаңның хандық бағы бар,  
Бұл жеделің шын болса,  
840 Қайғымен әкең тарығар.  
Астана жұрт халықтан,  
Жалғызым, теңің табылар.  
Өксіп көрген жалғызым,  
Тілімді алсаң не қылар!  
— Әкем шынын айтпады,  
Өтінем, анам, саған-ай!  
Ғашықтың дерті жаман-ай,  
Білгенің болса айтып бер,  
Жалынып тұрған балаң-ай.
- 850 Түсте көрген тең құрбым  
Тіпті есімнен кетпейді,  
Іште ғашық жанады-ай.  
Құбығұлдың шешесі  
Шыдамайтын балаға,  
Ананың, сірә, пешесі,  
Айтылар сөздің төтесі,  
Жалынып тұрған балаға  
Айтылар шындық көшесі.

- Шырағым, менен сұрадың,  
860 Сені көрмей тұрғанда  
Талай өксіп жыладым.  
Түсіңді байқап сынадым,  
Сен туған соң, қарағым,  
Кеткен менен уайым.  
Әжекелеп өтіндің,  
Шын айтпай не ғып, шыдайын.  
Қайта келмесе игі еді  
Баяғы көрген уайым.  
Егер шынымды айтпасам,  
870 Қайтады маған райың.  
Түсіңде көрген сұлуды,  
Қарағым, баян қылайын:

- Төрт айшылық жер еді,  
Бір айшылық көл еді,  
Адам бармас ел еді,  
Хабар талып келеді.  
Теңгеліктің ар жағы,  
Шадыра ханның тұқымы  
Әділбайдың Ақбілек  
880 Айдан сұлу деп еді.

- Мұңымды айтып толғаймын,  
Қолымнан кетсең оңбаймын.  
Түсіңе кірген сұлуды  
Сол болар деп ойлаймын.  
Адам барар жер емес,  
Түске алданып, шырағым,  
Қыз іздеуің жөн емес.  
Ақбілектің хабары:  
Сымбат бойы, ажары  
890 Ай мен күннен кем емес.  
Құралды, берік қаласы  
Ер баратын ел емес.

Тілімді алсаң, шырағым,  
Сөзімді қабыл аларсың,

- Ханның қызы ханша бар,  
Байдың қызы паңша бар,  
Бұралған белі талша бар,  
Қасыңа қырық жолдас ал,  
Сұлуларға көзің сал,  
900 Сансыз дүйім халықтан  
Жаратқан қызыңды таңдап ал.  
Әкенде бар дүние-мал,  
Дәулетті айдап қызға сал.

— Ата-ана тілін алмаймын,  
Он сан үйлі халыққа  
Атымның ізін салмаймын,  
Ақбілектей аруды,  
Тіпті, іздемей қалмаймын.

- Ғашығым енді табылды,  
910 Құдай ашар бағымды,  
Қайта-қайта қайырып  
Сындырмаңдар сағымды.  
Хабарын біліп Білектің  
Ішімнен қайғы арылды.  
Кеспесе Құдай қарымды,  
Жібермей жауға арымды,  
Қалмақтан алып құшармын  
Ақбілек сұлу жарымды.

- Әке-шешем сен, — дейді,  
920 Жалғызыңмын мен, — дейді.  
Алыс сапар жол шегем,  
Ризалықпен көн, — дейді.  
Ел билеген хан әкем,  
Жеделденген балаңмын,  
Тұлпар тауып бер, — дейді.

Уәлидей хан әкем,  
Өзіме-өзім сенемін.  
Жазылған шығар маңдайға  
Бақытымнан көремін.

- 930 Үнемді күнім таусылса,  
Үйде отырсам да өлемін.  
Өтінемін, қарт ата,  
Бір тұлпар ат — керегім.

Сонда Уәли сөйлейді:  
— Ат бермей неғып шыдайын

- Тарығып көрген балама,  
Қайғы салмаса игі еді  
Қараңғы түнек замана.  
Өрістегі көп жылқы,  
940 Қарағым, бар да арала.  
Бөлек жатыр қара ала,  
Қолайыңа жаққан ат,  
Өзің сына, қара да.  
Тағы бөлек құла ала,  
Басқа жатыр сұр ала,  
Өзің байқа, сына да.

- Ақты жылқы бір бөлек,  
Көкті жылқы бір бөлек,  
Торылы жылқы бір бөлек.  
950 Сан жетпейтін көп жылқы  
Ішінен тұлпар табылар,  
Құрық ал да, жүген сал,  
Көп жылқыға барып қал.  
Көңіліңе жаққанға,  
Шырағым, бар да құрық сал.  
Құбығұл, сенің жолыңа,  
Мал түгіл, құрбан кемпір-шал.

- Белге жүген шалады,  
Қолға құрық алады,  
960 Көп жылқыға барады.  
Жүйрікті сынап қарады,  
Мақтауға сияр тұлпар жоқ,  
Тауы қайтып Құбығұл  
Жабығып кетіп барады.

— Уәли әкем сен, — деді,  
Тарыққан балаң мен деді.  
Мінуіме тұлпар жоқ,  
Кілең итті жиған нең! — деді.  
Халқыңда тұлпар бар болса,  
970 Хабарын айтып бер, — деді.

— Сені көрмей тұрғанда  
Көкірек қайғы, шер еді.  
Жылаумен көзім көр еді,  
Мінуге тұлпар жоқ болса,  
Жиған жылқым сол еді.

— Бір тұлпар ат бермеді  
Уәли әкем маған-ай,  
Өтінем, анам, саған-ай.  
Сан жетпейтін жылқыдан  
980 Мінуге тұлпар таба алмай,  
Мен қайғылы балаң-ай.  
Білгенің болса, әжеке,  
Перзентіңнен аяма-ай.

Анасына өтінді  
Сағынып көрген баласы.  
Шыдамады жалғызға  
Шешесі байғұс шамасы,  
Тарығып көрген Құбығұл  
Көзінің ақ пен қарасы.

990 — Жалғызым, балам Құбығұл,  
Ғашық өрті ішінде,  
Ақбілектей аруды,  
Жалғызым, көрдің түсінде.  
Жас та болсаң, Құбығұл,  
Досың менен дұшпаның  
Іші толар пішінге,  
Жақсылық пен жамандық  
Құдіреттің күшінде.

- Кетем десең, шырағым,  
1000 Көңіліңде ғашық іңкәр бар,  
Оң қолыңа қондырасың,  
Жібек баулы сұңқар бар.  
Ұлы Құмсай бойында,  
Шалғынды көлдің ойында  
Жетпіс құла тұлпар бар,  
Тез беліңе жүген сал,  
Шынжыр баулы құрық ал,  
Жайылулы жатқан тұлпардың  
Қалағанын мініп ал.  
1010 Бір ат түгіл, қара орман,  
Садақа сенен кемпір-шал.

- Құбығұл бала қуанып,  
Қолға құрық алады,  
Белге жүген салады,  
Ұлы Құмсай бойына  
Жаяулап кетіп барады.  
Сол жетпіс бір құланы  
Әкесі бөлек бақтырған,  
Тәтті көлге жаптырған.  
1020 Құландайын таңдатып,  
Құйрығымен ойнатып,  
Тұлпардың көңілін шат қылған.

- Тұнық су, қалың шалғын көлде жатқан,  
Қарауылдап сыртынан құлдар баққан.  
Өзі хан неғылса да, пұрсаты бар,  
Тұлпарға мұндай жайлы қоныс тапқан.  
Қолда құрық, белінде жүгені бар,  
Құбығұл келе жатты ауыл жақтан.  
Семіріп, ереуілдеп жараған ат,  
1030 Көрген соң Құбығұлды үркіп қашқан.

Алыстан болжап тұрады,  
Құлаларды сынады.  
Мақтаулы тұлпар ат емес,  
Сынап көңілі тынбады.

- Тұлпарды сынап жүреді,  
Өбден сынап көреді.  
Мақтауына сиярлық  
Асқан тұлпар ат емес,  
Біріндеп сынап келеді.
- 1040 Шешесінің айтқанынан,  
Санаса, бірі кем еді.  
Ұлы Құмсай тарауын,  
Кем болған соң біреуі,  
Тағы қарап келеді.
- Талма-тал түс болғанда,  
Күнге қарап жусаған  
Бір құла атты көреді.  
Алды-артынан шығады,  
Құлаша атты сынады,
- 1050 Сынап көңілі тынады.  
Қайшыланған құлағы,  
От орнындай тұяғы,  
Көрген жерден батырдың  
Ықыласы құлады.  
Өр мүшесі келісті,  
Көңіліне ұнады.  
Назарын атқа салады,  
Көңліне Құла жағады,  
Құлаға құрық салады,
- 1060 Тоқтатпастан аяғын  
Құлаша ат сүйреп барады.  
Табанын тасқа тіреді,  
Шынжыр баулы құрықпен  
Маңдайын бұрып Құланың  
Шықшыттап жүген салады,  
Құланы ұстап алады,  
Жануарға тіл бітіп  
Адамдай сөйлеп барады:
- Адастың, батыр, сен, — деді,  
1070 Мұнша адасқан нең, — деді,  
Қанша тұлпар көп еді,

Қартайып қалған тұлпармын,  
Бүгінде бәсім кем, — деді,  
Мәстекпен күшім тең, — деді.  
Баяғы жас күнімде  
Соққан желдей гуледім,  
Басқан ізім сүрледім.  
Қазандай тас кездесе,  
Балшықтай басып иледім,  
1080 Тау мен тасты білмедім.

Уәли әкең мінгенде,  
Мені мініп жүргенде,  
Сансыз жауға тигенде  
Таймаған тастан тұяғым.  
Құбығұл, тыңда, шырағым,  
Қайырлы тұлпар мен болып,  
Әкеңнің етгім мұрадын.  
Жастағыдан кеміген  
Шабыс пен қайрат, сияғым.

1090 Уәли әкең мінгенде,  
Мені мініп жүргенде  
Талай жерге барғанмын.  
Жау көргенде көсіліп  
Бауырымды жазғанмын.  
Әкеңнің мен жолдасы  
Барған жауын алғанмын.  
Жасым жетіп қартайып  
Шабысымнан танғанмын.  
1100 Менің немді сұрайсың,  
Қырық сегіз жасымда  
Сар буын болған жазғанмын.

Жастағыдай шаба алман,  
Буын, мүшем босаған.  
Алыс жерге бара алман,  
Бауырымды жаза алман,  
Барған жауың ала алман.



Кәріліктің жөнінен,  
Шырағым, көңілім қабарған.

1110 Сырымды айттым, Құбығұл,  
Шырағым, өзің білерсің.  
Ұлықсат бер көріге,  
Жастың бірін мінерсің.  
Жас тілегі қабыл-ды,  
Ғашық болған жарыңды,  
Ер Құбығұл, сүйерсің.

Мұнымды мақұл көріңіз,  
Мақұл ету жөніңіз,  
Жасы жеткен кәрімін,  
Қартқа рұқсат беріңіз.

1120 — Ұлы Құмсай тараудан  
Құлаша тұлпар табылды,  
Ашар Алла бағымды.  
Тау қайырып, жануар,  
Сындыра көрме сағымды.  
Сені мінсем, құшармын  
Ақбілек сұлу жарымды.  
Неғылсаң да өзің біл,  
Мінер атым табылды.

1130 Сен болмасаң, жануар,  
Ол жетпіс бір құладан  
Мінуге тұлпар таба алман.  
Онан мінсем бір атты,  
Шадыра ханның еліне  
Жақын күнде бара алман.  
Бейнет шегіп бұл жолдан  
Қайтып үйім таба алман.  
Самырлығың салынған,  
Күншығысқа қараған,  
Күйің түскен Құласың

1140 Бақытыма табылған.  
Әкем мінген Құлаша,

Ақбілектей аруды  
Арзу едім сағынған.

Қос құлағың тігілген,  
Ор текедей жүгірген,  
Әр мүшеңе қарасам,  
Қартайсаң да, жануар,  
Тұлпарлығың білінген.  
Ол жетпіс бір құладан  
1150 Көңілім сынап түңілген.

Сынауыма толғандай,  
Мақсатым менің болғандай,  
Үстіңе мінсем, жануар,  
Таудай бақыт қонғандай.  
Ақ ниетте көңілім,  
Сапарды Алла оңғарғай.

От орнындай тұяғың,  
Үшқырлы жебе құлағың,  
Өзгеден артық сияғың,  
1160 Жануар, сені сынадым.  
Егер мінсем бұл жолға,  
Ойлаған болар мұрадым.

Алды-артыңнан сынасам,  
Алысты қылған жуықтай,  
Толғаған мойның құрықтай,  
Көңілімді, құла, суытпа-ай.

Үкілі құйрық, майда жал,  
Сендей болмас өзге мал.  
Өтінемін, жануар,  
1170 Өтінішім жадыңа ал!

Сауырлығың екі кез,  
Шүйел белің құрған тез,  
Сия берер айтсам сөз,  
Құлаша тұлпар, өзің біл,

Талапты ерге келдің кез.  
Өтініш еткен сөзім бар,  
Жауабын бер енді тез.

- Бабымды таптың сен, — деді,  
Жылқыда жүйрік мен, — деді.  
1180 Мақтаған мұнша нең, — деді,  
Сүйек-төнім қыздырдың,  
Өзге ат менен кем, — деді.  
Қартайсам да, Құбығұл,  
Бір қимылдап көрейін,  
Бір қызығым көр, — деді.

- Көрі жасым, шырағым,  
Сенен неге аяйын,  
Бір қимылдап қарайын.  
Қартайсам да, батыр-ау,  
1190 Жұмысыңа жарайын.  
Тек екі күн таң асыр,  
Сергіп тұяқ қағайын,  
Кіндігімнен жарайын.  
Төрт айшылық жеріңе,  
Шадыра ханның еліне  
Үш күнде алып барайын.

- Айырылмасам барымнан,  
Кәрімін деп тарылман.  
Уәли ханның жалғызы  
1200 Құбығұлсың жалынған.  
Қайырлы үстім тұлпармын,  
Ақбілекті құшарсың  
Ғашық болып сағынған.

Құлаға мініп шаһарға  
Құбығұл бала келіпті,  
Бала мінген Құланы  
Уәли хан енді көріпті.  
Балам болды есер деп,

Жалғыз қолдан кетер деп,  
1210 Кетеріне сеніпті.

Сонда Уәли толғайды:  
— Сен келген соң дүниеге  
Жастағыдай бағым бар,  
Ізгілікті, құрметті,  
Қадірленген шағым бар.  
Жаратпаймын жолыңды,  
Жалғызым, тілімді алыңдар.

Қабыртқан әлі қатқан жоқ,  
Шырағым, жасың жеткен жоқ,  
1220 Менің айтқан тілімді ал.  
Ықыласпен құлақ сал,  
Көрген түске алданба,  
Орта ноғай елінен  
Сүйгеніңді таңдап ал.  
Теңіңді тапсаң халқыңнан,  
Саған шашу дүние-мал.  
Егер кетсең тіл алмай,  
Не болады кемпір-шал?!  
1230 Буын кетіп, қартайып,  
Бізде жоқ, балам, қуат-хал.  
Сүйгенің елден табылар,  
Перзентім, менің тілімді ал.  
Ата шіркін не болар,  
Ардақтап сүйген баласыз.  
Адал туған ұл болсаң,  
Атаң менен анаңның  
Айтқан тілін аласыз.  
Сен тумаған күніңде  
Тарлыққа түстім шарасыз.  
1240 Жердің жүзін аралап,  
Дүние кезіп жағалап,  
Әулие іздеп паналап,  
Өлдім-талдым дегенде  
Сүйген ұлым сен едің,  
Қартайған әкең мен едім.

Орта ноғай елінен  
Дүние-малды сарп етіп  
Айдан сұлу аруды,  
Шырағым, алып беремін.

- 1250 — Көңілім кетті ғашыққа,  
Қанша айтсаң да тіл алман,  
Маңдай алған жағымнан  
Атымның басын бұра алман.  
Жақсылық пен жамандық  
Жазған шығар бір Аллам.

- Сірә, балаң басылмас,  
Жаратып Құла ат мінбей,  
Ат құйрығын шарт түймей,  
Тепеден-тең қайратпен
- 1260 Ақбілек ару қыз сүймей.  
Батыр батыр бола ма,  
Жасанған жауға кеп тимей,  
Қолындағы көк найза  
Түйреп жаудан өткізбей.  
Балаңның көңілі басылмас,  
Ғашық болған түсінде  
Ақбілек ару қыз сүймей.

- Табылды Құла ат бағыма,  
Ақбілек асыл аруға
- 1270 Қосылатын шағыма.  
Бейнет етіп басыма,  
Жолдас алман қасыма.

Жолдас ерсе егерде,  
Көмектікке жарамай,  
Басқа қиын іс түссе,  
Жамандар қарар ма-ай?  
Әкем менен әжекем,  
Ақ батаң бер маған-ай.

— Алданбадың, балам, болмадың,  
1280 Жұруге қиял ойладың.  
Тағы атаңнан күй кетті,  
Баяғы тарлық күн жетті.  
Сен тумаған күніңде  
Уәли хан атаңды  
Құл мен құтан билепті.

Сен туған соң бақ білдім,  
Шыр етіп жерге түскен соң,  
Бақытым асып халқыма  
Патша болып тақ міндім.  
1290 Айтқаныма болмадың,  
Әулие мен әнбие,  
Пірлерге, балам, тапсырдым.

Алмадың айтқан сөзімді,  
Сен кеткен соң, Құбығұл,  
Қадірлемес халық өзімді.  
Сен тумаған күніңде  
Өркімнен көріп зәбірді,  
Көзден аққан ыстық жас  
Қойынға талай төгілді,  
1300 Қайта кимесем игі еді  
Баяғы таз кебімді.

Шешесі сонда толғады,  
Ботасы кеткен түйедей  
Еңіреп жылап боздады.  
Ата менен анасы —  
Тілекшісі баланың,  
Кемпір-шал байғұс — қорғаны.

— Қауырсыны қатқан соң  
Ұшады сұңқар ұядан.  
1310 Бабына түсіп, желігіп  
Көргенін ілер қиядан.  
Әкең тілек сұраған,

Тілегін, балам, бермедің,  
Көзінің жасын көрмедің.  
Ата менен анаға,  
Қайырылмастай қарттарға  
Мейірімсіз сен бе едің?!

1320 Бір қыз үшін халқыңнан,  
Құбығұл балам, кеткенің.  
Ата-анаңды жылатып,  
Шырағым, сенің неткенің?!  
Сапар шектің алысқа,  
Амалы бар ма кемпір-шал,  
Қайғыменен өткенім.

1330 Ата менен ананың  
Сүйеуі — сүйген баласы,  
Інінің қанат, құйрығы —  
Алдында өскен ағасы.  
Ерді берік сақтайтын  
Шығыршықты сауыттың  
Дулығалы жағасы.

Атаң менен анаңның,  
Балам, тілін алмайсың,  
Жеделіңнен танбайсың,  
Сапарыңнан қалмайсың.  
Көрген түске алданып,  
Түсіңде қызды таңдайсың.

1340 Сындырмайық, балам, сағыңды,  
Байламайық бағыңды.  
Сәуел көрдім түсімде,  
Жаудан алып құшарсың  
Ақбілек сұлу жарыңды,  
Жібермессің арыңды.

Көрген түске қуандым,  
Кеше көрген түсімде  
Туырлықтай ту алдың.

Астыңдағы Құла атты  
Бал-шекермен суардың.

- 1350 Түсімде биік тау көрдім,  
Тау басында қар көрдім,  
Құйрығын тауға сабаған  
Айдаһар көрдім, зәр көрдім.  
Осы түсті мен көрдім,  
Бер жағынан сол таудың  
Ту ұстаған ер көрдім.  
Айдаһарды құлатып,  
Қарлы таудың басынан  
Қарауыл салған қайтпайтын  
Қайыспас берен ер көрдім.
- 1360 Осы түсті, Құбығұл,  
Сапарыңа меңгердім.  
Ақ күн туар жолыңа,  
Ақ батамды тез бердім.

Бір жағыңнан ай туар,  
Бір жағыңнан күн туар,  
Осы көрген сәуелім  
Өтірік емес, шын шығар.  
Саған жәрдем тілеуші  
Бақытыңа күн шығар.

- 1370 Ата-анасы балаға  
Ақ батасын оң берді.  
Ұлықсатпен жол берді,  
Қаруын сайлап мол берді.

Берік сауыт кигізді,  
Садағын сала байлатып,  
Ер қаруы — бес қару,  
Бесеуін тамам ілгізді.

- Бес қаруын іледі,  
Берен сауытын киеді.
- 1380 Алла деп атқа мінеді,



Амалы жоқ кемпір, шал  
Қайғы отына күйеді.  
Ажарланып баланың  
Алып ұшты жүрегі.

- Кемпір, шал қолын жаяды:  
— Алла, Алла, Алла жар,  
Алла болғай пана, жар!  
Өзекті жауға өлім бар,  
Жалғызымның жолынан  
1390 Қорқыныш қатты, қаушім бар.  
Жаныңа жолдас алмадың,  
Әскерменен бармадың,  
Әлдеқандай күнің бар.  
Жалғыз кеттің, қарағым,  
Осы жолдан қаушім бар.  
Сен кеткен соң ата-анаң  
Қайғыменен болар зар.  
Қайта айналып келгенше,  
Амандасып көргенше  
1400 Тағы да болды күнім тар.  
Бата қағып, шырағым,  
Бердім саған ықтияр.  
Аман барып, есен қайт,  
Жауға өткіз, балам, зар.  
Амалдап қызды алып кел,  
Сыр білдірмей тілімді ал.

- Ойлап, балам, ақыл тап,  
Құбығұл балам, басың бақ,  
Астыңа мінген Құлаша ат,  
1410 Ақылмен ойлап жөнін тап.  
Білініп қалып қалмаққа,  
Балам, болма жауға мат.  
Сан қалмақтың елінде  
Қуаныш болсын, көңілің шат.  
Есебін тапсаң егерде,  
Білінбей жауға алып қаш.

Кемпір, шалдан бата алып,  
Құла атқа мініпті.  
Ата менен анасы  
1420 Ақылмен айтты білікті.  
Адырнасы бес қабат  
Үстіне сауыт киіпті.  
Балдағы алтын көк болат  
Орай белге іліпті.  
Ай балтасы тақымда,  
Көк найзасы қалтылдап  
Батыр жолға жүріпті.

Астындағы Құлаша ат,  
Әрі-бері сыдырып,  
1430 Атын байқап қарады.  
Сауырдан тері шыққанда  
Жұлдыздайын ағады.  
Танауынан дем шығып,  
Қолтығынан жел шығып,  
Зулап кетіп барады.  
Тұяғы тиген жерлерді  
Жер ошақтай қазады.  
Ат бауыры жазылды,  
Басқан ізі қазылды,  
1440 Қара терге боялып,  
Үдей-үдей шабады.

Түсінде көрген ғашығын  
Көргенше батыр сағынды.  
Соққан желдей аңқыды,  
Сүйегі қызып тұлпардың  
Тән-сүйегі балқыды,  
Шалқая шауып шалқыды.

Екі көзі жайнайды,  
Тісі сыздап тұлпардың,  
1450 Ауыздығын жануар  
Бытырлатып шайнайды.  
Кекіл қағып ойнайды,

Ат шабысқа тоймайды.  
Екпінімен Құбығұл  
Ұшармын деп ойлайды.

- Батыр атты қыспады,  
Жер жүзінде зулады,  
Тек аспанға ұшпады.  
Ағынынан тұлпардың  
1460 «Кетем бе, — деп, — жығылып»  
Ер қасынан ұстады.

- Шабысы аттың мол болды,  
Басып кеткен іздері  
Қазылып жатқан ор болды,  
Жүрген жері жол болды.  
Қара тері құйылып,  
Қажыры қайнап жиылып,  
Бүркіт құстай шүйіліп,  
Біресе бауыр жазылып,  
1470 Біресе белі бүгіліп,  
Екі көзі жалтылдап,  
Сүйек-төні қызынып,  
Құйрығын тігіп құландай,  
Жолдан соқты Құбығұл,  
Арқар аң мен бұланды-ай.

- Осы келген жөнінен,  
Әжіғырдың бер жағы,  
Бозша таудың белінен  
Қаруы сай құралды  
1480 Бір айдаһар бастаған  
Көрдi батыр жыланды.  
Жетi басты айдаһар  
Баланы көрiп күш қылды.  
Күш қылды да ысқырды,  
Ысқырғаннан таймады,  
Қара бұлт аспаннан  
... \* қайнады.

\* Түшнұсқада бір-екі сөз түсіп қалған.

- Астына мінген Құлаша ат,  
Айдаһарды көрген соң,  
1490 Орғып-орғып ойнады.  
Жақсы ырым болды деп,  
Құбығұл батыр ойлады.
- Айдаһар бастап көп жылан  
Ерге қарап қаптады,  
Батыр мұнан саспады.  
Алмасты қолға алады,  
Батырды жылан қамады.  
Қылышпенен қиратып,  
Жолын ашып барады.  
1500 Сонда айдаһар тулапты,  
Құйрығымен тастарды  
Ысқырып, сабап қиратты.  
Ат айналып шабады,  
Айдаһардың лебі  
Ішіне тартып барады.
- Алды қолға алмасты,  
Жаңа талап жас бала  
Қайтпайтұғын қайратты,  
Беттеген жерден таймас-ты.  
1510 Жұмсады өткір алмасты,  
Тасты кескен алмастан  
Сілтесе жәндік қалмас-ты.  
Айдаһарды құлатты,  
Ырым болды жолына,  
Таудай қылып сұлатты.  
Құлаша тұлпар астында  
Мінген жүйрік пырақты,  
Жолын ашып Құлаша ат  
Тағы жазды құлашты.  
1520 Бұрынғыдан мирас сөз,  
Осының бәрі рас-ты.
- Бір күні өтті арада-ай,  
Тозаңы көкке борады-ай,

- Ертең тал түс болғанда  
Теңгеліктің суына  
Батыр келіп қалады-ай.  
Ар жағында батырдың  
Көзі түсті қалаға-ай.  
Қаланы болжап алады-ай,  
1530 Сан жетпейтін халық екен,  
Байқап тұрды шамалай.
- Берікте тұрған ел екен,  
Есепсіз, сансыз көп екен.  
Жаңа талап жас бала  
Қорықпайтын ер екен.  
Теңгеліктің терең су  
Үш шақырым ені екен,  
Ағыны тасты ағызған,  
Батырдың сасар жері екен.
- 1540 Теңгеліктен өте алмай,  
Ар жаққа өтіп кете алмай,  
Баратын жерге жете алмай,  
Енді батыр шаталды-ай,  
Түсуге суға бата алмай.
- Түрі жоқ судың өткендей,  
Ердің көңіл талабы  
Арғы бетке жеткендей,  
Ағысы күшті су екен,  
Қазандай қара тас салса,  
1550 Тоқтатпай алып кеткендей.
- Бұл жерде не ғып тұрайын,  
Басыма түсті уайым.  
Өткізетін су емес,  
Бұған не амал қылайын.  
Хан баласы асылмын,  
Артық туған нәсілім,  
Теңгеліктен өте алмай,  
Көңілім, мұнша жасыдың.

1560 Арғы бетке өтпедім,  
Ақбілекке жетпедім,  
Астымдағы Құлаша ат  
Бекер қинап өктедім.  
Арғы бетке бір өтіп,  
Мақсатыма жетпедім.

Өткелсіз судан өте алмай,  
Қиындық батыр көріп тұр.  
Ақбілектің еліне  
Батыр жақын келіп тұр.  
Сүйегі қызған Құлаша  
1570 Тарпып жерді теуіп тұр.

— Атаның тілін қылмадым,  
Айтқанына тұрмадым.  
Осы тарлық қиын жол,  
Құлаша, сені қинадым.  
Кәрілігіңді айтсаң да,  
Жануар, мені қимадың.  
Су басында тарықтым,  
Өте алмай мұнан зарықтым,  
Астымдағы серігім,  
1580 Сізге ақыл салыпшын.

Жоғары ерні жыбырлап,  
Төменгі ерні қыбырлап,  
Ашылғанша сөйлер тіл,  
Құла ат тұрды сыбырлап:  
— Тарықпа, батыр, сен, — дейді,  
Астыңдағы тұлпар мен, — дейді,  
Шын тарығар болар ма  
Қыз іздеген ер, — дейді.  
Астыңдағы Құланың  
1590 Қимылын, батыр, көр, — дейді,  
Келгенің алыс жер, — дейді.  
Кемімесем егерде,  
Теңгеліктің суынан  
Аяғымды малмастан,

- Тұяғымды тигізбей  
Өткіземін мен, — дейді.  
Олай-бұлай қыздырып,  
Орғып шауып жүр, — дейді,  
Берік мініп үстіме,  
1600 Батыр, қамшы ұр, — дейді.  
Мықтап ұстап шоқтықтан,  
Бала, көзің жұм, — дейді.  
Шаршамайын, талмайын,  
Өзімді-өзім барлайын,  
Жасым жетіп үлкейдім,  
Кәріліктен танбасам,  
Сар буын болып қалмасам,  
Тұяғымды тигізбей  
Өткізейін мен, — дейді.
- 1610 Олай-бұлай шабады,  
Шоқтығынан Құланың  
Мықтап ұстап алады.  
Ор қояндай орғытып,  
Құлаша ат қарғып барады.  
Су шетіне шыққанда  
Бір аяғын малады.  
Аяғы суға малынып  
Азалап жатып қалады.  
«Кәріліктен тандым» деп,  
1620 «Ұятты болып қалдым», деп,  
Көңіліне алады.  
«Тұр», деді батыр, тұрмады!  
Құла атты бала сыйлады,  
Тұрмаса да ұрмады.  
Тұрмаған соң Құлаша ат,  
Ер Құбығұл жылап тұр,  
Тұрмасын аттың сынап тұр.
- Айналып атқа қарайлай,  
Тастап атын кете алмай,  
1630 Жолда тұрды зарығып,  
Баратұғын жеріне

- Жолда қалды жете алмай.  
«Ақбілек ғашық қатарым,  
Оңбады ғой сапарым,  
Құлаша ат, сенің қасыңа  
Жануар, бүгін жатамын».  
Кеш болып жатып қалады,  
Түн ортасы болғанда  
Ақ шалмалы шал адам
- 1640 Қасына жетіп барады.
- Жолдасың, балам, мен, — деді,  
Су басында тарығып,  
Жылай берген нең! — деді.  
Тарығып жылар болар ма  
Сапарға шыққан ер?! — дейді.  
Қорғаушы бабаң мен едім,  
Мен тілекші шал, — дейді,  
Құйрығынан тұлпардың  
Бір тал қыл жұлып ал, — дейді,
- 1650 Тез қалтаңа сал, — дейді.  
Қару, киім баршасын  
Ат үстіне таң, — дейді,  
Құрым тауып ки, — дейді,  
Әділбайдың ордаға  
Мүсәпір болып бар, — дейді.  
Сапарың болар оң, — дейді,  
Қайырлы болар жол, — дейді.  
Ақбілектің әкесі  
Әділбай атты патшаға,
- 1660 Шырағым, малай бол, — дейді.
- Шамаң келсе жақ, — дейді,  
Ақыл, айла тап, — дейді.  
Үй айнала оттайтын,  
Түс болғанда тоқтайтын,  
Шырағым, қозы бақ, — дейді.  
Менің тілім ала бер,  
Айтқаныңда сол ханның  
Айтқанына бара бер.



1670 Өріске шығып кетпейтін,  
Алыс жолға жетпейтін,  
Шырағым, қозы баға бер.

Айтқаныма көн, — дейді,  
Ықыласқа сен, — дейді.  
Керексе тұлпар, қыл тұтат,  
Астыңа мінер Құлаша ат  
Тапсырармын мен, — дейді.

1680 Атты күйлеп бағайын,  
Аттың күйін табайын,  
Бағуын рас табайын.  
Қыз іздеген жалғыздан  
Жәрдемім неге аяйын!

1690 Тарыққан күнде жебейін,  
Сені бөтен демейін.  
Керек кезде даярлап  
Қару-жарақ, атыңды  
Аман сақтап берейін.  
Айтқан тілімді аларсың,  
Әділбай ханға жағарсың.  
Аулақ кетпей жақыннан  
Қозы-мозы бағарсың.

Атаңның сөзін алыңыз,  
Ұмытып, балам, қалмаңыз.  
Пақыр бол да, балам, бар,  
Осы тапқан айламыз.

Айттым сырмен барымды,  
Қалмаққа бермен арыңды.  
Ақырында құшарсың  
Ақбілек ханша қосағың,  
Жолдас болар жарыңды.

1700 Қарттың тілін алады,  
Қару-жарақ, киімді

Ат үстіне таады.  
Бір шоқ қыл жұлып құйрықтан  
Қалтасына салады.  
Алама киім жыртықты  
Құбығұл іздеп табады.  
Атасына атты тапсырып,  
Әділбайдың ордаға  
Пақырлықтың жолымен  
1710 Құбығұл кетіп барады.  
Ақсақал қорған азамат,  
Тұлпарды да қазанат,  
Қару, киім — бәрін де  
Тапсырды қартқа аманат.

Шалыменен қоштасып  
Құбығұл кетіп барады.  
Әділбайдың ордасын  
Сұраумен іздеп табады.  
Қайыршы болып жас бала  
1720 Хан үйіне барады.  
Лұқсат сұрап келеді,  
Тақ үстінде сол ханға  
Келіп сәлем береді.  
Жас баланы көрген соң  
Арызыңды айт деп еді.

Сонда ханның айтқаны:  
— Қалмақта көзге түспеген  
Қайдан жүрген баласың,  
Қайда кетіп барасың?  
1730 Өтірік қоспай сөзіңе,  
Расын айт, расын.  
Тәуір екен сияғың,  
Жұмысыңды сұрадым,  
Қайдан жүрсің, шырағым,  
Арыз айта келдің бе,  
Арман мен не мұрадың?

- Ата, тыңда арызым,  
Мен, мен едім, мен едім,  
Ата менен анадан
- 1740 Жетім қалған кем едім.  
Қайыры жоқ халқымның,  
Сол себепті қайырлы  
Сізге жетсем деп едім.  
Паналатсаң егерде,  
Сізден қайыр көремін.  
Жаста жетім қалыппын,  
Кемшіліктен тарықтым,  
Қайырлы деп, ей, ханым,  
Сізден хабар алыппын.
- 1750 Жеткенімше асығып,  
Шаршап жолда шалдықтым.  
Халқымның көрісі,  
Ақсақалдың бөрісі:  
«Бүйтіп жүрме, шырағым,  
Қалмақ деген халықта  
Әділбай деген хан» деді.  
«Өрі батыр паң» деді,  
«Өр керектің бөрі сай,  
Есепсіз дәулет мал» деді.
- 1760 «Мүсәпір мен пақырға  
Қайыры көп жан» деді.  
«Әділбайға бар» деді,  
«Айтқан тілді ал» деді.  
Даңқыңды естіп алыстан  
Іздеп сені келемін,  
Мүсәпір, пақыр, кем едім,  
Іздегенім сен едің.  
Менің жайым осылай,  
Нашарға тисе себебің.
- 1770 — Ер жетпеген баласың,  
Қатпаған, балам, шаласың.  
Қорғайын да қоршайын,  
Маған қалай жағасың?

Ханың менен ханымның  
 Қалайша көңілін табасың?  
 Қызмет ете келіпсің,  
 Нешік малды бағасың?

— Шамам келсе, ата, жағайын,  
 Жетіммін рас, талайым.  
 1780 Ірі малды баға алман,  
 Шаруа жөнін таба алман,  
 Ауылға жақын оттайтын,  
 Түс болғанда тоқтайтын,  
 Қозы-мозы бағайын.

Жас бала сөзге зерек тақ-тақ болды,  
 Сол ханға бала қозы бақпақ болды.  
 Баланың ақыл менен айласы көп,  
 Алдында Әділбайды мақтап болды.

— Жас бала, маған әбден жақ, — деп айтты,  
 1790 Шырағым, шаруа күйін тап, — деп айтты.  
 Берейін тілегіңді енді, балам,  
 Ұлықсат, енді қозы бақ, — деп айтты.

Әділбайдың қатыны  
 Сыншы еді тұқым-нәсілі,  
 Артық еді ақылы.  
 Айтылар шындық мақұлы,  
 Сынаудың жоқ ғапылы.  
 — Әй, Әділбай, Әділбай,  
 Үйге келген бәлені  
 1800 Жалдаймын деген нең, — деді,  
 Жалдай көрме сен, — деді.  
 Келбетіне қарасам,  
 Келісті туған ер, — деді.  
 Сияғына көз салсам,  
 Қайтпайтын жаудан шер, — деді.  
 Бұл бәлені жалдасаң,  
 Бөрідей сілкіп жер, — деді.

- Келбетіне қарасам,  
Келімді туған ер екен.  
1810 Сияғына көз салсам,  
Айтулы ердің өзі екен.  
Жетіммін деп тұрғаны  
Сені алдаған сөзі екен.  
Сымбатына қарасам,  
Хан баласы бек екен,  
Айла, ақылы көп екен.  
Мүсәпір болып ақылмен  
Алдыға сенің келген-ді.  
Жаратпаймын сияғын,  
1820 Қиындық бізге төнген-ді.
- Тағыңнан аудың, Әділбай,  
Келіп сәлем бергенде.  
Бұл бәлені жалдасаң,  
Бүлік салар еліңе,  
Ылаң түсер жеріңе,  
Зауал төнер еріңе.  
Айламенен, амалмен  
Қайғы салар өзіңе.  
Алданбаңыз, Әділбай,  
1830 Арбап айтқан сөзіне.
- Айламенен, амалмен  
Жетім болып келген-ді,  
Мұны көзім көрген-ді,  
Көкірегім шерленді.  
Жаратпаймын ажарын,  
Амалменен үйіңе  
Мүсәпір болып кірген-ді.  
Сұрғылт екен ажары,  
Арыстандай айбатты,  
1840 Сыртына шыққан қажыры.  
Бұл бәлені жалдасаң,  
Халықтың суыр базары.

- Жалдай қойсаң егерде,  
Басыңнан дәурен күн асар,  
Патшам, қайғың ұласар,  
Халқыңды жылатар.  
Бүгін пақыр болғанмен,  
Ерлігін ертең сынатар.  
Амал, ақыл, түрі сай,  
1850 Келбет-ақыл, сияғы  
Біреуіне бірі сай,  
Сынаудың жоқ бұрысы-ай.  
Жалдай қойсаң егерде,  
Берекет елден шын кетер,  
Халқыңнан бақыт күн кетер.  
Жалдаймын деме бибекер,  
Ақырында, Әділбай,  
Өзіңнен бақыт шын кетер.  
Бәлелікпен келген-ді,  
1860 Ақырында түбіңе  
Мүсәпірсіп бұл жетер.
- Сонда Әділбай сөйледі:  
— Сыншы едің, қатын, сен, — деді,  
Сынауың сенің жөн, — деді.  
Олай болса баланы  
Жалдамайын мен, — деді.
- Аяп едім, әй, бала,  
Пақырлық айтқан сөзіңе,  
Ұлықсат берем өзіңе.  
1870 Алуға сені болмады,  
Кете бер енді жөніңе.
- Әй, Әділбай, батырым,  
Қатынның айтқан сөзіне  
Айнып неге жасыдың.  
Ерге билік бермеген  
Мықты-ақ екен қатының.  
Жанға залал етер ме  
Мен секілді пақырың.

1880 Қатынның тілін алғаның,  
Өзіңе сын болмай ма  
Айтқаныңнан танғаның?!  
Алдыңызға келгенше,  
Дидарыңды көргенше  
Көп болып келді арманым.  
Өзіңе сынық болмай ма,  
Ей, тақсыр, айтқаныңнан танғаның.  
Басыңызға мін шығар,  
Қатыннан кем қалғаның.

1890 Сонда Әділбек сөйлейді:  
— Олай болса, пақырым,  
Әйелдің тілін алмайын,  
Уәдемнен танбайын.  
Қалай болар жағдайың,  
Өзің айтшы, мүсәпір,  
Қызметке жалдайын.  
Не жұмысқа келеді,  
Жас бала, сенің жағдайың?

1900 — Олай десең, Әділбай,  
Жетімдіктің жөнінен  
Кемдіктің көрдім талайын.  
Келгенінше әлімнің,  
Батыр, сізге жағайын.  
Ірі малың баға алман,  
Жөндеп жабу жаба алман.  
Үй айнала оттайтын,  
Түс болғанда тоқтайтын,  
Қозы-мозы бағайын.

1910 Баланы қатын сынап тұр,  
Сөзін естіп Құбығұлдың  
Ханымы ханның жылап тұр.  
Бір бөленің боларын  
Залым қатын сезіп тұр.  
Қатын залым сынапты,  
Хан жалдаймын дегенде

Шын еңіреп жылапты.  
Келбеті келген келісті  
Құбығұл бала сияқты.

Әділбай жетім сөзін қабыл көрді,  
Бағуға сонда қозы ерік берді.  
1920 Алама киім киіп, таяқ алып,  
Қозының сонда бала соңына ерді.

Жас бала таяқ алып қозы бақты,  
Алаңсыз баққан малдың бабын тапты.  
Айнала жанып тұрған ыссы күнде  
Қозыны үш қайтара суға жапты.

Күн ыссы талай шөлдеп, таңдай қатты,  
Көрмеген мұндай қорлық ешбір затты.  
Өзінің тура істеген қызметі,  
Ақылмен Әділбайдай ханға жақты.

1930 Арадан неше талай күндер өтті,  
Хабар жоқ ғашығынан, жүдеп кетті.  
Салпылдап көп қозының соңында жүр,  
Ажар жоқ, қатқан қабақ, жүдеп кетті.  
Құбығұл ақыл ойлады-ай,  
Ойласа ойға тоймайды-ай.  
Қатты жүдеп тарығып,  
Мойны болды ырғайдай,  
Жүдеушілік зарпынан  
Биті болды торғайдай.

1940 «Ойламасқа болмайды-ай,  
Сияғым жоқ, ажар жоқ,  
Әлім кетті, қажыр жоқ,  
Ғашығымнан хабар жоқ.

Қайбір ісім келіскен,  
Ойлайын ақыл кеңістен.  
Қозыны тастап кетейін  
Бағылып жүрген өрістен.



Енді қылық бастайын,  
Өріске қозы тастайын,  
1950 Жалғызбын деп саспайын.  
Іздеп келген ғашықты  
Неге іздеп таппаймын.  
Тауып алып Білекті,  
Қалмақ деген халықтың  
Басына садақ жастайын.

Қозы бағып нетейін,  
Өріске тастап кетейін.  
Қосылар күнім бар шығар,  
Ақбілекке жетейін.  
1960 Шаһардан іздеп Білекті  
Қаңғырумен өтейін.

Білекті іздеп таппасам,  
Ерлігіме кір болар,  
Бұл жүрісім мін болар.  
Түсте көрген Білекке  
Қосылуым сын болар.  
Жолдасым, пірім болмаса,  
Ақыл айтар кім болар?!»

Құбығұл батыр саспады,  
1970 Бір қылықты бастады.  
Үстінде құрым киімді  
Шешіп алып далаға  
Лақтырып тастады.

Қозыны тастап далаға,  
Теңгелікке келеді,  
Суға түсе береді.  
Суға түсіп жүргенде,  
Екі шелек иінде  
Ханның күңі көреді.  
1980 Келбеті артық Құбығұл  
Тым көрікті ер еді.

Жалқын айдар төбеде  
Құбығұлды көреді.

Күңнің ауды назары,  
Келбеті зор келімді,  
Көрікті айдай ажары.  
Көзі көріп қара күң  
Балаға ауды назары.  
Қасына жақын барады.

1990 — Суға түскен жас бала,  
Қасыңа келдім мен, — деді.  
Айыптама, шырағым,  
Жөніңді айтып бер, — деді.  
Көп қалмақтың елінен  
Көргенім жоқ мен, — деді.  
Қайдан жүрген баласың,  
Мәнісін айтып бер, — деді.

Жаңа өспірім баласың,  
Жас болсаң да данасың.  
2000 Жөніңді айтшы, шырағым,  
Қай сапарға барасың?  
Қайырлы болсын, шырағым,  
Шыққан сапар жөн, — деді.  
Хан баласы сияғың,  
Келісің келген ер, — деді.  
Қай сапарға барасың,  
Жөніңді айта көр, — деді.  
Көргенімді айтпаймын  
Еш қалмаққа мен, — деді.

2010 — Қайбір ісім келіскен,  
Тастап кеттім қозымды,  
Бағып жүрген өрістен.  
Қысқа жерден айтайын,  
Көп сұрама кеңістен,  
Ақыл шықпас әр нешік  
Ой ойламас кемістен.

- Мен айтайын шынымды,  
Шын айтайын мұңымды.  
Хабарың болса егерде,  
2020 Рас айт маған сырыңды.  
Әділбайдың Ақбілек  
Аян беріп түсімде,  
Кетірді менен тынымды.  
Ақбілек үшін тастадым  
Халық, Отан, қаламды.  
Ғашық үшін жылаттым  
Үлкейген ата-анамды.  
Адамға ғашық жаман-ды,  
Келгеніме көп болды,  
2030 Біле алмадым хабарды.
- Ей, қара күң, қара күң,  
Қауышқан саған күнімде  
Сырымды айттым өзіңе,  
Түсіндің бе сөзіме?  
Сыр айтысар адам жоқ,  
Келдің бүгін кезіне.  
Хабарың болса айтып бер  
Ақбілектей сұлумен  
Қосылар күнім болар ма  
2040 Сондай ғашық теңіме?  
Кең заманым тарылды,  
Тарлықпен күнім арылды.  
Хабарың болса айтып бер  
Ғашық менің жарымды.  
Көңілдегі мүде сөз  
Айттым сырым, барымды.
- Қабыл екен, бала, тілегің,  
Қуанғаннан, шырағым,  
Жарылмасын жүрегің.  
2050 Ақбілектің күңі едім,  
Қызмет етіп жүр едім.  
Меніменен қауыштың,  
Қабыл екен тілегің.

- Қауыштырар өзіңе,  
Алыс болмаса сүрегім.  
Толықсып тұрған жасында,  
Қырық қыз бар қасында,  
Халқына ол жағулы,  
Бөлек орда салулы,  
2060 Ақбілектің есігін  
Күң мен құлдар бағулы.  
Беркіндегі жас бала,  
Күтуі мықты бақшада.  
Қадірі артық халыққа  
Тілегін тілейді астана.
- Екеуіңнің араңа  
Біту болып қарайын,  
Білдіруге Білекке  
Ақыл ойлап табайын,  
2070 Қосуым қызға тағайын.  
Екі жақсы жолықсын,  
Екеуіңді қосуға  
Есебін өзім табайын.  
Ақбілек сұлу асылды  
Жемісті сайдың бойына  
Алдап алып барайын.
- Айтқан тілді ал, — дейді,  
Көтеріңкі көңілім,  
Қырға салған бақшасы  
2080 Жемісті сайға бар, — дейді,  
Қарағым, тілім ал, — дейді,  
Айтқанымға көн, — дейді,  
Ақбілек сұлу тең, — дейді.  
Ертең сәске болғанда  
Ақбілектей сұлуды  
Апарайын мен, — дейді.  
Жемісті сай бақшадан,  
Шырағым, күтіп тұр, — дейді.

- Орындармын тілекті,  
2090 Ертеңге кестім сүректі,  
Шамам келсе, амалмен  
Апарам алдап Білекті.  
Не болғанын білмеймін,  
Айдан сұлу Ақбілек  
Бұрынғыдан жүдепті.
- Қосармын сені теңіңе,  
Құбығұл батыр, әбден нан  
Күң шешеннің сөзіне.  
Жемісті сайдың бойында,  
2100 Ертең түсте қосармын,  
Ертіп алдап апарып  
Ғашық болған теңіңе.
- Күң тілін Құбығұл ер алмақ болды,  
Амалдап қызды ертіп бармақ болды.  
Ойлады неғылса да барайын деп,  
Бұл күңнің уәдесі салмақ болды.
- Сол күңмен ер Құбығұл уәде етті,  
Байласып уәдені күң де кетті.  
Ерге етті сол қара күң қызметті,  
2110 Күн батып, қараңғылық түн де жетті.
- Қара күң айламенен амал етті,  
Сұлуға Ақбілек қыз ұйқы жетті.  
Ұйқы жоқ күң ақылды ойлап отыр,  
Ауады түн ортасы, таң да жетті.
- Төбеден жұлдыз ауады,  
Таң сімері жауады.  
Ақбілек ару сұлудың  
Мазасын күң алады.  
— Айласы көп саналы,  
2120 Күң де болсам, жолдасың  
Қасыңдағы мен, — деді,  
Тілейтұғын тілек бар,

- Тілегімді бер, — деді.  
Осы сапар қасыма  
Жолдас болып ер, — деді.  
Жемісті сайда алма ағаш  
Пісіп тұрған секілді,  
Миуадан жеміс тер, — деді.  
Шын тілеймін тілекті,  
2130 Тілегімді бер, — деді.  
Білекте болар даналық,  
Көңілімде жоқ қаралық,  
Ішімде жоқ алалық,  
Жемісті сайға баралық,  
Ағаштан алма қағалық.  
Ермеймін деп, қарағым,  
Ете көрме балалық.  
Ақбілек, сенде төрелік,  
Жолдастыққа сенелік,  
2140 Қарағым, маған ерелік,  
Жемісті теріп бақшадан,  
Көтеріп көңіл келелік.  
Қызмет еттім мен, — деді,  
Бір сапар маған ер, — деді,  
Мәуеден миуа тер, — деді.  
Өтінемін, қарағым,  
Салтанатпен, сәнменен  
Бақшадан миуа тер, — деді.
- Жолдасым, күңім сен едің,  
2150 Хан ханшасы мен едім.  
Саған қалай еремін,  
Аяғым қадам баспаған,  
Ата-анам бағып сақтаған.  
Қыз да болсам, қарағым  
Бағыңда тұрған мен едім.  
Әкем бағып сақтаған,  
Жаяу жерді баспаған,  
Жаяу жүріп баратын  
Мен емеспін ақ табан.

- 2160 Жемісті сайың құрысын,  
Жүр дегенге бармаймын,  
Айтқан тіліңді алмаймын.  
Сенің тілің алғандай,  
Қараша күңім, қандаймын?!  
Бағымда жазған сертім бар,  
Мен сертімнен танбаймын.  
Тіпті, саған сенбеймін,  
Айтқаныңа көнбеймін.  
Жемісті сайың құрысын,
- 2170 Бақшадан жеміс термеймін.  
Ұйқымды бұзып, қара күң,  
Ала берме мазамды.  
Бағымда жатқан ханшамын  
Еш көрмеген адамды.  
Егер барсам бақшаға,  
Сонда жүрген қалмақтар  
Алар менің мазамды.
- Олай десең, шырағым,  
Есебін өзім табайын.
- 2180 Еш адамға көрсетпей,  
Амалдап алып барайын.  
Жыныс ағаш ішіне,  
Шырағым, сені жіберіп,  
Қарауыл өзім қарайын.  
Уәде саған берейін,  
Бір сапар ет мерейім.  
Еш адамға көрсетпей,  
Кешке алып келейін.
- 2190 Азаттық, кеңдік көрмедім,  
Уайым айтып сөйледім.  
Бір тілегім бермедің,  
Бір сапарға ермедің,  
Бақшадан жеміс термедің.  
Тілегімді берместей,  
Жек көрген күңің мен бе едім.  
Өтінішім көрсейші,

Бір сапарға ерсейші,  
Миуадан жеміс терсейші.  
Еш адамға көрсетпен,  
2200 Шырағым, маған сенсейші.

Қарғадай бала күніңнен  
Сені бақтым, шырағым,  
Тілегіңді сұрадым.  
Тілімді алсаң, бұл сапар  
Шешеңнің еткін мұрадын!  
Анаңнан артық баққанмын,  
Ата-анаңа жаққанмын.  
Не керек десең, шырағым,  
Даяр етіп тапқанмын.  
2210 Тілегім менің сен болдың,  
Елік сүт беріп асырап  
Сенің анаң мен болдым.  
Тілек тілер күніме,  
Ақбілек, бүгін кез болдың.  
Тілегімді бермесең,  
Қайғыландым, сел болдым.

Анаңнан артық қараған  
Ақбілек едің, қарағым,  
Осы сапар өзіңнен  
2220 Бір тілегімді аламын.  
Тәрбие менен құрметтеп  
Жібектей шашың тарадым.  
Қабағыңды шыттырмай,  
Еркелетіп қарадым.  
Ақылменен ойласаң,  
Өрі күңмін, шырағым.  
Тілегіңді тілеген  
Бөтен емес, анаңмын.  
Мақұл көрсең, сыйласаң,  
2230 Жемісті сайдың бойына  
Бүгін алып барамын,  
Миуадан жеміс қағамын.



- Сүйенішім сен едің,  
Елік сүтін емізген,  
Сені баққан мен едім.  
Тілек берсең, шырағым,  
Бүгін саған еремін.  
Бақшадан жеміс теремін,  
Жемісті сайдың бойынан  
2240 Көтеріп көңіл келемін.
- Қарағым, етпе балалық,  
Таң мезгілі таянды,  
Айтқаным анық, аян-ды.  
Ақылменен ойласаң,  
Ардақтап баққан қара күн  
Бөтен емес, анаң-ды.  
Сонда Ақбілек сөйлейді:  
— Көп өтініп қоймадың,  
Бармаймын десем болмадың,  
2250 Ертуге ойладың.  
Қорқатұғын себебім,  
Қалмақтарда арсыз көп,  
Жемісті сайға бармай ма?!  
Жеміс теріп жүргенде  
Ерлер көріп қалмай ма?!
- Мені көріп қызығар,  
Мен қорқамын, ей, шеше,  
Қапыда көріп қалар деп.  
Аламын деп қызығып,  
2260 Басыма қайғы салар деп.  
Айдан көркем ажарым,  
Шашылар елге хабар деп.  
Менің үшін бүлініп,  
Ел арасы жау болып,  
Халқым қырғын табар деп.
- Есебін өзім табамын,  
Еш адамға білдірмей,  
Алып барам, қарағым.

Жемісті сайға апару  
 2270 Тілеген тілек, талабым.  
 Тілектің берсең керегің,  
 Жолдас болып еремін.  
 Міндет алдым, шырағым,  
 Еш адамға көрсетпей,  
 Қайтып алып келемін.

— Олай десең, ей, шеше,  
 Енді не ғып шыдайын?  
 Қайта-қайта қайырсам,  
 Ауырларсың, жолдасым,  
 2280 Айтқаныңды қылайын.  
 Өтініп айтқан сөзің-ай,  
 Көңіліңнен шығайын.  
 Айтқан тілің алайын,  
 Қырық қызды ертіп  
 Салтанатпен барайын,  
 Мәуеден жеміс қағайын.  
 Асыл киім киейін,  
 Төбеме шашым түйейін.  
 Ардақтаған анадай  
 2290 Қадіріңді білейін.  
 Ойымнан кетсін уайым,  
 Бір айтқаның қылайын.  
 Қайта-қайта жалындың,  
 Сізге не ғып шыдайын.

Боламын саған аманат,  
 Еш адамға көрсетпей,  
 Өкел мені саламат.  
 Көрініп қалсам бөтенге,  
 Бәрімізге жаманат.  
 2300 Қапыда көрсе, қалмақтың  
 Көңілінен кетер қанағат.

Бір тілегің бермеске,  
 Жолдасым, саған амал жоқ.  
 Бір тіліңді алмасқа,

Сүйікті жолдас, шарам жоқ.  
Көрініп қалсам қапылда,  
Ойлап табар амал жоқ.

Түн ішінде жүрмекке  
Асыл киім киініп,  
2310 Қырық қыз жолдас қасында,  
Бұралып белі үзіліп,  
Кірпігі оқтай тігіліп,  
Ырғала басып иіліп,  
Қаламдай қасы қиылып,  
Адамзаттың аруы  
Ақыл ойлап қыдырып,  
Ішінде орда жүреді,  
Көрінбеске ешкімге  
Ішінен тілек тіледі.

2320 Уайым етіп шыққанын  
Толықсиды жүрегі.  
Жолдас басы қара күң  
Қызды апармақ тілегі.  
Жемісті сайдың бойына,  
Ғашық болған батырға,  
Уәде еткен сүрегі.  
Ертең тал түс болғанда  
Апарам деген күн еді.

Алтын тонын жамылып,  
2330 Өрттей беті қабынып,  
Қара күң алды билігін  
Ақбілектің жалынып.  
Күңге ерік берген соң,  
Енді тұрсын нағылып.  
Таң сімері болады,  
Қырық қыз қосшы қасында,  
Күңнің тілін алады,  
Ордадан шығып барады.

Ақбілектей аруды  
2340 Ғашық болған еріне  
Апару күңнің тілегі.

— Ханның қызы мен едім,  
Өтініш еткен сен едің.  
Қайда апарсаң, онда апар,  
Саған билік беремін.  
Миуадан жеміс теремін,  
Қасымда қырық қызбенен  
Көтеріп көңіл келемін.

- 2350 Төбелдірік басымда,  
Толықсып тұрған жасымда,  
Не ойласаң, қара күң,  
Ісің келер мақұлға.  
Айтар сырың бар болса,  
Менен тіпті жасырма.  
Алтын шашқап шашымда,  
Асыл телпек басымда,  
Алтын кебіс аяқта,  
Өзің бастап жүре бер,  
Жемісті сайың қай жақта?
- 2360 — Өле-өлгенше, Ақбілек,  
Тілегіңді тілейін,  
Мәуелі жеміс сайына  
Тура бастап жүрейін.

Тура бастап жөнелді,  
Ақыл менен амал көп,  
Қара күң асқан өнерлі,  
Рауан таң біліне  
Жемісті сайдың бойына  
Бастап келді ол енді.

- 2370 Жүзім, жиде, алма бар,  
Мұндай жеміс қайда бар?  
Әуелден хан ектірген  
Түрлі миуа сайда бар.  
Бір жағынан қараса,  
Мұнартқан биік тау да бар.  
Бір жағынан көз салса,  
Жылмиған жазық жайлауы

- Шалғын шыққан кең өріс,  
Мал жайлауға жай да бар.  
2380 Ұзақ малға өріс бар,  
Қалың ағаш тегіс бар.  
Неше түрлі жеміс бар,  
Құрма менен өрік бар.
- Қалың миуа ішіне  
Қыздар кіріп барады,  
Көп жемісті көрген соң,  
Көңілдері ауады.  
Ағаштан жеміс қағады,  
Бұл жеміске алданып  
2390 Қайғысы кетті манағы.  
Ойында жоқ ешнәрсе,  
Жемісті жию талабы.  
Уәде еткен сөзімен  
Қасындағы қара күң  
Еш адамға көрсетпей,  
Қарауылдап бағады.  
Қарауыл сырттан қарады,  
Күн тал түске толады.  
Бұл бақшадан ауады,  
2400 Бір бақшаға барады.
- Қара күң бастап келеді,  
Мұнан да жеміс тереді.  
Қызға ғашық балаға  
Қара күннің уәдені  
Байлаған берік жері еді.  
Қыз бастаған күң еді,  
Қалың шалғын ішінде  
Ұйықтап жатқан ер еді.  
Айламенен күңкең  
2410 Құбығұлды көргенде  
«Көтек» деп қарғыш жөнеді.  
Айла-амалы көп еді,  
Өп-өтірік шошыған  
Күңкеңнің ебі еді.

Мұндай амал ойлаған  
Күң ақылы терең-ді.  
Құбығұл мен Білекті  
Қауыштырар жер еді.

Тағы күңің сөйледі:  
2420 — Жолдас күңің мен, — деді,  
Ардақты қызым сен, — деді.  
Қапыда көрдік жас жанды,  
Жауабыңды айтып бер  
Кіммен сөзің бар еді,  
Мына жатқан нең? — дейді.

— Қасымда басшы қара күң,  
Бармаймын десем, болмадың,  
Тіпті еркіме қоймадың,  
Ұшыратып бөлеге,  
2430 Нешік қиял ойладың?  
Анамдай баққан сен едің,  
Ардақтаған қорғаным.  
Келмеймін деп көп айттым,  
Еркіме мені қоймадың.  
Не, жақсы ма, жаман ба,  
Өліп қалған адам ба,  
Өкпесіне қолың сал,  
Орындап сөзім тамамда.

Қыздың тілін алады,  
2440 Күңнің қалай амалы.  
Ептеп басып барады,  
Өкпеге қол салады.  
Мұрнын шымшып баланың,  
Төбетейін қағады.  
Күңнің қалай амалы,  
Мұрнын шымшып оятып,  
«Көтек» деп қарғып барады.  
Ақбілек көзін салады,  
Алтынменен қаптаған  
2450 Алтын айдар сұлудың

Көзінің жауын алады.  
Қыздың түсті назары,  
Көңілі әбден ауады.  
Сұлу жүзін көргенде  
Ақылдан Білек танады.

Құбығұл сонда сөйледі:  
— Қалмақтың күң мен қыздары,  
Ұйқымды бұзба сен, — деді,

- 2460 Оятқан мені нең, — деді.  
Қалмақтардың күндері  
Меніменен тең бе еді?  
Менің теңім сен емес,  
Сенің теңің мен емес,  
Ұйықтап жатқан жерімнен  
Оятқаның жөн емес.  
Жеделін берік тұтпаған,  
Қажырлы туған ер емес.  
Айтқанымның бәрі рас,  
Келемеж ету жөн емес.

- 2470 Ақбілек назар салып тұр,  
Әр уақытта түзеліп,  
Әр уақытта ауып тұр.  
Іші оттай өртеніп  
Ғашық оты жанып тұр.  
Қайғы, ғашық зарпынан  
Өліп кетпей не ғып тұр.  
Талықсиды әр уақ,  
Қырық қыз сүйеп бағып тұр.

- 2480 Қара күң сонда сөйледі:  
— Ақылыңды байқасам,  
Білікті заңғар баласың,  
Шырағым, сөзің сынасам,  
Өзге жаннан данасың.  
Сымбатыңды сынасам,  
Көргенім жоқ қалмақтан,  
Патшадан туған баласың.

- Шыныңды айтшы, шырағым,  
Қай сапарға барасың?  
Ажарыңа көз салсам,  
2490 Жайнап күндей жанасың,  
Жөніңді білдір, шырағым,  
Қай сапарға барасың?
- Түрің қалмақ елі емес,  
Шын айтпауың жөн емес,  
Ханнан туған ханзада,  
Байдан туған мырзаның  
Бәрі саған тең емес.  
Сымбатыңа түрің сай,  
Өзге сендей ер емес.  
2500 Жөн сұраймын, шырағым,  
Жөн айтпауың жөн емес.
- Жаңа өспірім баласың,  
Білікті бала данасың,  
Қай сапарға барасың,  
Айт сөзіңнің тазасын.  
Шыныңды айт бізге, шырағым,  
Сапарыңды сұрадым,  
Қай жер сенің тұрағың?  
Қай нәсілден боласың?  
2510 Хан баласы секілді  
Көрінеді сияғың.  
Патшадан туған баласың,  
Өтірік айтпа, рас айт,  
Қайда жүріп барасың?
- Ханның қызы Ақбілек  
Адал ниет, ақ жүрек.  
Хан баласы секілді  
Сіз де асыл ақсүйек.  
Тілейтұғын бар тілек,  
2520 Ханның қызы ханшамен  
Дидарласқан күн сүрек.  
Бұлданба, балам, шыныңды айт,



- Тілейтұғын бір тілек,  
Уақытында кімде-кім  
Қосылар күн бар сүрек.  
— Қара күң, мұның жөн, — деді,  
Руымды сұрасаң,  
Орта ноғай ел, — деді.  
Ұлы Еділдің басында  
2530 Біздің тұрмыс жер, — деді,  
Уәли ханның жалғызы  
Құбығұл деген мен, — деді.  
Ұйықтап кетсем түсімде,  
Ақбілек тыным бермеді,  
«Хан баласы сен» деді,  
«Ханның қызы мен» деді.  
«Ғашық болдым түсімде,  
Алыстан іздеп кел» деді.  
Үстінде төсек қисайсам,  
2540 Осы қыз тыным бермеді.

- Астыма мінген Құлаша  
Ақбілек үшін мінгенмін.  
Шығыршықты сауытты  
Ақбілек үшін кигенмін.  
Балдағы алтын ақ алмас  
Ақбілек үшін ілгенмін.  
Түсімде көріп Білекті,  
Отына ғашық күйгенмін.  
Сапардың несін сұрайсың,  
2550 Осы қыз үшін жүргенмін.  
Ғашықтықты өткердім,  
Машақатты көп көрдім,  
Арада талай күн өтіп,  
Мінген атым жүдетіп,  
Ғашығыма жеткенмін.  
Жападан жалғыз, жолдассыз,  
Ақбілек үшін жеткенмін.  
Ата менен анамды,  
Қайырлы орда қаламды  
2560 Бұл үшін тастап кеткенмін.

Ғашық едім көргенше,  
Қара күң, мені жеткердің.

Сонда Ақбілек сөйлейді:  
— Өңім бе, менің түсім бе-ай,  
Түсімде көріп ғашық боп,  
Көріп едім қысымды-ай.  
Өңім болса егерде,  
Сүйіскен таптым тұсымды-ай.

2570 Іздегенің мен болсам,  
Ғашық ерім сен болсаң,  
Мені іздеген ер болсаң,  
Батыр, бермен келіңіз.  
Бұлдана бермей досыңа  
Қолыңның ұшын беріңіз.  
Түсім болып кетпесе,  
Қауышар бүгін кезіміз.  
Ғашық дертпен қан жұттым,  
Ғашықтың отын көріңіз.

2580 Қауышатын күн шығар,  
Қосылу бүгін шын шығар.  
Кел де көріс, жан досым,  
Аузымнан жауып от, жалын,  
Лебімнен түгін, бу шығар.  
Көріскенше, жан досым,  
Не ғып біздің жан шыдар?!

Күні бұрын түс көріп  
Болған жанмын ынтызар.  
Қауышуға мен құмар,  
Іздеп келген сен құмар.  
2590 Көріселік, жан досым,  
Енді не ғып жан шыдар!

Сол қолынан батырдың  
Қара күң ұстай алады,  
Жетелеп кетіп барады.  
Ғашық болған екі асыл  
Жемісті сайдың бойында

- Бірін-бірі табады.  
Қыз ішінде Ақбілек  
Ішіндегі шырағы.
- 2600 Қасындағы қырық қыз  
Қуанышпен тұрады.  
Құшақтасып көрісіп,  
Қуаныш кіріп көңілге  
Қайғылы көңіл тынады.
- Бірін-бірі ғашықтар  
Амандасып көреді.  
Көргенін жанға айтпасқа  
Қасындағы қырық қыз  
Серт, уәде береді.
- 2610 Ортаға алып баршасы  
Еш адамға көрсетпей,  
Ақбілек жатқан күмісті үй  
Құбығұлды алып келеді.  
Ғашық болған жандарға  
Күңнің тиген себебі,  
Өзілдесіп, күлісіп,  
Ғашық жарын сүйісіп,  
Қосылған осы жер еді.
- Еш адамға білдірмей,  
2620 Қырық күндей бағады,  
Қызметі батырға  
Қыздардың әбден жағады.  
Ақбілек ақыл ойлады,  
Ойламасқа болмады,  
Ақылын тоқсан толғады.  
Ешкім білмей тұрғанда  
Кетейік деп ойлады.
- Ғашық жарым сен, — деді,  
Ғашық болып қосылған,  
2630 Алған жарың мен, — деді.  
«Ер игісі қос табар»  
Сайран сәнмен жүргенде

Сезіп қалар ел, — деді.  
Амандықта, саулықта,  
Тілімді алсаң, жан досым,  
Бұл шаһардан кетелік,  
Қалмақты талақ етелік,  
Қалмақ сезбей тұрғанда  
Еліңе, досым, жетелік.

- 2640 Ақылы артық, санаң бар,  
Жалғызы кетіп қалмаққа,  
Аңсап жүрген анаң бар.  
Жалғызы кетіп қолынан,  
Сағынып жүрген бабаң бар.  
Жақсы бала қашанда  
Ата менен ананың  
Ауыр хақын тамамдар.  
Сағынған ата-анаңыз,  
Кеткеніңе көп болды
- 2650 Ашылған көптен араңыз.  
Ақылға салып қараңыз,  
Тілімді алсаң, кетелік,  
Еліне қалмақ білінбей  
Теңгеліктен өтелік.  
Қосылысқан достықта,  
Қуаныш көңіл хоштықта  
Ата-анаңа жетелік.

- Жаман адам белгісі —  
Бет алған жүрер жөніне.
- 2660 Жақсы адамның белгісі —  
Қорған болар еліне.  
Енді жүрме, қосылдың  
Ақбілек ғашық теңіңе.  
Қызмет етіп көрейін  
Ата-анамның төріне.

Жүремін десең, көңіл шат,  
Екеуімізге табылад  
Мінуімізге тұлпар ат.

- 2670 Жадыңа ұқ та, сөзім түй,  
Сақтаулы тұрған сауыттан  
Қалағаның таңдап ки,  
Сыр білдірмей қалмаққа  
Жүрер болсаң, жылдам жүр.  
Ғашық болған жан досым,  
Жолдасыңның бұлын біл.
- 2680 Қосылдым сізге, көңілім жай,  
Көп қайғыдан арылып,  
Оңынан туды күн мен ай.  
Тәуекел еткен адамға  
Өзі жәрдем бір Құдай.  
Оңғарған болсын әуелде,  
Ашылар жарқын жүз, шырай.  
Бес қарудың бөрі сай,  
Көп айналып қалдың жай,  
Ат пен тұлпар сайма-сай.  
Бүгін түнде кетелік,  
Теңгеліктен өтелік.  
Көп айналсақ, мін шығар,  
Халқыңа, [батыр], жетелік.
- 2690 Құбығұл да қуанып,  
Қайтуды мақұл көріпті.  
Алған жары Ақбілек,  
Досына берді ерікті,  
Бір-біріне сеніпті.  
Ақылды адам белгісі —  
Алыстан ойлайды өрісті.
- Ақбілек, сөзің шын болды,  
Қайтатұғын күн болды.  
Ки дегенің сауытты,  
2700 Маған қиын сын болды.  
Тұлпар берем дегенің,  
Ер басыма мін болды.  
Ғашық болған жан досым,  
Осы сөз маған кір болды.

Ертең елге барғанда  
 Өзілдессең де, айтарсың,  
 Сауыт таңдап кигізіп,  
 Тұлпар атқа мінгізіп,  
 Бес қару тамам ілгізіп,  
 2710 Артықтығым көрдің деп,  
 Асылдыққа сендің деп.  
 Қару-жарақ, тұлпар ат  
 Бәрін тауып бердім деп.  
 Жаяу жүріп қалмақта,  
 Арқамменен келдің деп.

Бетке соғып, досым-ай,  
 Өзілменен күлерсің.  
 Бүгін түннің ішінде-ақ  
 Алған ерің Құбығұл  
 2720 Кім екенін білерсің.

Қайтуға болды талабым,  
 Өзім тұлпар табамын.  
 Қалмақты шаппай сау тастап,  
 Елге не деп барамын.

Құбығұл мен Ақбілек жүрерінде қасындағы қырық қызға «бізді жақсы көргендерің, еріндер» дейді. Сонда қырық қыз айтады:

— Біз сендердің жолдарыңызға шырмау болармыз. Сендердің амандықтарыңызға тілектеспіз, біз сіздерден садақа. Сендерге келген сөз болса, осыдан күттік, — деп ермей, қош айтысып қалады. Енді жүруге таянғанда Құбығұл тұлпарын шақырады:

Қалтадағы бір шоқ қыл  
 Батыр қолға алады,  
 Атасының айтқан сөз,  
 Қылды өртеп жағады.  
 Ағашта жатқан тұлпарға  
 2730 Қоңырсы қылдың иісі  
 Мұрнына барады.

Иісін біліп жануар,  
Оқыранып шабады.  
Адамнан есті жануар  
Иесін іздеп барады.

Жал-құйрығы төгілген,  
Жыныс ағаш ішінде  
Жалғыз жүріп семірген,  
Күйіне түсіп бұл тұлпар,  
2740 Төрт тұяғын тебінген.  
Иесін танып елірген,  
Оқыранып тағы да  
Ұсынып мойнын берілген.

Қаруларын таңдаған,  
Таңған күйден аумаған,  
Арқасын жерге салмаған.  
Үстімде жүгім ауыр деп,  
Аяқ, төсін, бауырын,  
Жерге төсеп, аунаған.  
2750 Болат тұяқ тұлпардың  
Көзі оттай жайнаған.

Атқа мініп алады,  
Ғашық жары Ақбілек,  
Құбығұл тағы барады.  
«Атты қайдан тапты» деп,  
«Қайда атын бақты» деп,  
Ақбілек аң-таң қалады.

Ақбілекке келіпті,  
Қайтуға батыр желікті.  
2760 Жолдас қызға Ақбілек  
Кезек-кезек көрісті.  
Ырзаласып қоштасып,  
Ұлықсат бәрі берісті.

Ат баққан жәмшік ішінен  
Ақбілек тұлпар таңдады.

- Көк тұлпарды өзіне  
Лайықтап, оңдады.  
Ақбілек жүген сұққанда,  
Аузын ашып есінеп,  
2770 Көк тұлпар да паңданды.  
Ақылы көп Ақбілек,  
Ырымын аттың аңдады.  
Жолыма ырым болды-ау деп,  
Сапарым болар оңды-ау деп,  
Атқа тоқым салады,  
Ерді ерттеп алады.  
Ат үстіне Ақбілек  
Асыл киім таңады.  
Қош айтысып қыздармен  
2780 Күнді қасқа алады,  
Қыз ордада қалады.

- Басшы болған жолдасым,  
Елік сүт берген сен едің,  
Ақбілегің мен едім,  
Жемісті сайдың бойында  
Ғашыққа тиген себебің.  
Еліне жаудың тастамай,  
Алып кетсем деп едім.  
Сен де тұлпар мін, — деді,  
2790 Асыл киім ки, — деді,  
Өрі досым, басшымсың,  
Бізбен бірге жүр, — деді.

- Жұлдыздың шықтың оңына,  
Айналайын Ақбілек,  
Мені жаудан қорыма.  
Тілеуің едім, шырағым,  
Мен ермей-ақ қояйын,  
Болмасын кесел жолыңа.  
Мен қалайын қалада,  
2800 Мені жаудан аяма.  
Сен екеуің сау кетсең,  
Болайын, пәлі-ай, садаға.



- Ақбілек мұны қимады,  
Құрметін бек сыйлады.  
Жолдасын қимай жылаумен  
Көзінің жасын тыймады.  
Қара күнді қия алмай,  
Көрісіп қайта жылады.  
Амандасып, қоштасып,  
2810 Енді екеуі шығады.  
Астындағы атына  
Орай қамшы ұрады.  
Тартпа қиып кетер деп  
Бауырға жібек орады.  
Түн ортасы толады,  
Теңгелікке барады,  
Екі ғашық шырақтың  
Қабыл екен тілегі.  
Өткізбейтін терең су  
2820 Бұларға өткел болады,  
Қайраң өткел табады.  
Өткелден өтіп қуанып,  
Екеуі кетіп барады.
- Әділбайдың қатыны  
Сыншы еді тұқымы, нәсілі.  
Әйелдің білгіш мақұлы,  
Байынан артық ақылы.  
Көрген түстен жасыды,  
Сол күні көрген түсінде:  
2830 Ақ иық бүркіт төнеді,  
Ардақтаған аққуды  
Көп аққудың ішінен  
Іліп алып жөнөді.  
Осы түсті көреді,  
Түстің қалай себебі?
- Сол күні көрген түсінде  
Шаң басыпты қаланы,  
Кіл қайғылы жан көрді.  
Бұрынғы кең көшесін

- 2840 Қысаңшылық тар көрді.  
Теңгеліктің ар жағы  
Тұман басқан қараңғы  
Әжіғырдай тау көрді.  
Тау басында бүлгіндік,  
Соғыс көрді, жау көрді,  
Жылға сайдан жылжыған  
Сарқырап аққан қан көрді,  
Кіл қайғылы жан көрді.
- Шошыды түстен шамасы,  
2850 Осы түсті көреді  
Ақбілектің анасы,  
Күлдей болып құлаған  
Әділбектің жатқан қаласы.  
Түстен шошып оянып,  
Ханды оятты шамасы.
- Ұйықтап жатпа сен, — деді,  
Ұйықтап жатқан нең, — деді.  
Ұйге келген бәлені  
Жалдама дедім мен, — деді.
- 2860 Жалдап едің сен, — деді,  
Ақбілектің ордасын  
Қазір байқап кел, — деді,  
Көзіңменен көр, — деді.
- Қайғымен өмір өшкен-ді,  
Қас масқара еткен-ді,  
Қозы баққан жас бала  
Түп-түбінде жеткен-ді.  
Түсім ғайып болмаса,  
Ардақтап баққан Білекті  
2870 Сол залым алып кеткен-ді.
- Бүлдірген шығар сол бала  
Білек жатқан сарайды.  
Қазір бар да, тез қара,  
Сен падиша болсаң да,

Ақылға асқан мен дана.  
Ғапылдық бізге жетті ғой,  
Қызық дәуір өтті ғой,  
Ақ сарыбас аққуды  
Бүркіт іліп кетті ғой.  
2880 Сол жалдаған жас бала  
Ақыр түпке жетті ғой.

Айрылған шығар балаңның  
Енді бізден арасы.  
Анық түстің тазасы,  
Білек жатқан орданы  
Түнде барып қарашы.  
Болмаған шығар тілегің,  
Таусылған шығар үнемің.  
2890 Бір қызбенен тек кетпес,  
Қуа қойсаң егерде,  
Талай жанның сол залым  
Бітірер деп қорқамын  
Асыл, тыныс жүрегін.

Бектерін қасқа алады,  
Ақбілек жатқан жақсы жай  
Түнде барып қарады.  
Қыз ішінде Білек жоқ,  
Оттай іші жанады.  
Қыздарды қысып қамады,  
2900 Бәрінен жауап алады.  
Сонда қыздар шулады,  
Біреуі қорқып тұрмады.  
Көргенін айтты баршасы,  
Қорғалап айтып бұрмады,  
Қыздарды патша қорлады.

Зерін шашып жендетке  
Қыздарды қыр деп ақырды,  
Жендеттерін шақырды,  
Кілең жасты қимаған

2910 Бірқатары халықтың  
Күнәсін кеш деп бас ұрды.

Ашуы қатты хан залым  
Босамады, күшейді.  
Ашу қысып желікті,  
Елге салмады ерікті.  
Жендеттерге ақырып  
Қыр деп әмір беріпті.  
Айтпадың деп көргенің,  
Қыздардың қанын төгіпті.

2920 Есік баққан құлдарды,  
Күндерді түгел жияды.  
Қара күңнен бөтені  
Еш нәрсені сезген жоқ,  
Көрмегенін баршасы  
Түгел айтып жылады.  
Айтқанына нанбады,  
Бұларды да қырады.  
Қара күңнен өздері  
Жеке жауап алады.

2930 Жауабын байқап қарады,  
Күң білікті, саналы.

— Мен айтайын шынымды,  
Шын айтайын жөнімді.  
Хан баласы Құбығұл  
Алтын айдар тұлымды,  
Су басында жолығып,  
Айттым соған сырымды.  
Жемісті сайдың бойында  
Бітуәжа мен болып

2940 Қауыштырдым қызыңды.

Өлуіме сенгенмін,  
Неғылсаң да, Әділбай,  
Өзім риза, көнгенмін.  
Уәде етіп ерменен,

Жемісті сайдың бойында  
Қолымнан ұстап бергенмін.  
Ақбілекті қосуға  
Құбығұлға арманмын.  
Теңін тапты Ақбілек,  
2950 Хан баласы екенін  
Көрген шақта аңғардым.  
Екеуі аман, сау кетті,  
Екеуінің жолына  
Құрбан болып қалғанмын.

Бітуәжа мен болдым  
Екі ғашық араға,  
Құбығұл батыр, Ақбілек  
Сағынысқан балаға.  
Жанымды қидым сол үшін,  
2960 Аман кетсе сен жаудан,  
Солардан жаным садаға.

Жендеттер ұстап қамады,  
Шаштан ұстап алады,  
Алмаспен басын қағады.  
Әділшілік тілекпен  
Күңнің жетті ажалы.  
Ашу қатты, кәр күшті,  
Қыз бен күңге тарттырды  
Осындай ауыр жазаны.

2969 Әулиелік дәреже  
Ниетінен табады.  
Жеті күннің соңынан  
Басында шырақ жанады.  
Ханда ашу қайнады,  
Азаматтарын сайлады.  
Көк найза, өткір қылышты  
Өткірлеп әбден қайрады.  
Шаһарындағы әскерді  
Біреуін қоймай айдады.

- 2980 Жиылған әскер мол болды,  
Сансыз әскер қол болды.  
Ту көтерген қолына  
Әділбайдың інісі  
Әсірбек деген ер болды.  
Ту көтеріп әр жерден  
Қашқынды қуар жер болды.  
Қуды патша дұрыстап,  
Ақбілекті алып кеткен соң  
Жатсын не ғып тыныстап?!
- 2990 Әділбай қолға сөйлейді:  
— Әскер қолым сен едің,  
Халықтың ханы мен едім.  
Осы залым дұшпанды  
Денесін шауып, қор қылып,  
Кегімді алсам деп едім.  
Бұл жауымды мұқатсам,  
Ерлерім, сыйлық беремін.  
Соны өлтірген батырды  
Өзіммен тең көремін.
- 3000 Басын кескен ерлерге  
Үлкен сыйлық беремін.  
Даяр қылып керегін,  
Қолымнан сыйлық кең берем.  
Өз алдына шаһар сап,  
Айдынды шалқар көл менен  
Рахатты жер берем.
- 3010 Біреуің шаһарда қалмаңыз.
- Сонда халық шаттанды,  
Қуанып ерлер мақтанды.  
Қару-жарақ, көк найза —  
Бәрі даяр саптаулы.  
Тастан қайтпас ақ алмас

- Буылып, белге қаптаулы,  
Қол астының халқы  
Ханның сөзін ақтаулы.  
Әскерді хан айдады,  
3020 Еркектен адам қалмады.
- Әр жерінен ту ұстап,  
Сан жетпейтін қалың жау  
Құбығұлменен ұрыспақ.  
Ақбілектей аруды  
Құбығұлдан айырмақ.  
Дегеніне келтіріп,  
Қайтып елге қайырмақ.  
Әскерінің құралын  
Баршасын тамам даярлап.
- 3030 Қу желқом салып ерменен  
Әскердің атқа мінген жер.  
Оқ өтпейтін сауытты  
Ерлер енді киген жер.  
Бес мың әскер ауыр қол  
Тұс-тұсынан ту байлап,  
Ерді қуып жүрген жер.  
Ақбілек кетіп халқынан,  
Ханның іші күйген жер.
- 3040 Құралын тамам сайласып,  
Қаруларын қайрасып,  
Әмір етіп бастыққа,  
Көп әскерді айдатып,  
Сарбаздарын ойнатып,  
Әскер мінген жүйріктің  
Ауыздығын шайнатып,  
Барабан тартып, ту алып,  
Сансыз әскер шығарып,  
«Қызды айырып қалам» деп,  
«Басын кесіп жетімнің,  
3050 Әкеліңдер маған» деп,  
Ашу тұтып қуарып,

Біресе тұрды қызарып,  
Әскербек шықты қол бастап,  
Жалбыраған ту алып.

Теңгеліктің өткелмен  
Әскер өтіп барады.  
Түн ортадан ауады,  
Күн шыққанда Құбығұл  
Әжіғырдың тауынан  
3060 Қарауыл тұрып қарады.  
Жердің жүзін қаптаған  
Әскерді көзі шалады.

Сан жетпейтін көп қалмақ  
Құбығұлды өлтіріп,  
Айырып Білек қызды алмақ.  
Осы сансыз әскерді  
Құбығұл байқап тұрды аңдап.  
— Сүйіскен жарым, Ақбілек,  
Жан жолдасым сен едің.  
3070 Сүйісіп қосылған  
Жаным бірге деп едің.  
Сансыз әскер қауіпті,  
Әжіғырдың тауынан  
Қарауыл салып көремін,  
Ақылдасам өзіңе,  
Қашып кетсем бұл жаудан,  
Сынықтық болар деп едім.

Әскер сансыз мол екен,  
Сансыз құған бұл жаудан  
3080 Қашпағаным жол екен.  
Ұрлап алып кеткенім  
Маған қорлық сол екен.  
Сұрағаным сансыз жау  
Ақ сапарым оң екен.

Ерге сынық болмай ма,  
Дұшпанменен алыспай,



Қашып кетсем, Ақбілек,  
Екеуімізге намысты-ай!  
Ажалым жетсе, өлермін,  
3090 Бендеге қаза алыс па-ай!

Сонда Ақбілек сөйлейді:  
— Құралды қалмақ ел еді,  
Елінде батыр көп еді.  
Қарсы келген жауының  
Қасықтап қанын төгеді.  
Әскерің жоқ, құрал жоқ,  
Батырсынба, Құбығұл,  
Тұрудың жоқ керегі.  
Жердің жүзі қыбырлап  
3100 Сансыз әскер келеді.

Кел, қашалық, қашалық,  
Атқа қамшы басалық.  
Көмегің жоқ, жолдас жоқ.  
Әжіғыр таудан асалық.

Атса, мылтық өтпейтін,  
Шапса, алмас кеспейтін,  
Атақты талай ері көп.  
Әділбектей батыр бар,  
Қарасбек атты жас ұл бар,  
3110 Ерлерінің кемі жоқ.  
Ұрысам деме бұл жауға,  
Бұл тұрудың жөні жоқ.

— Олай деме, Ақбілек,  
Сансыз жаудан саса алман,  
Көп деп қорқып қаша алман.  
Қашып кетіп көп қолдан,  
Елге барып жата алман.  
Мың қалмақтан жау болсын,  
Осы жаудан саса алман.

3120 Ақбілек сонда жылап тұр,  
Жан жолдасы батырдың  
Қашпасын жаудан сынап тұр.  
Ақбілектің көзінен  
Төгіліп аққан қара жас  
Мысалы аққан бұлақ-дүр.  
Қайта-қайта жалынып  
«Кетелік» деп сұрап тұр.

— Неғылғаның, Ақбілек,  
Ерге қайғы салғаның.  
3130 Атың әйел, нашарсың,  
Мұнша неге зарладың?!  
Өлімменен тең болар  
Қашып кетіп қалмақтан,  
Елге аман барғаным.  
Жаудан аумас маңдайым,  
Жүр деп тілек тілеме,  
Бұл тіліңді алмаймын.  
Жаудан қашып кеткендей,  
Ақбілек, мен қандаймын.

3140 Сенің тіліңді алғаным,  
Ойласам, маған сын шығар,  
Ер басыма мін шығар.  
Ұрысуға бұл жауға  
Болдым қатты ынтызар.  
Араласып әскермен,  
Соғысқа болдым шын құмар.

Атың әйел, нашарсың,  
Көрінбей жауға тасамен  
Астына жалдың бара бер,  
3150 Менің тілімді ала бер.  
Қайрат қысқан едім ер,  
Төркінің мен досыңның  
Соғысқанын сырттан көр.  
Қайғыланбай, Ақбілек,  
Енді маған рұқсат бер!

- Ақбілектің батырға  
Айтуға жоқ амалы,  
Іші оттай жанады,  
Құбығұл мұнда қалады.
- 3160 Көзінің жасы бұршақтап  
Ақбілек кетіп барады.
- Қайрылып тұрып сөйлейді:  
— Ғашық болып қосылған,  
Алған ерім сен едің,  
Сүйікті құшқан, алғаның  
Ақбілек ару мен едім.  
Жаудан аман құтылып,  
Елге жетсек деп едім.
- 3170 Айтқанымды қылмадың,  
Ұрыспай жауға тынбадың.  
Қанша тілек тіледім,  
Майыспадың, сынбадың.  
Арыздасып нетейін,  
Жамандық болса егерде,  
Жолдасың болсын иманың.  
Аман келсең бұл жаудан,  
Мен садаға, құрбаның.  
Тіл алмадың, амал жоқ,  
Тоқтатуға заман жоқ.
- 3180 Есепсіз, сансыз жаулар көп,  
Көңілімдегі сөзімді  
Айтып едім тоқтар деп.
- Заман қандай, түр қандай,  
Алдыңдағы күн қандай.  
Қош аман бол, жолдасым,  
Арыздасып қоштастым  
Қеңшілікте тұрғандай! —
- Деді дағы Ақбілек,  
Жүре берді жөніне.
- 3190 Жыраға атты арқандап,

Қарауыл қарап отырды  
Бозбелес жалдың белінде.

- Құбығұл батыр жалғыз тұр,  
Қолында туы жалбырап,  
Отты көзі жаудырап,  
Ашу қысып жайнайды  
Екі беті албырап.  
Таланым қалай болар деп  
Көрген соң жауды қуанып,  
3200 Жолдасы жоқ қасында,  
Қолға тұрды ту алып.  
Жердің жүзі жыбырлап,  
Шықты жау да шұбалып.  
Қуғыншы жау — сансыз көп,  
Көп әскердің басшысы —  
Ту ұстаған Әділбек.  
Жауға кекті бермеген,  
Қашаннан нәсіл тұқым тек.  
Ішінен батыр ойлайды,  
3210 Шығарса деп жекпе-жек.

- Ақбілектей аруды  
Көрсетпей жауға асырды,  
Бозбелес тауға қашырды,  
Жау жақындап келгенде  
Құбығұл бала ақырды,  
«Жекпе-жек» деп шақырды.  
Қуғыншының қалың жау  
Сөзге тоқтап тұрады,  
Жекпе-жекке қалмақтан  
3220 Қарасбек батыр шығады.

Жекпе-жек деп келісті,  
Қашпа-қашпа десіпті,  
Қарсыласа берісті,  
Найзаменен салысты.  
Қармақ болып қалысып,  
Аударысып салысып,

Ат үстінен алысып,  
Бір-біріне жабысып,  
Балтаменен ұрысты.  
3230 Ұңғысынан сынысты,  
Тастан қайтпас ақ семсер,  
Шапқыласты қылышты.

Болат сауыт киген ер,  
Бірін-бірі ала алмай,  
Қатты ашуға күйген ер  
Ат үстінен алысты.  
Екеуінің жеделі  
Бірін-бірі арбаған,  
Батырларға намыс-ты.  
3240 Тартысқанда тіресіп,  
Аттың белі талысты.  
Түсе қалып атынан,  
Белге шынжыр шалысты.  
Күреске ерлер барысты,  
Теуіп кеткен жерлерін  
Жер ошақтай қазысты.

Күні-түні екі күн  
Алысқанға болмады.  
Алысумен жүргенде  
3250 Ұлтандары тозады.  
Екеуі шаршап талысты,  
Қатты шаршап қалысты,  
Ер шаршамай неғылсын,  
Екі күндей алысты.

Көрген адам қорқатын  
Қарыбектің келбетін,  
Бұрын жанның көрмеген  
Ешкім мұндай бөндесін.  
Қабағы түкті, жабылған,  
3260 Қарыбектің қашаннан  
Ұрысқан жауы алынған.  
Талай батыр алысып,

- Жеңілген де, бағынған.  
Талайдың күні тарылған  
Айтулының өзі еді.  
Садақпен атса, өтпеген,  
Қылышпен шапса, кеспеген,  
Адамның әлі жетпеген,  
Кигені сауыт көк берен  
3270 Айласы қалмақ тағы артық,  
Ақыл менен ой терең.  
Екеуі тыныс алады,  
Әділбек жақын барады.  
— Қарысбек, неден тарылдың,  
Қалай күштен арылдың?!  
Неге басын кеспейсің  
Атадан дұшпан залымның?!  
— Әділбек батыр, пұрсат бер,  
Пұрсат беріп азырақ,  
3280 Менің сөзім тыңдап көр.  
Көңіліме кірді уайым,  
Жаратпаймын ал, басшым,  
Бұл дұшпанның сыңайын.  
Қайтпас қайрат берен ер,  
Қайтарды менің райым.
- Тірілігім болмаса,  
Тұла бойдан әл кетті,  
Ажар кетті, сән кетті,  
Тұла бойға тараған  
3290 Күш беретін қан кетті.  
Тірілігім болмаса,  
Шаршап тұрмын мен, — депті,  
Азырақ дем алуға,  
Жолдасым, мұрсат бер, — депті.  
Жаратпаймын сыңайын,  
Осы дұшпан меңдетті.
- Сенің басшың мен едім,  
Қайтпаған жаудан ер едің.  
Сан жетпейтін жау болсын,

- 3300 Жалғыз барам дер едің.  
Жалғыз келген баладан  
Тарыққан, батыр, нең, — деді.  
Қорғанысың халықтың,  
Екі күндей алыстың,  
Жігері жоқ жамандай,  
Шыны қорқақ адамдай,  
Мұнша неге тарықтың?!  
Талай жауға барғанда  
Дұшпаныңды жаныштың.
- 3310 Ер сыналар болды жер,  
Талайды шапқан едің сен,  
Көпке бар да, деміңді ал.  
Осы дұшпан жауменен  
Ұрысамын, маған бер.

Сынықтық көрді бұл жауды  
Әділбекке беруге,  
Не болса да ойлады  
Маңдайынан көруге.  
Бергенім сынық болар деп,

- 3320 Риза болды өлуге.

Ер жеделі намысты,  
Арланғаны анық-ты.  
Ашу қысып ақырып,  
Құбығұлға барысты.  
Бір-біріне жабысып,  
Екі батыр алысты.

- Қайрауы жеткен қайсар ер,  
Құбығұл атты еріңді  
Көтеріп келіп алыпты.
- 3330 Айландырып, үйіріп,  
Қара тастың үстіне  
Батыр сілтеп қалыпты.  
Екі аяғы сарт етіп  
Қара тасты жарыпты.

Шың үстінде қара тас  
Талқан болып қалыпты.

- Қайрат берген қорғаушы,  
Пірәдәр бабам ерімсің,  
3340 Мен балаңа қуат бер,  
Кереметім көрінсін.  
Өзің қуат бермесең,  
Таршылық келді балаңа,  
Тарыққанда сиындым  
Жәрдемші, қорған бабама.  
Өзің жәрдем бермесең,  
Бұл балаңнан әл кетті,  
Мұрынымнан қан кетті,  
3350 Енді дұшпан меңдетті,  
Қырық шілтен, пір, бабам,  
Шаршауыма көз жетті.  
Өзің қуат бер, — депті,  
Бабам, жәрдем бол, — деді.  
Ерендердің ескі аруақ  
Еңсеме орнап қон, — деді.  
Бұл қалмақтың келбеті,  
Қара Обадан зор, — деді,  
Бергенің жәрдем шын болса,  
Балаңды етпе қор, — деді.
- 3360 Самұрық ұшты қиядан,  
Үш түлеген жануар  
Түлеп ұшқан ұядан.  
Қанатын сулап қағады,  
Оңтүстіктен келді де,  
Қалықтап ұшып төмендеп,  
Құбығұлды арқаға  
Оң қанатпен салады.  
Баланың кіріп ажары,  
Тасиды күші, қажыры.  
3370 Қарысбекпен алысып  
Күркіреген күндей-ақ,  
Күңіреніп көтерді,



- Үйіріп келіп алады.  
Мұны тастың үстіне  
Шалқасынан салады.  
Ақ қанжарын суырып,  
Қақ жүректен салады.  
Көтеріп салып санатын,  
Жеткізді жауға қазаны.  
Қарысбек сынды батырдың  
3380 Сол жерде жетті ажалы.
- Туысына шыдамай  
Сансыз қолдың ішінен  
Әділбек батыр шабады.  
Жекпе-жек майдан жеріне  
Әділбек батыр ақырып,  
Қару-құрал бәрі сай,  
Жекпе-жекке барады.  
[Құбығұлдай еріңіз]  
Шығарды қайрат, қажырды.  
3390 Әділбекті көргенде,  
Жәрдем беріп бабасы,  
Нұрланыпты ажары.
- Келген жерден қағысты,  
Ауыр батпан шоқпармен  
Әділбек кезек алыпты.  
Өлер жерің осы деп,  
Толық мидың тұсы деп,  
Тас төбеден салыпты.  
Төбеде болат қалқаны  
3400 Талқан болып қалыпты.
- Жәрдем беріп бабасы,  
Есін жиып тұрады.  
[Құбығұл кезек алады],  
Ашуы қайнап қызады,  
Белді бекем буады,  
Батырсынған Әділбекті  
Шоқпарменен ұрады.

- Басы айналып есі ауып,  
Жығылып, қайта тұрады,  
3410 Кешікпей есін жияды,  
Екі ерді ашу құрсады,  
Алмас қылыш жұмсады,  
Күннің ыссы күнінде,  
Шөлдеп ерлер сусады.  
Найзаменен серместі,  
Салған найза қайрылды,  
Қу құрайдай көрмеді.  
Көрмеді пайда қылыштан,  
Екі батыр ұрысқан,  
3420 Балтаменен шабысты,  
Ұңғысынан салысты.

Құбығұл сонда ақырды:  
— Кеміген мұнша нем, — деді.  
Жәрдемші пірім сен, — деді,  
Болдым ба жасық мен, — деді.  
Күнәлі болып кетпесем,  
Пірлер, жәрдем бер! — деді.

- Көңілі сезіп қуанды,  
Бір ишарат білінді.  
3430 Әділбекті көтеріп,  
Олай-бұлай жүгірді.  
Жан өкпесі сығылды,  
Қысқанда жүрек аузына  
Әділбектің тығылды.  
Алысқан жері қара тас,  
Бір-біріне дұшпан-қас.  
Балдырғандай майысып,  
Болып тұрған бала жас.

- Азамат ердің шырағы,  
3440 Пірлер жәрдем қылады.  
Көтеріп алып ұрады,  
Қара обадай Әділбек  
Ұзынынан сұлады.

- Есектейін ақыртып,  
Нар түйеше бақыртып,  
Аузына алмас тығады.  
Оныменен қоймады,  
Өкпесінен батырдың  
Қос тіземен сығады.
- 3450 Күн батқанша Құбығұл  
Өлтіре алмай қалмақты  
Амал ойлап тұрады.  
Жұлдыз шыққан мезгілде  
Ауыздан жаны шығады.
- Қарысбек пен Әділбек  
Қол бастаған ер еді,  
Егесті жер болғанда  
Дұшпанды қырған бөрі еді.  
Екеуінің өлгенін
- 3460 Көп қалмақ көзі көреді.  
Екеуіне тайлас жоқ,  
Өзгелері кем еді.
- Сөйлесе сөздің жүйі бар,  
Ежелден толық миы бар,  
Әділбайдың уәзірі  
Ақмаман деген биі бар.  
Сол уақытта халқына  
Ақыл айтар түрі бар,  
Ақылды, толық миы бар.
- 3470 Сондай білгіш адамды  
Қайтаратын кімі бар.
- [Сонда Маман сөйлейді]:  
— Айтамын ақыл, көп халық,  
Қарысбек пен Әділбек  
Арыстаны еді елімнің,  
Медеуі еді белімнің,  
Қиындық көріп тарығып,  
Еңіреп жылап егілдім.

Бұл қиындық жер болды,  
3480 Уақыт тарлық халқыма  
Осы бүгін кез болды.  
Қалай болды замана,  
Енді ойлайтын жер болды!  
Екі нәннен айрылып,  
Көкірек мұңлы шер болды.

Мақұл десең, о, халқым,  
Жекпе-жекке баруға  
Қарсыласар адам жоқ!  
Әскер шөп те, ол — орақ,  
3490 Соғысуға шараң жоқ.  
Қарсыласып тіресер  
Енді бізде адам жоқ.  
Әділбай, патша данамыз,  
Ақылға салып қараңыз.  
Осы айтқан санамыз,  
Ақбілек сіздің балаңыз,  
Теңін тауып сүйіпті,  
Тілімді алсаң, тараңыз.  
Алдыратын ер емес,  
3500 Ойласып, халқым, қараңыз.

Бөтен бар ма сөзімде,  
Әділбай, сына мұнымды,  
Ел билігі өзіңде.  
Қарсы барар адам жоқ,  
Ойға салсам еліңде.  
Сонда Әділбай сөйледі:  
— Бұл сөзіңді алайын,  
Ағасы жалғыз Ақмедет  
Соны ертіп барайын,  
3510 Олай десең, қайтейін,  
Батамды беріп қалайын,  
Оң бермеймін батамды,  
Теріс қолым жаяйын,  
Теріс бата қағайын.

Сонда Әділбай патша тұрып былай дейді:

— Мен әрі хан едім, әрі ер едім. Халықтың арын арлаған, талай жауды жаулаған. Бұл бір балаға әлім жетпейді деп қорқып тұрғаным жоқ. Мен қызымды алып қашқан жас баламен алысып жүруімді өзіме сынық, бойыма мін көремін. Сондықтан мен оларға теріс батамды берейін, халық, сендер қайта беріңдер.

Ту тастап Әділбай мен қыздың ағасы таудың басына шығады. Ақбілек пен Құбығұл екеуі жау қайтар ма екен, немесе тағы да жекпе-жекке шығар ма екен деп қарауыл қарап тұр екен. Сонда Ақбілек әкесі мен ағасын көріп айтады:

— Ғашық болған жолдасым,  
Әке менен ағамды  
Танып тұрмын мен, — дейді.  
Тілейтұғын тілек бар,  
Бір тілегім бер, — дейді.  
3520 Кіресі бос сол әкем,  
Ардақты қызы мен, — дейді.

Әкем маған шыдамас,  
Бұл айтқанды етпесең,  
Маған да ісің ұнамас.  
Жанашыры болмаса,  
Бөтенге ешкім жыламас.

Кіресі бос атама  
Қол қусырып баралық,  
Аяғына бас ұрып,  
3530 Қарттың қолын алалық.  
Әкем менен ағама  
Татуласып қалалық.  
Атаның хақы көп еді,  
Ақ батасын алалық.

Құбығұл қорқып саспайды,  
Ақбілектей арудың  
Өтінген тауын шақпайды.  
Бір қылықты бастайды,  
«Олай болса, Ақбілек,

3540 Ибаменен барам» деп,  
Қолындағы бес қару  
Сауытын шешіп тастайды.

Әділбайдай батырға  
Енді болды атам деп,  
Қол қусырып келеді,  
Иіліп сәлем береді.  
[Әділбайдай батырың]  
Ішке сақтап ашуын,  
Өлтірер келді кезеңі.

3550 — Тілекті берді маған деп,  
Ақылынан адасып  
Қаруын тастап келген соң,  
Жеткіземін ажал деп,  
Алмаспенен шабам деп,  
Орайыма келген соң,  
Өлтірмей не ғып қалам? — деп,  
Кешегі екі нәнінің  
Енді кегін алам деп,  
Ашу қысып тарылып,  
3560 Қабандай-ақ залымның  
Қабағы түкті жабылып,  
Ерлерінен айрылып,  
Тұрған патша тарығып,  
[Ақбілекке сөйлейді]:

— Не жазығым бар еді,  
Ей, Ақбілек, Ақбілек,  
Бүлік салып жеріме,  
Қайғы салдың еліме,  
Мезгілсіз ажал келтірдің  
3570 Екі арыстан еріме.  
Енді келді дұшпаным  
Кек алатын жеріме.  
Таңдап сүйген еріңе  
Жеткізейін қазаны,  
Обалың сенің өзіңе.

- Суырып алмас алады,  
Көтеріп алып сермеді.  
Ақбілектің ағасы  
Әкесінің қарынан  
3580 Шапшаң ұстап алады.
- Кейіме, өке, сен, — дейді,  
Ашуыңды бер, — дейді.  
Қол қусырып тұрғанда  
Өлтіруің жөн емес,  
Ақбілек тапты тең, — дейді.  
«Ер дұшпаны өзінен  
Мықты болсын» деген сөз,  
Ақбілекке ризамын,  
Өзіне тапты тең, — дейді.
- 3590 Әділбай қолын жаяды,  
Батасын беріп қарады.  
— Теріс қолым жаяйын,  
Теріс бата қағайын.  
Жамандық болса, Ақбілек,  
Сенен неге аяйын.  
Тілегіңді бермегір,  
Көзіңнің жасын көрмегір,  
Жолдасыңнан айрылып,  
Қанатыңнан қайрылып,  
3600 Қайғыменен еңірегір.  
Қайғыменен қамыққыр,  
Құса басып тарыққыр,  
Жолдасыңнан айрылып,  
Жалғыз қалып зарыққыр.
- Дүниеде оңбағыр,  
Жүрсең, жолың болмағыр,  
Мені мұнша зарлаттың,  
Өзіңді Құдай қорлағыр,  
Менің берген батамды  
3610 Аққа Құдай жолдағыр.

Бір-бірінен айрылсын  
Сүйіп құшқан теңдесің,  
Тілегіңді бермесін,  
Көзіңнің жасын көрмесін.  
Байынан жолда айрылып,  
Қайғыменен еңіресін.

3620 Қайғыменен ішің от болсын,  
Менің батам оқ болсын,  
Жасыл соғып төбеңнен,  
Өмірің өшіп жоқ болсын.

Теріс қолын жаяды,  
Теріс бата қағады.  
Енді Әділбай қайрылмай,  
Шаһарына қайтып барады.

Ақбілектің ағасы,  
Бір-біріне шыдамас  
Бір кісінің баласы,  
Ақылға асқан толық ед,  
Көңілінде артық санасы.

3630 — Бауырымсың, шырағым,  
Алған ерің сынадым.  
Қайырлы болып алғаның,  
Баянды болсын тұрағың.  
Сен теңіңді тапқансың,  
Жедел қылып нетейін.  
Жан жолдасың еріңмен  
Досты болып кетейін.  
Жат жұрттықсың, шырағым,  
Ақбілек, өріс етейін.

3640 Тілегімде жалған жоқ,  
Іште сырым қалған жоқ,  
Патша қызы әр уақыт  
Теңін тауып барған жоқ,  
Көңілде мүдәм қалған жоқ.



- Өрістесім, шырағым,  
Көңілімде арман жоқ.  
Сырымды айтып өтейін,  
Сен теңіңді тапқан соң,  
Жедел етіп нетейін?!  
3650 Екеуі құшақ жаяды,  
Құшақтасып дос болып,  
Татулық көңіл қош болып,  
Қуанышпен тарады.
- «Өрісімсің, қалқам», — деп,  
Ақбілектей баланың  
Ақ бетінен бір сүйіп,  
Қош айтысып, достасып,  
Ағасы кетіп барады.  
Татуласып, келісіп,  
3660 Құшақтасып, көрісіп,  
«Өрісімсің, Ақбілек», —  
Деп сүйісіп, өбісіп,  
Қош айтысқан жер еді.
- Құбығұл мен Ақбілек  
Қос тұлпармен желеді.  
Көлденең жатқан бір тауды  
Кеселей басып жөнөді.  
Ар жағында сол таудың  
Шалқып жатқан айдын көл,  
3670 Бұлардың көзі көреді.  
Теңгеліктен өткелі,  
Қалмақпен соғыс еткелі  
Өздері де, аты да  
Сонан бермен шөлдеді.
- Төбесінен күн өтіп,  
Ақбілек шөлдеп келеді.  
Шөлдеп келген Білектің  
Бір су еді керегі.  
Тілегіне кездескен  
3680 Мөлдір тұнық көл еді.

Мал баспаған жағасын  
Бұрын-соңды бұл көлдің,  
Көрген жоқ адам қарасын,  
Жыныс ағаш ну дейді  
Көл айнала жағасын.

- Рахатты шөпті көл,  
Жағалай шалғын көкті көл,  
Бақытқа бізге тап болды,  
Жыныс ағаш нулы көл.
- 3690 Ей, Ақбілек, Ақбілек,  
Дем алуға лайық,  
Рахатты көл екен,  
Жағалай жыныс бәйтерек,  
Семіруге тұлпарға  
Шүйгін шалғын шөп екен,  
Хош иісті көк екен,  
Ат суарып, тынығып,  
Түсіп кетер жер екен.
- 3700 Аттың ерін алалық,  
Қөптен бері шөлдедік,  
Суын ішіп қаналық.  
Шалыққан шөлдеп тұлпарды  
Біз суарып бағалық,  
Осы көлдің бойында  
Бүгін тыным алалық.

- Ақыл салма, ер, маған,  
Қайтсең де өзің біл, — деді.  
Ғайыптан көрдім бір түсті,  
Ренжіп көңілім кірленді.
- 3710 Тілегім берсең, түспеймін,  
Өткен түнде түсімде  
Жайын жұтып жүр, — деді.  
Түсем десең бұл көлге,  
Қайғылы менің заманым.  
Таудай жайын мен көрдім  
Құйрығын көлге сабаған.

— Қасыңда досың жүргенде  
Еш қорықпа сен, — дейді,  
Атың әйел нашарсың,  
3720 Қорыққаның нең, — дейді.  
Құбығұл жарың қасыңда,  
Жоқ нәрседен қорыққан,  
Ақбілек, сенің нең? — дейді.  
Көп қайырмай тілімді ал,  
Шатырың тіге бер, — дейді.

— Тіл алмайтын заман жоқ,  
Тіл алмасқа шарам жоқ,  
Мен сендікпін, Құбығұл,  
Көңілімде алаң жоқ.  
3730 Осы көлге сен түссең,  
Ғашық жарың саған жоқ.  
Түсте көріп қауышқан  
Батыр досым маған жоқ.

— Ғашық болып қосылған  
Ақбілек ару сен едің,  
Тәуекел етіп бел буып,  
Сені іздеген мен едім.  
Атың әйел болған соң,  
Сен ерліктен кем едің.  
3740 Асыл зат жерде қала алмас,  
Жан жолдасым замандас.  
Ерің тірі тұрғанда,  
Ешкім көзін сала алмас.

Көрдің жайын қалмақтың,  
Қабыртқалы қайсармын,  
Айырып ешкім ала алмас  
Қайыспайтын қайсармын.  
Әйел болған себепті,  
Уайым айтып қайтардың.  
3750 Мың болмақтан сан болсын,  
Сан жетпейтін жебені  
Қайсарып жауға тартамын.

Осы көлде жата бер,  
Қарауыл салып алыстан,  
Сыртыңнан бағып байқармын.

— Көп өтініп жыладым,  
Жылап тілек сұрадым.  
Осы көлге сен түссең,  
Болмай ма деп қорқамын  
3760 Жолдастыққа тұрағым.  
Қанша өтініп айтсам да,  
Көнбесінді сынадым.  
Сапарың болсын оң, — деді,  
Құтты болсын жол, — деді,  
Көріскенше күн жақсы,  
Досым, аман бол! — деді.

Садақты белге шалады,  
Мылтықты қолға алады.  
Аң жайлауы Қаратау  
3770 Батыр кетіп барады.  
Киік пенен құланды  
Сонда таудан қағады.  
Батыр тауға кеткенде,  
Бұлт торлап, жел соғып,  
Сартылдап бұршақ жауады.  
Шатырда жатқан сұлуды  
Суда жатқан айдаһар  
Лебімен тартып барады.  
Қараңғы бұлт төнеді,  
3780 Құбығұл жоқ қасында,  
Жеті басты жыланға  
Қару қылсын кім енді?  
Қаңбақтайын ұшырып,  
Жылан жұтып жіберді.

Аңын атып қуанып,  
Ақбілекке мақтанып,  
Жайнатып қолға ту алып  
Көлден атын суарып,

Көңілденіп желікті.  
3790 Көргенінше сағынып,  
Қасына шатыр келіпті.  
Ат үстінен Құбығұл:  
«Ақбілегім, қайдасың?  
Шық!», — деп хабар беріпті.

Шатырдан шығар Білек жоқ,  
Қуанатын жүрек жоқ,  
Асық болып қосылған  
Шын тілеген тілек жоқ.  
Аттан түсіп қараса,  
3800 Өзі түгіл, сүйек жоқ.  
— Мынау қалай болды, — деп,  
Көңілге қайғы толды, — деп,  
Қең дүнием тарылып,  
Қараң күнім солды, — деп,  
Ғашық болып қосылған  
Аруым шандоз сен едің,  
Сені іздеген ер едім,  
Еңбек қылып қосылып,  
Қызығың көрсем деп едім.  
3810 Ғайып болдың көзімнен,  
Сүйенішті сұлу жар,  
Сені қайдан көремін?!

Сүйенішті сұлу жар,  
Бір көруге болдым зар,  
Түспе десең, болмадым,  
Ақырында болдым зар.  
Түспе деп айтып өтіндің,  
Бермедім саған ықтияр.  
Айналам болды қараң-тар.  
3820 Қайғы түсіп басыма,  
Қиындық бүгін болды тар.

Енді қайда барамын,  
Іздеп қайдан табамын,  
Сүйгенімнен айрылып,

Заманның көрдім қараңын.  
Бас сапарым келісіп,  
Оңдырмадың, Құдайым,  
Бұл ісімнің аяғын.  
Қорғаушы бабам сен едің,  
3830 Тарыққан күнде, тар жерде  
Жәрдем берем деп едің,  
Қайғы басты ұлыңды,  
Тигіз, ата, себебің!

Ердің қорған бабасы,  
Соны айтып болғанша  
Қасына келді бабасы.  
Бабаның келіп қалғаны  
Қас қаққанның арасы.  
Тілекші болып сыртынан  
3840 Қорған болған панасы.

— Тарықпа, балам, сен, — дейді,  
Тарыққан мұнша нең, — дейді.  
Мұңая берер болар ма,  
Қайтпас жүрек ер! — дейді.  
Ақбілектей қызымның,  
Балам, тілін алмадың,  
Үлкендік келіп көңіліңе,  
Сөзіңнен айтқан танбадың.  
Жан жолдастан айрылып,  
3850 Ақырында зарладың.

Мен қорғаушы шал, — деді,  
Алмасың қайрап ал, — деді.  
Сабыр ет, балам, сабыр ет,  
Мезгілсіз кетпес жан, — деді.  
Сабырлық ет сен, — деді,  
Риза болып көн, — деді.

Әділбайдай залымның  
Теріс бата бергені,  
Қабыл болып батасы

- 3860 Міне, балам, келгені.  
Ақыл ойлап тап, — деді,  
Басыңнан қайтпас бақ, — деді.  
Ақ алмасты қолыңа ал,  
Көл басына жылдам бар.  
Саған болған дұшпанның  
Бүгін болар күні тар.  
Мекен еткен су ішін  
Жеті басты айдаһар —  
Суда жатқан жылан бар.
- 3870 Құр қайғыдан пайда жоқ,  
Уайымменен болма зар.  
Көрген түсін Ақбілек  
Саған баян еткені,  
Түстің рас, шырағым,  
Қызыма баян еткені.  
Ақбілектей аруды  
Көлде жатқан жыланның  
Анық жұтып кеткені.
- 3880 Алмасты қайрап алады,  
Көлге жетіп барады.  
Жапырлаған нар қамыс,  
Батыр көзін салады.  
Ақбілек ғарық еткен жер,  
Жапырылған бұл қамыс.  
Ақбілектей сұлуды  
Суға түсіп жүргенде  
Айдаһар жұтып кеткен жер.  
Суырма алмас қылышпен  
Жалаңаш түсе қалады.
- 3890 Жеті басты айдаһар  
Лебімен тартып барады.  
Жел ұшырған қаңбақтай  
Тоқталмады аяғы.  
Суға ұрды құйрығын,  
Айдаһар соғып, сабалап,  
Лебіменен тартқанда,  
Қаңбақтай ұшты домалап.

- «Иә, Алла!» деп жылады,  
Пірінен жәрдем сұрады.  
3900 Жұтар жерге келгенде,  
Ер қайраты қызады.  
Мойнынан ұрады,  
Алты басы кесіліп,  
Жалғыз басы тұрады.  
Енді тыныс алады,  
Бір басын да қағады.  
Судан сүйреп дұшпанды  
Шетке алып барады.  
Алмаспен ішін жарады,  
3910 Қарынының ішінен  
Суырып сұлуды алады.

- Ақбілектің кетіпті  
Айдан сұлу ажары.  
Көшкенге де ұқсайды  
Сұлулықтың базары.  
Қансыз бетін көргенде  
Қайтыпты ердің қажыры.  
Ердің қайтып назары,  
Қорғаншы болған піріне  
3920 Ақбілекті алып барады.

- Зарыққан балам сен, — дейді,  
Сүйеуші бабаң мен, — дейді.  
Қызымды маған бер, — дейді,  
Азырақ тарлық көргенге  
Риза болып көн, — дейді.  
Теріс қарап арман тұр,  
Мен тілекші бабаң бір,  
Қуаныш кіріп көңілге  
Көңліңнен кетсін қайғы, кір.  
3930 Сенің бабаң мен, — дейді,  
Ақбілек қызым сен, — дейді.  
Басыңды көтер, шырағым,  
Қатты ұйықтаған нең, — дейді,  
Асамен тартып сермейді.



- Атаеке, мұнша неттім, — деп,  
Қатты ұйықтап кеттім, — деп,  
Ұйықтап жатқан жерімде  
Қай жерден келіп жеттің, — деп,  
Көтеріп басын алады.
- 3940 Төңірекке қарады,  
Кірді қыздың ажары.

Пірі жәрдем береді,  
Әділбайдың батасы  
Кесел болып қызына  
Таршылық көрген жері еді.  
Қалыбына келеді,  
Осы көлдің бойында  
Бейнет шеккен жер еді.

- Уәлидің еліне
- 3950 Қос тұлпармен жөнелді.  
Көңілі өсіп екеуі  
Әнін қосты сол енді.  
Алыс емес тұлпарға  
Уәли ханның елі енді.  
Уәли ханның бәйбіше  
Ұйықтап жатып түсінде,  
Түсінде көрген ісінде  
Бір жағына қисайған,  
Құлауға жақын ордасы.

- 3960 Дүниесі азуда,  
Әр мүлкі де тозуда.  
Сол күні көрген түсінде  
Түс қорқыныш болуда,  
Көңілге қайғы толуда.

- Ақбоз орда құлап тұр,  
Бәйбіше өксіп жылап тұр,  
Осы көрген қиын түс  
Жамандыққа жорып тұр.  
Тұр екен орда қаңырап,
- 3970 Құлаған екен шаңырақ,

Солып тұр екен аңырап.  
Әйелдің түсі сол болды,  
Бұл түсінен қорқып,  
Бәйбіше жылап қор болды.  
Таң мезгілі болғанда  
Түс аяғы оң болды.

Оң болғанның мәнісі,  
Құлауға тұрған боз орда  
Қалыбында тігіліп,  
3980 Боз орданың ішінде  
Азамат отыр жиылып.  
Келіп жатыр байтақ ел  
Түс-тұсынан құйылып,  
Алдияр деп көп халық  
Хан алдында келіп тұр.  
Тақ үстінде көрісіп,  
Халыққа қолын беріп тұр.  
Қараса, халқы жиылып,  
Бұқаралар төніп тұр.  
3990 Айтысқандарға Уәли  
Төресін тура беріп тұр.

Бәйбіше еді әуелден,  
Жалғызы кетіп жылаған,  
Көз жасын төгіп бұлаған,  
Тігілді орда құлаған.  
Ақбоз орда ішіне  
Асыл киім салулы,  
Неше түрлі асыл зат  
Үйде жайнап жаюлы.  
4000 Жаңа көрді бәйбіше,  
Ілулі жанат ордада  
Неше түрлі қаруды.

Бір жақсы түс білінді,  
Керегенің басына  
Сауыт, қару ілінді,  
Көрген түсі бақ болды,

- Ұлан жиын ел келіп,  
Бәйбіше түске шат болды.  
Айналасы орданың
- 4010 Байланған бедеу ат болды.  
Қуаныш түстен оянып,  
Азамат басын құратты,  
Халқына түсін сынатты.  
Білімпаздың баршасын  
Басын қосып сұрапты.
- Осы түсті айтқан соң:  
— Бұл қуану — ел бағы,  
Ел тілегін берген-ді,  
Ардақтысы халықтың
- 4020 Құбығұл жақын келген-ді.  
Құбығұл жауға кеткен соң  
Көкірегің шерлі еді.  
Қиядан келіп байланған,  
Екі тұлпар ат көрсең,  
Қуаныш пенен шат көрсең,  
Халыққа қонған бақ көрсең,  
Іздегенін Құбығұл  
Жаудан алып келгені,  
Ел тілегін бергені.
- 4030 Қуаныш болар халыққа,  
Қожа, молда, ақсақал,  
Түзу жорып анықта.  
Түстің жөні осылай,  
Сынап, халық, парықта.  
Қуаныш болды хан, ханым,  
Бұрынғыдай қамықпа!
- «Осы жору дұрыс», — деп,  
Халық қабыл алады.  
Жақсылыққа баста деп,
- 4040 Ақсақал бата қағады.  
Халық тарап жатқанда-ақ  
Қос тұлпармен жарысып,  
Басыменен алысып,

Аузын ашып қарысып,  
Құбығұл келіп қалады.  
«Сүйінші!» деп патшаға  
Көрген жандар барады.

Хан, ханымның қабыл-ды  
Шын тілеген тілегі.  
4050 Қуанғаннан бұлардың  
Жарылмады жүрегі.  
Елі-жұртын жияды,  
Садақа тойын қылады.  
Жалғызы аман қосылып,  
Орта ноғайлы халқының  
Кемпір мен шал қартының  
Еткен жер осы мұрадын.

Бұрынғы ала түлек озған заман,  
Хикаят осылайша болған заман.  
Әркімдер бет алдында, бет-бетінде,  
Жоқ еді еш сүйеніш қорған заман.  
Баласы Уәлидің Құбығұл ер,  
Халқым, осылайша болды тамам.  
Сөзімде кемдік болса, сөге көрме,  
4065 Білгенше тапқаны осы кәрі бабаң.



ҒЫЛЫМИ  
ҚОСЫМШАЛАР





## ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

### ХИКАЯТ РИСАЛА МҰҢЛЫҚ, ЗАРЛЫҚ

Мағыналы мазмұнына көркемдігі сай, оқиғасы шытырман, бас кейіпкерінің ерлік істері хас батырға лайық «Хикаят рисала Мұңлық, Зарлық» — көркем эпостарымыздың бірі.

Жырдың негізгі мотив-сарындары мен эпизодтары мыналар: болашақ кейіпкердің әкесі хан Шаншар перзентсіз; ол бір ұл, бір қыз табатынына кепіл берген Жәудір шалдың қызы Қаншайымға үйленеді; Қаншайым алтын айдарлы ұл, күміс айдарлы қыз туады; ханның алпыс әйелі қызғанып, мыстан кемпірге алпыс табақ ділдә беріп, жаңа туған балаларды ұрлатады, орнына екі күшік салады; Қаншайымға екі күшік тудың деп жала жабылады; қаһарланған хан Қаншайымды дарға асуға бұйырады, бірақ дардың жібі үш мәрте үзілгеннен соң екі күшікпен бірге жыртқыш аңдарға толы қауіпті аралға апарып тастайды; мыстан кемпір жаңа туған нәрестелерді суға тастайды, Ғайып ерен қырық шілтен оларды суға түсірмей қағып алады, Шөгірлі тауына апарып оларға тастан үй салады, екеуіне бір киікті ана қылып береді; Қызыр, Илияс, Ғайып ерен қырық шілтен жиналып ұлдың атын Зарлық, қыздың атын Мұңлық қояды; біраз уақыт өткен соң алпыс қатын балалардың аман екенін біліп қойып, баяғы мыстан кемпірді шақырып, оған балаларды өлтіруді тапсырады; мыстан кемпір Мұңлыққа келіп, оны «ағанды Күлмес ханның еліне жібер, онда барса ат пен тон әкеледі» деп азғырады; Зарлық қарындасының көңілін қимай жолға шығады; алпыс күн жүріп, көп азап көріп, ақырында Қысырау көліне келеді. Онда Күлмес ханды көреді; Зарлық Күлмес ханнан асыл берен мылтық, алтын

пашақ найза, алтын айдар садақ, испаһани қылыш, шарайна белдік, қалқаны мен Гүлсары атын талап етеді; хан үндемей жүре береді; Зарлық Күлмес ханның жоғарғы шаһарына келеді, туғалы кісі қолынан жемеген тағамдарды жейді, пұлын төлемейді; одан кейін бір дүкенге кіріп жаюлы киімдерді көріп бірін алып, бірін киеді, тағы да пұлын төлемейді; қалмақтар (Күлмес ханның елі қалмақтардың елі екен) жиналып киген шапанын тартып алады; келесі күні Зарлық шаһарға қайтып барады, дүкеннің құлпын бұзады, сонда қалмақтар оған қарсы тұрады; Зарлық оларды «Қойға тиген қасқырдай сойып кетіп барады... Мола қылып өлгенін үйіп кетіп барады... Зарлық батыр қалмақты жойып кетіп барады»; сонда Күлмес хан «жалғыз қызым Құралайды беремін, сөйтіп, көңілін аудармасам, елімді қырар» деп қырық жігітін Зарлыққа жібереді; Құралайға жасынан ғашық болған Қара дәу қызды ұрлап әкетеді; мұны естіп Зарлық жауатын бұлттай түнеріп, ішіне қайғы толып, Қара дәуге қарсы шықпақшы болады; Күлмес хан керекті қару-жарақты даярлап, астына Гүлсары атты мінгізеді; неше белден асып, неше жолдар жүріп, сусыз шөлден, Өлінебұл дариясынан өтіп, Зарлық хан Қара дәудің еліне келеді; Қара дәуді батырлығымен жеңеді; Күлмес хан отыз күн ұдай жиын қып, қырық күн ұдай тойын қып, қызын Зарлыққа қосады; Зарлықхан Күлмес ханның елінде ойын-сауықпен жата береді; бір күні Мұңлық Зарлықтың түсіне кіріп, «Әй, аға, мені ұмытып кеттің бе!?» дейді; Зарлықхан қайтпақ болады; Зарлық пен Құралай сұлу Шөгірлінің тауына келеді, Мұңлық қарындасымен қауышады; бұлардың анасы Қаншайым, жоғарыда айтылғандай, Шаншарханның бұйрығымен Қазар дариясының елсіз аралдарының біріне қуылып, сонда он бес жыл зар жылап өмір сүреді; бір күні Ғайып ерен қырық шілтен түсіне кіріп, бір ұл, бір қыз туғанын, олардың есімдері Зарлық, Мұңлық екенін, жақында көрісетінін айтады; бір күні Шаншар хан Шөгірлі тауда сейілдеп жүрсе, алдынан басы алтын, жоны күміс киік шығады; хан қуады, жете алмайды; киік аңда жүрген Зарлыққа келіп жетеді, адам кейпіне түседі: ол киік Зарлықханның пірлері екен, Зарлықханға әкесі Шаншар ханды баян қылады; әке мен бала қауышады; Қаншайымды жеті қабат аралдан тауып алады; Шаншар хан мен Қаншайым сұлу көріседі; Мұңлық пен Зарлық анасымен табысады; Шаншар



хан дұшпандық еткен алпыс қатынын, мыстан кемпірді жаза-лайды, алпыс күн той қылады, Зарлықты патша қояды.

Дастанның бас кейіпкері—Зарлық. Оған пірлері бала күнінде жүз ердің күшін сыйлап, садақ тартуды үйреткен. Ол аң аулап өзін, қарындасын асырайды; Күлмес ханға аттанарда алпыс құланды атып, қырығын қарындасына қалдырады, жиырмасын тұздап, кептіріп жолда азық етеді; сөйтіп, Зарлық аңшылықпен күн көреді, қарындасы екеуі айдалада тау-тасты мекендейді.

Аңшылық көне замандарда (дәлірек айтқанда, неолитке дейінгі және неолит дәуірінің біраз кезеңдерінде) байырғы адам баласының негізгі кәсіптерінің бірі, сондай-ақ (әрине, балықшылық, терімшілікпен қатар) күнкөріс көздерінің бірі болғаны мәлім. Адамзат өркениетінде елеулі орын алған бұл тарихи кезең халық шығармашылығында көрініс таппауы мүмкін емес еді. Соның айқын мысалы ретінде жартастардың, үңгірлердің қабырғаларына қашалып салынған ежелгі аңшыларды бейнелейтін суреттерді айтуға болады. Ал фольклорға байланысты М.О. Өуезов кезінде былай көрсеткен: «... Қиял-ғажайып ертегілерінің ішінде қазақ халқы айтатын көне түрлерін атасақ, бұлардың ең ескілері — аңшы-мергендер жайындағы ғажайып қиял ертектері болу керек. Бұлар — «Еділ — Жайық», «Құламерген», «Жерден шыққан Желім батыр», «Аламан мен Жоламан», «Күн астындағы Күнекей» сияқты ертектер. Мergen жайындағы ертегілермен ілес-қаралас ер-батырлар жайындағы ертегілер жүреді... Әрине, қиял-ғажайып ертегілерінде біз атаған «мерген, ер, батырларымыз» — бәрі дағы эпоста, батыр жырларында аталған батырлардан әрірек заманда туған, тарихтан бұрынғы дәуірлер тумалары. Алыс заман айғақтары болады».<sup>1</sup>

Сонымен қатар Зарлық тек аңшы-мерген емес, Күлмес ханның еліне келген ол батырлығын танытады. Тілегін орындамаған Күлмес ханның ордасын қиратуға жақын барады. Сол сәттен бастап ол жырда Зарлық хан, Зарлық батыр атанады. Ерлік көрсетіп бүкіл елдің тыныштығын алған, ешкімнің тісі батпаған алып Қара дәуді өлтіреді, одан құтқарылған Құралайға

---

<sup>1</sup> Өуезов М.О. Өр жылдар ойлары. — Алматы, 1959. — 220 б. [Жазушының бұл еңбегі бұрын жарияланған: Өуезов М. Ертегілер // Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклор. — Алматы, 1948. — 66 б.]

үйленеді. Бұл — қаһармандық үйлену. Көріп отырғанымыздай, Зарлық елін жаулаған, жерін шапқан сыртқы жаумен шайқаспайды және оның негізгі қарсыласы — өзі сияқты адам емес, алып Қара дәу.

Ал көне эпостың негізгі мазмұнын [әрине, онда басқа тақырыптар да бар] бас кейіпкердің қаһармандық жолмен үйлену сюжеті құрайтыны, оның қарсыластары көбіне реалды, өзі сияқты адамдар емес, дәу, дию, жезтырнақ, жалмауыз [мыстан] кемпір т.б. болатыны белгілі.<sup>2</sup>

Зарлық жалғыз емес, оның қасында қарындасы Мұңлық бар. Бұл жағдай Зарлық бейнесі аңшы, мерген бейнесінен де көне екенін меңзейді. Бұл туралы Мелетинский Е.М. былай дейді: «Біз «жалғыз» батыр — ілкі бабаның көбінесе қарындасты болып келетініне көз жеткіздік. Алғашқы адамдардың жұптылығы, яғни ағалы-қарындастығы туралы көзқарас матриархалдық ұғыммен сәйкес келетіндіктен, жалғыз ата туралы көзқарас тәрізді өте көне. Сондықтан өзгелерден бөлек өмір сүретін аға мен қарындас туралы мотив олардың ата-анасының болуына қарамастан, жанамалы түрде бұлардың жұбы мен алғашқы адамдардың жұбы туралы түсініктің өзара генетикалық байланысын көрсетеді.

Ағалы-қарындас туралы мотив сібірлік түркі-монғол халықтары эпостарында, әсіресе фольклорында архаикалық матриархалды элементтер молынан сақталған буряттарда жиі кездеседі. «Аламжи-Мерген» — соның бір дәлелі. Бірақ аға мен қарындас мотиві олардан өзге эхирит-булагат улигэрлерінің бәрінде дерлік қамтылған... Өзгелерден оқшау өмір сүретін аға мен қарындасты якут олонхоларынан да таба аламыз... Мұндай мысалдарды хакас, алтай, тува, шор эпостарынан да келтіруге болады».<sup>3</sup>

Жырда бұдан басқа да, анаеркі (матриархат) дәуіріне меңзейтін белгілер мол ұшырасады. Мысалы, мыстан кемпір екі нәрестені суға лақтырып өлімге байлағанда Ғайып ерен қырық шілтен түсірмей алады да, Шөгірлі тауына апарып

<sup>2</sup> Бердібаев Р. Қазақ эпосы. — Алматы, 1982. — 51-91-б.; Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. — Алматы, 1993. — 60-78 б.

<sup>3</sup> Мелетинский Е.М. Происхождение героического эпоса: Ранние формы и архаические памятники. — М., 1963. — С. 311-312.

екеуіне бір киікті ана етіп береді<sup>4</sup>. Ол киік балаларды күнінде үш мезгіл баласындай емізіп жүреді. В.М.Жирмунскийдің айтуынша: «Мотив «палеонтологиясы» тұрғысынан алып қарағанда хайуанаттың аналығын еміп өскен бала туралы әңгімелер адамның хайуанаттан туылғандығы жайлы тотемдік аңыздың жұмсарған түрі, мысалы, Ромул мен Ремді қасқырдың қаншығы асыраған; парсы патшасы Кирді ит асыраған; Манастың ұлы Семетейді арқар емізген және т.б.»<sup>5</sup>

Жырда бірде мыстан кемпір, бірде жалмауыз кемпір атанатын, жасы үш жүз елуге келген, түрі ұсқынсыз, «қабағы тырысқан, көрінгенмен ұрысқан, тізесіне шекпені жетпеген, басынан жаманшылық кетпеген, кенеп дамбалы қатқан, өзін туғаннан Құдай атқан, бір жақсылық көрмеген» әйел затты бейне — анаеркі дәуіріндегі айналасына билік жүргізген, болашақты болжайтын, алыстағыны білетін, сондай-ақ ру басы анасы ретінде көпқырлы, түрлі сипатта қызмет атқарған құдіретті тұлғаның «трансформацияланған, ұзақ эволюциядан өткен» түрі.<sup>6</sup> Мұндай өзгеріс (трансформация) патриархат дәуірінде іске асқан, себебі «Анаеркі дәуірі өтіп, оның орнына атаеркі (патриархат) дәуірі келгенде әйелдерді қас күш, опасыз бейне ретінде көрсету қисыны орын алады».<sup>7</sup> Сондықтан фольклорда мыстан (жалмауыз) кемпір үнемі жағымды кейіпкерлерге қарсы тұрып, оларға жамандық істейтін жексұрын бейнеде көрінеді.

Талданып отырған жырда мыстан кемпір әуелі жаңа туған нәрестелерді суға лақтырады, ал кейін балалар аман-сау екенін біліп, көздерін жою мақсатымен Зарлықты Күлмес ханның еліне жұмсайды. Сөзі өту үшін ол Мұңлыққа қамқоршы пірі болып көрінеді және ағасы Күлмес ханға барса, ат пен тон әкелетінін хабарлайды. Сөз жоқ, Күлмес ханға баратын жол Зарлық үшін оңай болған жоқ. Бірақ ақырында Зарлық ат пен қару-жараққа ие болады.

<sup>4</sup> Бұл сарын басқа жырларда да кездеседі, мысалы, «Шеризат — Гүлшат» дастанының кейіпкері Шеризатты арыстанның ұрғашысы емізеді, Көрұғлыны бие емізеді («Көрұғлы» жырының Р. Мәзқожаев жырлаған, М.Ж. Көпеев жинаған нұсқалары).

<sup>5</sup> Жирмунский В.М. Сравнительное литературоведение. Восток и Запад. — Л., 1979. — С. 214.

<sup>6</sup> Пропп В.Я. Исторические корни волшебной сказки. — Л., 1986; Каскабасов С.А. Казахская волшебная сказка. — Алматы, 1972.

<sup>7</sup> Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. — Алматы, 1993. — 69 б.

Эпос қаһарманының жан серігі — тұлпарға иелік етуі оның батыр болу шарттарының бірі: атсыз батыр жоқ. Әдетте, болашақ батырға ат таңдауға, оны баптауға көмектесетін не тұлпар болып өсетін құлынды сыйлайтындар — батырдың қарындасы, жары, жасы үлкен қамқоршы отағасы, яки табыншы.<sup>8</sup> Зарлық — жалғыз (Мұңлық оның қамқорлығында), демек, оған ат сыйлайтын ешкімі жоқ. Сондықтан олардың рөлін мыстан кемпір орындайды. Демек, мұнда мыстан кемпір жаман ниеттілігімен, қастандығымен қатар, сәуегейлік қасиеттерге де ие, сондай-ақ ол белгілі дәрежеде кейіпкерге пайдалы кеңес беруші.

Сәуегейлікті сөз ететін болсақ, Мұңлық пен Зарлықтың анасы Қаншайым да, оның әкесі Жәудір шал да осы қасиеттен құралақан емес. Себебі, Шаншар хан «Бір сәуегей бар ма екен, Бір ұл, бір қыз табар деп, Қызына кепіл болатын» деп, жар салғанда, әкесі қызын Шаншар ханға беруге ниеттенеді, ал қызы қарсы болмайды. Сөйтіп, Қаншайым уақыты келгенде бір ұл, бір қыз табады...

Күндерден күн, жылдардан жыл өткенде Шаншар хан аң аулауға шығады. Тау басында ұйықтап жатқан баланы көреді. Ол — алтын айдары күнмен шағылысып жалтыраған Зарлық еді. Шаншар хан атынан түсіп балаға жақындағанда бала ұйқысынан оянып, түрегеліп, патшаны лақтырып жібереді. Патша екінші рет балаға жақындаймын дегенде бала садағын кезеп тұра қалады. Шаншар хан үйіне қайтады. Бұл — ғылымда «бірі-бірін танымаған бала мен әкенің соғысы» түрінде жіктелген, сан алуан халықтардың фольклорында кездесетін көне мотивтің сілемі.<sup>9</sup> Сондай-ақ дастанда Ғайып Ерен қырық шілтен кәдімгі дастан кейіпкері секілді нақты әрекет, қимыл жасайтынын айту керек, мысалы, балаларға тастан үй салып береді т.б. Бұл, әрине, байырғы адамдардың тотемдерді, әруақтарды, Көк Тәңірін, бір Құдайлық дін қанат жайғаннан кейін жаратушы Алла Тағаланы, оның періштелерін, сондай-ақ сөз болып отырған архаикалық дәуірлерден келе жатқан Қыдыр, Ғайып Ерен қырық шілтенді өзіне жанашыр, желеп-жебейтін күш деп

<sup>8</sup> Жирмунский В.М. Сравнительное литературоведение. Восток и Запад. — Л., 1979. — С.320.

<sup>9</sup> А.Н. Веселовский бұл мотивті анаеркі дәуіріне жатқызады: Историческая поэтика. — Л., 1940. — С.546-570.

білгенінен және олар қиын жағдайда көмекке келеді деп сенгенінен туған сарындар.

Дастанда кейбір мотивтер таратылып кең баяндалады, мысалы, перзентсіздік сарыны. Алпысқа келген Шаншар хан алпыс әйел алса да, баласыз. Соны ойлап, ол

«Таяқ алып қолына  
Тау-тасқа жаяу асады,  
Әулиені қыдырып,  
Төрік етіп дүниені». Бір кезде қайғырып қатты

жылап отырғанда хазірет Қызыр келіп:

«Үйіңе патша бар, — дейді,  
Таңлап жүріп еліңнен  
Бір сұлу қыз ал, — дейді,  
Сол қатынды алған соң,  
Бір ұл, бір қыз табады» — деп кеңес береді.

Хан бір сұлу қызға үйленеді. Он жыл өтеді. Шаншар жетпіске келеді, бала көрмейді. Он жылдан кейін де хазірет Қызырдың «ұлды, қызды боласың» деген сөзін ұмытпаған хан «Бір ұл, бір қыз табар деп, қызына кепіл болатын» біреу бар ма екен деп жар салады. Сонда Жәудір шал қызына кепіл болатынын білдіріп үш-ақ ділдә сиятын дорбамен қалың мал алуға келеді. Дастанның осы бөлігінде назар аударатын жайт: а) хазірет Қызырдың айтқанының бірден орындалмауы, ә) Жәудір шалдың ақшаға толмайтын дорбасы.

Басқа жырларда перзентсіз ата-ана хазірет Қызыр, я Ғайып Ерен қырық шілтендердің аянынан кейін бала көріп қуанышқа бөленсе, мұнда байқап отырғанымыздай, Қызырдың айтқаны он жылдан кейін ғана орындалады.

Ал Жәудір шалдың дорбасы «жеті там толған ақшаға да толмайды». Хан қатты сасады, «он сан жатқан Ноғайға үй басына он сомнан үш қайтара салады, салық қылып алады». Сонда да қалта толмайды. Енді Шаншар хан таздарға салық салады:

— Төбел тазға — төрт теңге,  
Айна тазға — алты теңге,  
Қырма тазға — қырық теңге,  
Ойма тазға — он теңге [279-282 жолдар]<sup>10</sup>.

<sup>10</sup> Келтірілген өлең жолдары талданып отырған жырдан алынды.

Сонда да қалта толмайды, хүкіміне ханның шыдамай «Қаладан ноғай қашады». Ақыры «Мыстан кемпір келіп жерден бір қысым топырақты алып қалтаға салып еді, қалта тасып төгіліп кетті. Патша өзінің қазынасын толтырып алды, ал шал қалтадағы ақшаны жеті атан түйеге артып әкетті», — делінеді.

Мұндағы ақшаға толмайтын дорба мотиві, әрине, ертегілік мотив. Бірақ оның негізінде бір уыс топырақтың мән-мағынасын философиялық тұрғыдан түсіндіретін аңыз жатқаны анық. Жалпы, осы типті аңыз шығыс және батыс фольклоры мен әдебиетінен белгілі және, әдеттегідей, ол Ескендір Зұлқарнайын [Александр Македонский] есімімен байланыстырылып айтылады. Е.Костюхин көрсеткендей, ол алғаш жазба түрінде еврейлердің көне кітабы — Талмудта көрініс тапқан, онда былай делінеді: Ескендір бір күні саяхаттап жүріп бір мөлдір бұлақтың бойында ас ішіп отырады да, бұлаққа тұздалған балықты тастай салады. Сонда әлгі балық тіріліп, жүзіп кетеді. Таң қалған ол мұның сырын білмек болып, бұлақты өрлеп жоғары қарай жүргенде жұмақтың қақпасына барып тіреледі. Есікті қаққан оған ішке кіруге рұқсат берілмейді. Өйткені, онда кіруге тек бейкүнә жандардың ғана хақысы бар екен. Амалы таусылған Ескендір естелікке бір нәрсе сұрағанда, оған адамның көзін беріпті.<sup>11</sup> Таразыға салғанда оның салмағы патшаның күллі қазынасынан ауыр болып шығады, ал бір уыс топырақ салғанда, көз салмағынан айрылып, таразы орнына түседі. Таң қалған патшаға қариялардың жауабы: адамның өзі тойса да, көзі тоймайды, өлім ғана пендені ашкөздік, ашқарақтық, қомағайлық, тойымсыздық қасиеттерінен тазартады, арытады. Өлімнің символы мұнда — бір уыс топырақ.

Дастандағы «тоймайтын дорба» сарынының жоғарыда айтылғандармен тікелей байланысы көрінбейді. Бірақ мұнда да әңгіменің өзегіне бір уыс топырақтың [адамзат ұғымындағы] терең, философиялық мән-мағынасы алынған.

Осы келтірілгендер Зарлық пен Мұңлық бейнелерінің, сондай-ақ дастанның көптеген мотив-сарындарының көнелігін айғақтайды. Бірақ егіз ағалы-қарындас туралы сюжет халық жадында ежелден сақталып келгенімен, кейінгі замандарда ғана жыр өзегіне айналған. Сол себептен оның архаикалық не-

<sup>11</sup> Абайдың «Ескендірінде» осылай, ал Низами Ганжевидің «Искандернама-сында» Ескендірге кішкентай тас беріледі.

гіздері, яғни жапан түзді, елсіз өңірлерді мекендейтін, жалғыз жүретін алғашқы қауым адамдары туралы түсініктермен генетикалық байланысы ұмытылған. Сондықтан дастанда Мұңлық пен Зарлықты жалғыз, жетім етіп елсіз тау-тасты мекендету үшін, үйден қудалау үшін «ғажайып балалар» [чудесные дети] атты әлемдік сюжет өзек болған. Олардың фабуласы халықаралық типтен өзгешеленбейді: хан ғажайып бала табатын қызға үйленеді, ол күйеуі жоқта босанады; күндестері аяр кемпірдің (орыстарда — яга, қазақтарда — мыстан кемпір) көмегімен нәрестелерді хайуанның балаларына ауыстырып қояды; қаһарланған хан әйелін қуып жібереді; ақырында бәрі анықталып, қаскүнемдер жазаланады.<sup>12</sup>

Бізде осы сюжетке құрылған бірнеше ертегі бар. Солардың бірі — «Алтын Айдар» атты ертегіде «ғажайып балалар» сюжеті толық сақталып, классикалық түрде дамыған. Ертегіні алғаш Ы.Алтынсарин 1879 жылы, сонан соң В.Васильев 1898 жылы жариялаған, кеңес кезінде ол бірнеше рет баспа бетін көрген. «Хикаят рисала Мұңлық, Зарлық» дастанын осы ертегімен салыстырғанда, анықталғаны мыналар: ертегінің бас кейіпкері еш батырлық мінез көрсетпейді, қандай да бір жаумен соғысып батырлық іс-қимылға бармайды; дастандағыдай, алып Қара дәуді өлтіріп, құтқарған қызға үйленбейді, яғни ерлікпен үйлену ертегіде жоқ; оның орнына Алтын Айдар өздері ықылас білдірген екі пері қызына үйленеді; сондай-ақ ертегіде жырда жоқ бірнеше ертегілік мотивтер кездеседі: кемпірдің жердің жырығын жамауы, су перілері мен жер астындағы перілер туралы әңгімелеу; ал Ғайып ерен қырық шілтен бейнесі мұнда көрінбейді т.б. Демек, Алтын Айдар — қиял-ғажайып ертегінің типтік кейіпкері, ал Зарлық, көзіміз жеткендей, көне эпостың типтік кейіпкері. Демек, «Хикаят рисала Мұңлық, Зарлық» дастанына ертегілік сюжет емес, байырғы түркілердің ежелгі Отанында пайда болып қалыптасқан эпикалық сюжет арқау болған деп болжауға болады. Зерттеушілердің Байкал көлінің солтүстік-шығысында биіктігі 2500 метрден асатын Мұңлық және Зарлық деген екі тау жотасы бар деген мәліметтері де назар аударуға тұрады.<sup>13</sup>

<sup>12</sup> Қасқабасов С.А. Казахская волшебная сказка. — Алматы, 1972. — С. 53.

<sup>13</sup> Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. — Алматы, 1997. — 9-бет; Физико-географическая карта СССР. — Москва., 1969.

Ал кейінірек батыс, оңтүстік батыс жаққа көшкен ру, тайпалар өздерінің аңыз, әңгімелерін жадында сақтап, жаңа қоныстарына әкелген деп болжауға болады. Мұнда олар ертегі түрінде де, жыр үлгісінде де жырланып бізге жетіп отыр.

«Хикаят рисала Мұңлық, Зарлық» дастанын алғаш рет баспаға әзірлеп жариялаған Ж.Шайхысламұлы. Дастан соңында ол былай дейді: «Қайғымен хатқа салдым көп жырларды, Ескі сөзден түзеттім мен бұларды». Ж.Шайхысламұлының ескі сөз дегені ескі жалпытүркілік тілде жырланып хатқа түсірілген нұсқаны меңзеп отырғаны анық, ол қолжазба я жарияланған кітап болуы мүмкін. Біздің біраз жыр, дастандарымыз ХІХ ғасырдың бірінші жартысында-ақ хатқа түсіп, кейде баспа бетін көріп те үлгеріп, ел арасында қолжазба күйінде, кітап күйінде кең тарағаны белгілі. Мысалы, «Алпамыс батыр» жырының ең толық, көркем нұсқасын жырлаған Сұлтанбек Аққожаев оны Майкөт Сандыбаевтан үйренгенін хабарлай келіп, жыр мәтінін қолжазбадан жаттағанын айтады. Ол туралы Т. Сыдықов былай жазады: «Ал Сұлтанбек бұл жырды ХІХ ғасырдың аяқ кезінде Майкөт Сандыбаев ақыннан естіп, қолжазба күйінде ел арасында айтылып жүргенін жаттап алған».<sup>14</sup> Сондай-ақ «Алпамыс батыр» жырының «Қисса-и Алпамыс батыр бұ тұры» атты нұсқасын 1899 ж. жариялаған Ж. Шайхысламов жыр соңында былай жазған: Үшбұны жазғұшы хикаят қылып Жүсіпбек қожа Шайхыслам ұғлы, тарих нижәратының 1316-шы сәне, Руссияның 1899 жылында 8 мартта асығып бір түн, бір күнде бітірдім. Қатесін өткеруге уақыт тар болды...<sup>15</sup> «Бір түн, бір күнде бітірдім» дегенінен жариялаушы жыр мәтінін қолжазбадан я кітаптан көшіргені деп түсінуге толық негіз бар. Тағы бір мысал, 1870 жылы В.В. Радловтың «Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в южной Сибири и Джунгарской степи» атты еңбегінің үшінші томында жарияланған «Бозжігіт» дастанының мәтіні 1842 жылдан бұрын [кітап табылмағанына байланысты нақты жылын анықтау мүмкін емес] баспа бетін көрген кітаптан дайындалғаны анықталды.<sup>16</sup> Мұндай мысалдар аз емес...

<sup>14</sup> Сыдықов Т. Қазақ эпосын тарату мен дамытудағы жыршы — ақындар ролі // Қазақ фольклорының типологиясы. — Алматы, 1981. — 162 б.

<sup>15</sup> Қисса — Алпамыс батыр бұ тұрыр — Қазан, 1899. — 45 б.

<sup>16</sup> Әзібаева Б. Бозжігіт (Ғылыми түсініктеме) // Бабалар сөзі. Жүз томдық. 17-том. Ғашықтық дастандар. Томды құрастырып, алғы сөзін, ғылыми түсініктемелерін жазған Б. Әзібаева. — Астана: Фолиант, 2005, 309-323-б.



Әрине, «Хикаят рисала Мұңлық, Зарлықтың» түпнұсқасы табылмайынша, Ж.Шайхысламұлы жариялаушы ретінде мәтінді қалай өңдеп, редакциялағаны туралы тап кесіп пікір айту қиын. Бірақ Ж.Шайхысламұлы, негізінде, тек көшіруші қызметін атқарғанға ұқсайды. Оған дәлел ретінде нұсқада «Әлқисса...» деп басталатын, жырланатын әр эпизодтың алдында қарасөзбен мазмұндалатын үзінділерді айтуға болады. Олар 36 жерде кездеседі. Ж.Шайхысламұлы оларды өлеңге айналдырмай, түпнұсқа түрінде қалдырған. Ал өлең мен прозаның кезектесіп келетіні, ғалымдардың пікірі бойынша, жырдың байырғы үлгісі екені белгілі.

Ғылыми түсініктеме ретінде жазылған шағын мақалада жырды жан-жақты әрі толық зерттеп сипаттау міндеті қойылған жоқ. Дегенмен зерттеу жұмысының қорытындысы ретінде атап айтатын жайт: жыр сюжеті өте бай, шытырман, оның ерекшелігі — біртұтас көркем бірлік құрайтын алуан-алуан мотив пен эпизодтарды қамтуында, ал олар өз кезегінде сюжеттің көнелігін айғақтайды.

Ал дастанның көркемдігі туралы академик Р.Бердібаевтың пікірін келтіруге болады: «Ал жыр көркемдік кестесі келісті, композициялық бітімі жағынан да ерекше назар аударарлық. Оқиғаның дамуы тыңдаушыны да, оқушыны да тартып отырады. Баяндау мен суреттеудің неше алуан тәсілі қолданылған... Жырда небір тамаша диалогтар, мәнді монологтар, тапқыр теңеулер ұшырайды. Эпосты айтушы, шығарушы жыр дәстүрін, сөз кестесін жақсы меңгере отырып, өзі де кесіле жырлайды»<sup>17</sup>.

«Хикаят рисала Мұңлық, Зарлық» дастаны алғаш 1896 жылы араб әрпінде жарияланып, 1917 жылға дейін он рет кітап болып басылған. Жоғарыда айтылғандай, жырды баспаға әзірлеген Ж. Шайхысламұлы.

Кеңес кезіндегі жарияланымдарда [Батырлар жыры. — Алматы, 1964, 154-224 б.б.] жыр мәтіні біраз өзгеріске ұшырап басылған.

Томға ұсынылып отырған мәтін 1896 жылғы кітаптан еш өзгертусіз дайындалды. Мәтінде біраз ескі түркі сөздері мен грамматикалық формалар кездеседі. Олар: анда (онда), әйла,

<sup>17</sup> Бердібаев Р. Қазақ эпосы. Алматы, 1982. — 78-80-б.

ошал (осы), болұр, салұр, алұр, менім, ерді (еді), бұ-дүр, билән, бірлән, емді (енді), көрдікем. Бұлар түпнұсқалық формасында берілді.

*Б. Әзібаева.*

## ҚИССА ҚҰЛАМЕРГЕН

«Қисса Құламерген» — қазақ халқының архаикалық батырлық эпостарының бірі. Мұнда жырдың бас қаһарманы Құламерген отбасымен [әйелі Кұнайым, үш жасар ұлы Жоямерген, жеті жасар қызы Шәрипа] Ғазар деген мұхиттың бір аралын мекендейді. Олар аралда жалғыз, руластары да, көршілері де жоқ. Құламерген — аңшы. Оның астында Құлагер аты бар. Мергеннің әйелі Кұнайым — асқан сұлу. Бір күні Кұнайым дарияға барып «ғажайып шашын жуып отырғанда, дарияға шашы жидіп кетіп қалды». Ақырында алтын шаш мұхиттың жағасындағы Бұлғар шаһарына жетіп, бір балықшы шалдың ауына оралады. Шал оны падишаға тарту етеді. Падиша алтын шашқа ғашық болып, оның сырын білмекке халқына жар салады. Сонда «Дүниенің жамандықпен түбін тескен» Құртқа атты кемпір сұлу Кұнайымның баянын айтады. Падишаның ғашықтығы одан әрі артып, ол Құртқа кемпірдің кеңесімен, әскердің күшімен сұлуды қолға түсіруді мақсат етеді...

Патшаның үш жүз палуаны ұйықтап жатқан Құламергенді байлайды. Бұл — эпикалық шығарманың сюжеттік байланысы. Осы сәттен бастап отбасына төнген қауіп-қатерді сезген Құламерген іс-әрекетке көшіп, белсенді тұлғаға айналады. Оның парызы мен міндеті — отбасын қорғау, жанұясының тыныштығын, берекесін сақтау. Осы жолда Мерген ерлік танытады.

Оның жаулары — патшаның әскері; Құртқа кемпір; Құртқа кемпірдің шешесі — жеті басты Жалмауыз (оның мекені — жер асты); жеті басты Жалмауыздың баласы — Орақ (ол басқа кейіпке түсе алады); әйелі — Кұнайым; қызы — Шәрипа.

Құламерген — патша әскерін өзі жеңеді, одан кейін Құртқа кемпірді өлтіреді, әйелі мен қызының тағдырын төркіні шешеді, ал жеті басты Жалмауыз бен оның ұлы Орақты жеңетін батырдың ұлы — Жоямерген.

Құламергеннің патша әскерін қиратуына да Жоямергеннің көмегі тиген: ол үш жасар бала болса да, әкесінің сөзін апасы сияқты, жерге тастамай әкесінің алмас қылышын әкеп береді, онымен Құламерген байлаулы арқаннан босанып, жауларын өлтіреді. Ал нағашы жұртында тоғыз жыл тұрып, еліне қайтарда он екі жасқа толған Жоямерген тау сияқты алып Орақпен айқасып, оны жеңеді. Жоямергеннің іс-қимылдары батырлық рухта сипатталады:

Жоямерген ал сонда  
Жауға таман жүреді...  
Мылтық жеткен жер болса,  
Атып кетіп барады.  
Садақ жеткен жер болса,  
Тартып кетіп барады.  
Ділдәш аты жануар  
Кезі келген жауларды  
Тарпып кетіп барады.  
Үш мыңдайын әскерді  
Қырып кетіп барады.  
Өз білгенін Мергенің  
Қылып кетіп барады.  
Үш күн, үш түн қырады,  
Төртінші күн болғанда  
Үш мыңдайын әскерді  
Таммат тамам қылады [510-530 жолдар].

Демек, осы тұста Жоямерген «сахнаға» шығады да, батырлық эпостың қаһарманына тән батырлық көрсетеді. Бірақ жеті басты Жалмауыз кемпірді ол сиқырлы алтын оқтың көмегімен жайратады, ал жыландар патшасы талап еткен алтын қазанды оған Ділдәш тұлпары тауып береді. Демек, бұл тұстарда Жоямерген өз күшіне ғана сенетін архаикалық батырлық эпостың қаһарманы тәрізді белсенділік танытпайды, ол қиял-ғажайып ертектің кейіпкеріне тән мінез көрсетеді.

Жоямергеннің көмекшілері: жалмауыз кемпірді жеңуге ақыл-кеңес берген шешесі Баллу Маржан мен адамша сөйлейтін тұлпары Ділдәш.

Баллу Маржан белгілі дәрежеде сәуегейлік пен сиқыршылық танытады: жолда жылаған нәресте кездескенде оның жау екенін сезіп, Құламергенге «алма» деп кеңес береді. Бұдан кейін Құламерген Жалмауыз кемпірден қашып жүргенде Жоямергенді әкесіне көмекке жібереді және оған жүзік, садағымен алтын оқ береді. Олар жәй зат емес, екеуі де ғажайып, сиқырлы: жүзікті көрсе, жүдеп жүрген әкесі қайраттанады, ал астындағы Кер аты құстай ұшып қаһарланады екен, атқан жалғыз алтын оқтан кемпір өледі де, екі рет атса, керісінше, ол әке мен баланы өлтіреді екен.

Қазақтың батырлық жырларында қаһарманның жан жолдасы — тұлпары екені белгілі. Ол қажет кезде тіл бітіп сөйлей алатын, айшылық алыс жолдарға көзді ашып-жұмғанша жеткізетін және т.б. ерекше қасиеттерге ие. Мысалы, Қобыландыда — Тайбурыл, Алпамыста — Байшұбар, Қамбарда — Қарақасқа, Ер Тарғында — Тарлан және т.б. Көп жағдайда батыр өз жетістіктеріне сенімді тұлпарының ерекше қасиеттерінің, төзімділігі мен иесіне шын берілгендігінің арқасында қол жеткізеді.

Ділдәш ат аталған әйгілі тұлпарлардан кем түспейді. Мысалы, Жоямерген жеті қат жер астындағы [дарияның ортасында] жылан патшалығына еріксіз тап болады, сонда жылан патшасы оны дарияның түбіндегі алтын қазанға жұмсайды. Қазанды таба алмай, қиналып тұрғанда Ділдәш атқа тіл бітіп, иесіне айтқаны:

— Мергенім, маған құлақ сал,  
 Айтқан сөзді ұғып ал,  
 Бұ дарияның астында  
 Алтын қазан рас бар.  
 Ала алмайсың қазанды,  
 Бұл сөзімді естіп қал.  
 Медет берсе Құдайым,  
 Қазанға өзім барайын.  
 Сенің үшін, жан достым,  
 Қорлыққа басым салайын [995-1004 жолдар].

Айтқанындай, тұлпар дарияның түбіне түсіп алтын қазанды алып шығады. Демек, тұлпар батырға берген тапсырманы орындайды, басқаша айтқанда, батырдың қызметін атқарады.

Көне сюжетті эпикалық уақыт пен эпикалық кеңестікте қозғалтып дамытатын жыр персонаждарының да шығу тегі ежелгі анаеркі дәуіріне тіреледі. Мысалы, жырдың бас кейіпкері Құламерген — аңшы, аңшылық оның кәсібі, ол «Құс алып, қаршыға сап, дәурен сүрер... Бүркіт пен күндіз-түні ит жүгіртер». М.О.Әуезовтің пікірінше, Құламерген сияқты фольклорлық образдар — «...әрірек заманда туған, тарихтан бұрынғы дәуірлер тумалары. Алыс заман айғақтары». Дәлірек айтар болсақ, аңшы, мерген образы «сонау мәдени қаһармандардан бастау алатыны даусыз»<sup>18</sup>.

Әкесі мен баласының соғысатын жаулары — жер астын мекендейтін жеті басты Жалмауыз, оның балалары — кемпір Құртқа мен Орақ батыр.

Алдыңғы түсініктемеде мыстан кемпір бейнесі туралы қысқаша айтылды. Талданып отырған жырдың ерекшелігі, мұнда Жалмауыз жалғыз емес: бірінші боп кейіпкерге дұшпандық ететін Жалмауыздың қызы — Құртқа кемпір, одан кейін сахнаға Жалмауыздың баласы — Орақ шығады. Ол әуелі батырларға жолда жылаған нәресте кейпінде кездеседі, ал Құламерген оны көтеріп алған соң бір сәтте батырдың қаруымен бірге жоқ болады; екінші рет көп әскермен келіп Жоямергенмен соғысады, жеңіледі. Қызы мен ұлы екі батырдың қолынан қаза тапқан соң, жер астын мекендейтін жеті басты Жалмауыз өзі жолға шығып, Құламерген мен Жоямергенді құртуға бекінеді, бірақ дегеніне жете алмайды.

Жырда кездесетін тағы бір көне персонаж — жыландар, олардың патшасы — Жыланбек. Жыланбек бастаған жыландар адам кейпіне айналады. Олар Жоямергенге қастандық жасамайды, керісінше, Жыланбек Жоямергеннің қайратына тәнті боп, басқа батырлар орындай алмаған тапсырманы [алтын қазанды әкелу] орындайтынына сенім білдіреді және алтын қазанды әкелсе, жалғыз қызы Күнсұлуды беретінін айтады. Жыланбек уәдесінде тұрады. Демек, ақырында Жоямерген жылан патшасының қызы Күнсұлуға үйленеді. Мұндай сарын, сюжеттер С.Қасқабасов кезінде дәлелдегендей, байырғы замандардағы төтемдік көзқарастармен, дәлірек айтқанда жылан күлтімен, байланысты, соның негізінде туған ұғым.<sup>19</sup>

<sup>18</sup> Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. — Алматы, 1993, — 235-б.

<sup>19</sup> Каскабасов С. Казахская волшебная сказка. — Алматы, 1972. — С.153-159.

Құламергеннің дұшпандарының қатарында әйелі Кұнайым мен қызы Шәрипа да бар. Р.Бердібаев «Құламергеннің әйелі сұлу Кұнайымның опасыздық жасап, бірден дұшпанға айналуы, мергеннің жеті жасар қызы Шәрипаның әкесіне қатігездік көрсетуі үстірт қарағанда дәлелсіз, түсініксіз нәрсе болып табылады...» дей келіп, оның түпкі себебін көрсетеді: «Мыстан кемпірдің «өмірің айдалада, аралда қызықсыз өтіп бара жатыр» дегеніне Кұнайымның тез елігіп, мінезінің күрт өзгеруі, күйеуінің хас дұшпаны болып шығуы матриархат дүниесін аңсаудың, «еркін заманды» қолдан бермеудің бір алуан көрінісі емес пе екен? Қалай болған күнде де Құламерген мен Кұнайым арасындағы алалық, кереғарлықтың түбірі әйел опасыздығы деген түсініктен әріде, тереңде жатқаны зайыр».<sup>20</sup>

«Қисса Құламерген» жырының негізгі тақырыбы — классикалық қаһармандық ерлік эпостардағыдай, жерін, елін сырттан келген жаудан қорғап, бүкіл елге қызмет еткен батырлардың ерліктерін дәріштеп, баяндау емес. Байқап отырғанымыздай, Құламерген мен оның баласы Жоямергеннің негізгі қызметі — жеке жанұяны қорғау, оның тыныштығын сақтау, сондай-ақ өз басына қауіп-қатер туғызған түрлі ғажайып қас күштермен соғысу.

Ал отбасын я жеке басын қорғау, сондай-ақ қалыңдығы үшін күресу, яғни жеке бас мүддесін мақсат ету, осы жолда батырлық таныту — көне эпос сюжеттерінің ең кең таралғаны және осы сюжетті арқау еткен жырлардың негізгі мазмұны екені белгілі.<sup>21</sup>

Сонымен, «Қисса Құламерген» жыры басынан аяғына дейін мифтік, ертегілік мотив — сарындарға толы [олардың ролі мен орны біркелкі емес], баяндалып отырған оқиғаларының біразы дарияның ортасында жеті қат жер астындағы жылан елін-

<sup>20</sup> Бердібаев Р. Қазақ эпосы. — Алматы, 1982. — 69-б.

<sup>21</sup> Пропп В.Я. Русский героический эпос. Издание второе, исправленное. — М., 1958; Мелетинский Е.М. Происхождение героического эпоса. Ранние формы и архаические памятники. — М., 1963, его же: «Эдда и ранние формы эпоса». — М., 1968; Жирмунский В.М. Сказание об Алпамыше и богатырская сказка. — М., 1960; Путилов Б.Н. Героический эпос и действительность. — Л., 1988; Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. — Алматы, 1987; Бердібаев Р. Қазақ эпосы. — Алматы, 1982; Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. — Алматы, 1993 т.б.

де өтетін [бұл байырғы адамдардың дүние төменгі, ортаңғы және жоғарғы әлемге бөлінеді деген ұғымдарымен байланысты], шежірелік тұтастанудың белгілері анық [жырда бір емес, екі батыр әрекет етеді, бірі — Құламерген, екіншісі — оның ұлы Жоямерген], оқиғасы шытырман, мазмұны қызық архаикалық батырлық эпостың типтік үлгілерінің бірі.

\* \* \*

Бізде осы сюжетті арқау етіп әңгімеленетін бірнеше ертегі бар, мысалы, «Құламерген», «Аламан мен Жоламан». Кейіпкерлердің аттары басқа болғанымен, екеуі де «Қисса Құламерген» жырының ертегілік нұсқасы екені анықталды. Бірақ ертегілерде Жоямергеннің жыландар патшалығына барғаны, алтын қазан оқиғасы, батырдың жыландар патшасының қызы Күнсұлуға үйленуі т.б. әңгімеленбейді, сондай-ақ ертегілерде дұшпандардан тек Жалмауыз кемпір ғана бар. Ертегі мәтіні Құламергеннің Жалмауыз кемпірді өлтіріп, еліне оралуымен аяқталады.

Р.Бердібаев «Қисса Құламергенді» қарақалпақ халқының «Құламерген» жырымен салыстырып, екеуінің мазмұны, кейіпкерлерінің құрамы бірдей, «бір бастаудан таралғаны айқын көрінеді» дей келіп, арасындағы айырмашылығын көрсетеді:

«Бұл эпикалық аңыздаулардың арасындағы негізгі ерекшелік — қазақ жырында Құламерген ұлы Жоямергенге байланысты тың сюжеттік байланыстар қосылуы, жер асты патшалығындағы оқиғалар айтылуы, Ділдаш аттың иесіне ғажайып қызмет етуі. Қазақша нұсқаның ең негізгі, сапалық дерлік бөлектігі — Жоямергеннің дұшпан әскерлерімен соғысып, зұлымдық иелерін жойып жіберіп, қаһарман ерлігінің жүйелі, күрделі сипатқа ие болуы».<sup>22</sup>

Қазақ ертегісі мен қарақалпақ эпосының сюжеттері сәйкес келетінін аңғару қиын емес. Сонда қазақтың «Қисса Құламергеніне» Жоямергенге байланысты оқиғалар қашан, қай жағдайда қосылып жырланды деген сұрақ туады. Бұл, әрине, арнайы зерттеуді талап етеді.

---

<sup>22</sup> Бердібаев Р. Қазақ эпосы. — Алматы, 1982. — 72-б.

Жыр алғаш рет араб әрпінде Қазан қаласында 1909 ж. баспа бетін көрді, 1912 ж. қайта басылып шықты. Мәтінді жариялаған Әбдірахман Ізбасұлы Бектасов.

Сөз соңында Ә. Бектасов «Бес сөтке тебіrentтім жазып қалам», «Мен жаздым өлең қылып қара сөзді» дейді. Жыр мәтінінде *үшбу, дегеш, аннан соң, һеш, артық-дүр* сияқты ескі түркі сөздері ұшырайды. Осыдан Ә. Бектасов жыр мәтінін бұрынырақ баспа бетін көрген кітаптан я ескі қолжазбадан көшірді ме деген ой туады, бұл мәселе де келешекте зерттелетіні күмәнсіз.

Бұл жырдың еліміздің әр түкпірінен жиналған бірнеше нұсқалары белгілі, атап айтқанда 1) «Құламерген қиссасы», жинаушысы — Семей облысының тұрғыны Ілияс Молдажанов, көлемі 1000 жол; 2) «Құламерген», жазып алып тапсырған жазушы Ғабиден Мұстафин, көлемі 780 жол; 3) «Құламерген», жинаушысы — Семей облысынан шыққан экспедиция мүшесі Сәкен Дайырбеков, көлемі 1152 жол; 4) «Құламерген», жинаушысы Ақтөбе облысынан Базарбай Сүлейменов, көлемі 900 жыл. Салыстыру барысында бұл нұсқалардың бәрі де 1909 жылғы Қазан баспасынан тарағаны анықталды.

1909, 1912 жылдардағы араб әрпіндегі басылымдарынан кейін жыр XX ғ. кирилл әрпінде бірнеше рет баспа бетін көрді, мысалы, 1964 жылы Алматыда «Батырлар жырының» үшінші томында жарияланды [318-356-б.б.], Монғолияда «Халықтық мұра» айдарымен шыққан «Монғолия қазақтарының ауыз әдебиеті» жинағының бірінші томында басылып шықты [Өлгий, 1991, 179-210-б.б.].

Ұсынылып отырған томға жыр мәтіні 1912 ж. араб әрпінде жарияланған кітаптан еш өзгертусіз әзірленді.

*Б. Әзібаева.*

## ҚИССА ДОТАН ҚҰБАҚАНБАЙҰҒЛЫ

Бұл шығарманы халқымыздың ғана емес, адамзат дамуы тарихының ежелгі дәуірлерінен хабар беретін көне жырлардың бірі десек қателеспейміз. Жырдың қысқаша мотивтерін баяндап кетер болсақ: Құбақанбайдың қырық ұл, қырық қызының ел іздеп шығуы; жолда бір тоғайға түскенде жалмауызға кездесуі; жалмауыздың бұйрығымен Дотанның қыз іздеп жеті



жылдық жолға шығуы; жолда өзіне бірнеше серік табуы; қыз аулына барғанда Күнікейді қалмақ ханына беру туралы келісім болғанын естуі; Дотанды қыз ағасының қабылдауы; Дотанның қалмақтарды жеңуі; қыз әкесінің уәдеден тайып, қызын ұзатқысы келмеуі; Дотан серіктерінің көмегімен қызды алып қашуы; жалмауызды өлтіруі; еліне келіп ағаларын үйлендіру үшін тағы да ел-жұрт іздеп шығуы; өз алдына жеке өмір сүріп жатқан қырық мың үйді шаппақ болған қалмақтарды жеңіп, сол елге Дотанның хан болуы; қарамағындағы халықты өз еліне көшіріп әкелуі.

Айдалада томаға тұйық өмір сүріп жатқан Құбақанбайдың ұл-қыздары өзге әлемнен бейхабар. Оларға басқа дүние тылсым, құпия болып көрінуі алғашқы қауымдық құрылыстағы адам санасының балаң, өз мекенінен ұзап шықпаған кезін елестеді. Сапарға шыққан жастарға бақташы шалдың кеңес беруі жыр сюжетінде онша маңызды болып көрінбегенімен, мұндай дана қарттардың жастарға ақылын айтып, жөн сілтеуі көптеген халықтардың эпостарында кездеседі. Ол қария Дотанның өзгелерден ерекшелігін байқап, оған Қаракөк тайды мінуге кеңес береді. Эпикалық жырларымыздың барлығында дерлік ат таңдау рәсімі кездеседі әрі әр шығармада батыр тұлпарға әр қилы жолмен қол жеткізеді. Бұл түркі-монғол халықтары эпостарының бәрінде дерлік кең таралған құбылыс.

Сондай-ақ қария жастарға:

«Оңтүстікте бір тоғай бар, — деп айтты,  
Миуалы қалың тоғай тал, — деп айтты.  
Тілімді алсаң менің, шырақтарым,  
Бәрің де қару-жарақ ал, — деп айтты»,  
«Елсіз, иесіз тоғайда жау бар шығар,  
Жүргейсіз тұлпар мініп бәрің, балам», — дейді.

Ежелгі адамдардың қалың орман, елсіз жерде зұлым күштер бар деп есептейтін түсінігі осы арада көрініс береді. Айтқандай-ақ, жастар бір тоғайға жетіп ұйықтап қалғанда жалмауыз келіп бәрін де жұтып қояды. Тек Қаракөк тайы дер кезінде оятып, Дотан ғана аман қалады. Ол жалмауыз кемпірге күші жетпейтінін біліп, оның қойған шартына келіседі. Жалмауыз кемпір Күнікейді әкеліп беруді талап етеді. Біздің классикалық эпостарымыз бен ғашықтық дастандарымызда қаһарман сұлу қызды іздеп өз еркімен алыс сапарға аттанатын болса, біз сөз

етіп отырған шығармада ол мотив өзгеріске ұшыраған, яғни, байқап отырғанымыздай, Дотан бұл әрекетке еркінен тыс, жалмауыздан қорыққанынан барып отыр.

Жолда балаға саққұлақ, мерген, желаяқ, көзбайлаушы сияқты тілеулес достар жолығады. Мұндай көмекшілер біздің басқа да фольклорлық шығармаларымызда кездеседі. Бұл туралы Р.Бердібаев: «Халық қиялы өзінің сүйікті қаһарманын ешбір жаудан жеңілмейтін ету үшін, осындай ғажайып көмекшілерді кездестіреді... Оқиғалар мен кейіпкерлердің «ауыс-түйісі» неғұрлым көбірек болуы көне эпосқа сыйымды, жарасымды. Өйткені онда қаһарман мінезі даралана бермейді, ал белгілі бір әлеуметтік топтың аты-жөнін өзгертіп, жаңа ситуацияларға сала берудің қиындығы жоқ»<sup>23</sup> дейді.

Дотан Күнікейдің еліне барғанда қалмақ ханының қызды зорлықпен алғалы жатқанын естиді. Жауды жеңіп, достарының көмегімен Күнікейді алып қайтады. Жолда жалмауыз кемпірді де өлтіреді. Жырда Дотанның жауы бірде мифтік тұлға жалмауыз кемпір, енді бірде эпикалық дұшпан қалмақ болуы шығарманың әр дәуірдің белгілерін қатар сақтағанын, көпқабаттылығын айғақтайды. Жыр соңында ағаларына қалыңдық іздеп оқшау өмір сүріп жатқан бір елге келгенде, тұтқиылдан қалмақтар шабуыл жасайды. Дотанның жауды жеңіп сол елге хан болуын әділетті, ержүрек патша туралы халық қиялының, арман-тілегінің жемісі деп түсінген абзал.

Бізде бұл жырдың ертегілік нұсқасы да бар [«Тотан батыр». ӨӨИ, 325-бума]. Бірақ ол нұсқада қаһарманның есімі — Тотан, ол Құбаханның жалғыз ұлы. Құбаханға түсінде Тотанның қайын жұртына баратыны мезгілі жеткені, оның жарының есімі Күнікей, әкесі Шынтемір, жолы жеті айшылық екені туралы аян беріледі. Той жасап баласын шығарып салады. Тотанға Жалмауыз кемпір кездесіп, жемек болады. Тотан Күнікейді кемпірге әкеліп беруге уәде етіп, босанып шығады. Жолда ғажайып күштерге ие серіктеріне кездеседі. Қыз еліне барғанда Шынтемірдің шарты бойынша Еділ бойындағы Сахын деген қалмақтың ханын оған бағындырып береді. Серіктерінің көмегімен қызды алып, қайтар жолда Жалмауызды өлтіреді. Еліне келеді, Құбахан үлкен той жасап, хандығын береді.

<sup>23</sup> Бердібаев Р. Қазақ эпосы. — Алматы: Ғылым, 1982. — 76-б.

Байқап отырғанымыздай, мұнда Дотанның бауырлары туралы, қаһарманның иесіз жатқан қырық мың үйге хан болатыны жайлы ештеңе айтылмайды. Қалмақ ханы Шынтемір ханның еліне шабуыл жасамайды, керісінше, қыз әкесінің шарты бойынша Дотан өзі оларға шабуыл жасап, бағындырады.

«Қисса Дотан Құбақанбайұғлы» 1961 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындаған «Батырлар жырының» екінші томында [145-213-беттер] жарияланған.

Жыр алғаш рет 1903 ж. Қазанда, «Маарифъ» баспасынан араб әрпінде жарық көріп, 1915 ж. қайта басылып шықты. Мәтінді жариялаған Жүсіпбек Шайхысламов. Бұл жырдың бірнеше нұсқалары бар: 1) «Дотан батыр». Қолжазбаны 1940 жылы тапсырған Мәлім Жүсіпов, көлемі 1150 жол; 2) «Дотан батыр». Қолжазбаны 1941 жылы тапсырған Аманғали Сегізбаев, көлемі 1950 жол; 3) «Дотан батыр». Қолжазбаны 1948 жылы тапсырған Қысыраубек Амантаев. Салыстыру барысында барлық нұсқа 1903 жылғы кітаптан таралғаны анықталды.

Ұсынылып отырған томға жыр мәтіні 1915 ж. жарияланған кітаптан [ОҒК: Ш. 8477] еш өзгертусіз әзірленді.

*А. Ақан.*

## ҚҰБЫҒҰЛ

Жырдың негізгі мотив пен эпизодтары төменгідей: болашақ батырдың әкесі, жетпіске келген Уәли ханның баласыздығы; сол себептен ол қубас хан атанып сәні кетіп, құлдан қорлық, әркімнен зорлық көруі; қолына таяқ алып, елін тастап жапан түзге шығып жер жүзін кезуі; түсінде Баба түкті шашты Өзіздің оған Құбығұл атты баласы болатыны туралы аян беруі; ұл тууы; ханның үлкен той беруі; Құбығұлдың жылдам өсуі; бала жеті жасқа толғанда түсіне керемет сұлу қыз еніп, бұған ғашық екенін айтып, іздеп келуін өтінуі; қыздың мекенін сұрап халыққа жар салуы; қаһарманның сапарға дайындалуы, тұлпар таңдауы; қару-жарақ таңдауы; әкесінің бата беруі; тұлпардың шабысының дәстүрлі түрде нақты суреттелуі; айдаһармен айқаста батырдың жеңуі; жолында тағы да бір кедергі — өзеннің кездесуі; ақ шалма киген ақсақал кейпінде

пiрдiң көрiнуi, оның кеңесi; қаһарман мүсәпiр қойшы кейпiнде болашақ қайынатасына қызметке жалдануы; қара нәсiлдi күң жеңгетайлық қылуы; қаһарманның Ақбiлекпен (түсiнде көрген сұлу қыз) кездесуi; қызды алып қашуы; қыздың атасы мен ағаларының бұлардың соңынан қууы; олармен жекпе-жек — қаһарманның жеңiсi; көл жағасында тоқтауы, онда айдаһар Ақбiлектi жұтып қоюы, Құбығұлдың қалыңдығын құтқаруы, елiне аман-есен оралуы; үлкен той.

Жырдың бас кейiпкерi Құбығұл: 1) ата-анасының тiлеп алған баласы, ол жетi жаста ер жетiп, қыз iздеп алыс сапарға аттанады; үш рет ерлiк көрсетедi — айдаһармен екi рет айқасады, қалыңдығының әкесiмен және бауырларымен соғысады; Құбығұл — нағыз батыр, оны тiптi жетi басты айдаһар да қорқыта алмайды: «Айдаһар бастап көп жылан, Ерге қарап қаптады, Батыр мұнан саспады. Алмасты қолға алады, Батырды жылан қамады. Қылышпенен қиратып, Жолын ашып барады». Ақбiлектi алып қашқан Құбығұлдың соңынан қалың әскер қуады. Ол әскердiң саны дәстүрлi формуламен берiледi («Жердiң жүзi жыбырлап, Шықты жау да шұбалып»). Бiрақ бұл да батырдың жiгерiн жасытпай, қайта оны өршелендiре түседi («Жау жақындап келгенде, Құбығұл бала ақырды, Жекпе-жек деп шақырды»). 2) Құбығұлдың жарағы да батырларға тән — бес қаруы сай («Қаруын сайлап мол бердi, Берiк сауыт кигiздi, Садағын сала байлатып, Ер қаруы бес қару, Бесеуiн тамам iлгiздi»); 3) оның тұлпары да өзiне сай — ақылды, төзiмдi, иесiне шын берiлген, ол қатердi алдын ала ескертедi, қиын жағдайда адамша сөйлеп батырға қуат бередi:

«Тарықпа, батыр, сен, — дейдi,  
Астыңдағы тұлпар мен, — дейдi,  
Шын тарығар болар ма  
Қыз iздеген ер, — дейдi»; оның шабысы былайша

суреттеледi:

Сауырдан терi шыққанда  
Жұлдыздайын ағады.  
Танауынан дем шығып,  
Қолтығынан жел шығып,  
Зулап кетiп барады.

Шабысы аттың мол болды,  
Басып кеткен iздерi  
Қазылып жатқан ор болды,  
Жүрген жерi жол болды.

Осылайша, жырда Құбығұл бейнесі классикалық батырлық эпостың қаһарманы іспеттес сомдалған. Бірақ оның ерліктерінің бағыты мен мазмұны батырлық эпос қаһарманының ерлік іс-әрекеттерінен бөлек. Дәстүрлі эпос қаһарманы батырлығының негізгі, түпкі мақсаты — елін, жерін сыртқы дұшпаннан қорғап, руына, еліне, күллі халқына қызмет ету болып табылатыны белгілі. Ал Құбығұл өзінің барлық мүмкіндігін, бүкіл батырлық әрекетін тек бір мақсатқа ғана жұмсайды, ол мақсаты — Ақбілектей аруға үйлену. Әрине, батырлық эпоста да бас кейіпкердің қаһармандық жолмен үйленуі эпос мазмұнының айтарлықтай бөлігін құрайды. Сонымен бірге мұнда батырдың үйленуі түпкі мақсат емес, ол батыр үшін бірінші сынақ, Отанын қорғауға дайындығын тексеру, батыр тұлғасында қалыптасқанын байқау секілді т.б. Ал отбасы, қалыңдығы үшін күресу, яғни жеке бас мүддесін мақсат ету, осы жолда батырлық таныту — көне эпос сюжеттерінің ең кең таралғаны және осы сюжетті арқау еткен жырлардың негізгі мазмұны екені белгілі.<sup>24</sup>

Сонымен «Құбығұл» жырының негізгі желісі батырдың қаһармандық үйлену сюжетіне құрылған. «Бұл сюжеттің іштей өрілу жолдары әр жырларда түрліше болып келе беруі мүмкін. Мәселен, батыр қыздың жақын туыстарымен, немесе түрлі жауыз күштермен, я болмаса қыздың өзімен жекпе-жекке шығады».<sup>25</sup> Құбығұл қалыңдығының әкесі, ағаларымен және екі мәрте жеті басты айдаһармен соғысады. Айдаһармен айқас — әлемдік фольклордағы ең көп тараған<sup>26</sup> әрі көне мотивтердің бірі. Кейбір ғалымдар айтқандай, су мен оттың белгісі — айдаһар байырғы мифтік түсінік, ұғымдармен байланысты пайда болған, батырға ежелден қас дүлей күштердің символы іспеттес. Айдаһарды жеңген Құбығұл — архаикалық эпостың типтік қаһарманы.

<sup>24</sup> Пропп В.Я. Русский героический эпос. Издание второе, исправленное. — М., 1958; Мелегинский Е.М. Происхождение героического эпоса. Ранние формы и архаические памятники. — М., 1963, его же: «Эдда и ранние формы эпоса». — М., 1968; Жирмунский В.М. Сказание об Алпамыше и богатырская сказка. — М., 1960; Путилов Б.Н. Героический эпос и действительность. — Л., 1988; Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. — Алматы, 1987; Бердібаев Р. Қазақ эпосы. — Алматы, 1982; Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. — Алматы, 1993, т.б.

<sup>25</sup> Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. — Алматы, 1993. — 71 б.

<sup>26</sup> Пропп В.Я. Русский героический эпос. — С. 181.

Жырдың шыққан мезгілін шамалайтын болсақ, жырда Құбығұлдың елі — Орта Ноғай елі, жері — Көк Еділдің бойы деп суреттелетіні назар аударарлық. Болашақ қаһарманның әкесі Уәли хан баласыздық қайғысына шыдамай елін тастап жер жүзін кезеді. Еліне қайтар жолында ол «Ұлы өзен Жеміне» келеді. Онда «Ұлы Жемді жағалап, Жердің жүзін аралап, Шетірлінің бойына Патша келді шамалап. Жүдеп келген Уәли Үш күн жатты паналап». Осы жерде пірінен аян алған соң Уәли хан Жемнен «Көк Еділдің бойына Екі күнде келеді».

Осы мәселеге байланысты эпостанушы Ш.Ыбыраевтың пікірін келтірген жөн. Ноғайлы дәуірінің концепциясын қарастырған ғалым мифтік және ертегілік белгілердің тарихи ноғайлы дәуірінің жырларында аралас жүруінің екі себепін көрсетеді: «Біріншіден, бұрыннан келе жатқан эпостық жырлардың бір тобы ноғайлы заманында өңделіп, тұрмыс тіршілікке, тарихи жағдайға икемделіп жырланады. Толып жатқан өзгерістердің ең басында оқиғаны ноғайлы заманында болды деп көрсету орын алды. Тегінде мұның қатарына «Ер Көкше», «Ер Қосай», «Құбығұл» сияқты жырлар жатса керек.

Екіншіден, жалпы ежелден үзілмей келе жатқан эпикалық дәстүрге әлі толық жойыла қоймаған мифтік санаға лайық байырғы замандардың түсініктері ноғайлы дәуірінің өз аясында пайда болған жаңа эпостарға мүмкін жердің бөрінде сыналап енгізілді. Мұның белгілері антропоморфтық [аттың, құстың, арыстанның сөйлеуі], мифтік [дию, пері, жалмауыз кемпір, жеті басты айдаһар т.б.], тотемдік [адам мен аққу кейпіндегі қыздың некелесуі], шаманистік [жылан, жолбарыс, самұрық құс бейнесіндегі аруақ], зооморфтық [аяғы ешкінің аяғындай қыз] түсініктерден айқын аңғарылады»<sup>27</sup>.

«Құбығұл» дастаны бізге белгілі эпик-ақын, жыршы Н. Байғанин айтуынан жетіп отыр. Н. Байғанин ел аузында жүрген мәтінді әрі қарай өңдеп, түрлендіріп, алдына қойған мақсаттарына, өзінің таңдауына орай өзгерістер енгізіп, өзінше жырлауы әбден мүмкін. Қалай болғанда да, бұл дастанның көне сюжеттің кейінгі замандағы интерпретациясы екенінде дау жоқ. Жырда «Көне сарын жаңғыртыла, өз кезіндегі қажеттілікке сәйкестендіріле, өзгертіле суреттелгені сезіледі.

<sup>27</sup> Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. — Алматы, 1993. — 164-б.

Талдау, өрнектеу өнері жағынан жырда классикалық, романдық эпостардың да нақышы танылады. Көптеген қайталама суреттер (ат шабыс, соғыс, қаһармандар бейнесі т.б.) жалпы эпикалық фондымен аралас жатуы да мұның құрамды, синкреттік бітімін белгілейді».<sup>28</sup>

Сонымен, халық жадында ғасырлар бойы сақталып келген бұл көне сюжет кейінгі дәуірлерде ғана жыр өзегіне айналып, басқа жанрлардың әсерінде, ықпалында болып біраз трансформацияланған. Мысалы, жырдың сюжеттік байланысы [завязка] ретінде Құбығұлдың ұйықтап жатып көрген ғажайып түсі алынған. Түсінде көрінген ару Құбығұлға ғашықтығын айтып, «іздеп кел, досым» дейді. Жігіт те қызға ғашық болады, қызды іздеп алыс сапарға шығады. Демек, кейіпкер көрген киелі түс оның ұзақ, қатерлі сапарға шығуына бірден-бір себеп болады.

Ғалымдардың [Е.Ә. Бертельс, Ю. Борщевский, В.М. Жирмунский т.б.] айтуы бойынша, сырттай ғашық болу мотиві, әсіресе ғажайып түс мотиві парсы дастандарына тән. Біздің байқауымызша, ол қазақ фольклорында да жиі кездеседі.

Мысалы, 1842 жылы ескі кітаптан көшіріліп, 1870 жылы В.В. Радловтың<sup>29</sup> жинағында, одан кейін он шақты рет жарық көрген «Бозжігіт» дастанының да кейіпкері «Бір түнде ұйықтап түс көреді, Алдында сұлу жақсы қыз көреді» де оған ғашық болады, Жаскелең де Қоңырша сұлуды түсінде көреді [«Жаскелең» дастаны] т.б. Атап айтатын жайт: көптеген шығармаларда баяндалатын ғажайып түс сырттай ғашық болу мотивінің кең тараған, әдемі түрлерінің бірі деуге болады. Сырттай ғашық болу мотиві түрлі формада кезігеді: жігіт қызға оның портретін көріп, түсінде көріп, біреудің ауызша айтып берген бейне-портретіне т.б. ғашық болады. Мысалы, «Бозаман» дастанының кейіпкері Бозаман өз елінен қиялындағы жарын таба алмай, қалмақ қызы Ақбілектің айдай сұлу екенін табыншылардан естіп, соған ғашық болып, кідірмей іздеуге шығады; «Данданда» кейіпкер сұлудың портретіне ғашық болады, «Баһрам» дастанында қыз кейіпкерге құралай бейнесінде көрінеді т.б.

<sup>28</sup> Бердібаев Р. Қазақ эпосы. — Алматы, 1982. — 88-б.

<sup>29</sup> Радлов В.В. Возжигит // Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. Часть III. Киргизские наречия. — СПб., 1870. — С. 336-442.

Ал осы дастандардан көп бұрын жырланған «Қыз Жібек» эпосында Төлеген Жібекті көрмей, оның ауызша сипатталған портретіне ғашық болатыны белгілі. Бұл сарын ертегілерімізде де кездеседі. Демек, ғажайып түс мотиві, жалпы сырттай ғашық болу мотиві қазақ фольклорына тән екенін аңғару қиын емес.

Жалпы алғанда, «сырттай ғашық» болу мотиві, әсіресе соның бірі түрі — «ғажайып түс» мотиві көп халықтарда типологиялық тұрғыдан ұқсас. Ол түп-төркіні жағынан ертегілік болып табылғанмен, аталған жырларда ғашықтық мәнде жұмсалады, жаңаша эстетикалық мәнге иеленеді.

Сондай-ақ мұнда түсінде көріп ғашық болған екі жастың жарқын сезімдерін, махаббатқа беріктігін, бір-біріне деген адалдығын баяндайтын тұстар ғашықтық жырлардың үлгісінде берілген.

Мысалы, Құбығұл өзінің өмірінің мәні болған Ақбілекке деген сезімін былайша ұғынады:

Астыма мінген Құлаша  
Ақбілек үшін мінгенмін,  
Шығыршықты сауытты  
Ақбілек үшін кигенмін.  
Балдағы алтын ақ алмас  
Ақбілек үшін ілгенмін.  
Түсімде көріп Білекті,  
Отына ғашық күйгенмін.  
Сапардың несін сұрайсың,  
Осы қыз үшін жүргенмін.

Ғашықтықты өткердім,  
Машақатты көп көрдім,  
Арада талай күн өтіп,  
Мінген атым жүдетіп,  
Ғашығыма жеткенмін.  
Жападан жалғыз, жолдассыз,  
Ақбілек үшін жеткенмін.  
Ата менен анамды,  
Қайырлы орда, қаламды  
Бұл үшін тастап кеткенмін.

Ал ғашығымен кездескен сәтте өзінің жан-дүниесіндегі буырқанған сезімін сипаттайтын Ақбілектің монологы осы сияқты өзге де ғашықтық дастан кейіпкерлерінің монологына өте жақын:

Өңім бе, менің түсім бе-ай,  
Түсімде көріп ғашық боп,  
Көріп едім қысымды-ай...  
Ғашық дертпен қан жұттым,  
Ғашықтың отын көріңіз.  
Қауышатын күн шығар,

Қосылу бүгін шын шығар.  
Кел де көріс, жан досым,  
Аузымнан жауып от, жалын,  
Лебімнен түтін, бу шығар.  
Көріскенше, жан досым,  
Неғып біздің жан шыдар?!



\* \* \*

Томға ұсынылып отырған мәтін белгілі халық ақыны Н. Байғанин айтуынан 1941 жылы хатқа түсірілген жазбадан алынды. Жырдың түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазба қорында сақтаулы: Ш.705, 3-дәп. Қолжазба соңында жинаушы Ахмет Ескендіровтың мына сөздері бар:

«Жазылып алынды 22-июнь, 1941 жыл. Ақтөбе қ. Байғанин Нұрпейіс. Латын әрпінде.

Нұрпейістің бұл жыры өзінің айтуы бойынша сол қалпында, ешқандай өзгеріссіз жазылды. Бұл өзінің жас кезінен айтып жүретін жыры екен. Машинаға басуға мүмкіндік болмай, қолжазба қалпында жіберіп отырмын.

Ахмет Ескендіров. 22/VI. 1941 жыл».

Аталған дастан алғаш 1964 жылы шыққан «Батырлар жырының» 3-томында [360-471 б.б.] жарияланған.

Эпос мәтіні түпнұсқадан еш өзгертусіз дайындалды.

*Б. Өзібаева.*

## МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

*Алла* (Allah)— ислам дінінде бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес»\*.

Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін — жұмаққа, енді біреулерін — тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед [с.а.с.]\*\* — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен жиырма үш жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал табынудың басты орны — Меккедегі Қағба, онда аспаннан Алла жіберді деп есептелетін қасиетті қара тас бар.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын т.б.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары),

---

\* Құран Кәрім. 112-«Ыхлас» сүресі.

\*\* С.а.с. — салла Аллаһу алейһи уассалам: Алланың жарылқауы мен қолдауы пайғамбарымыз Мұхаммедке — деген тілек сөздің қысқартылған түрі. Хазірет Мұхаммедтің атына жалғаса айтылады, жазылады.

Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шариф (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді) т.б.

Алланың атын зікір ету рәсімі Аллаһу акбар деген мадақ сөзді отыз төрт рет, Әлхамдулилаһи, Сұбхан Алла сөздерін отыз үш реттен айтып, тәсбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады.

*Адам ата* — діни аңыздар бойынша, Алла Тағаланың топырақтан жаратқан алғашқы адамы. Балшық мүсін ұзақ жылдар жансыз тұрады. Ақырында Алла Тағала Адамға жан кіргізеді. Адамның бір қабырғасынан **Хауаны** жасайды. Алғашында екеуі періштелер қатарында болып, олардың арасында беделді, құрметті орынды иемденеді. Періштелер Алланың жарлығы бойынша, Адам мен Хауаға бас иіп, ғибадат етеді. Бірақ Ібіліс атты періште бұл жарлықты орындаудан бас тартады. Сол үшін Алла Тағала Ібілісті жұмақтан қуып жібереді.

Осыған өкпелеген Ібіліс Адам ата мен Хауа анадан өш алудың жолын іздейді. Ақырында олар Ібіліс шайтанның сөзіне иланып, алдауға түсіп тыйым салынған жемісті жейді. Осы күнәлары үшін Адам мен Хауа бейіштен аласталып, көктен жерге түсіріледі. Олардан бүкіл адамзат тарайды.

*Әбубәкір* — Мұхаммед (с.а.с.) қайтыс болғаннан кейін тағайындалған алғашқы халифа. Ол құрайыш руынан шыққан, Меккедегі ықпалды саудагерлердің бірі еді. Мұхаммед (с.а.с.) исламға кіруге шақырғанда руластары мен үлкендердің арасынан бірінші болып жаңа дінді қабылдаған.

*Әбубәкір* — Расул Алланың «төрт сахаба» аты берілген сенімді серіктерінің бірі. Оған адалдығы үшін Сыдық деген атау берілді. Мұхаммед (с.а.с.) қайтыс болғаннан кейінгі дүрбелеңге толы қиын кезеңде Әбубәкір араб-мұсылмандардың басын біріктіре білді. Өзі халифатты басқарған жылдары Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) түскен Құран аяттарының жинағын құрастырды.

*Әзірейіл* — діни ұғым бойынша, Аллаға жақын періштелердің бірі, жан алғыш періштенің есімі. Адамды жаратар алдында Алла жердің әр тұсынан саз әкелуге періштелерін жұмсайды. Жер оларға қарсылық көрсетеді. Жәбірейіл де, Мекайыл мен Ысрапыл да жерден бір шөкім саз үзіп ала алмайды. Бұл шаруаны Әзірейіл ғана атқара алған, осы қаталдығы үшін ол жан

алғыш бас періште болып тағайындалған. Адамға ажал мезеті жеткен кезде Алла Тағаланың жанында өсіп тұрған ағаштан әлгі адамның есімі жазылған жапырақ үзіліп түседі. Өзірейіл қырық күн мерзім ішінде сол адамның жанын алуға тиіс.

**Әли**—Оспаннан кейін билік басына келген төртінші әділетті халифа. Хазірет Әли—Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли—орасан, алып күш иесі. Жаулары Әлидің айғайынан-ақ өліп, талып қалатын болыштымыс. Фольклорлық туындыларда оның зұлпықар, қамқам, самсам деген үш қылышы болғаны айтылады. Әлидің есімі көптеген шығыс шығармаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырасады. Әдетте, хазірет Әли сол дастандардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде көрінеді. Дастандарда Әли өткен замандарда атақты Рүстемнің өзі жеңе алмаған жауларды жеңген деп дәріптелген.

Хазірет Әлидің атына «Шаһимардан», «Хайдар», «Арыслан», «Шері», «Мұртаза» сияқты бірнеше теңеу, эпитеттер тіркесіп отырады. Әлидің астындағы аты Дүлдүл де ауыз әдебиеті үлгілерінде кең тараған ұшқыр, жүйрік, ақылды тұлпардың нышанына айналған.

Әли ұрпақтары мен оның жақтаушылары кейін шииттік ағымның көсемдеріне айналды. Олардың ұрпақтары қазіргі Иран, Ирак және Орта Азияның кейбір аймақтарында өмір сүреді.

**Ғауыс, Қауыс**—мұсылман әулиелерінің бірі.

**Дәуіт**—Қасиетті Құранда аты аталған пайғамбар, Сүлеймен пайғамбардың әкесі.

**Қияс, Ғияс**—шын аты Бәрак хан—Шыңғыс ханның баласы Шағатайдың шөбересі. Ол Мәуеренахр билеушілерінің арасында алғашқылардың бірі болып ислам дінін қабылдап, Ғиясаддин деген есіммен белгілі болған.

**Қадиша**—Мұхаммед пайғамбардың алғашқы зайыбы. Хазірет Қадиша ана Мекке маңындағы христиан әулетінде дүниеге келген. Әкесі Хууайлид секілді жастайынан саудагерлікпен шұғылданып, араб қалаларының көбінде болады. 595 жылы Мұхаммед пайғамбарға тұрмысқа шығады. Бұл кезде ол қырық жаста екен. Қадиша мен Пайғамбардың некес-

ін қиғандардың бірі — оның немере ағасы Уарақа ибн Нәушіл. Хазірет Қадишаның бұрынғы күйеуінен екі ұл, бір қызы бар еді. Соған қарамастан, Мұхаммед пен Қадишаның арасындағы жарасты махаббатты жұрт аңыз қып айтады. Қадиша Мұхаммедті қоршаған адамдардың ортасында бірінші болып оның пайғамбарлығына сеніп, жаңа дін — ислам жолындағы күрестің өте-мөте қиын алғашқы кезеңінен бастап-ақ, Мұхаммедті қолдауға күш-жігерін де, қаражатын да аяған жоқ. Мұхаммед те Қадишаны қатты сыйлап, зор құрмет тұтты. Қадишамен бірге өткізген жиырма бес жыл ғұмырында басқа бірде-бір әйелге үйленбеуі осы сыйластықтың белгісі болса керек.

Хазірет Мұхаммедпен некелескеннен кейін Қадиша ана тағы да екі ұл, төрт қыз табады. Екі жасында қайтыс болған үлкен ұлының есімі Қасым еді. Ежелгі араб дәстүрі бойынша, Мұхаммед Әбул-Қасым (Қасымның әкесі) деген құрметті атқа ие болды. Екінші ұлы Абдаллах та сәби кезінде дүниеден қайтты. Ал Зейнеп, Ұрқия, Үммігүлсім және Фатима деген төрт қызының тек соңғысы ғана оның ұрпағын жалғастырушы болды.

**Қызыр (Қыдыр) баба** — көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың да мифтерінде, фольклорында, діни аңыздарында жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ.

Оның генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Бір ғалымдар Қызыр бейнесін көне архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе, кейбір ғалымдар — тек ислам ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді. Қызыр туралы әрбір халықтың ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан түсінігі бар.

Қазақ фольклорында Қызыр баба (Қыдыр) — ел аралап жүрген ақ киімді, ақсақал кейпіндегі әулие, адамға қамқоршы, бақыт, дәулет беруші, әр түрлі қиындықтардан қорғаушы.

**Қырық шілтен** — адамдар арасында өмір сүретін, бірақ көзге көрінбейтін, ерекше тылсым күшке ие мифологиялық бейнелер. Аңыз бойынша, олар қиындыққа тап болған адал жандарға көмекке келеді. Қазақ фольклорында шілтендер бір көмекші ретінде бейнеленеді. Оларды кейде Ерен деп те атайды.

**Мұхаммед** [Мұхаммед ибн Абдулла Әбул Қасым] — ислам дінінің және болашақ араб халифатының негізін салушы,

тарихи тұлға. Мұсылмандардың сенімі бойынша, ол — Алла Тағаланың адамдарды тура жолға салу үшін жіберген Елшісі, ең соңғы пайғамбар.

570\*-жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болған. Ал анасы Әмина Расул Алла алты жасқа толғанда дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң нағашы атасы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң нағашы ағасы Әбутәліптің тәрбиесінде болған.

Алғашқы уахи\*\* рамазан айында хазірет Мұхаммед Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні таң алдында түсті. Мұхаммед 610-жылы 40 жасында Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін — исламды уағыздай бастайды.

Мұхаммед (с.а.с.) ислам дінін жария еткенде арабтардың басымы көпшілігі пұтқа табынатын. Олар ислам дініне қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасады. Сондықтан б.д. 622 жылы Мұхаммед (с.а.с.) өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдине қаласына қоныс аударады. Бұл жыл ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Оның арабша атауы — «хижра», яғни «қоныс аудару» деген сөз.

Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) бин Абдулла 633 жылы Мәдине қаласында қайтыс болды.

Мұхаммед пайғамбардың «Мұстафа» (таза, нұрлы, сипатты), «Расул» (елші), «Хабибулла» (Алланың сүйіктісі), «Сағидулла» (Алланың көмекшісі) т.б. эпитет есімдері бар.

**Омар** — Әбубәкір өлгеннен кейін (634 ж.) мұсылман қауымына басшылық жасаған екінші әділетті халифа, исламның алғашқы кезеңіндегі ірі дін қайраткерлерінің бірі. Омар хазірет Мұхаммед пен Әбубәкір Сыдықтан соң мұсылмандықты одан әрі насихаттап, оны араб елдерінен тысқары өлкелерде таратуға көп күш жұмсады. Омар хазірет басшы болған он жыл ішінде ислам діні Ирак, Сирия, Египет және Ливия жерлеріне орнықты.

\* Кейбір деректерде Мұхаммед пайғамбардың туған жылы 571-жыл деп көрсетіліп жүр. Зерттеушілер әлі бір пікірге келмегендіктен, біз қалыптасқан пікірді ұстандық.

\*\* *Уахи* /а/ — Мұхаммедке Жәбірейіл періште арқылы келген Алланың бұйрығы, жарлығы

Омар халифа тұсында араб-мұсылман иеліктерінде дінге негізделген әкімшілік құқықтың тәртіптері және алым-салық жүйесі құрылды.

Ол сондай-ақ мемлекеттегі шариғат жолының үлесін күшейту мақсатында өзінің халифа лауазымына «Әмір әл-муминин» дәрежесін қосты.

638-жылы хазірет Омардың сахабалары Иерусалимді тізе бүктіріп, қаладағы қасиетті Сүлеймен храмында намаз оқыды. VII ғасырдың аяқ шенінде үмийа халифасы Әбд әл-Мәлік хазірет Омар намаз оқыған жерге «Қуббат ас-сахара» деп аталатын күмбез тұрғызды.

**Оспан** — араб-мұсылман тарихындағы үшінші әділетті халифа. Ол — Мұхаммед пайғамбардың жолын ұстаған алғашқы сахаба-серіктерінің бірі, Расул Аллаға шын берілген үмийа әулетінен шыққан бай саудагер. Хазірет Оспан әуелі Пайғамбардың қызы Ұрқияға, ол қайтыс болған соң Расулдың екінші қызы Үммігүлсімге үйленді. Сол себепті мұсылмандар Оспанға «Зун Нурайн» (екі шамшырақтың иесі) деген құрметті атақ берген.

**Сүлеймен** — Құран Кәрімде есімі аталатын пайғамбар. Дәуіт пайғамбардың баласы, Інжілдегі Соломон. Шамамен б.д.д. 965-928 жылдары бұрынғы Иудей патшалығын билеген деп есептеледі. Сүлеймен Иерусалим қаласындағы Яхус храмын салдырған.

Аңыз бойынша, Дәуіт пайғамбардың отыз ұлы болған. Бір күні Алла Тағаланың әмірімен әлгі ұлдардың бәрі де бірдей қаза болыпты. Сонда Дәуіт еш абыржымай, сабыр сақтап, Алла Тағалаға одан сайын ғибадат еткен. Осыған разы болған Жаратқан Ие Дәуіт пайғамбарға «отыз ұлға татитын» бір ұлды, яғни Сүлейменді береді. Сүлеймен мұсылман елдерінің ертегі, дастандарында «аң мен құстың, пері мен жынның, жан-жануар, құрт-құмырсқаның тілін білген» деп дәріптеледі.

**Ұлықпан** — ол туралы исламға дейінгі араб хикаяларында біраз аңыздар сақталған. Құран Кәрімде Ұлықпанға 31-сүре арналған. Мұнда Ұлықпан «бір құдайлық» бағытын насихаттаған, Алла Тағалаға шын берілген данышпан адам ретінде аталады. Ұлықпанның арабша аты — Лұқман әл-Хакім, яғни хакім Лұқпан. Ұлықпан — ақыл иесі, көріпкел, емші де-

лініп, оның есімі көптеген шығыс халықтарының ертегі, жыр, аңыздарында құрметпен әңгімеленген. Қазақ арасында да «Ұлықпан хакім айтыпты» дейтін бірсыпыра сөздер бар.

**Фатима, Бибі Бәтима** — (635 жылы қайтыс болған) — Мұхаммед пайғамбардың қызы, төртінші халифа Әлидің әйелі, Хасен мен Хұсайынның анасы, мұсылман әлемінде ерекше қадір тұтатын қасиетті әйел бейнесі. Фатимаға табыну, шама-сы, X-XII ғасырларда, содан тарайтын әл-фатимийун әулетінің ықпалы күшеюіне байланысты туып қалыптасса керек. Фатима — шииттердің діни хикаяларының басты қаһармандарының бірі. Көптеген мұсылман елдерінде алақанды белгілейтін ежелгі нысана «Фатиманың қолы» деген атақ алған. Оның небір үмітсіз ауруларға да ем қондырып, дәру дарытатын қасиеті бар деп саналған.

**Шаһаруар** — [*шаһар* /п/ — төрт, *йар* /т/ — жар, серік] — тарихта «ал-хулафа ар-рашидун» деген атпен белгілі, араб мемлекетін бірінен соң бірі кезекпен билеген төрт әділетті халифа — Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли.

Олар Мұхаммед пайғамбар уағыздаған жалғыз құдайлық дінді ең бірінші болып қабылдап, оның ең жақын, шын берілген сенімді серігі, жолдасы болды және ислам дінін тарату, нығайту ісін ары қарай жалғастырды.

**Илияс** — Діни кітаптарда есімі аталған пайғамбар, мұсылман халықтарының фольклорында адамдарға қамқорлық жасаушы ретінде белгілі.



## СӨЗДІК\*

*Айғаным* /т/ — айтқаным деген сөздің көне формасы

*Ақырет, ахирет* /а/ — діни ұғым бойынша, бұл күні қияметтің болуы, Алладан өзгенің жоқ екендігі, өлгеннен кейін сұрақтың қойылатындығы анық. Пенделер тірі кезінде істеген күнәларына жауап беретін күн. Ары таза, күнәсі жеңіл болса, Алланың жақсылығын сезіп, ауыр болса, қабір азабын тартатын күн; о дүние деген ұғым; ақырзаман, дүниенің соңы.

*Аллаһу ағлам* /а/ — Аллаға аян

*Анда* /т/ — сонда

*Аслан* /а/ — негізінде, шын мәнінде

*Ассалаумағалейкүм* /а/ — сендерге тыныштық болсын

*Әзелде* /а/ — әуелде, ертеректе; мәңгілік

*Әйла* /т/ — жаса, істе

*Әйләт* /п/ — ел, ру

*Әнбия* /а/ — пайғамбарлар

*Әуара* — әуре

*Балиғ* /а/ — бәлиғатқа толу, ер жету

*Баһар* /п/ — көңіл; көктем; гүлдену

*Бәдән* /а/ — дене, тұлға

*Бәдбақыт* /п,а/ — бақытсыз, зұлым

*Бейопа* /п,а/ — опасыз

*Бейхад* /п,а/ — сансыз, шексіз

*Бейіш, пейіш* /а/ — жұмақ

*Билән, бірлән* /т/ — және, -менен, -бенен, пенен, -мен, -бен, -пен

*Бисмилла* /а/ — Алланың атымен. Мұсылмандар әрбір игі істі, әрекетті осы сөзбен бастайды.

\*Басқа тілдерден енген сөздердің бірнеше мағынасы болуы мүмкін, сондықтан мәтін мазмұнына байланысты беріп тұрған мағынасын ғана сөз етеміз.

*Биссауаб* /а/ — сауабымен

*Биһұда* /п/ — бекерге, мәнсіз, беталбаты

*Бір уа Бар* /т/ — Көне түркіше Алла Тағаланың 99 есімінің бірі: оның барлығын, бірлігін білдіретін ұғым

*Гәп* /п/ — сөз, әңгіме, хикая; бір нәрсенің сыры, мәні; бір істің, нәрсенің себеп-салдары, тетігі

*Файш-ғишрат* /а/ — дүниенің қызығы, сауық-сайран

*Ғарық болу* /а/ — бату, суға кету

*Дәйін* /а/ — үнемі, ылғи

*Дәрғаһ* /а.,п./ — Құдай құзыры; қақпа, есік; салтанатты сарай

*Дегеш* — деген соң

*Дост* — дос

*Дімкәр* — мәтінде мықты, сері деген мағынада.

*Емді* /т/ — енді

*Жамиғ* /а/ — біріктіру; бірлестіру; жинау; бірлестік, одақ; жиын, топ; көп; бөрі

*Жаппар* /а/ — ұлы, құдіретті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

*Жаһат* /а/ — ниет, ықылас, талап

*Жолғасу* — жолығу

*Жүмлә* /а/ — бөрі, барлығы, түгел

*Зағыпыран* — сары түсті гүл; мәтінде ауыспалы мағынада қолданылған: *сарғайып зағыпырандай*

*Зәрре* /а/ — кішкентай, титімдей

*Зұлжалал* /а/ — мәртебелі; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

*Иқлим* /а/ — ел, мемлекет

*Иләһ* /а/ — Құдай, Құдірет, Тәңір

*Иншалла (ин шаа Алла)* /а/ — Алла қаласа

*Истиғанат* /а/ — қамқорлық

*Караб* — корабль, кеме

*Кәміл* /а/ — толық, бүтін

*Кәпір* /а/ — Құран Кәрімде яһуди [жүһүдтер] мен христиандар жазба жұрты, кітап иелері [аһлул кітаб] деп аталған, ал көпқұдайшылдар, яғни түрлі пұтқа — қолдан жасалған мүсіндерге, я отқа, тасқа, тауға, суға т.с.с. басқа да жаратылыстарға табынып құлшылық етушілер, шындықты мойындамағандар кәпір делінген. Соңғы дәуірлерде ислам дінін ұстанушылар бүкіл мұсылман еместерді кәпір деп атаған.

**Көдек** /п/ — жасөспірім бала, сәби

**Көрдікем** /т/ — көрді

**Күлпәт** /а/ — қиындық

**Қадір** /а/ — құдіретті, күшті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.

**Құдауанда** /п/ — Құдай

**Ләшкер** /т/ — әскер

**Менім** /т/ — менің

**Мехкам** /а/ — берік, мықты, бекем

**Мұшт** /п/ — жұдырық

**Назым** /а/ — өлең, поэзия

**Нәзір** /а/ — Құдай жолында берілген садақа, қайыр

**Неках** /а/ — неке

**Ошал** /т/ — осы

**Пәруардигар** /п/ — Жаратушы, Жасаған, Құдай

**Порым** /о/ — форма: түр, түрі; қалып

**Расул** /а/ — елші; негізінен Мұхаммед [с.а.с.] пайғамбарға айтылады

**Рахман** /а/ — мейірімді, рақымды; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

**Рахмат** /а/ — мейірім, шапағат

**Сәна** /а/ — қайғы; қапа; алғыс, мадақ; тілек-өтініш білдіретін -шы, -ші орнына қолданылатын жұрнақ: *бар-сәна (баршы)*

**Сәтке** /о/ — тәулік

**Сүннет** /а/ — діни ұғымда Мұхаммед пайғамбардың істеген іс-әрекеттері және ол құптаған жағымды қасиеттер; әдет, жол; дәстүр; заң, әдет-ғұрып.

**Сүрек** /т/ — қалып, уақыт, өмір (сүру)

**Тағала** /а/ — бәрінен жоғары, ұлық; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.

**Таммат тамам** /а/ — соңы; аяқталу; барлық, күллі

**Тәкие** /а/ — бір нәрсеге сүйену; таптау (аяқпен)

**Уа** /а/ — және

**Уағәлейкум ас салам** /а/ — сендерге де тыныштық болсын, саламат бол

**Уақиғ** /а/ — оқиға

**Ұныту** — ұмыту

**Үмбет, үммет** /а/ — ел, қауым, жамағат; Мұхаммедтің үмбеттері, мұсылмандар, Ислам дініне бағынушылар

**Фаған** /п/ — күрсініс, қиналыс, күңірену

**Хазірет** /а/ — жоғары мәртебелі. Пайғамбарлардың, имамдардың, белгілі әулиелердің есіміне қосылып айтылатын құрметті атақ

**Хақ** /а/ — шындық, күмәнсіз, ақиқат; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

**Халас** /а/ — құтылу, бос болу, арылу; тыю

**Халат** /а/ — хал, жағдай

**Хасыл** /а/ — орындалу, мақсатқа жету

**Хор, хор қызы** — діни наным бойынша, ұжмақта болатын мәңгі жас, өте сұлу қыз

**Хүкім** /а/ — билік

**Һәмма** /п/ — барлық, бәрі

**Һүш** /п/ — ақыл-ой; ес; зерде; сана, зейін; жады

**Шағи** /а/ — бірбеткейлік, қасарысу

**Шағиз** /а/ — қолдау; делдал

**Шәджағат** /а/ — ерегіс, жанжал

**Шәкпір** /п/ — дабыл, керней

**Шоры** /т./ — құл; күң

## ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

**Бұлғар (Болгар)**—ортағасырлық Еділ Бұлғариясының астанасы, Еділ өңірінің ірі саяси және мәдени орталығы болған. Бұлғар қаласын 1431 жылы Мәскеу князі Василий Темный бағындырғаннан кейін, Еділ бойы өңірінің орталығы Қазан қаласы болды. Бұлғардың қираған орны Татарстан аумағында, Еділ өзенінен алты шақырым жердегі осы аттас ауылдың маңында.

**Жем өзені**—Каспий алабындағы өзен. Ақтөбе және Атырау облыстары жерімен ағып өтеді. Ұзындығы—712 шақырым. Жем өзені Мұғалжар тауының 365 метрлік оңтүстік-батыс беткейінен басталып, Каспий ойпатының шығысын бойлай ағады. Каспий теңізіне жетіңкіремей тартылып қалады.

**Көк Еділ (Волга, ежелгі атауы Ра, ортағасырларда Итил)**—Еуропадағы ең үлкен өзен. Ұзындығы—3530 шақырым. Еділ өзені бастауын Валдай қыратынан алып, Каспий теңізіне құяды.

**Қазар (Фазар)**—Каспий теңізінің ортағасырлық атауы.

**Қаратау**—Қазақстанның оңтүстігіндегі тау жотасы. Сондай-ақ осы аттас тау биіктіктері еліміздің оңтүстік батысында да кездеседі.

**Қырым**—Еуропаның оңтүстігіндегі түбек. Ауданы 25,5 мың шаршы шақырым. Қара теңіз, Азов теңіздерімен Перекоп мойнағы арқылы Шығыс Еуропа жазығымен ұштасады. Қырым түбегін адамзат палеолит дәуірінен бастап қоныстана бастаған. Мұнда ежелгі дәуірлер мен орта ғасырларда өткен ірі тарихи оқиғалар Еуразиядағы саяси, мәдени процестерге өз әсерін тигізді.

**Мәдине**—арабша «қала» деген сөз. Меккеден кейінгі екінші қасиетті қала саналады. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед

пайғамбардың 622 жылы Меккеден осында қоныс аударуына байланысты Хижаздағы Ясрибке мұсылмандардың берген атауы. Мұсылмандардың жыл санауы осы қоныс аудару жылынан (хижра) басталды. Мұсылман мемлекетінің негізі қаланғанда Мәдине оның алғашқы астанасы болды.

**Мекке** — мұсылмандардың қасиетті қаласы. Онда бас мешіт әл-Мәжид әл-Харам мен Қағба орналасқан. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед [с.а.с.] осы қалада дүниеге келген. Мұхаммед [с.а.с.] Меккеден кеткенімен Мәдинедегі жаңа құлшылық ету үйінің есігін Қағбаға қаратты (Құбыла). Мұсылмандардың Меккені 630 жылы жаулап алуы оның діни орталық ретіндегі айрықша жағдайын қалпына келтіріп қана қоймай, одан да жоғары дәрежеге көтере түсті. Меккеге барып тәуап ету исламның бес парызының бірі болып саналады.

**Мысыр**—арабелінің африкалық бөлігіндегі көне шаһар әрі ел атауы. Жергілікті арабтар Египетті де, оның астанасы Қайырды да Мысыр деп атайды. Қазақ фольклорында, сондай-ақ көптеген шығыс халықтарының ауыз әдебиеті шығармаларында Мысыр атауы жиі ұшырасады.

**Орал тауы**—Еуразиядағы тау жүйесі. Оның шығыс етегі бойымен екі дүние бөлігін — Еуропа мен Азияны бөлетін шартты шекара өтеді. Орал тауы солтүстіктен оңтүстікке қарай 2000 шақырымға созылған. Ені 40 — 150 шақырым. Ең биік жері — Народная тауы (1895 м). Қазақстанда Орал тауының оңтүстік жалғасы — Мұғалжар тауы.

Бұлармен қатар мәтіндерде бірнеше эпикалық атаулар да кездеседі, мысалы, Ара шөлі, Барса-келмес, Қысырау, Мұзылұс, Өлінебұл, Шөгірлі тауы т.б. Жалпы, жоғарыда анықтама беріліп отырған жер-су аттары да мәтіндерде нақты географиялық атаудың емес, кейде ғажайып сұлулықтың, кейде тым алыс мекеннің немесе бай өлке, қасиетті орынның мағынасын беріп тұр.

## ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДАРДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҒӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

**Жүсіпбек Шайхысламұлы** (1857-1937)— ақын, ауыз әдебиетінің жинаушысы. Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы, Қожатоғай аулында, қожа әулетінде дүниеге келген. Нағашылары— Ұлы жүз, Албан руынан. Медресе бітірген Жүсіпбек қожа Жетісуда тұрып, ел арасынан жыр-дастандарды, айтыстарды т.б. жинап, редакциялап, Қазан қаласындағы Хұсайыновтар баспасына жіберіп отырған. Оның қазақ фольклоры шығармаларын жинап бастырудағы еңбегі ерекше. Өмірінің соңғы жылдарын Шығыс Түркістанның Іле аймағында өткізіп, сонда қайтыс болды.

**Нұрпейіс Байғанин** (1860-1945)— Орал губерниясы, Темір уезінде (қазіргі Ақтөбе облысы, Темір ауданы, «Байғанин» ауылы) Байғана деген кісінің отбасында туып өскен. Жастайынан естіген өлеңін тез жаттап алып, бұлжытпай айтуға машықтанады. Аздап өзі де өлең шығаруға әуестенеді. 16-17 жас шамасында Нұрпейіске «бала жыршы» атанады. Он жеті жасынан бастап белгілі ақындардың қасына еріп жүріп өлең-жыр айтады. Оның сөзін, жырын тыңдап үлгі алған ақындары: Абыл, Шернияз, Махамбет, Нұрым, Қашаған, Ығылман, Ақтан, Қазақбай, Сабыр жырау болады. Олардан қазақ халқының атадан балаға ауысып келе жатқан мол қазына — батырлық жырларын үйренеді.

Нұрпейіс қазақтың батырлық жырларын өте көп білген, көп жырлаған ақын. Бірақ соншалықты мол қазына ақынның өз айтуынан кезінде түгел жазылып алынбады. Ол жырлаған халық жырларынан қазір қолымызда бары: «Құбығұл», «Қобыланды», «Алпамыс», «Төрехан» т.б. жырлар.

**Әбдірахман Ізбасұлы Бектасов** (1884 - ?)—Омбы қаласында туып-өскен. Өзгедей өмірбаяндық деректер ұшырасқан жоқ. Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинап бастырумен шұғылданған.

## ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ — Қолжазба қоры

Л — Ленинград

М — Москва

Ш — шифр

дәп — дәптер

/а/ — араб

/о/ — орыс

/п/ — парсы

/т/ — түркі, көне түркі



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

### *Қолжазбалар мен 1917 жылға дейін араб әрпінде жарық көрген кітаптар*

1. «Хикаят рисала Мұңлық, Зарлық». Қазан, 1896 ж., араб әрпінде. Жариялаушы Ж.Шайхысламұлы.
2. «Қисса Құламерген». Қазан, 1912 ж., араб әрпінде. Жариялаушы Ә. Бектасов.
3. «Қисса Дотан Құбақанбайұғлы». Қазан, 1903 ж., араб әрпінде. Жариялаушы Ж.Шайхысламұлы.
4. «Құбығұл». Жырлаған Н.Байғанин. Жинаушысы Ахмет Ескендіров, қағазға 1941 жылы түскен. Қолжазба латын әрпінде. — ОҒК, Ш.705, 3-дәп.

### *Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық жинақтар, сөздіктер*

1. Әуезов М. О. Әр жылдар ойлары. — Алматы, 1959. — 220 б.
2. Бабалар сөзі. Жүз томдық. 17-том. Ғашықтық дастандар. Томды құрастырып, алғы сөзін, ғылыми қосымшаларын дайындаған Әзібаева Б. — Астана: Фолиант, 2005.
3. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. — Алматы, 1982.
4. Веселовский А. Н. Историческая поэтика. — Л., 1940.
5. Жирмунский В. М. Сказание об Алпамыше и богатырская сказка. — М., 1960.
6. Жирмунский В. М. Сравнительное литературоведение. Восток и Запад. — Л., 1979.
7. Каскабасов С. А. Казахская волшебная сказка. — Алматы, 1972.
8. Қисса — Алпамыс батыр бұ тұрыр — Қазан, 1899. — 45 б.

9. *Қоңыратбаев Ә.* Қазақ эпосы және түркология. — Алматы, 1987.
10. *Мелетинский Е. М.* Происхождение героического эпоса: Ранние формы и архаические памятники. — М., 1963.
11. *Пропп В. Я.* Исторические корни волшебной сказки. — Л., 1986.
12. *Пропп В. Я.* Русский героический эпос. Издание второе, исправленное. — М., 1958.
13. *Путилов Б. Н.* Героический эпос и действительность. — Л., 1988.
14. *Радлов В. В.* Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. — Часть III. Киргизские наречия. — СПб., 1870.
15. *Сейдімбек А.* Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. — Алматы, 1997.
16. *Сыдықов Т.* Қазақ эпосын тарату мен дамытудағы жыршы-ақындар ролі // Қазақ фольклорының типологиясы. — Алматы, 1981.
17. *Ыбыраев Ш.* Эпос әлемі. — Алматы, 1993.
18. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. — Алматы, 2004.
19. Арабско-русский словарь. Составитель *Х. К. Баранов.* — Москва, 1968.
20. Древнетюркский словарь. — Ленинград: Наука, 1969.
21. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-10 том. — Алматы: Ғылым, 1974, 1986.
22. Персидско-русский словарь/Под ред. *Ю. А. Рубинчика.* I-II т. — Москва, 1970.

## РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова Министерства образования и науки РК продолжает работу по подготовке и изданию очередных томов стотомного Свода казахского фольклора «Бабалар сөзі», издаваемого в рамках Государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»).

Предлагаемый читательской общественности данный пятнадцатый второй том указанной серии посвящен эпосам архаическим.

Эпос в целом, зарождаясь в недрах мифологического синкретизма, развивается от форм архаических к реально-историческим, проходя на этом длительном пути ряд закономерных стадий. Как доказано учеными, эпическая архаика как система, как исторически сложившийся способ объяснения мира не может возобновиться в ходе народного творчества, но он является основой, источником возникновения и развития всех последующих стадияльно-типологических форм.

Казахский архаический эпос, возникший в далекие времена, дошел до нас в записях второй половины XIX века, в интерпретации акынов и жырши, творивших в рамках эпической традиции своего времени, то есть не в своем первоизданном облике, а претерпев значительные изменения, порой трансформировавшись до неузнаваемости. Но архаические сюжеты, сформировавшиеся в глубокой древности, сохранили в целом свои константы и доминанты, свой глубинный смысл. Они обнаруживают свои генетические связи с древнейшими представлениями наших предков и важнейшими общественными институтами своего времени.

В данный том вошли такие эпосы, как: «Хикаят рисала Мұңлық, Зарлық», «Қисса Кұламерген», «Қисса Дотан Құбақанбайұғлы», «Кұбығұл».

Первые три произведения были опубликованы в дооктябрьский период истории Казахстана. Например, «Хикаят рисала Мұңлық, Зарлық» впервые увидев свет в 1896 г., до 1917 года издавался десять раз. «Қисса Дотан батыр» с 1903 года по 1917 г. также издавался неоднократно. Оба эти текста были подготовлены и изданы Ж. Шейхусламовым, внесшим значительный вклад в дело собирания и издания образцов казахской народной словесности. «Қисса Құламерген» издавался в дооктябрьский период только дважды: в 1906 г. и 1909 г. «Құбығұл» записан от известного акына — эпика и жырши Нурпеиса Байганина в 1941 г.

В XX в. эпосы издавались в научно-популярных сериях со значительными купюрами, а также будучи подвергнуты редакторской правке.

Многотомный свод «Бабалар сөзі» — научное издание. Публикуемые тексты даются в первоначальном, адекватном первоисточнику виде, то есть исключается любое вмешательство в текст.

Том снабжен научными приложениями, которые включают в себя: сведения о публикуемых текстах и их вариантах; краткий историко-фольклористический и текстологический анализ текстов; данные об исторических и религиозных деятелях, имена которых встречаются в текстах; словарь древнетюркских, арабских и персидских слов, терминов и понятий религиозного характера, а также географических названий; сведения о сказителях, собирателях и публикаторах; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

Предлагаемые читателю тексты эпосов подготовлены адекватно оригиналам, которые хранятся в фонде рукописей и редких книг Центральной научной библиотеки МОН РК.

## SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Arts, Ministry of Education, Republic of Kazakhstan is continuing activities on preparation and publishing of the volumes of hundred volume series «Babalar sozy» in the frame of the State program «Madeni Mura» («Cultural heritage»).

Volume fifty two that is proposed for the readers' attention is devoted to archaic eposes.

In general the epos being based on the depths of mythological syncretism was developed from archaic forms to realistic-historical forms, passing on this long way through a number of regular phases. As the researchers have proved, the epic archaic system as a system, as a historically formed way of explanation of the world cannot be restored during folklore creation but it serves as a basis, a source of appearance and development of all further phase-typology forms.

Kazakh archaic epos that has appeared during ancient times, has reached nowadays in the records made in the second half of XIX century in the interpretations of the akyns and zhyrshi who created in the frame of the epic tradition of their period, i.e. not in their original way but having undergone significant changes, sometimes significantly transformed. But archaic plots formed during ancient period have generally preserved their constants and dominants and their deep meaning. They discover their genetic links with ancient ideas of our ancestors and important public institutions of their period.

This volume includes such eposes as «Khikayat risala Munlik, Zarlik», «Kissa Kulamergen», «Kissa Dotan Kubakanbaiugli», «Kubygul».

First three works have been published during pre-October period of Kazakhstan history. For example, «Khikayat risala Munlik, Zarlik» was first published in 1896 and was published ten times till

1917. «Kissa Dotan batyr» has been also published several times since 1903 till 1917. Both texts have been prepared and published by Z.Sheikhulislamov who has contributed much to the collection and publishing of the patterns of Kazakh folklore literature. «Kissa Kulamergen» has been published during pre-October period only twice: in 1906 and 1909. «Kubygul» was recorded in 1941 from the well known akyn — epic and zhyrshi Nurpeis Baiganin.

In XX century eposes have been published in the scientific-popular series with significant cuts and have been subject to editors correction.

Multivolume collection «Babalar sozi» is a scientific edition. The published texts are presented in the initial way, adequate to the original i.e. any interpretation of the text is excluded.

The volume has scientific supplements which include the following: data on published texts and their versions; brief historic- folklore and textologic analysis of the texts; data on historical and religious figures whose names are mentioned in the texts; vocabulary of the old Turkic , Arabic and Persian words, terms, notions and geographic names; data on narrators of folk tales, collectors and publishers; list of used literature; summary in Russian and English.

Texts of the eposes proposed to the readers' attention have been prepared as adequate to the originals that are kept at the foundation of manuscripts and rare books of the Central scientific library of the Ministry of Education and Science of Kazakhstan.

## МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан ..... 5

### Мәтіндер

«Хикаят рисала Мұңлық, Зарлық» ..... 9  
«Қисса Құламерген» ..... 84  
«Қисса Дотан Құбақанбайұғлы» ..... 121  
«Құбығұл» ..... 186

### Ғылыми қосымшалар

Томға енген мәтіндерге түсініктеме ..... 303  
Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер ..... 330  
Сөздік ..... 337  
Жер-су атаулары ..... 341  
Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы  
hәм жинаушылар туралы мәлімет ..... 343  
Шартты қысқартулар ..... 344  
Пайдаланылған әдебиеттер ..... 345  
Резюме ..... 347  
Summary ..... 349

*Научное издание*

БАБАЛАР СӨЗІ

52 том

АРХАИЧЕСКИЙ ЭПОС  
(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства им.  
М.О. Ауэзова

Шығаруға жауапты: *Р.Қ. Тұрлынова*  
Редакторы: *Ұ.С. Тілегенова*  
Техникалық редакторы: *Г. Бектібаева*  
Компьютерге терген: *С. Айпенова*  
Компьютерде беттеген: *М.О. Ноғайбаева*

Дизайнын әзірлеген «Бауыр» баспасы  
ИБ № 2389

Теруге 12.11.08 жіберілді. Басуға 28.11.08 қол қойылды. Пішіні 60x90<sup>1/16</sup>.  
Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.  
Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №0080.

«Фолиант» баспасы  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

«Фолиант» баспаханасында басылды  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

ISBN 9965-35-614-9



9 789965 356148